

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО  
ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER  
TRAINING UNIVERSITY**

**№1 (61) 2016**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАБАРШЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ВЕСТНИК  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY  
BULLETIN  
SCIENTIFIC JOURNAL

№3 (51)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

**Бас редактор**

Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

**Бас редактордың орынбасары**

Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

**Редакциялық алқа**

1. Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор
2. Аймағамбетова Қ.А. – п.ғ.д., профессор
3. Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор
4. Шеръязданова Х.Т. – пс.ғ.д., профессор
5. Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор
6. Джиембаев Б.Ж. х.ғ.д., профессор
7. Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор
8. Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор
9. Жексембиев Р.Қ. – б.ғ.к., профессор м.а.
10. Жиенбаева С.Н. – п.ғ.д., профессор
11. Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор
12. Тымболова А.О.- ф.ғ.д., профессор
13. Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.
14. Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
15. Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., ҚР Мәдениет қайраткері
16. Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
17. Нұрланбекова Е.Қ. - п.ғ.к.
18. Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор
19. Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент
20. Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент
21. Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)

### **Шетелдік редакциялық алқа**

1. Нұршат Нұражыұлы - профессор, х.ғ.д. (АҚШ, Массачусетс технологиялық институтының зерттеушісі, Техас технологиялық университеті)
2. Сұлтанова Р. – Азиаттық музыка орталығының директоры (Ұлыбритания, Кембридж университеті)
3. Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті)
4. Кенан Коч - PhD, профессор (Түркия, университет Мугла)
5. Роберт Эрмерс - PhD, профессор (Нидерланды, Неймеген университеті, Midden Western ғылыми-зерттеу орталығы)
6. Златан Дамнянович - PhD профессор (АҚШ, Оңтүстік Калифорния Университеті)
7. Римантас Желвис- п.ғ.д., профессор (Литва, Вильнюс университеті)
8. Ицка Дерижан – PhD, профессор (Болгария, Бургаский свободный университет Центр гуманитарных наук)
9. Даньшин А.И. – г.ғ.к., доцент (Ресей, Мәскеу мемлекеттік университеті)
10. Лазерев В.А. – п.ғ.д., профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ)

### **Редакциялық кеңес**

1. Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор
2. Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент
3. Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
4. Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент
5. Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
6. Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор
7. Бапаева М.Қ. – пс.ғ.к., доцент
8. Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор м.а.
9. Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент
10. Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент
11. Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
12. Дарменова Р.А. – п.ғ.к., профессор м.а.
13. Ануарова Л.Е. – б.ғ.к., проф.м.а.
14. Дәулетқұлова А.Ө. – ф.-м.ғ.к.
15. Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент
16. Ахметова А.Қ. – п.ғ.к., доцент
17. Ахметжанова Д.С. – ҚР Мәдениет саласының үздігі
18. Нұржанова Г.И. – п.ғ.к.
19. Қаипбаева А.Т. – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
20. Темірбаева К.А. – оқытушы

**Жауапты редактор**-Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.

**Редакторлар** Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.

**Корректор** Маханбетова С.Е. – магистр

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-TABLE OF CONTENTS

### ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

<i>Ануарова Л.Е., Абделі А.С.</i> ІЛЕ АЛАТАУДЫҢ СОЛТҮСТІК БЕТКЕЙІНДЕГІ ЖАЙЫЛЫМДЫҚТАРДЫҢ ЖЕМШӨПТІК ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ.....	6
<i>Қуанышева Ж.Қ., Құдайбергенова Г.Н.</i> ИНТЕГРАТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ.....	10
<i>Медеуова Ғ.Ж., Мұхамединова Н.А., Кәпжасар М.М., Секерова Т.М., Сарқытбаева А.К.</i> ТҰҚЫМДЫ КӨШЕТСІЗ ӘДІСПЕН ӨНДІРУ МЕН НАНОЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ.....	15
<i>Меңліғазиев Е.Ж., Мырзахметова Н.О., Аргынбаева З.М.</i> НАНОТЕХНОЛОГИЯНЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ.....	20
<i>Сатыбалдиева А.У., Зиявдинова А.Қ.</i> АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОНАҚҮЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫН КӨТЕРУ.....	25
<i>Сейтжанов А.Ф., Тренова А.Е.</i> СПИРТТЕР ТАҚЫРЫБЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ НЕГІЗДЕРІН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ.....	29

### ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА

### PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE

<i>Батырбаева Г.А., Айтуған Д.</i> ВОССТАНОВЛЕНИЕ ОРИГИНАЛА ПО ИЗОБРАЖЕНИЮ С ПОМОЩЬЮ СВОЙСТВ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ ЛАПЛАСА.....	35
<i>Бекболғанова А.Қ., Дуанова А.С.</i> ОРТА МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКА КУРСЫН МЕНГЕРТУДІҢ ҚОЛДАНБАЛЫЛЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ.....	38
<i>Еришина А.К., Динасилова М.Б.</i> ГИДРО, КҮН ЖӘНЕ БИОЭНЕРГЕТИКА АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	42
<i>Yessenova M., Amalbekova L.,</i> THE ESSENCE OF THE CONCEPT «MATHEMATICAL LITERACY».....	47
<i>Қожамқұлова Ж.Ж., Дүйсенова Н.Б., Әсіл А., Ахмедова А.</i> ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР.....	52
<i>Мукашев К.М., Ильясов Н.И., Шойынбаева Г.Т.</i> СТРУКТУРНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ МЕДНО-НИКЕЛЕВЫХ СПЛАВОВ, ОБЛУЧЕННЫХ ЭЛЕКТРОНАМИ.....	57
<i>Файзуллаев А., Динасилова М.Б.</i> МАКСВЕЛЛ МАЯТНИГІН ОНТОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	63
<i>Шолпанбаев, Б.Б. Дүйсенова Н.Б.</i> ҚАЗІРГІ КОМПЬЮТЕРЛІК ТОРАПТАРДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРДЫ ЖАСАУ.....	67

### ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

<i>Бейсембаева А.А.</i> ОПТИМИЗАЦИЯ, КАК СПОСОБ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ УСВОЕНИЯ ГРАММАТИЧЕСКОГО МАТЕРИАЛА НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА.....	73
<i>Dosmanova G.I.</i> NEW INFORMATION TECHNOLOGIES IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE.....	77
<i>Жанұзақова Қ.Т., Баяш Д.</i> С.ЕЛУБАЙДЫҢ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНДАҒЫ АҚ БОЗ ҮЙ СИМВОЛДЫҚ БЕЙНЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ.....	81
<i>Zhunisova Zh.</i> PURPOSEFUL LANGUAGE ASSESSMENT: SELECTING THE RIGHT ALTERNATIVE TEST.....	85
<i>Манапова Г.К., Манапов Е.К.</i> ЛИНГВОСТРАНОВЕДЕНИЕ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ.....	91
<i>Науанова Г.</i> РАЗВИТИЕ КРЕАТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ ФАКУЛЬТЕТА ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ.....	95
<i>Рысбаева Г.К., Жақсыбаева А.К.</i> ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА АУТЕНТТІК.....	98

МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘСІЛДЕРІ.....	
<i>Tuebekova Z.D.</i> GENDER ISSUES IN THE ENGLISH LANGUAGE.....	102
<b>ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW</b>	
<i>Амангалиева А.З.</i> ФАКТОРИНГ ЖӘНЕ ФАКТОРИНГ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ МӘНІ.....	106
<i>Жайшибекова К.Ж., Жарболова А.Ш.</i> ҚР ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУГЕ ЫҚПАЛЫ.....	112
<i>Ибыжанова М.Б.</i> ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ҰТҚЫРЛЫ ӘРЕКЕТТЕРІ.....	120
<i>Камшибаев Р.А.</i> СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РЕГУЛИРОВАНИЯ ВНЕШНЕЙ ТОРГОВЛИ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ И ИНТЕГРАЦИИ.....	123
<i>Мукалдиева Ж.Б.</i> ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДЕП-ҒҰРЫП НОРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ.....	130
<i>Сембинова Ә.А.</i> ЕЛІМІЗДЕІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЕНУІ... <b>ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY - PSYCHOLOGY</b>	134
<i>Аплашова А.Ж., Ауталипова У.И.</i> ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ПОЛИЭТНОСТЫҚ ОРТАДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ДАМУ ЖОЛДАРЫ.....	139
<i>Есельбаева А.К., Меркель О.И., Тутибаев К.А.</i> РИТМОПЛАСТИКА КАК СРЕДСТВО ОЗДОРОВЛЕНИЯ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ В МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ ШКОЛАХ.....	144
<i>Касымова Г.М.</i> О КЕЙС-МЕТОДЕ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ.....	147
<i>Ниязақинов Е.Б.</i> ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ЖАРНАМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗІ.....	153
<i>Саипов А.А., Мұратбаева Г.А.,</i> БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	157
<i>Сәндібаева С.Н., Сәндібаева Н.А.</i> БАЛА ТӘРБИЕСІ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ.....	162
<i>Текесбаева А.М., Бадилбекова Ш.Ш.</i> БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	165
<b>ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА ART AND CULTURE</b>	
<i>Алашабаева Ұ.Н.</i> БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ЖАҢҒЫРТУ ҮШІН СТУДЕНТТЕРГЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕҢГЕРТУ.....	169
<i>Оразалиева М.А.</i> ҰЛТТЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	173
<i>Рахметова Н.Б.</i> ДИЗАЙНЕР МАМАНДАРЫНА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМДІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	177

ӘОЖ 582.26.

ІЛЕ АЛАТАУДЫҢ СОЛТҮСТІК БЕТКЕЙІНДЕГІ ЖАЙЫЛЫМДЫҚТАРДЫҢ  
ЖЕМШӨПТІК ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

*Л.Е. Ануарова, б.э.к., қауымд. проф. м. а.  
А.С. Абделі, 2-курс магистранты  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада Іле Алатаудың солтүстік беткейіндегі өсетін жемшөптік маңызы бар өсімдіктер сипатталады. Қазақстан флорасындағы жемшөптік өсімдіктердің кең таралған түрлерінің биоэкологиялық ерекшеліктері талданған. Бұл жемшөптік өсімдіктер мал азығы. Табиғи шалғынның өсімдіктері шөптесін түрлер болса, жасанды шалғын арнайы егілген жемшөптік маңызы бар көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Пайдалану мақсатына байланысты шөп орылатын және жайылымдық шалғын болып бөлінеді. Шалғындық өсімдіктердің мыңнан астам түрлері бар. Олар астықтар, бұршақтар, қиякөлеңдер, елекшөптер тұқымдастарына жатады. Сонымен бірге басқа да тұқымдастардың құрамында бірлі жарым жемшөптік маңызы бар түрлер кездеседі.

**Түйін сөздер:** Цианоген гликозиді, фитоценоз, климат, топырақ, рельеф, вегетация, ассоциация, ярус, фенологиялық фаза, географиялық аймақ, жайылым, шалғындық т.б.

Жайылымдықтарды зерттеу кезінде шөптесін өсімдіктердің түрлік құрамымен танысу, жануарлардың шөптесін өсімдіктердің түрлік құрамына әсерін нақтылау, өсімдіктердің өсу ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Өсімдіктердің ботаникалық құрамы жайылымдық фитоценоздарды түзеді. Мал жайылудың нәтижесінде ол өзгереді. Жануарлар жайылымдықта жемшөптік құнды өсімдіктермен (астықтар, бұршақтар) қоректенеді. Зиянды, улы өсімдіктерді жемейді. Бір орында бірнеше жыл мал жайылғанда өсімдіктердің құрамы өзгереді. Өсімдіктердің ботаникалық құрамына, өсімдік түрлерінің өсуіне жайылатын малдың түрлері (сиырлар, қойлар, жылқылар т.б.) әсерін тигізеді.

Табиғи шалғындықтар Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі. Шалғындықтардың фитоценозы тез қалпына келеді. Географиялық аймақтарға байланысты олардың шөптесін өсімдіктерінің ботаникалық құрамы әртүрлі болады. Шалғындықтарда көпжылдық шөптесін өсімдіктер өседі. Жалпы алғанда табиғи шалғындықтарда 500-дей өсімдік түрі кездеседі. Оның ішінде кең таралғандарының саны 100-200 түр. Шалғындықтардың шөптесін өсімдік түрлері ішінде астықтар тұқымдасынан 40-тай түр, қиякөлеңдер тұқымдасынан 20-25 түр, бұршақ тұқымдасынан 15-20 түр, ал қалған 120-дай түр басқа тұқымдастардың түрлері. Әрбір тұқымдастың құрамында шалғынға тән өсімдіктер болады. Олар жемшөптік сапасы бойынша бір-бірінен ажыратылады [1].

Орналасқан орнына, экологиялық жағдайларына (климат, топырақ, рельеф) байланысты шалғындықтардың өсімдіктерінің ботаникалық құрамы, олардың вегетациясының ұзақтығы әртүрлі болып өзгереді. Көбіне шалғындықтардың вегетациясының ұзақтығы 2-3 ай, кейбір аудандарда вегетация кезеңі 7-9 айға дейін созылады [2].

Іле Алатаудың орманды-шалғынды-дала аймағында (Чупахин, 1978) шалғындықтардың 4 түрі бар: жағалық, құрғақ орындарда (суходольный), ойпатты (ойыс) жерлерде, ормандағы болып, олардың түрлік құрамы бір-бірінен ажыратылады. Бұлардың әрқайсысы әртүрлі экологиялық жағдайлардың әсерінен шалғындық ассоциацияларға бөлінеді [3].

Арнамен жанасқан шалғындық ағын сумен шекараласып жатады. Бұл жағалыққа өзен суы жеңіл құрамды топырақты ағызып әкеліп тұнба түзеді. Жеңіл құмды топырақта

қырықбуын, бұта тіршілік формасындағы талдар, шөптесін өсімдіктерден тамырсабақты астықтар: жатаған бидайық, қылтанақсыз арпабас, айрауық т.б. өседі. Сонымен бірге әртүрлі шөптесін өсімдік түрлері өседі.

Өзен аңғарының орталық бөліміндегі орталық аңғар шалғындық аңғардың көп бөлімін камтиды. Бұл орында арагидік балшықтанатын құнарлы топырақ түзіледі. Сондықтан жемшөптік маңызы бар өсімдіктер өседі. Кең таралғандары астықтар: атқонақ түлкіқұйрық, қылтанақсыз арпабас, бұршақтардан - беде, сиыржоңышқа, айкен т.б. [4].

Өзен аңғарының тікелей су тасып басатын жағасындағы орында да жайылмалық шалғындықтар қалыптасады. Жағалықтың құрылысы құрамы бірдей болмағандықтан өсімдіктердің ботаникалық құрамы да әртүрлі учаскелерінде әртүрлі болады.

Құрлықтағы шалғындықтарды орналасқан орнына байланысты анықтайды. Олар су айрықтарындағы көтеріңкі жерлерде, өзендердің арасында қалыптасады.

Таудағы шалғындықтар тау бөктеріндегі әртүрлі биіктікте қалыптасады.

Шалғындықта өсетін барлық өсімдіктер жемшөптік маңыздылығына байланысты төрт шаруашылық топқа бөлінеді: астықтар, бұршақтар, қияқөлендер және әртүрлі шөптер болып. Табиғи шалғындықтарда көбіне бесінші топқа зиянды және улы өсімдіктерді жатқызады.

Шалғындықтардың түрін, орналасқан орнын рельефіне байланысты анықтайды.

Шалғындықтануда мұндай классификация өсімдіктердің жемшөптік құндылығы туралы толық мағлұмат бермейді. Себебі, әрбір шаруашылық топта жемшөптік құндылығы бар өсімдіктер жеткілікті болады. Ол шаруашылық топтардың құрамындағы түрлер толық анықталғанда белгілі болады.

Табиғи шалғындықтарда көбіне астықтар тұқымдасына (*Poaceae*) жататын көпжылдық өсімдіктер түрлері өседі. Біржылдық жабайы өсетін астықтар көбіне шөл, шөлейт аймақтарда кездеседі. Шалғындықтарда көбіне көпжылдық астықтардың көп болып өсуі олардың вегетативті көбеюіне байланысты болады. Шөп ору және жайылым есебінде шалғындықты пайдалану көбіне өсімдіктердің тұқымдары пісіп жетілгенше жүреді. Сондықтан шалғындықтың өсімдіктерінің өсіп, қайта қалпына келуі вегетативті жолмен жүреді. Шалғындықтың көпжылдық шөптесін өсімдіктері тығыз шым түзіп өседі. Сол арқылы топырақтың беткі қабатын өсімдіктердің тірі және өлі тамырлары, тамырсабақтары, өркендері тұтасып жауып өседі. Шалғындықта көпжылдық астықтардың барлық вегетациясының ұзақтығы әртүрлі болады.

Ұзақ жылдар бойы вегетациясы сақталатын астықтар тұқымдасына қылтанақсыз арпабас (костер безостый), су бетеге (овсяница луговая), қызыл бетеге (овсяница красная), шалғын түлкіқұйрық (лисохвост луговой), жатаған бидайық (пырей ползучий), шалғындық қоңырбас (мятлик луговой) т.б. жатады (1-кесте).

Бұл түрлер бір орында 6-8 жыл өседі. Барлық вегетациясы қысқа өсімдіктерге шалғын атқонақ (тимофеевка луговая), кәдімгі тарғақшөп (ежа сборная) т.б. жатады.

Көпжылдық астықтар топырақтың беткі және топырақ асты өркендер (бұтақтануы) түзуімен ерекшеленеді. Көпжылдық астықтардың сабағының төменгі бөлімінде топырақ бетінде немесе оның жоғарғы қабатында түптену буындарының жиынтығы болады. Әрбір буынында жапырақтың бастамасы бар бүршігі болады. Олардан топырақ бетіне өркендер өсіп түп түзеді. Сөйтіп барлығы тұтасып шым пайда болады.

Фазасы: «+» - гүлдеп жеміс түзуде; «С» - жемісінің сүттенуі;

Друде бойынша молшылығы: Soc – фон түзеді; Cop<sub>1</sub> - өте көп болып кездеседі; Cop<sub>2</sub> – көп болып өседі; Sol - жеткілікті; Sp – бірлі жарым; Un – біреу.

Өсімдіктердің ярустылығы: «1» - биік өсімдік; «2» - орта деңгейде; «3» - аласа шөптесін өсімдік.

Орман алқабында шалғындықтар кең таралған. Орман ассоциацияларының әртүрлі болуына байланысты шалғындықтардың өсімдіктерінің ботаникалық құрамы да әртүрлі болады.

Кесте 1 – Көлдi-елдi мекенi Жарбұлақ өзенiнiң оң жағалауындағы құрамында әртүрлi ассоциациялары бар шалғындықтар.

№	Тұқымдасы	Түрi	Ярус	Фенология-лық фазасы	Молшылығы	Биіктігі (см)
1	Астықтар тұқымдасы. ( <i>Gramineae</i> Juss.) Злаки.	Шалғын атқонақ. <i>Phleum pratense</i> L. Тимофеевка луговая.	2	с	cop <sup>2</sup>	0,69
		Шалғын түлкіқұйрық. <i>Alopecurus pratensis</i> L. Лисохвост луговой.	2	с	sol	0,71
		Құрғақ айрауық. <i>Calamagrostis epigeios</i> (L.) Roth. Вейник наземный.	1	с	un	1,7
		Көде селдірек. <i>Eschampsia caespitosa</i> (L.) P. B. Луговик дернистый, щучка.	2	с	sol	0,57
		Салалы қарашағыр. <i>Cynodon dactylon</i> (L) Pers. Свиной пальчатный.	3	с	sol	0,13
		Бірбүйір шағырбидай. <i>Melica sekunda</i> Rgl. Перловник однобокий.	2	с	sol	0,73
		Кәдімгі тарғақшөп. <i>Dactylis glomerata</i> L. Ежа сборная.	2	с	cop <sup>1</sup>	0,91
		Жуашықты қоңырбас. <i>Poa bulbosa</i> L. Мятлик луковичный.	2	с	cop <sup>1</sup>	0,69
		Шалғын қоңырбас. <i>Poa pratensis</i> . М. Мятлик луговой.	2	с	cop <sup>1</sup>	0,63
		Аласа бетеге. <i>Festuca supine</i> Schur. Овсяница приземистая.	2	с	cop <sup>3</sup>	0,83
		Көпжылдық үйбидайық. <i>Lolium perenne</i> L. Плевел многолетний.	3	с	cop <sup>1</sup>	0,17
		Қызылот, қылтанақсыз арпабас. <i>Bromus inermis</i> Leys. Костер безостый.	2	с	cop <sup>1</sup>	0,23
		Тарақбоз арпабас. <i>Bromus tectorum</i> L. Костер кровельный.	2	с	cop <sup>1</sup>	0,27
		Сібір бидайық. <i>Agropyron fragile</i> (Roth) Nevski. Пырей ломкий, пырей сибирский.	2	с	cop <sup>1</sup>	0,31
		Тарақ бидайық. <i>Agropyron pectiniforme</i> Roem. Et Schult. Пырей гребневидный, житняк.	2	с	cop <sup>1</sup>	0,71
		Еркек бидайық. <i>Agropyron cristatum</i> (L) Gaertn. Пырей гребенчатый, житняк.	2	с	cop <sup>1</sup>	0,69
Қылтан шөп. <i>Egilops cylindrica</i> (Ces.) Host. Эгилопе цилиндрический.	2	с	sol	0,37		
2	Бұршақтар тұқымдасы. ( <i>Leguminosae</i> Juss.) Бобовые.	Дәрі түйежоңышқа. <i>Melilotus officinalis</i> (L.) Ders. Донник лекарственный.	2	+	sol	0,78
		Ақ беде. <i>Trifolium repens</i> L. Клевер ползучий, белый.	1	+	sol	0,14
		Қызылбас беде. <i>Trifolium pratense</i> L. Клевер луговой, красный.	2	+	sol	0,17
		Тік лотус. <i>Lotus strictus</i> Fisch L. Лядвенец торчащий.	1	+	sol	0,11
		Жалаң мия. <i>Glycyrrhiza glabra</i> L. Солодка голая.	2	+	sol	0,97
		Орал мия. <i>Glycyrrhiza uralensis</i> Fisch L. Солодка уральская.	2	+	sol	0,71
		Қора сибіржоңышқа. <i>Vicia sepium</i> L. Горошек призаборный.	2	+	sol	0,31
		Шалғын чина. <i>Lathyrus pratensis</i> L. Чина луговая.	2	+	sol	0,27

Басқа шалғындықтарға қарағанда ормандағы шалғындықтар әртүрлі шөптерден, қиякөлендерден, астықтар араласқан бірлестіктерден тұрады. Бұршақтар тұқымдасына жататын түрлер сирек кездеседі [5].

Орман шалғындықтарында әртүрлі шөптерден кәдімгі бежір (сныть обыкновенная), орман қазтамақ (герань лесная), шегіргүлдер, сарғалдақтар, балшытырлар т.б. өседі. Жергілікті эфемерлерден желайдар, айдаршөптер, фикария т.б. кездеседі. Астықтардан кен таралғандары жалпақ жапырақта бидайық, қылтанақсыз арпабас, орман бетеге және еркек бетеге, кәдімгі тарғақшөп, шашыраңқы тарышық, қоңырбастардың кейбір түрлері өседі. Бұршақ тұқымдасына жататын беде (тау, орта, шалғын түрлері), сиыржоңышқа, орман айкен, шалғын айкен т.б. кездеседі. Қиякөлендердің де жалпақ жапырақты, орман, түкті сияқты түрлері өседі.

Ормандағы шалғындықтарды көбіне мал жаюға пайдаланады. Ол шалғындыққа және ағашты өсімдіктерге зиянын тигізеді. Шалғындықты шаруашылық мақсатта бағалаған кезде, негізінен оның өнімділігі ескеріледі. Көбіне өнімділігін бағалағанда астықтардың гүлдеген кезіндегі орылған жас массасы есепке алынады. Немесе вегетациясының соңына дейін екі немесе одан да көп орылып, жас массасы есепке алынады. Жас массасының жемшөптік құндылығы өнімділіктің негізін қалайды. Ол түрлік құрамына байланысты болады. Жемшөптік маңызы жоғары бұршақтар тұқымдасына жататын өсімдіктердің түрлерінің жасыл массасында басқа өсімдіктер түрлерімен салыстырғанда белок, дәрумендер көп. Сондықтан мал жақсы жейді, сіңімді болады. Жемшөптік құндылығы жөнінен екінші орынды астықтар алады. Бұлардың қоректік құнды бөлімі жапырақтары. Шөпті жинағанда, кептіргенде жапырақтары майдаланбай сақталады. Ал әртүрлі шөптерді орып кептіргенде жапырақтары майдаланып, жинағанда түсіп қалады.

Ең төменгі жемшөптік маңызы бар өсімдіктерге қиякөлендер жатады. Жасыл массасы құрамында кремнийдің болуына байланысты қасаң, қоректік құндылығы төмен. Сондықтан шалғындықтың жас массасының жемшөптік құндылығын шаруашылық топтарға бөледі: астықтар, бұршақтар, қиякөлендер, әртүрлі шөптер деп. Соңғысына барлық қосжарнақты өсімдіктер жатады. Қиякөлендерге елекшөптерді (ситниковые) қосады. Бірнеше учаскеден жіп арқылы 5-10 бір м<sup>2</sup> ауданды белгілейді. Учаскелердегі өсімдіктерді шаруашылық топтарға бөледі. Бірінші топқа астықтардың түрлерін, екінші топқа бұршақтардың, үшінші топқа қиякөлендер мен елекшөптерді, төртінші топқа әртүрлі шөптерді біріктіреді. Сосын барлық өсімдіктерді жерден 5-7 см биіктіктен орады, өлшейді. Шаруашылық топтары бойынша бөледі, өлшейді.

Әрбір шаруашылық топтың массасының жалпы массадан пайыздық қатынасын шығарады. Сосын кептіріп, әрбір шаруашылық топтың құрғақ массасын өлшейді. Әрбір топтың пайыздық қатынасын анықтайды. Өлшемдерінің нәтижесі құндылық деңгейін көрсетеді. Зерттелген учаскеден табылған зиянды және улы өсімдіктер түрлерін көрсетеді.

Ара-арасында жайлыымдықтарды қалпына келетін уақытқа мал жаймай қалдырады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мухитдинов Н.М. Геоботаника негіздері. – Алматы, 1992. – Б. 93.
2. Гуленкова М.А., Красинкова А.А. Летняя полевая практика по ботанике. – Москва: Просвещение. 1976. – Б. 78.
3. Чупахин В.М. Высотно-зональные геосистемы Средней Азии и Казахстана. – Алма-Ата. 1987. – Б. 63.
4. Утешев А.С. Климаты Казахстана. Очерки по физической географии Казахстана. – Алма-Ата. 1952. – С.58.
5. Работнов Г.А. Фитоценология. – М., МГУ, 1992. – С.56.

## РЕЗЮМЕ

*Ануарова Л.Е., к.б.н., ассоц. профессор, Абдели А.С., магистрант  
(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ВИДЫ КОРМОВЫХ РАСТЕНИЙ ЛУГОВ СЕВЕРНОГО СКЛОНА ЗАИЛИЙСКОГО АЛАТАУ

В статье приведены биоэкологические особенности кормовых видов различных типов лугов на северном склоне Заилийского Алатау. В растительный покров различных типов лугов входят виды растения относящиеся к семействам: злаки, бобовые, осоковые, ситниковые. Кроме того некоторые виды относящиеся к другим семействам покрытосеменных растений.

**Ключевые слова:** Гликозиды цианоген, фитоценоз, климат, почва, рельеф, вегетация, ассоциация, ярус, фенологическая фаза, географическая зона, пастбища, луг и т.д.

## SUMMARY

*Anuarova L.E., cand. of biological sciences, associate professor, Abdeli A.C. master  
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### TYPES FORAGE PLANTS MEADOWS NORTHERN SLOPES OF TRANS-ILI ALATAU

In the article the biological and ecological features of different types of prey meadows on the northern slope of the Trans-Ili Alatau. The vegetation includes various types of grassland species pertinent to the families of poaceae, fabaceae, cyperaceae, juncaceae. In addition, some types belonging to other families of angiosperms.

**Key words:** Cyanogen glycosides, phytocoenosis, climate, soil, topography, vegetation, association, tier, phenological stage, geographical area, pasture and meadow. etc.

ӘОЖ 54(075.8)

### ИНТЕГРАТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

*Қуанышева Ж.Қ., п.ғ.к., қауым. проф. м.а.  
Құдайбергенова Г.Н. х.ғ.к., аға оқытушы  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Қазіргі кездегі қоғамдағы қайта құрулар, экономикалық дамудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруде қойылған талаптарды түбегейлі өзгертті.

Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін, сонымен қатар білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып оқушыға берілетін білімнің өмірге үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның дербес ерекшелігін ескеріп, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивті қадамының бірі – интегративті оқыту технологиясы.

Интегративті оқыту технологиясы – сапалы оқыту көзі бола отырып, мұғалім мен оқушының өзара ізгілікті қарым-қатынасы негізінде пәнді сапалы меңгеруде игі ықпалын тигізеді. Бұл технологияның икемділігі мен өзгермелілігі оқушылардың жеке мүмкіндіктерінің

дамуына, танымдық белсендігі мен шығармашылық дербестігінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** интегративті оқыту технологиясы, оқытудың жаңа технологиялары, критериалдық бағалау, практикалық дағды, ішкі жиынтық бағалау.

Еліміз өркениетті елдер қатарына қосыламыз деп қарыштап қадам басып жатқан тұста, білім жүйесіне де тың өзгерістер енуде. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» делінген. Осы бағытта жұмыстану үшін білім сапасын арттыру ісіне ерекше мән беру қажеттілігі артады. Сапалы білім беру педагогтардың шеберлігі мен іскерлігіне байланысты. Ал педагогикалық шеберлік пен іскерлікті дамытуда жаңа технологияны қолданудың маңыздылығы зор. Оқытудың жаңа технологиясы – оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануды, оқытудың әртүрлі әдістері мен формаларын біріктіруді, оқу материалын тиімді пайдалануды, оқудың сапасына білім мен біліктілікті жүйелеуді жүзеге асырады.

Кіріктірілген білім бағдарламасының алға қойған мақсаты айқын, бағдары жүйелі. Зиялы азаматты – сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеуге ұмтылады. Аталмыш білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Кіріктірілген бағдарлама бірнеше құндылықты негізге алады. Олар:

- құрмет;
- әріптестік;
- азаматтық жауапкершілік қалыптастыру;
- ашықтық;
- өмір бойы білім алу.

Белгіленген құндылықтар аясындағы Зияткерлік мектептердің мақсаты – жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау.

Зияткерлік мектеп түлегі кең ауқымды дағдыларға ие болады. Нақтырақ айтқанда:

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімін шығармашылықпен пайдалана білу;
- зерттеушілік дағдылары;
- АКТ дағдылары;
- топта және жеке шебер жұмыс істей білуі;
- коммуникативтік дағдылары (тілдік дағдыларын қоса алғанда);

–қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары секілді бірнеше дағдылар қалыптасады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін *белсенді оқыту, командалық оқыту, пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL)*, т.б. озық педагогикалық әдістерді қолдану талап етіледі. Ал жалпы кіріктірілген оқу дегеніміз не? Кіріктірілген оқу бағдарламасының артықшылығы неде? Осы сұрақтардың жауабын зерделеп көрелік.

Кіріктірілу – бұл бір оқу мазмұнының әртүрлі саладағы жан-жақты білімдермен тоғысуы, бір-бірімен араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы тектес сабақтарда оқушылардың бейнелі ой-өрісі дамып, пәннің жалпы мазмұнын өмірмен байланыстыру арқылы шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Оқу үрдісінде пәндерді кіріктіре оқыту:

- ерекше дарынды оқушыларға мәнді де саналы оқуға;

- сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға;
- жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;
- оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;
- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға;
- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;
- оқушылардың уәждемесін арттыруға, олардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, шаршағандары мен қажуларын азайтуға;
- сабақ үрдісінде өтілетін тақырыптың адам және қоғам өмірімен тікелей байланысына мән беруге;
- оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға;
- олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі.

Кіріктірілген білім бағдарламасы негізінде оқушылардың білімі критериалды бағаланады. Критериалды бағалау дегеніміз – оқушының білімі мен білігін алдын ала белгіленген оқу жетістіктерімен салыстыра оқыту, соның негізінде оқушыны бағалау. Критериалды бағалау кезінде алдын ала бағалау шкаласы белгіленіп, оқушының алдына соған жету жоспары қойылады. Бағалаудың мұндай жүйесі білім алушының кемшіліктерін өзіне түзетуіне мүмкіндік береді, оқушының өзін-өзі және өзгені бақылауына, бағалауына мүмкіндік туғызады, бағаның айқындылығын, адалдығын сақтайды, оқушының сабақ үрдісінде өткен тақырыпты қалай түсінгендігін мұғалімге күнделікті саралап отыруына жағдай жасайды. Осының барлығының негізінде мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс бағалаудың жалпы негізін ашады. Яғни, критериалды бағалау оқыту – тәрбиелеу, дамыту, ынталандыру төрттігін басшылыққа алады [2].

Критериалды бағалау жұмысы қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау арқылы жүзеге асады. Оқушы оқыту жоспарындағы барлық мақсаттар түгел қамтылған бірнеше қалыптастырушы бағалаулардан өтіп, тақырыпты түсінбей «талпынған» оқушы түзету жұмыстары арқылы оқу мақсатына «жетіп», ішкі жиынтық бағалауға келеді.

Ішкі жиынтық бағалау мазмұнында барлық критерий тұтас қамтылады. Дескрипторға сай тапсырманы толық меңгергендігін көрсетуі шарт. Соның нәтижесінде тоқсан соңында жиынтық бағалау оқушы білімін анықтап береді. Оқушы білімі балдық жүйемен есептеледі.

Әлемде білім беру ісінің нәтижесін бағалай білудің өзіндік тәжірибесі қалыптасқаны белгілі. Бұл ретте біз үшін оқушының қаншалықты білім алғандығы емес, оның алған білімін өмірлік тәжірибеде қаншалықты пайдалана алатындығы маңызды болып отыр. Ал біздің еліміздегі білім жүйесінде басым жағдайда оқушылар өздерінің алған теориялық білім деңгейімен бағаланып, сонымен ғана шектеліп жататыны белгілі. Осы орайда оқушы білімін критериалды бағалау – педагогтарға нақтылық алып келетін бірден-бір жүйе [1].

«Интеграция» ұғымы латынның *integer* – бүтін, тұтас деген мағынаны білдіреді, яғни бұрын бөлініп кеткен көптеген компоненттердің бірігуі. Интеграция мәндік категориялық сипаттамасын анықтау проблемасына В.С.Безрукова еңбектері арналған. Ол алдымен интеграция философиялық ұғымын таратуға ұмтылыс жасады. Екіншіден, «педагогикалық интеграция» ұғымдарына анықтама беріледі. Үшіншіден, педагогикалық интеграцияның тез ауысуын жасау көзқарасы жасалады; Төртіншіден, интеграция категориясының өзара байланысы, дифференция, синтез ұғымына қатысты талдау жүргізіледі; Бесіншіден, философиялық мәліметтер негізінде интеграцияның мәртебелік көрсеткіші ұсынылады.

В.С.Безрукованың педагогикалық интеграцияның тез ауысуын жасаудың нәтижелі стратегиясын ұсынады. Оның құрамына келесі ұғымдар кіреді:

–Интеграция компоненттері – ғылым, білім, теория, таным, білім мазмұны, оқу пәндері, ғылыми бағыттар, теория мен практика;

–Интеграция пәні – интеграция үрдісі, оның ауқымы, сатылары, түрлері, факторлары, шекарасы, шегі;

–Типологиялық сипаттамалары – локальдық, аймақаралық, пәндік, пәндер аралық, ауқымдық, арнайы.

Интеграциялық процеске тән ұстанымдар:

–Объективті алғышарттар;

–Бұрынғы бөлінген бір немесе әртүрлі компоненттер;

–Біртұтастық.

*Интеграцияның жолдары:*

–Пәндердің бір курсқа толық бірігуі, синтезделген курстарды оқыту – толық интеграция;

–Өзектік бағыттары бойынша жеке пәндердің бірігуі;

–Оқу бағдарларында объектілер бойынша блок құру.

Интеграциялық процестердің заңдылықтары

–Химия пәнінің жүйе түзгіш логикасы;

–Заттардың бір-бірімен құрамы, құрылысы, қасиеттері бойынша өзара байланысы мен тәуелділігі;

–Адам баласы жасаған табиғи заттар мен материалдардың бірлігі, олардың технологияда, тұрмыста қолданылуы;

–Интеграциялық процестер мен білім беру процестерінің біртұтастығының өзара себептері;

–Химияны және басқа объектілерді (биологиялық, физикалық);

–оқытудағы біртұтастылық.

Химия сабағын жүргізгенде интегративті оқыту мақсаттары:

–Оқушыларға химия ғылымының негізін, маңызды деректерді, заңдылықтарды, теорияларды ұғындыру;

–Табиғаттағы барлық құбылыстардағы химиялық үрдістердің маңызды орнын түсіндіру;

–Практикалық дағдыларын қалыптастыру, оқушыларда табиғат байлығын тиімді пайдалануға үйрету мен ойлауды тәрбиелеу міндеттері қойылады.

Химияның ғылым ретінде негізгі міндеттері:

–Табиғи шикізаттарды іздеу және тиімді пайдалану тәсілдерінің дамуы;

–Химия өнімдерін өндіру қарқынының өсуі;

–Саны мен сапасының артуы;

–Халық шаруашылығының түрлі салаларында қолдану үлесінің молаюы.

Химия пәнін келесі пәндермен кіріктіріп оқытылатын ұғымдар мен материалдар:

Химия – Физика:

–Физикалық қасиеттері мен құрылысын оқығанда зат туралы ұғым жүйесінің дамуы мен қалыптасуы;

–Физика мен химияға ортақ теориялар мен заңдардың оқылуы;

–Физика-химиялық процестердің маңызын қарастыру;

–Технологиялық жабдықтардың жұмыс принциптері және құрылғысымен танысу;

–Химия пәнінде физикалық ұғымдарды, өлшемдерді және өлшеу бірліктерін қолдану;

–Танып-білу әдістерімен танысу.

Химия – Математика:

–Арифметикалық және алгебралық әрекеттер қосу, алу, бөлу, көбейту, пропорциялар, теңдеу жүйесін құрастыру және есептеу мен график құрастыруды қолдану арқылы химиялық есептерді шығару;

–Эмпирикалық байланысты көрсететін графиктердің анализі;

–Математикалық ұғымдарды, өлшемдерді, өлшеу бірліктерді және координата жүйесін, формальды логиканың кейбір тәсілдерін қолдану;

–Атомдардың, молекулалардың және кристалдардың геометриялық модельдерін құрастыру және зерттеу.

Химия – Биология

–Биогенді элементтердің атом құрылысының ерекшеліктерін;

–Физика-химиялық сипатын, табиғатта таралу рөлін таныстыру;

–Тірі организмдер мен экожүйе заттардың физиологиялық әсерін оқып білу;

–биохимиялық материалдар негізінде экологиялық табиғатты қорғау және валеологиялық білімдер қалыптастыру.

Химия – География

–Жаратылыстану ғылымдарының диалектикалық бірлігі негізінде табиғат туралы бірыңғай көзқарасты қалыптастыру;

–Химиялық географиялық материалдар базасындағы экологиялық және табиғатты қорғау туралы білімдер қалыптастыру;

–Химиялық элементтердің және оның қосылыстарының, жансыз табиғаттың, геохимиялық айналымның, маңызды қазба жерлердің ауылшаруашылықта және өнеркәсіпте таралуының маңызы мен рөлі;

–Құбылыстардың, ұғымдардың, теориялардың,әлемнің ғылыми бейнелері арасындағы жан-жақты байланыстарды оқушылардың орнықтыра алу біліктілігін қалыптастыру [3].

Қорыта айтқанда, кіріктірілген білім бағдарламасы, ондағы оқушыларды критериалды бағалау - заман талабына сай шәкірт білімін дәл айқындауға мүмкіндік беретін бақылау жүйесі.

Әлемдік өркениет жолындағы үздіксіз даму кезеңінде білім мен ғылымға баса назар аудару өзекті мәселелердің бірінен саналады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «Бәсекеге қабілетті экономика үшін» Жолдауында: «Білім берудегі жаңалық – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі», – делінген. Немесе бұл орынды пікірді Елбасымыздың тағы бір: «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны», – деген пікірімен жалғауға болады. ХХІ ғасыр бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын ғасыр екендігін ескерсек, сол ғасырда үздік оқытудың үлгісі бола алатын көшбасшы, ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыратын ұрпақ тәрбиелеуді мақсат тұтатын Зияткерлік мектептердегі білім бағдарламалары тиімді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың жүйесін енгізу тұжырымдамасы / nis.edu.kz сайты.

2. Хакимиова Н. Критериальное оценивание как педагогическая технология /colligy.ucoz.ru

3. Құрманалиев М.Қ. Қазіргі педагогикалық технологиялар, Оқу құралы. – Алматы, 2010. – Б. 85.

### РЕЗЮМЕ

*Куанышева Ж.К., к.п.н. и.о. ассоц. проф.*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ПРИМЕНЕНИЕ ИНТЕГРАТИВНОЙ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ ХИМИИ

Сегодняшнее образование не ограничивается только достижением умения и практических навыков по учебному предмету, но и требует совершенствования его вперед и непрерывного развития.

Интегративная технология обучения дает возможность гармонизировать жизнь знаниями полученными учащимися, а также учитывает индивидуальные особенности каждой личности. В соответствии с образованностью обучающимся дается ориентир, для прогрессивных шагов в развитии познавательной деятельности обучения.

Поэтому в статье рассматривается проблема интегрирования учебного предмета химии с математикой, биологией, физикой и критериальное оценивания знания.

**Ключевые слова:** интегративное технология обучение, новые методы обучения, критериальное оценивание, практические навыки, внешнее суммативное оценивание.

## SUMMARY

*Zh.K. Kuanysheva, cand. of ped.sci. acting associate professor  
(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### USING INTERACTIVE TECHNOLOGY IN THE CLASSROOM CHEMISTRY

Today's education is not only limited to the achievement of the skills and practical skills in academic subjects but also requires improving its forward and continuous development.

Integrative education technology enables life in harmony knowledge obtained by students, as well as takes into account the individual characteristics of each person. In accordance with education students given a landmark for progressive steps in the development of cognitive learning activities.

Therefore, this article deals with the problem of integration of the subject of chemistry with mathematics, biology, physics and criteria-based assessment of knowledge.

**Key words:** integrative technology educating, new methods of educating, criterion evaluation, practical skills, external evaluation.

ӘӨЖ 633.18.581.132

### ТҰҚЫМДЫ КӨШЕТСІЗ ӘДІСПЕН ӨНДІРУ МЕН НАНОЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ

*Ғ.Ж. Медеуова, а.ш.ғ.к.,  
Н.А. Мұхамединова, п.ғ.к.,  
М.М. Көпжасар, п.ғ.м.,  
Т.М. Секерова, б.ғ.м.,  
А.К. Сарқытбаева магистрант  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Қызылша (*Beta vulgaris*) – қызылша туысына жататын екі жылдық бағалы техникалық дақыл. Бірінші жылы оның қоректік заттары бар тамыры мен жапырақ шоғы өседі. Осы жылғы өсу кезеңінің ұзақтығы 150 – 170 күн. Екінші жылы топыраққа отырғызылған қант қызылшасының жемісінен гүл шашатын сабақ және тұқым пайда болады. Екінші жылғы өсу кезеңінің ұзақтығы 100 – 125 күн. Қызылша – құнарлы мал азықтық дақыл. Оның пәлегін (жапырағы мен сабағын) заводта өндегеннен кейінгі қалған қалдықтардан сірне, сығынды мал азығы даярланады. Қызылшаның түсімінің 40% пәлегінің үлесіне тиеді. Қызылшаның сығындысында 15% құрғақ заттар, 3% клетчатка, 0,7% күл, 0,1% май және 1,2% протеин болады. Осы сығындының 100 кг 80 мал азықтық өлшем және 3,6 кг қорытылғыш протеин бар. Қызылшадан тамақ өнеркәсібінде қант алу үшін пайдаланылады,

өйткені оның тамыр жемісінде 17-19% қант болады. Қызылша – жылу сүйгіш өсімдік қызылшаның тұқымы заводтарда дайындалады. Мұнда тазаланған тұқым 2 фракцияға (3,5-4,5мм және 4,5-5,5мм) бөлінеді. Негізінен тұқым себуді топырақтың 10см тереңдіктегі температурасы 5,6°C жылынғанда бастайды. Бұл кезең көбінесе наурыздың 3-онкүндігі мен сәуірдің 1-жартысына сәйкес келеді. Органикалық заттарға бай, құнарлы қара топырақта жақсы өседі. Оған топырақтың қышқылдау немесе бейтарап болғаны дұрыс (рН 6,5-7,5). Қазақстанның суғармалы жерлерінде негізінен қатар аралығы 60см кең қатарлы себу әдісі қолданылады. Қазақстанда қызылша Жамбыл, Алматы облыстарының суғармалы жерлерінде өсіріледі. 1991 жылдан Қазақстанда қызылшаның бір тұқымды жаңа сорттары аудандастырылып, себілді. Қызылшаның бір танапта ұзақ жылдар бойы ауыстырмай сепкенде, оның зиянкес жұмыр құрты мен тамыр биті көбейеді. Сондықтан қызылшаның түрлі аурулар мен зиянкестерден қорғауда, оның өнімділігін арттырып, тұқымды көшетсіз әдіспен өндіру мен наноэлектромагниттік технологияны көтеруде ауыспалы егістің маңызы зор. Мал азықтық қызылшасының (*Beta vulgaris* z. v. *crassa*) құрамында көмірсулар, витаминдер, тұздар, азотсыз экстракты заттар бар. Сондықтан ол жоғары сапалы және жұғымды мал азықтық дақыл. Бұл қызылша Қазақстанның барлық облыстарында өсіріледі

**Түйін сөздер:** Электрфизикалық әдіс, көшетсіз әдіс, ксероморфтық құрылым, агротехникалық шаралар, комплекс

Қазіргі заманғы фабрикалық қызылша дақылын өсіруде дара дәнекті және біркелкі тұқым өнгіштігі 90 пайыз болуын қажет етеді. Біздің еліміздің көп жылдық практикасы мен шетелдік тәжірибелердің көрсеткеніндей, бұл проблема, ең алдымен, суармалы аймақтарда тұқымды көшетсіз өсірген кезде дұрыс шешіледі. Тұқымды көшетсіз тәсілмен өсірудің мәні мынада. Жаздыгүні тұқым үшін егілген қант қызылшасы күзде қазылып алынбай, сол күйінде қалдырады. Қыстап шыққан тамыржемістері көктемде қайта өніп шығады да, гүл сыйдамының арасында қалыптасып, жеміс салады.

Өсіп-өну кезеңінің ерте басталатынына байланысты көшетсіз егілген тұқым топырақтың күзгі-қысқы ылғал қорымен қоректік элементтерін барынша пайдаланады. Сондықтан да көшетті егуге қарағанда оларда өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін мүмкіндік едәуір мол болады.

Тұқымды көшетсіз өсіру әдісінде көшетті әдісіне қарағанда жұмсалатын шығын аз, олардың өзіндік құны 2-3 есе арзан болады. Өйткені көктемде қызылшаны сирету, жинау, шоқалау, тамыржемістерін сақтау, көктемгі шоқаланудан оларды іріктеп алу, қайта іріктеу және отырғызу жұмыстары жүргізілмейді [1].

Қант қызылшасы тұқымын көшетсіз әдіспен қысы жылы болатын аймақтарда, сондай-ақ қыс түспей тұрып, ксероморфтық құрылымды тамыржемістердің белгілі бір мүшелерін алуға бағытталған барлық агротехникалық шаралар комплексін жүргізген кезде табысты өсіруге болады. Қазақстанның интенсивті суармалы егіншілігінің және қызылша егілетін оңтүстік аймақтарының климат жағдайлары қант қызылшасының сапалы тұқымын көшетсіз егіп, мол өнім алуға қолайлы-ақ [3].

Бірақ бұл тәсілді өндіріске ендірудегі негізгі кедергі қант қызылшасының қайта қыстап шығу мүмкіндігінің жетіспеушілігі және сонымен қатар тамыр жемісі массасының артық мөлшерде болуынан болып отыр. Қазіргі кезде аталған дақылдың танаптағы сиректілігі мен тұқым өнімінің төменгі дәрежесі байқалады. Сондықтан біздің алдымызға қойған мақсатымыз қант қызылшасының тұқымын жылдар бойы көшетсіз әдіспен өсіру тәсілінде көп жылдық репродукция барысында қант қызылшасының тұқымын көбейту тиімділігін жоғарылату. Осыған байланысты қант қызылшасының ғылыми зерттеудегі өзекті мәселесі оның тұқымын көп жылдық технология бойынша көбейтуді шешу жолдарының бірі – оның ортаға бейімділігін арттырып, агробиология ерекшелігін зерттеу, ол үшін төменде келтірілген инновациялық шараларды іске асыру қажет.

1. Өсімдіктер мен тұқымға электромагниттік әсер.

2. Сапропель (теңіз түбінен алынып өңделген органикалық заттар) экстрактысының органикалық сарқынын қолдану.

## 3. Сарқындылардағы металдар нанобөлшектерінің белсенділігі.

Ұсынылып отырған тұқымды өңдеудің жаңа технологиясы қызылша өркенінің біркелкі өсіп-өнуіне ықпал жасап, өсімдіктің қысқа төзімділігін әдеттегі өңделмеген тұқымға қарағанда едәуір арттырды [4].

Зерттеу барысы тұқымды себу алдында электрфизикалық әдіспен өңдеу және өндемей себуге топырақтың сулық режимі екі нұсқада да біршамада болғандығын көрсетті (кесте1).

Кесте 1 – Қызылшаның «себу-көктеу» кезеңіндегі ылғалдың қоры мен топырақтың ылғалдылығы (2011 -2014 жылдар)

№ р/с	Анықтау мерзімі	Топырақ қабаты, см	Топырақтың ылғалдылығы, %	
			Бақылау варианты	Электрофизикалық өңдеу
1	20 тамыз	15	20,2	20,4
2		30	21,9	21,9
3		45	22,03	22,05
4	Орташа	0-45	21,34	21,45

1 кестедегі деректерден көрініп тұрғандай, тәжірибе жүргізілген жылдары орташа алғанда себу кезінде топырақтың ылғалдылығы бақылау вариантында 15см тереңдікте – 20,2 %, 30см – 21,9; 45см – 22,03 және электр физикалық өңдеу кезінде тиісінше 20,4; 21,09 және 22,205% болды. Осындай байланыстылық топырақтың ылғалдылығы мөлшері бойынша да байқалды (кесте2).

Кесте2 – 0-45см топырақ қабатындағы «себу-көктеу» кезеңіндегі ылғалдылық мөлшері (2011 -2014 жылдар)

№ р/с	Топырақ қабаты, см	Бақылау варианты			Электрофизикалық өңдеу		
		Анықтау мерзімдері					
		20 тамыз	1 қыркүйек	10 қыркүйек	20 тамыз	1 қыркүйек	10 қыркүйек
1	15	19,2	18,40	17,10	20,4	19,3	18,8
2	30	20,45	17,06	15,12	21,5	19,7	18,3
3	45	21,05	19,0	14,7	22,2	20,4	19,04
4	0-45	20,2	18,15	15,6	21,4	19,8	18,7

Сонымен бірге көшетсіз қызылша тұқымының шығымдылығы бойынша нақты заңдылықтың, атап айтқанда: тұқымды электрофизикалық әдіспен өңдеп себуге тұқымның шығымдылығы кәдімгі себугегіне қарағанда жоғарылығының байқалғанын да атап өткен жөн (кесте 3).

Тұқымды электрфизикалық әдіспен өңдеп себу кезінде оның егістік өңгіштік қасиетінің жоғары болуы (79%) оны биологиялық деструкция тәсілімен алынған наноматериалдардың тірі клеткамен жақсы биобірлестікте болуында. Соның нәтижесінде көктей бастаған тұқымның қарқыны өте жоғары болып, ауруға төзімділігін арттырды. Осыған орай тұқымды электрфизикалық әдіспен өңдеу және өндемей себудің кездерінде [2].

Кесте 3 – Электрофизикалық әдіс және өсімдіктердің зиянкестері мен егістік өңгіштігі (2011 -2014 жылдар)

Тәжірибенің нұсқасы	Өңгіштік, %		Өсімдіктердің жәндіктерден зиян шегуі		
	Зертханалық	Егістік	1	2	3
Бақылау	81	58	2,5	52	1,4
Электрофизикалық өңдеу	89	79	1,6	31	0,45

Ескертулер: 1– зиян шегудің орташа баллы

2 – бүлінген өсімдіктер %

3 – бүліну коэффициенті

өскіндердің пайда болу қарқыны әртүрлі болады. Мәселен, тұқымды өңдемей себу кезінде бірен-саран өскіндер жетінші күн дегенде бой көрсете бастаса, электрофизикалық өңдеудің арқасында бесінші күні пайда болды. Ал өскіндердің жаппай пайда болуы тиісінше 11-ші және 9-шы күндері тіркеліп, «Себу-көктеу» кезеңінің ұзақтығы тұқымды өңдемей сепкенде 14, ал электрфизикалық өңдеуде 10 күн құрады.


Біздің зерттеулердің міндеттерінің қатарына бороздалық әдіспен себер алдында тұқымды электрфизикалық тәсілмен өңдеу қызылшаның қыс алдындағы жиілігіне әсері, тұқымды өңдеудің түрлі тәсілдерімен салыстырғанда суармалы Жаркент жағдайында қаншалықты тиімді екендігін анықтау болды. Тұқымды өңдеу тәсілдерінің қыс алдындағы көшетсіз тұқымдықтардың сақталуы мен көшеттердің жиілік мөлшеріне әсерін зерттеу бойынша жүргізілген тәжірибелер мынаны көрсетті [1,3].

Қызылша өскінінің жиілігі толық өскіндер кезеңінен бастап тұқымды жинау кезеңіне дейін 1 кума метрдегі өсімдіктер саны әртүрлі болатынын көрсетті (4 кесте, 1 сурет). Мәселен, тұқымды өңдемей себу кезінде ол орта есеппен тәжірибе жүргізген жылдары 1 гектарға 242-ні құраса, электрфизикалық тәсілмен өндегенде 550 дана болды. Бұл бірінші кезекте өңделген тұқымның егістік өңгіштігінің ерекшеліктеріне байланысты екендігін атап өткенбіз.

Кесте 4 – Тұқымды өңдеу тәсілдері және өсімдіктің қыста сақталуы мен көшеттердің жиілігі (2011 -2014жылдар)

№ р/с	Тәжірибе нұсқалары	Кезеңдер бойынша көшеттердің қалыңдығы гектарына мың данадан				Қысқы кезеңдегі сақталуы, %
		Толық өскіндер	Қыстату алдында	Қыстату-дан соң	Жинау алдында	
1	Бақылау	11/242	9/198	6/132	4/88	66,6
2	Электр физикалық тәсілмен өңдеу	25/550	21/462	17/374	10/220	80,9

Ескерту: бөлім – 1 кума метрдегі өскіндер жиілігі, дана; бөлінгіш – көшеттердің жиілігі, мың дана/га.



Сурет 1 – ЭФМӨ және көшеттер жиілігі

Өсіп-өнудің күзгі кезеңінде бақылау вариантында өсімдіктердің опат болуы 18,1% құраса, электрфизикалық тәсілмен өндеуде – 16% болды. Нақтырақ айтқанда, тұқымды

электрфизикалық тәсілмен өңдеу өсімдіктің жиілігінің аз сиреуіне әкеліп соқты. Ал бақылау вариантындағы өсімдік санының аз болуы бұл тәжірибеде өсімдіктердің әлсіз болып түрлі зиянкестер мен ауруларға шалдығуымен түсіндіруге болады.

Мәселен, тәжірибе жүргізілген жылдар ішінде өсімдіктің тұқым өнімділігі гектарынан 15,0- 18,3 центнерді құраса, бақылау вариантында гектарынан 11,5-15,0 центнерден ғана өнім алынды (-2,0 центнер) [4].

Зерттелген өңдеу тәсілдері тұқым сапасына ешқандай әсерін тигізген жоқ. Олардың өңгіштігі мен 1000 тұқымның салмағы, топтық құрамында айта қаларлықтай алшақтық болмады. Сонымен қатар, көшетсіз тұқымды себер алдында құрамында металдардың нано және макро бөлшектері бар HUMIN PLUS стимуляторымен және электрмагниттік өріспен өңдеу көшетсіз қызылша тұқымының жазғы мен күзгі кезеңдегі өскіндерінің өсу және қоректік заттардың, қанттың жиналуын толығымен жақсартты.

Қорыта айтқанда, жүргізілген тәжірибелер себер алдында қызылша тұқымдардың қорытпалы бактериалдық деструкциялау арқылы алынған (темір, мырыш, мыс) металдар ерітіндісімен және сапропель сығындысы ерітіндісімен өңдеу олардың егістік өңгіштігі мен көктеуін барынша жақсартатын әсері барлығын көрсетті. Яғни, Неміс-орыс биомагниттік кибернетика және нанотехнология институтының зертханалық тәжірибелері, өндірістік жағдайда «Қамқорлық» ЖШС дәлелін тапты.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбуғалиев І.Ә., Қожахметов М.К. Көшетсіз қызылша тұқымын өндірудің технологиясы. – Алматы, 1992. – 133 б.
2. Кожухметов М.К. Научные основы безвысодочного семеноводства и клонального размножения сахарной свеклы в Казахстане. Автореферат диссертации на соискание ученой степени д.с.х. наук, Алматы, 1999. – С.81.
3. Кузнецов В.И., Гилезетдинов Ш.Я. О физиологической полифункциональности гуминовых кислот. Материалы Интернет-журнала «Органическое Живое», Земледелие, 2002, №2. – С.1.
4. Орлов Д.С. Свойства и функции гуминовых кислот. Гуминовые вещества в биосфере. – М., 1993. – С.16-27.

### РЕЗЮМЕ

*Г.Ж. Медеуова, к.с.х.н., Н.А. Мухамединова, к.п.н., М.М. Копжасар, м.п.н.,  
Т.М. Секерова, м.б.н., А.К. Саркытбаева магистрант  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ПОДГОТОВКА СЕМЯН И НАНОЭЛЕКТРОМАГНИТНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

В составе кормовой свеклы (*Beta vulgaris* z. v. *crassa*) есть углеводы, витамины, соли, вещества безазотных экстрактов. Поэтому является высококачественной и полезной кормовой культурой. Эта свекла выращивается во всех областях Казахстана.

В практике применяются семена свеклы сплавов, полученных бактериальной деструкции (железо, цинк, медь) обработки металлов и сапропеля раствором их влияния повышения всхожести семян.

**Ключевые слова:** Электрофизический метод, безрассадный метод, ксероморфная структура, агротехнические мероприятия, комплекс

## SUMMARY

*G.Zh. Medeuova, cand. of agricultural sci., N.A. Mukhamedinova, cand. of ped.sci.,  
M.M. Kopzhasar, master of ped.sci., T.M. Sekerova, master of bio.sci.,  
A.K. Sarkytbayeva, master  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### PREPARATION OF SEEDS AND NANO ELECTROMAGNETIC TECHNOLOGY

As part of the fodder beet (*Beta vulgaris zv crassa*) have carbohydrates, vitamins, salts, substances nitrogen-free extract. Therefore, it is of high quality and useful forage crop. This beet is grown in all regions of Kazakhstan.

In practice, seeds of beet used alloys produced by the bacterial degradation (iron, zinc, copper), metal processing and sapropel sodium their effect improving seed germination.

In practice beet seeds alloys produced by bacterial degradation (iron, zinc, Copper) processing of metals and sapropel solution of their influence to increase seed germination.

**Keywords:** Electrophysical methods, nonseedlings method xeromorphic structure, farming practices, a set

ӘОЖ: 001.892:620.3(574)

### НАНОТЕХНОЛОГИЯНЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

*Е.Ж. Меңліғазиев, х.ғ.д., профессор,  
Н.О. Мырзахметова, х.ғ.к., қау. проф. м.а.,  
З.М. Арғынбаева, химия магистрі  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада нанотехнологияны пайдаланудың болашағы, нанотехнология және наножүйелер туралы негізгі түсініктер қарастырылған және наноматериалдар дамуының басым бағыттары мен жетістіктеріне қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Нанотехнология саласындағы зерттеулердің кейбір дамыған мемлекеттер мен ТМД елдеріндегі жағдайы қарастырылған. Сондай-ақ, қазақстандық ғалымдар жарияланымдарын талдау негізінде республикадағы зерттеулердің негізгі бағыттары анықталған. Қазіргі таңда нанотехнологиялар үлкен сұранысқа ие болып отырған салалар қарастырылған. Нанотехнологиялардың көмегімен заманауи есептеуіш машиналар мен өндірістік технологиялардың, тіпті дәрі-дәрмектердің де өндіріліп жатқаны көрсетілген. Нанотехнологияның әр ғылым саласындағы маңызды рөлі және оның жетістіктері нақтыланған. Нанотехнологияның Қазақстанда дамуы мен болашақтағы мәселелері қамтылған.

**Түйін сөздер:** нанотехнология, нанохимия, наноқұрылыс, жаңа нанотехнологиялық әдістер, нанотүтіктер, карбон, наноөлшемдер.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жетекші он алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында инженерлік зертханалар құру керек туралы тапсырмасына байланысты әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті мен М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеттерінде «Наноинженерлік зерттеу әдістері» зертханалары ашылып, оларға мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, оған сатып алынған электронды микроскоптар, спектрометрлер құралдары нанотехнология элементтерін жүзеге асыруға мүмкіндік берумен қатар, оның әрі қарай дамуына үлес қосып жатыр. Кейбір көлемді

ғылыми зерттеу жұмыстарын өзіміздің елде жүргізу мүмкін болғандықтан, оны шет мемлекеттерде, көптеген өкімет қаржысын шығарып, жүргізуге мәжбүр болып отырмыз. Өйткені, нанотехнологияның қазіргі жағдайы химия, физика, информатика, механика сынды ғылымды жетік меңгерген, біліктілігі мол мамандардың бірлесе отырып жұмыс істеуін қажет етеді. Сонымен қоса, мамандар заманауи техникамен жұмыс істей білуі қажет. Ал ол үшін мол тәжірибе қажет екені белгілі. Сол үшін еліміздегі «Болашақ» бағдарламасының ғылыми тағылымдамадан өту бастамасы мамандарымыздың біліктілігін арттыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Қазіргі кезде, нанотехнологиялық зерттеулермен дүниежүзінде 1600-ден астам ғылыми-техникалық компаниялар мен фирмалар, зертханалар мен орталықтар айналысса, олардың 28% АҚШ-та, 24% Жапонияда, 10% Ұлыбританияда, 9% Алманияда, 5%, ал Ресей 14% құрайды. Осылардың ішінде қазақстандық ғалымдар еңбектерінің еңбегі аздығы бізді қынжылтады, жігерлендіреді, сонымен қатар үміттендіреді.

Нанотехнология деген сөзді өзіміздің қазақ тілінде түсіндіретін болсақ, «кішкентай өлшемді технология» дегенді білдіреді. Бұл жерде «нано» сөзі миллиардтың бір бөлшегі деген ұғымды білдіріп, басқа физикалық қасиеттерге ие болады. Міне осы заңдылық арқылы, яғни материяның бір күйден екіншісіне өту кезіндегі өзгерістер арқылы өмірге, бұрын ешкімге белгісіз басқа жаңа технология еніп жатыр. Қазіргі заманауи «сандық» технологиямен үйлесімді жұмыс істейтін электронды құрылғылар – осы нанотехнологияның жемістері десек қателеспейміз.

Нанотехнологиялар мен наноматериалдар әлемдегі барлық дамыған мемлекеттерде адамзат қызметінің маңызды салаларында, атап айтқанда: өнеркәсіп, ақпарат саласы, радиоэлектроника, энергетика, көлік тасымалы, биотехнология, медицинада қолданылуда.

Олай болса, біздің ойымызша, нанотехнология ілімінің саласын дамыту арқылы генетика, медицина, машина жасау, электроника, өндіріске арналған жаңа материалдар алу, техника мен өндірістің барлық түрлерін жаңа сапа деңгейіне көтеру мәселелерін толығымен шешуге болады.

«Нанотехнология» терминін қолданысқа алғаш рет 1974 жылы жапон физигі Норио Танигути енгізген.

Нанотехнологиямен айналысатын ғалымдардың бүгінде айқындап алған міндеттеріне:

- біріншіден, атомдарды өз қалауымызша орналастырып, ерекше қасиетке ие материалдар жасау;
- екіншіден, көлемдері белгілі, белсенді атомдар мен молекулалардан тұратын электрондық сызбанұсқалар өндірісін ұйымдастыру;
- үшіншіден, көлемі молекулаға тең механизмдер мен роботтар жасау.

Осы саладағы кейбір бүгінгі жетістіктерді атап өтсек, мысалы АҚШ-та Массачусетс технологиялық институтында қазіргі көлемі бақыр ақшадай өрмекші – роботтың алғашқы үлгісі жасалынды. Ол бір минутта 10000-ға жуық әртүрлі қозғалыстар жасайды. Осыған ұқсас молекулалық-робот машинаны Мичиган университетінде сынақтан өткізіпті. Ол үш бөліктен тұрған екен: тасымалдағыш – молекулалар; қатерлі ісік жасаушыларын барлап білетін – молекулалар (ДНК фрагменттері бар) және люминофер – молекулалар. Осындай құрылымды адам ағзасына енгізген кезде олар ісік жайлаған жерге орналасып, люминесценцияның көмегімен соны нақты көрсеткен.

XXI ғасыр ақпаратты технология мен биотехнология дамуымен қатар нанотехнология ілімінің даму технологиясы болмақ.

Нанотехнология әдісінде заттардың мөлшері 1-100 нм бөлігіндегі кішкентай бөлшектермен ісінеді. Бір нанометр метрдің миллиардтай бөлігі ( $1 \text{ нм} = 10^{-9} \text{ м}$ ). Осындай өлшемді заттарды табиғатта кездеспейтін абсолютты жаңа қасиеттер, энергияның, массаның, зарядтың дұрыс таралуына байланысты пайда болады екен деген болжам бар.

Осыған байланысты нано біздің болжамымыз бойынша үш бағытта дамығаны байқалады:

- элементтері бірнеше атомдардан тұратын электронды сызбанұсқалар дайындау;

- молекула көлеміндей наномашина, робот немесе механизм жасау;
- атомдардан және молекулалардан тұтынулық қажеттілікке бұйымдар дайындау.

Осындай бағытта наноэлектроникаға, нанобиотехнология, молекулалы электроникаға, наноэлектромеханика, наноэнергетикаға, оптоэлектроникаға жаңа функционалды конструкциялы наноматериалдар, компьютерлі технологияға, экологияға, аэронавтикаға және басқада адамзат өміріне қажетті материалдар алу процесіне арналған.

Бүгінгі таңда нанотехнологияның дамуы мынандай негіздерге әсерін тигізеді: өте төзімді нанокристалды және аморфты материалдар алу; отқа төзімді полимерлер негізінде нанокомпозиттер синтездеу; наноэлектроникаға, нанопоктоникаға, жартылай өткізгішті транзистерлер, лазерлерге, фотодетекторларға, күн сәулесінен энергия алу элементтеріне, жұқа қабыршақты гетероқұрылымды микроэлектроника компоненттеріне, жұмсақ магнитті және қатты магнитті материалдар алу үшін; телекоммуникацияға, ақпараттық және есептеу технологиясына, суперкомпьютер құрылымына, молекулалы электронды сызбанұсқаларға, наномеханика молекулярлы моторлар немесе наномоторлар, нанороботтан нанохимия және катализ, оның ішінде жану процесін зерттеу, зат беттерін бүркелеу, электрохимия нанотүтіккі материалдар, әсіресе, мұнай өңдеу өндірісіне, фильтрлер авиацияға, космосқа, жану элементтеріне, электрлі аккумуляторлар және басқа да электр көзін алу үшін, фармацевтиканың дамуына, ағзаға дәрумендерді тасымалдау, биополимерлер, биологиялық талшықтарды қалпына келтіру процесінде, клиникалық және медициналық диагностика әдістерінде, жасанды сүйек тірі органдарды тасымалдау кезінде, биомеханикада, геномикада, биоинформатика салаларында қолданыс табуға. Бүгінгі таңда дүниежүзі бойынша 50 елде нанотехнология әдісімен айналысуда.

Нанотехнология әдісіне және оның дамуына дүниежүзі бойынша 2003 жылы 7,5 млрд. американың доллары жұмсалса, 2004 жылы оның көлемі 8,6 млрд. долларға жетті. Бүгінгі күні оның мөлшері триллион доллардан асты. Наноэлектроника саласына 100-150 млрд. доллар 2010 жылы бөлінді.

1980-2004 жылдар аралығында нанотехнология саласынан алынған патенттер саны 88546-ға жетті. Солардың 64% Америка Құрама Штатына тиесілі. Ғылыми жаңалықтар жөнінде Жапония екінші орында болса, Шығыс халқы әзірше үшінші орынға орналасты. Қазір Жапония елінен кейінгі – орындарға Қытайдан кейін Оңтүстік Корея елі, Сингапур, Тайвань және Индия елі орналасқан. Еуропа елдерінде олардың ішінде Алмания ғалымдары да нанотехнология әдісіне көңіл бөле бастады. Соңғы кезде Алмания 63 млн. еуро нанотехнологияны дамыту үшін бөлсе, Англия 39 млн. еуро, Франция 19 млн. еуро бөлді, осылармен қатар Ресей де нанотехнологияға, оның дамуына қаржы бөле бастады. Ресей, мысалы 2007-2012 жылдар аралығында нанотехнология әдісіне 195 млрд өз ақшасын бөлсе, алда нанотехнология әдісіне 250 мен 300 млрд. өз қаражаты бюджетке енгізілді. Осындай нанотехнология әдістеріне Украина және Беларусь мемлекеттерінде белгілі өлшемді қаражат бөлуде.

Нанотехнология әдісінің дамуы біздің елде 2003 жылы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен ғылыми еңбек жұмысы басталып, 2007-2009 жылдар аралығында «Нанобілім және нанотехнология әдістерін Қазақстан Республикасында дамыту» бағдарламасы 07.05.2007, №4бұйрық қабылданды.

Қазіргі нанотехнология әдісінің ауқымы зор болғандықтан елімізде 85 жобамен 29 қауымдастық ұйымдар айналысуда. Аталған бағдарлама 5 блоктан тұрады:

1. Тау-кен өндірісінің нанотехнологиясын зерттеу және дамыту;
2. Энергиялық жүйелер нанотехнологиясын дамыту үшін жаңа наноматериалдар түрлерін қарастыру;
3. Биоматериалдардың жаңа түрлерін өндіру үшін нанотехнология жаңа әдістерін пайдалану;
4. Ақпараттық технология және микроэлектроника үшін жаңа квантты құрылымды заттар синтездеу;

5. Наноматериалдардың және нанотехнологияның жаңа түрлерін алу және оларды Қазақстанның мұнай-газ секторында пайдалану.

Бүгінгі таңда, Қазақстанда нанохимия, нанотехнология ілімімен 17 ғылыми зерттеу институттары айналысады: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Эксперименттік және теориялық физика ғылыми зерттеу институтының» 10 ғылыми жобасын; Ғылым Академиясының «Физика-техникалық институтында» 10 ғылыми жобасын, «Жану Проблемасы институтының» 8 ғылыми жобасын; Д.В.Сокольский атындағы «Органикалық Катализ және Электрохимия институтындағы» 8 ғылыми жобаны; Минералды материалдарды өңдеу орталығы 5 ғылыми жобасы; М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 4 ғылыми жобасын; А.Бектұров атындағы «Химия институтында» 3 ғылыми жобасын; Қарағанды қаласындағы «Фитохимия институтында» 3 ғылыми жобасын; Л.Н.Гумилев атындағы «Еуразиялық университетінде» 3 ғылыми жобасын; Қ.Сатпаев атындағы «Техникалық университетінде»; Қарағандыдағы Индустриалды институтында; Шығыс Қазақстандағы мемлекеттік университетінде; Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінде нанохимия, нанотехнология, наноілімдерімен айналысатынын айтуға болады.

Қазақстан ғалымдарының нанохимия саласына арналған жұмыстарының негізгі бағыты нанокұрылымды наноматериалдарды кремний атомының негізінде алуға бағытталған. Наноматериалдарды қолдану арқылы катализаторларды, композициялық бүркемелер жасауға, электрохимиялық әдістерді алуға арналған жұмыстар да бар.

Нанотехнология әдісінің тағы да қол жетімді проблемалары Биомедицина саласына да бағытталған. Қазақстан медицина саласындағы ғалымдардың бүгінгі еңбектері ауруларға пайдаланатын дәрумендерді керекті жеріне уақытында жеткізу проблемасына байланысты болып отыр. Бұл ізденіс жұмыстарының жақын аралықта өзінің нәтижелерін беретініне күмәніміз жоқ. Өйткені, алғашқы ақпараттан ғылыми зерттеу еңбектері – өздерінің дұрыс нәтижелерін бере бастағанын білуге болады. Сонымен қатар, Қазақстан ғалымдары белгілі атомдардың, мысалы кремний немесе көміртек атомдарының құрылымдарын өзгертумен де айналысып, олардың негізінде наноматериалдардың жаңа түрлерін алуда. Мысалы, Жану проблемасы институт ғалымдары көміртек атомынан нанотүтікшелер мен фуллеренді және көміртек атомының сандық құрамын өзгерту арқылы химиялық жолмен ток, энергия көзін алумен айналысуда.

Алмаз кластерімен де цирконий диоксиді негізінде көптүтік борпылдақ керамика плазмохимиялық әдістен алу жұмыстары ғылыми ізденіс жұмыстары өзінің жалғасын табуда. Мысалы, көміртек наноталшықтары метанды катализдік пиролиз әдісімен ыдырату арқылы алынды.

Нанокұрылымды катализдік қасиеттері бар және ерекше нанокомпозит материалдар алу және олардың қасиеттерін ғылыми зерттеу жұмыстарымен Д.В.Сокольский атындағы Органикалық катализ және Электрохимия және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы Жану проблемасы институты ғалымдарыда айналысуда. Олар өндіріс су қалдықтарының құрамындағы хром мен мышьяқты технологиялық ерітінділерден тиосульфатты және тиокарбамидті алтын және күміс ерітінділерінен бөліп алу жаңа проблемаларымен де айналысуда. Сонымен қатар өсімдік жасуықтарын және әртүрлі көмірсутектерді карбондау арқылы сорбенттердің жаңа түрлерін ала бастады.

Ғылым Академиясының Физика-техникалық институты улы газдарды, олардың мөлшерін және қопарылғыш заттарды анықтау үшін нанокристалды материалдың жаңа түрлерін синтездеумен айналысуда. А.Бектұров атындағы Химия институтының ғалымдары биологиялық сезімтал сенсорлар түрлерін алумен айналысып жатыр. Қазақстан Ғылым Академиясының металлургия және байыту институты нанотехнология әдісін пайдаланып металл беттерін электрохимиялық әдіспен нанокомпозитті материалдармен қаптау әдістерін іздестіруде.

Адам денесінде пайда болған ісіктерді жою мақсаты үшін пайдаланылатын антрациклинді, антибиотиктерді қажетті жеріне жеткізу үшін нанотүйіршіктерді пайдалану мәселесімен Қазақтың медициналық институты айналысуда.

Қарағанды Индустриалды техникалық институтында энергияны сақтау үшін нанокұрылымды заттар алумен, ал Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық университетіндегі ғалымдар кремний диоксиді және басқа да металдар негізінде нанокристалды нанокластерлі материалдар алудың компьютерлік әдісін пайдалану жолдарын қарастыруда. Сонымен, қазіргі кезде дүниежүзінде нанокұрылымды заттар проблемасы өте жоғары үрдісте дамуда. Мысалы, наноұнтақ өндірісімен дүниежүзі бойынша 160, нанотүтікпен – 56, нанотүтіккі материалдармен – 22, фуллеренмен – 21, квантты нүктелермен – 16, наноталшықтармен – 9, нанокапсуламен – 8, наносымдармен – 6, дендриметлермен – 5 компаниялар айналысады.

Нанохимия мен нанотехнология жетістіктерін өндіріске, адам өміріне пайдаланудың болашағы әлі алда.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нанотехнологии - основа инноваций XXI века // Наука и высшая школа Казахстана. 2006. 7. – С. 4-5.
2. Третьяков Ю. Д. Проблема развития нанотехнологий в России и за рубежом <http://nanometer.ru/2006/11/17/5819225/html/>.
3. Пустовалов В. К. Нанотехнологии: состояние, проблемы, перспективы // Новости науки и технологий. 2006. 1 (4). – С. 186- 192.
4. Тодорова Н. Нанотехнологии - прорыв в будущее // Казахстанская правда, 1 августа 2007.

### РЕЗЮМЕ

#### НАСТОЯЩЕЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ НАНОТЕХНОЛОГИИ

*Е.Ж. Менлигазиев, д.х.н., профессор., Н.О. Мырзахметова, к.х.н., и.о.ассоц. проф.,  
З.М. Аргынбаева, магистр химии  
(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

В статье рассмотрены современные достижения нанохимии, тенденции и перспективы развития нанохимии и нанотехнологии, возможности нанохимии и нанотехнологии в настоящем и будущем в различных областях науки и техники, материаловедения и живых систем.

Была проанализирована текущая ситуация в нанотехнологической отрасли, позиции Казахстана, нормативно-правовая база, проблемы и перспективы развития в данной области.

**Ключевые слова:** нанотехнологии, нанохимия, наноструктурные, новые методы нанотехнологии, наностержены, углерод, наноразмерные.

### SUMMARY

*E.Zh. Menligaziyev, doc. of chem. sci. professor., N.O. Myrzakhmetova, cand. of chem. sci.,  
acting associate professor, Z.M. Argynbayeva, master of chemical sci.  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### PRESENT AND FUTURE OF BIOTECHNOLOGY

The article discusses recent advances nanochemistry, trends and prospects of development of nanochemistry and nanotechnology, nanotechnology and nanochemistry opportunities in the present and the future in various fields of science and technology, materials and living systems.

Analyzed the current situation in the nanotechnology sector, the position of Kazakhstan, legal and regulatory framework, the problems and prospects of development in this area.

**Keywords:** nanotechnology, nanochemistry, nanostructured new nanotechnology techniques, nanorod, carbon nano-scale.

ӘОЖ 379.851

## АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОНАҚҮЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫН КӨТЕРУ

*А.У. Сатыбалдиева, п.ғ.м., аға оқытушы,  
А.Қ. Зиявдинова, х.ғ.м., аға оқытушы  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада Астана қаласының қазіргі таңдағы қонақжайлық индустриясында туындайтын мәселелер мен оларды дамыту жолдары қарастырылған. Мақалада Астана қаласындағы қонақүй бизнесін дамыту ұсыныстары туралы айтылған. Астанаға келетін туристер 6 383 нөмірі бар 160 қонақүйде орналастырылған, олардың ішінде 3-5 жұлдызды қонақ үйлер санатына жататын және де жалпы қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қонақ үйлері туралы мақалада толық қамтылған. Мақалада «Ramada plaza» – 5 жұлдызды «Rixos President hotel Astana» – 5 жұлдызды, «Pekin Palace «Алтын дала» – 4 жұлдызды, қонақ үйлер туралы баяндалған. Елордадағы қонақүйлер жұмысының негізгі көрсеткіштері кесте түрінде берілген. Сонымен қатар мақалада қонақүй бизнесін дамыту ұсыныстары ұсынылған.

**Түйін сөздер:** Астана қаласының қонақжайлық индустриясы, қонақ үй категориялары, қонақ үй әкімшілігі.

Бүгін әлемде болып жатқан үрдістер қандай қарама-қайшы болып келсе, қазіргі туризмнің де жағдайы сондай болып тұр. Бірақ тап сол туризм жалпы адами құндылықтарды қалыптастыру тәсілдерінің бірі болып, ХХІғ. тарихи, мәдени, табиғи мұраларын оқып біліп және оларды сақтаудың бірден-бір оңтайлы тәсілі болып отыр.

Халықаралық туризмнің табыстары шамамен алғанда триллион долларды құрайды. Туризм үлесінде әлемдік экспорттың 8%, қызмет көрсету нарығының 31% және де бүкіл әлемдегі 100 млн. астам жұмыс орындары болып отыр. Ол бүгінде мұнай кәсібінен кейін екінші орындағы шаруашылық саласы болып отыр [1].

Соңғы кездері, қонақүй бизнесі әлемде пайдалы бизнестің біріне айналды. Ол өзімен қоса туризмді дамытады. Ал туризм болса, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның салааралық кешені ретінде әлемдік экономикада басты рөлді алады, әлемдік ұлттық өнімнің 1/10 бөлігін қамтамасыз етеді. Сондықтан да алдағы кезеңде оның ең маңызды факторына айналмақ.

Халықаралық туризм халықтың жұмысбастылығына қатты әсер етеді. Қазіргі кезде әрбір 15-ші қызметкер әлемде қонақ үй бизнесінде жұмыс істейді. Туризм үлесіне әлемдік капиталдың шамамен 7%, салық түсімдерінің 5%, тұтынушы шығындарының 11% келеді. Бұл көрсеткіштер, әрине туризм индустриясының, оның ішінде, әсіресе қонақүй саласының жұмыс істеуіне тікелей экономикалық тиімділікпен сипатталады [2].

Елімізде соңғы бес жылда қонақ үй бизнесі қарқынды дамып келеді. Аса ірі қалаларымыздағы жеке кіші отельдер саны артып, ескі қонақ үйлер қайта жаңғыртылуда. Алайда, отандық қонақүй сервисі мен қызмет көрсету сапасы бәрі бірдей жоғары деуге әлі ерте. Сондықтан да көптеген мейманханаларымыз батыс пен шығыс елдеріндегі беделді бәсекелестерінің қатарынан көріне алмай тұр. Себебі, республикамыздағы қонақ үйлердің басым бөлігі – арнайы категорияға ие емес. Мәселен, қазақстандық қонақүй рыногын төмендегіше топтастыруға болады: Бес отель «5 жұлдызды», жиырма үші «4 жұлдызды»

категория қатарына тіркелсе, «3 жұлдызды» қонақ үйге елу нысан қатысты. Қалған қонақүй қорлары — арзан сегменттегілер. Еліміздегі 385 қонақүй орынжайларының 350 қалалық жерлерде орналасса, 35 ауылдық елді-мекендерден (11 облыстағы) орын алған. Бір өкініштісі, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Маңғыстау облыстарындағы ауылдық жерлерде қонақүйлер мүлдем жоқ. Ал Алматы, Астана және Ақтау қалаларындағы санаулы мейманханалар ғана қонақтарына комфортты жағдай жасауға қабілетті.

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық өмірінде соңғы жылдары орын алған өзгерістер туризм саласындағы ұсыныстарды, нақты сұранысқа барынша жақындатып, кеңінен таралуына мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы келбеті және инфрақұрылымы бар біздің еліміздің жас астанасы ретіндегі қалаға елеулі өсіп келе жатқан қызығушылық туризм саласының көптеген көрсеткіштерімен расталады 2015 жылғы 1 қаңтардағы деректер бойынша Астана қаласында қала қонақтары мен тұрғындарына қызмет көрсеткен 160 қонақүй (жеке кәсіпкерлердің қызметін қосқанда) жұмыс істеді. 2014 жылы қаланың туристік фирмаларымен және қонақүйлерімен 730,8 мың келушілерге қызмет көрсетілді. Қызмет көрсетілген туристер саны 2013 жылмен салыстырғанда 20,1% немесе 122,5 мың адамға көбейді [3].

Астанаға келетін туристер біржолғы сыйымдылығы 10 346 төсек-орны және 6 383 нөмірі бар 160 қонақ үйде орналастырылған, олардың ішінде 3-5 жұлдызды қонақүйлер санатына жататын және де жалпы қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес келетін қонақүйлерді атап айтуға болады («Ramada plaza» – 5 жұлдызды, «Radisson Sas» – 5 жұлдызды, «Rixos President Hotel Astana» – 5 жұлдызды, «Pekin Palace Solacs Hotel Astana» – 5 жұлдызды, «Империя G» – 4 жұлдызды, «Гранд-парк Есіл» – 4 жұлдызды, «Мукаммаль» – 4 жұлдызды, «Алтын дала» – 4 жұлдызды, «Жібек жолы» – 4 жұлдызды, «Manhattan Astana Hotel» - 4 жұлдызды, «Думан» – 4 жұлдызды, «Сұңқар» – 3 жұлдызды, «Tengri» – 3 жұлдызды, «Эверест» - 3 жұлдызды). Астанада 2015 жылы қалалық қонақ үйлерде қызмет көрсетілген адамдардың жалпы саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 20,1%-ға артты (1-кесте).

Кесте 1 – Қонақүйлер жұмысының негізгі көрсеткіштері

Қала, соның ішіндегі аудандары	Бір жолғы сыйымдылығы, төсек-орын	Барлық нөмірлер саны	Ұсынылған төсек-тәулік	Қонақүйлердің толықтырылуы, есеп беру кезеңінің соңына, пайызбен
1	2	3	4	5
<b>2013</b>				
Астана қ. Астана ауданы соның ішінде:	9 134	5 492	130 295	33,9
Алматы	3 470	2 087	357 883	28,3
1	2	3	4	5
Есіл	1 773	1 186	269 067	41,6
Сарыарқа	3 891	2 219	503 345	35,5
<b>2014</b>				
Астана қ. Астана ауданы соның ішінде:	10 346	6 383	999 689	27,7
Алматы	3 861	2 393	310 015	23,0
Есіл	2 645	1 965	277 960	31,1
Сарыарқа	3 840	2 025	411 714	29,8

Дегенмен, елімізде қонақүй құрылысы қарқын алып келеді. Осыған сай Астанадағы бірқатар қолжетімді қонақүйлерді қайта жаңғырту есебінен нөмірлік қор қысқарды. Нәтижесінде экономикалық жоғары классты қонақүйлерге сұраныс көбейді, ал онда қызмет көрсету құны аса қымбат (2-кесте).

Кесте 2 – Астана қаласы бойынша төсек орындардың орташа бағасы

	2012	2013	2014
Нөмірлердің саны, бірлік	4 885	5 492	6 383
Бір жолғы сыйымдылық, төсек- орын	8 031	9 134	10 346
Ұсынылған төсек-тәулік	1 012 769	783 985	999 689
Толтырылымдығы	34,5	33,9	27,7
Төсек-тәуліктің орташа құны, теңге	13 300	2 10 371	12 627
Орындалған жұмыстар мен қызметтердің көлемі, мың теңге	15 068 487,8	13 292 428	18 456 615,4

Бір жағынан алғанда, шетелдік батыстық бәсекелес кәсіпорындар желісінің ықпалымен ірі қалалардағы қонақ үй саласының дамуы жоғары деңгейде деп сипатталады. Екінші жағынан, сырттан келетін туристерге қолайлы кейбір аймақтардағы қонақүй индустриясын жетілдіру жағы мардымсыз. Осымен байланысты орталық қалалардағы, экскурсанттарға ыңғайлы өңірлердегі Отандық қонақ үй желісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру проблемасы туындайды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мұндай кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі маркетингтік басқарудың ажырамас бөлігі болып табылатын қызмет сапасын ұдайы көтеруге негізделеді. Бұл өз кезегінде қонақ үй кәсіпорнының ғаламдық жүйеге енуіне жол ашып, тұтынушылар талабына толық жауап береді.

Жалпы алғанда басқару жүйесіне TQM (басқарудың жаппай сапалылығы) енгізе отырып, тауарлар мен қызмет көрсету сапасының теориясын қолдану қажет. Бүгінгі қонақ үй тәжірибесінде стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым ұсынымдарына (ISO) сәйкес тауарлардың, қызмет сапасының сертификациясы мен процесстерін маркетингтік қызмет сапасымен үйлестіру жағы кемшін. Ал қонақүй шаруашылығында ұсынылатын қызметтер кешенін басқару мейманхананың маркетингтік іс-әрекетіне сүйенеді. Қонақ үй шаруашылығы қызметін ұйымдастыру қазақстандық мейманханалардың бірегей корпоративтік жүйесі құрылған жағдайда тиімді жүзеге асатыны анық [4].

Қонақүй қызметін ұйымдастыру формаларының бірқатар басымдықтары ел экономикасының қонақ үй секторына қолдануға жарамды. Қазақстандық, сондай-ақ шетелдік клиенттерді туристік нысандар мен еліміздің кәсіпорындарына тарту отандық мейманжайлылықты әрі қарай дамыта түсуге мүмкіндік береді. Осы жағдайда қазақстандық туристік өнімдердің халықаралық рыноктағы бәсекеге қабілеттілігі жөнінде айту орынды. Алайда, аталған секторды ілгерілету сәл қиынға соғып тұр. Оған кедергі болған – ұйымдастырушылық, құқықтық және экономикалық сипаттағы мәселелер. Оның негізгісіне жататындар – қызмет көрсету сапасының төмендігі, тиімсіз менеджмент, баға шығыны, өнімі мен қызметін өткізуге шорқақтық. Туризмді дамыту арқылы қонақүй шаруашылығын ұйымдастырудың батыстық тәжірибесіне бейімделе отырып, келтірілген проблемалардан айығуға болады. Қазақстандағы қонақүй қызметі шетелдік мейманханалар тізбегінің ықпалымен дамып келетінін ескерсек, кішігірім елді мекендердегі қызмет сапасын басқару стратегиясы ойдағыдай орындалмай отыр. Қызмет индустриясы – бір-біріне жанасып жатқан сала. Сондықтан да ұсынылатын қызмет сапасы алдымен сол ұйымның қызметкеріне тәуелді. Яғни, мұндағы ішкі және сыртқы маркетингтің рөлі басым [5].

Қонақүй әкімшілігінде кем дегенде екі шет тілін білетін, туристермен араласу мәнерін білетін қызметкерлер алынады. Әкімшілік қызметкерлері тіркеу жұмыстарын бітірген соң жүк тасушы швейцар туристтерді бөлмесіне дейін шығарып салып, бөлме ішін таныстырады. Сонымен қатар қонақ үйде туристерге айтып кеткендей ақылы және ақысыз қызметтер көрсетіледі. Қонақ үйдің тіркеу бөліміне қойылатын негізгі талаптар, шет тілдерін кем дегенде екі тілді жақсы меңгерген болуы қажет, сонымен қатар келген қонақтармен сыпайы болғаны дұрыс. Мұндай талаптар арнайы ережелерде көрсетілген. Қонақүй бизнесі дамуы үшін қонақ үй шаруашылығы саласын жақсарту қажеттілігі туындайды. Қорытындылай келе, қонақүй бизнесін дамыту үшін төмендегі ұсыныстар ұсынуға болады:

- қызмет көрсетудің жаңа түрлерін кеңінен пайдалану;
- білікті кадрларды баулу;

–қазіргі заманғы технологияларды енгізу және басқа да жаңашылдықтар қызмет индустриясын дамытуда өз бейнесін алу;

–қонақ үй бизнесінде кәсіпкерлік құрылымдарды ұйымдастырушылық нығайту.

Сонымен қатар, мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрғыдан, тарихи ынтымақтастық құру көзқарастары, әлемдегі туризмнің дамуына, соның ішінде қонақүй шаруашылығының дамуына орасан зор ықпал ететіндігі сөзсіз. Болашақта «ЭКСПО-2017» бағдарламасына сай еліміздің елордасы Астана қаласында халықаралық стандарттарға сай қонақүйлер тұрғызылып, шет елден келген қонақтардың көңілінен шығарлықтай қызмет көрсететіне әбден сеніміміз мол!

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Брайнер Р.А. Основы управления индустрии гостеприимства. – Москва, 1995. – Б. 54.
2. Под ред. Алишев Р.Т. Гостиничное хозяйство. – Астана, 2003. – С. 87.
3. Мазбаев О.Б., Омаров К. М. Қонақ үй шаруашылығы және туристік бизнес. – Астана, 2003. – Б. 65.
4. Туристік қызмет туралы: заң актілерінің жиынтығы. – Алматы. 2005. – Б. 74.
5. Джанджугазова Е.А. Маркетинг в индустрии гостеприимства. – М.: Academia, 2003. – 185 с.

### РЕЗЮМЕ

*А.У. Сатыбалдиева, м.п.н., ст. препод., А.К. Зиявдинова, м.х.н., ст. препод., (г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ОТЕЛЕЙ ГОРОДА АСТАНА

В данной статье рассматриваются показатели развития гостиниц города Астаны, а также пути развития гостиничного бизнеса в целом. Также в статье рассматриваются встречающиеся проблемы в гостиничной деятельности и пути их решения.

**Ключевые слова:** Индустрия гостеприимства, город Астана, категория отеля, администрации отеля.

### SUMMARY

*A.U. Satybaldiyeva, master of ped.sci., A.K. Ziyavdinova, master of chem.sci. (c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### QUALITY HOTEL CITY ASTANA

This article discusses the performance of hotels in the city of Astana, as well as the development of the hospitality industry in general. The article also discusses the problems encountered in the hotel business and their solutions.

**Keywords:** The hospitality industry in Astana, hotel categories, hotel administration.

## СПИРТТЕР ТАҚЫРЫБЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ НЕГІЗДЕРІН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ

*А.Ф. Сейтжанов*, х.ғ.к., профессор,  
*А.Е. Тренова*, 2 курс магистрі  
(Алматы қ, Абай атындағы Қазақ Ұлттық  
педагогикалық университеті)

**Аңдатпа:** Мақалада органикалық химия курсындағы «Спирттер» тақырыбы бойынша экологиялық білім негіздерін кіріктіру қарастырылған. Білім жүйесін оптимизациялау жағдайында экологиялық білім берудің ұтымды да экономикалық жағынан тиімді жолдарының бірі жаратылыстану ғылымдарын экологияландыру арқылы жүзеге асыру. Пәнді экологияландыру арқылы берілетін экологиялық білім біріншіден, таным шеберлігін кеңейтеді, екіншіден, жинақталған білім жүйесі қоршаған ортаға қатысты. Демек, жас ұрпаққа экологиялық білім беру, табиғатты аялап, оны қорғай алатын азаматты тәрбиелеу міндеттері мен мақсаттары бүгінгі таңда жоймай, қайта одан әрі оны дамытып белгілі нәтижеге қол жеткізетіні сөзсіз.

Сонымен қатар бұл мақалада студенттерге «Спирттер» тақырыбын оқу барысында экологиялық білім мен мәдениетті қалыптастыру үшін спирттердің экологиялық аспектілері мен терминдері келтірілген.

**Түйін сөздер:** *экологиялық білім, экологиялық тәрбие, экологиялық аспектілер.*

Қазіргі таңда адам өмірінің барлық салаларында жаңалықтар енгізіліп, сындарлы бағыттар айқындалып жатыр. Елдің болашағы – жас ұрпақ. Олай болса, алдағы уақытта еңсесі биік ел болу үшін, жас жеткіншектерді тәрбиелеу – болашаққа баратын бірден – бір жол екені мәлім. Экологиялық білім беруді қалыптастырудың қажеттілігі «адам – қоғам – табиғат» жүйесіндегі өзара әсерлесудің диалектикалық сипатынан туындайды. Қоғам мен табиғат арасындағы күрделі қатынаста адам – табиғатты өзгертіп әсер етуші субъект, әрі сол іс-әрекетінің жағымды және жағымсыз нәтижелерін өзіне қайта айналып келетін нысан ретінде қарастыру қажет [1].

Органикалық химия курсына экологиялық білім негіздерін кіріктіру – педагогика ғылымында психологиялық, дидактикалық және әдіснамалық тұрғыдан қарастырылатын кешенді күрделі мәселе. Органикалық химия курсына экологиялық білім негіздерін кіріктіруді жүзеге асыру оқу бағдарламаларын және жоспарларын оқу – тәрбие үрдісімен байланыстылықта қайта қарауға мүмкіндік береді.

Оттекті органикалық қосылыстар тақырыптарына экологиялық білім кіріктірілген дәріс жоспары:

*Сабақтың тақырыбы:* Қаныққан бір атомды спирттер.

*Сабақтың мақсаты:*

*Білімділік:* студенттерге қаныққан бір атомды спирттердің жалпы формуласы, жіктелуі, гомологтық қатары, изомериясы, номенклатурасы, алынуы, қасиеттері және қолданылуы туралы білімді бере отырып, экологиялық мәселелерді кіріктіре негіздеу.

*Тәрбиелік:* кез келген жағдайда тақырып мазмұны бойынша қорытынды жасай білуге берілген тақырып материалдарын басқа тақырып материалдарымен байланыстыра және салыстыра алатын дәрежеге жетуге тәрбиелеу; спирттердің құрамы, құрылысы, қасиеттері және биологиялық функциясы арасындағы өзара байланыс, олардың тірі табиғаттағы екі жақты қызметі туралы мәліметтерді экологиялық тәрбиенің негізіне алу.

*Дамытушылық:* Қосымша әдебиеттермен жұмыс жасай білуге, аудитория алдында еркін сөйлеуге баулу.

Сабақтың типі: дәріс сабақ

Дәріс жоспары:


1. Спирттердің анықтамасы және олар туралы жалпы түсінік;
2. Қаныққан бір атомды спирттердің изомериясы, номенклатурасы;
3. Қаныққан бір атомды спирттердің алыну жолдары;
4. Қаныққан бір атомды спирттердің қасиеттері;
5. Қаныққан бір атомды спирттердің экологиялық аспектілері.

Дәрістің барысы: Спирттер, немесе алкогольдер деп молекуласында гидроксил топшасы бар көмірсутектерді айтады. Спирттер қаныққан, қанықпаған болып және гидроксил топшаның санына қарай бір, екі, көп атомды болып бөлінеді.


Қаныққан бір атомды спирттердің жалпы формуласы  $C_nH_{2n+1}OH$ . Гидроксил топша байланысқан көміртек атомының сипатына қарай спирттер біріншілік  $R-CH_2OH$  (I), екіншілік  $R_2CHOH$  (II) және үшіншілік  $R_3C-OH$  (III) болып бөлінеді [2].

Изомерия. Номенклатура. Спирттердің изомериясы көміртек тізбегінің құрылысына және гидроксил тобының тізбектегі орнына байланысты.

Мысалы, құрамы  $C_4H_9OH$  болып келетін спирттерді бутан мен изобутан молекулаларындағы бір атом сутекті  $-OH$  топшасына алмастырғанда алынатын  $C_4H_{10}$  көмірсутегінің туындылары деп қарастырады. Қалыпты бутаннан гидроксил топшаның орналасуына қарау екі изомер шығарады:



Сол сияқты изобуттаннан да спирттің екі изомерінің пайда болуын байқауға болады:



Әдетте спирттерді гидроксил тобымен байланысқан радикал бойынша атайды. Систематикалық номенклатура бойынша спирттің аты өзіне сәйкес қаныққан көмірсутектің атына *ол* жалғауын қосу және гидроксил тобы орналасқан көміртек атомын нөмірмен көрсету арқылы құрастырылады (1-кесте). Бұдан басқа спирттерді рационалды номенклатура бойынша метил спиртінің яғни *карбинол* туындылары ретінде атауға болады.

Кесте 1 – Спирттердің номенклатурасы

Спирттердің формуласы	Атаулары		
	Халықаралық (ЮПАК)	Рационалды	Тарихи
$CH_3OH$	метанол	карбинол	метил спирті (ағаштан жасалған)
$CH_3 - CH_2OH$	этанол	метилкарбинол	этил спирті (шарап спирті)
$CH_3 - CH_2 - CH_2OH$	1 – пропанол	этилкарбинол	(біріншілік) пропил спирті
$CH_3 - CHOH - CH_3$	2 – пропанол	диметилкарбинол	(екіншілік) пропил спирті изопропил спирті


#### Спирттердің алынуы:

Алканолдарды галогеналкандардан, алкендерден, карбонилді қосылыстардан (альдегидтер мен кетондар), металлорганикалық қосылыстардан, көміртек (II) оксидінен алады.

1. Галогеналкандарды гидролиздеу арқылы және этиленді көмірсутектерді гидратациялау арқылы алуға болады (IX тарау, 2 толық қарастырылған), [2].

2. Алканолдарды этиленді көмірсутектерді гидратациялау арқылы алады (V тарау, 4 толық қарастырылған), [2].


3. Альдегидтерді, кетондарды және күрделі эфирлерді катализаторлардың (Ni, Pt, Pd, Co) қатысуында тотықсыздандыру арқылы алканолдарды алуға болады. Бұл жағдайда альдегидтер мен күрделі эфирлер біріншілік спирттерді, ал кетондар екіншілік спирттерді түзеді:



4. Альдегидтерге, кетондарға және күрделі эфирлерге, металорганикалық, мысалы, магнийорганикалық қосылыстармен әрекет етіп, алкандарды синтездеуге болады. Ең алғаш мұндай синтезді А.Бутлеровтың шәкірттері А.Зайцев пен Е.Вагнер мырышорганикалық қосылысты пайдаланып, жүзеге асырған. Мысалы, Гриньяр ұсынған әдіс бойынша реакциялар мына төмендегі схемалар бойынша жүреді:


Құмырсқа альдегидінен біріншілік спирттер алынады:

$\text{CH}_2 = \text{O} + \text{CH}_3 - \text{MgBr} \rightarrow \text{CH}_3 - \text{CH}_2 - \text{O} - \text{MgBr} \xrightarrow{\text{HOH}} \text{CH}_3 - \text{CH}_2 - \text{OH} + \text{MgBrOH}$   
ал, кетондардан магнийорганикалық синтез бойынша үшіншілік спирттер алынады:




*Химиялық қасиеттері.* Спирттердің химиялық қасиеттеріне реакцияға бейімді гидроксил тобы және онымен байланысқан радикал анықтайды.


1. Спирттермен сілтілік металдар әрекеттескенде гидроксилдегі сутектің орны металл басып, алкоголят түзеді:




Спирттердің алкоголяттары судың әсерінен жылдам ыдырайды:



2. Минералды және органикалық қышқылдар спирттермен әрекеттесіп сәйкес күрделі эфирлерді береді:







Күрделі эфирлердің түзілу реакциясы қайтымды: белгілі бір сатыда тепе-теңдік күйге келеді.

3. Спирттерге су тартқыш заттармен әсер етсе, молекула аралық немесе молекула ішінде судың бөлінуі жүреді. Су тартқыш заттар есебінде қышқылдар (концентрлі  $\text{H}_2\text{SO}_4$ ,  $\text{H}_3\text{PO}_4$ , қымыздық, бензосульфокышқылы және басқалар) оксидтер (алюминийдің, торийдің және басқаларының оксидтері), кейбір тұздар (калийдің бисульфаты, мыс сульфаты) қолданылады.


Спирттердің молекулааралық сусыздандыруын жай эфирлер  $R - O - R$  алынады:



Ал сол катализаторлардың қатысуымен, бірақ әлдеқайда жоғары температурада спирттердің молекула ішінде дегидратациялануынан қанықпаған көмірсутектер түзіледі. Мысалы:



Судың молекула ішінде бөліну кезінде сутек атомы гидроксил топшасына көрші сутек атомдары аз көміртек атомдарынан бөлінеді (Зайцев ережесі):




Бұл заңдылық Морковников ережесімен бірігіп спирттердің бір түрінен екінші түріне өтуге мүмкіншілік береді. Мысалы, изобутил спиртінен үшіншілік бутил спиртіне былай өтеді.




4. Спирттердің гидроксил топшасын галогендерге алмастыру:

а) галогенсутекті қышқылдармен:



ә) фосфор галогенидтерімен:



$\text{C}_2\text{H}_5\text{OH} + \text{PCl}_5 \rightarrow \text{C}_2\text{H}_5\text{Cl} + \text{POCl}_3 + \text{HCl}$  т.б. химиялық қасиеттері (IX тарау, 2 толық қарастырылған), [2]. Спирттердің экологиялық аспектілері. Қаныққан бір атомды спирттердің экологиялық аспектілеріне келетін болсақ [3,4]: спирттердің гомологтық қатарындағы алғашқылары – метанол мен этанол қолданыста кең таралған спирттер. Эколог мамандардың көзқарастары бойынша бұл қосылыстар болашақта энергия көзі болып, көлік

отындарын ауыстырады. Сөйтіп, метанол мен этанол көлік двигательдерінде жанғанда, дәстүрлі моторлы отындарға карағанда зиянды заттарды аз бөледі. «Экология» – бұл қазіргі таңда ең актуальды және проблемалық мәселелердің бірі. Бұл мәселенің – кіші өндіріс зауыттарынан – мемлекеттік деңгейге дейін қатысы бар. Спирт, яғни «этанол» экологиялық Е әріпті отындардың қатарына жатқызуға болады. Соңғы жылдары Америка Құрамы Штаттарында 10% этанолы бар E10 маркалы отын немесе «газохол» өндіріледі.

Экологиялық тұрғыдан, спиртті отындарды пайдалану газ мөлшерін азайтады. Спирттердің жану температураларының төмендігінің арқасында азот оксидтерінің аз мөлшері бөлінеді. Толығырақ жану салдарынан – СО және көмірсутек ( $C_xH_y$ ) газдарының шығындары, сонымен бірге ароматты көмірсутеткердің мөлшері біршама азаяды. Дегенмен, басқа жақтан – ацетальдигидтің (этанол үшін) немесе формальдигидтің (метанол үшін) шығымы 2 – 4 есеге артады.

Метанолды – целлюлоза – қағаз өнеркәсібінде (58 г/л), фенол формальдегидті смола (25 г/л), лак бояу өндірістерінде қолданатын судың көлемі құрамынан табуға болады. Метанол концентрациясы 4 мг/мл – ден асқанда өзен және көл суларының экологиялық жағдайына әсер етеді, одан асса биологиялық белсенді микроағзалардың белсенділігін төмендетеді. Метанол – нерв жүйесіне, көз жүйкелеріне және тор қабығының қан тамырына әсер ететін өте күшті у болып саналады. Ағзаға түссе тотығып, формальдегид пен құмырсқа қышқылы түзіледі, соның әсерінен ацидоз пайда болып, қан оттегімен толық қанықпай, көптеген тотығу – тотықсыздану процестері бұзылады, ал бұл адам денсаулығына зиян келтіреді. Этил спиртті – органикалық синтезде, синтетикалық каучук өндірісінде, тамақ, лак – бояу өнеркәсібінде еріткіш ретінде қолданылады. Этанолды бензин, дизельді жағармайларға газ құрамындағы зиянды заттардың мөлшерін азайту үшін қосады.

Алкоголь жағымсыз экологиялық факторлардың әсерін күшейтеді. Ағзада этанол аз мөлшерде синтезделеді, оның мөлшері 0,08 – 4% құрайды. Адам ағзасында этанолдың метаболизмі бауырда жүреді (95%), бұл кезде этанол гидрогеназа ферментінің әсерінен ацетальдегидке дейін тотығады, ал ол өз кезегінде биологиялық мембраналардың, бауырдың бұзылуына әкеп соғады.

Дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Спирттерге сипаттама бер?
2. Тарихи және систематикалық номенклатура бойынша қаныққан біратомды спирттерге атаулар қалай беріледі?
3. Қаныққан бір атомды спирттерге изомерияның қандай түрлері тән?
4. Қаныққан бір атомды спирттердің экологиялық мәселелері?
5. Экологиялық тұрғыдан спирттерді отын ретінде пайдалану мүмкіндіктері?
6. Адам ағзасына метанолдың әсері қандай?
7. Адам ағзасында этанолдың метаболизмі қайда жүреді?
8. Метанол мен этанолдың қолдану аймақтары?

Осылай болашақ мамандарға экологиялық білім беру, олардың табиғат пен адам өмірінің бірлігін терең сезінетін, табиғатты аялап, оны қорғай алатын азаматты тәрбиелеу міндеттері мен мақсаттары өз маңыздылығын бүгінгі таңда жоймай қайта одан әрі көкейкестілігімен сипатталады деген ойдамыз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейтжанов Ә.Ф., Тренова А.Е., Таубаева Э. Органикалық химияны оқытудың экологиялық аспектілері // Хабаршы, Абай ат. ҚазҰПУ, №1(43)2015.
2. Сейтжанов Ә. Ф. «Органикалық химия». Алматы, 2005 жыл. 446 бет.
3. Сақарьянова Қ. «Органикалық химияны оқыту барысында экологиялық мәселелерді камту жолдары»// Химия мектепте – 2004 ж. № 5,6
4. <http://bioethanol.ru>

## РЕЗЮМЕ

*Сейтжанов А.Ф., к.х.н., профессор, Тренова А.Е., магистрант,  
(г. Алматы, Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая)*

### **ИНТЕГРИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ОСНОВ ЗНАНИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ТЕМЫ «СПИРТЫ»**

В статье рассматривается интегрирование экологических основ знаний при изучении темы «Спирты» в курсе органической химии. Одним из эффективных путей оптимизации системы образования в условиях реализации экономически рационального и экологического образования это – экологизация естественно – научных знаний. С помощью экологизации образования предоставляемые через преподаваемые предметы в системе образования, во – первых, расширяет познание мастерства, во – вторых, полученные знания имеет отношение к окружающей среде. Следовательно, воспитание подрастающего поколения экологическому знанию, учить беречь природу и его дальнейшее развитие безусловно, даст определенного результата. В статье также приводятся экологические термины и аспекты для обучения студентов экологическому знанию и культуре по теме «Спирты».

**Ключевые слова:** экологическое знание, экологическое воспитание, экологические аспекты

## SUMMARY

*Seitzhanov A.F., cand.of ch.sci., professor, Trenova A.E., master degree  
(city Almaty, Kazakh National Pedagogical University named after Abay)*

### **THE INTEGRATION OF ENVIRONMENTAL PILLAR OF KNOWLEDGE WHEN STUDYING THEME "ALCOHOLS"**

The article presents integration environmental foundations in teaching organic chemistry course on the theme of «Alcohols». One of the effective ways of optimizing the system of education in the implementation of economically rational and environmental education it is the greening of natural – science knowledge. With the help of greening of education provided through the subjects taught in the education system, firstly, expands the knowledge of the skill , and secondly, the acquired knowledge has to do with the environment. Consequently, the education of the younger generation of ecological knowledge, to teach to protect nature and its further development will definitely give a certain result.

The article also provides environmental terms and aspects for teaching students environmental knowledge and culture on the theme of «Alcohols».

**Keywords:** environmental knowledge, environmental education, environmental aspects.

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА**  
**PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE**

УДК 510

**ВОССТАНОВЛЕНИЕ ОРИГИНАЛА ПО ИЗОБРАЖЕНИЮ С ПОМОЩЬЮ  
СВОЙСТВ ПРЕОБРАЗОВАНИЯ ЛАПЛАСА**

*Г.А. Батырбаева, ст.препод.,  
магистр математики*  
*Д. Айтуган, студентка 3 курса*  
*(г. Алматы, Казахский государственный  
женский педагогический университет)*

**Аннотация:** В курсе операционного исчисления можно восстановить оригинал по изображению с помощью свойств преобразования Лапласа. Приведены разные примеры с методами на восстановление оригинала по изображению.

**Ключевые слова:** Оригинал, изображение, интеграл Лапласа, формулы Дюамеля, таблицы изображения, метод разложения, класс, рациональная дробь, дифференцирование изображения, теорема смещения, теорема Бореля, теорема запаздывания.

Класс оригиналов можно расширить, включив в него функции, которые могут быть неограничены в окрестности конечного множества точек, но такие, что интеграл Лапласа от них тем не менее в некоторой полуплоскости  $\text{Re } p > \sigma_0$  сходится абсолютно. К числу таких обобщенных оригиналов относится степенная функция  $f(t) = t^\mu$  при  $\mu > -1$ , функция  $\ln t$  и некоторые другие. В частности, к такому классу относится всякая функция  $f(t)$ , которая в некоторых точках  $t = t_k$  ( $k = 1, 2, \dots, n$ ) является бесконечно большой порядка, меньшего единицы, т.е. такая что  $\lim_{t \rightarrow t_k} (t - t_k)^{r_k} f(t) = 0$  при некотором  $r_k < 1$  и если вне некоторых окрестностей точек  $t_k$  она удовлетворяет условиям, при которых функцию можно считать оригиналом.

*Пример.* Найти изображение  $F(p)$  функции  $f(t) = t^\mu, \mu > -1$ .

*Решение.*  $F(p) = \int_0^{+\infty} e^{-pt} t^\mu dt$  или, после подстановки  $pt = \tau$ ,  
 $F(p) = \frac{1}{p^{\mu+1}} \int_0^{+\infty} e^{-\tau} \tau^\mu d\tau = \frac{\Gamma(\mu+1)}{p^{\mu+1}}$ . Итак,  $\frac{t^\mu}{\Gamma(\mu+1)} = \frac{1}{p^{\mu+1}}$ .

*Элементарный метод.* Во многих случаях заданное изображение можно преобразовать к такому виду, когда оригинал легко восстанавливается непосредственно с помощью свойств преобразования Лапласа и таблицы изображений.

Для преобразования изображения широко используется в этом случае метод разложения рациональной дроби в сумму простейших.

*Пример 1.* Найти оригинал по изображению .

$$F(p) = \frac{2p^2}{(p^2 + 1)^2}$$

*Решение.* Найдем оригинал непосредственно с помощью свойств преобразования Лапласа и таблицы изображений. Поскольку

$$\frac{2p^2}{(p^2 + 1)^2} = 2p \cdot \frac{1}{p^2 + 1} \cdot \frac{p}{p^2 + 1}, \quad \frac{1}{p^2 + 1} = \sin t, \quad \frac{p}{p^2 + 1} = \cos t,$$

то на основании формулы Дюамеля имеем

$$2p \cdot \frac{1}{p^2 + 1} \cdot \frac{p}{p^2 + 1} = 2 \int_0^t \cos \tau \cos(t - \tau) d\tau + 0 = t \cos t + \sin t$$

*Пример 2.* Найти оригинал по изображению  $F(p) = \frac{1}{p(p^2 + 4)}$

*Решение.* Из таблицы изображений имеем  $\frac{2}{p^2 + 4} = \sin 2t$ . Используя свойства линейности и интегрирования оригинала, находим:

$$F(p) = \frac{1}{p(p^2 + 4)} = \frac{1}{2} \cdot \frac{1}{p} \cdot \frac{2}{p^2 + 4} = \frac{1}{2} \int_0^t \sin 2\tau d\tau = -\frac{1}{4} \cos 2\tau \Big|_0^t = \frac{1}{4} (1 - \cos 2\tau)$$

*Пример 3.* Найти оригинал, соответствующий изображению  $F(p) = \frac{-5}{p(p-1)(p^2 + 4p + 5)}$

*Решение.* Представим  $F(p)$  в виде суммы элементарных дробей:

$$\frac{-5}{p(p-1)(p^2 + 4p + 5)} = \frac{A}{p} + \frac{B}{p-1} + \frac{Cp + D}{p^2 + 4p + 5}$$

$$\text{Находим коэффициенты: } A = 1, B = -\frac{1}{2}, C = -\frac{1}{2}, D = \frac{3}{2}$$

Тогда по теореме разложения найдем оригинал:

$$\begin{aligned} \frac{-5}{p(p-1)(p^2 + 4p + 5)} &= \frac{1}{p} - \frac{1}{2} \cdot \frac{1}{p-1} - \frac{1}{2} \cdot \frac{p+3}{p^2 + 4p + 5} = \\ &= \frac{1}{p} - \frac{1}{2} \cdot \frac{1}{p-1} - \frac{1}{2} \cdot \frac{p+2}{(p+2)^2 + 1} - \frac{1}{2} \cdot \frac{1}{(p+2)^2 + 1} = 1 - \frac{1}{2} e^t - \frac{1}{2} e^{-2t} \cos t - \frac{1}{2} e^{-2t} \sin t \end{aligned}$$

*Пример 4.* Найти оригинал по изображению  $F(p) = \frac{p-1}{(p+1)(p^2 + 4)}$

*Решение.* Функция  $F(p)$  правильная рациональная несократимая дробь, для которой точки,  $p_1 = -1, p_2 = -2i, p_3 = 2i$  являются простыми полюсами. Так как

$$\text{для } p_1 = -1 \quad \left. \frac{P(p)}{Q(p)} \right|_{p_1=-1} = \frac{p-1}{3p^2 + 2p + 4} \Big|_{p_1=-1} = -\frac{2}{5}$$

$$\text{для } p_2 = -2i \quad \left. \frac{P(p)}{Q(p)} \right|_{p_2=-2i} = \frac{p-1}{3p^2 + 2p + 4} \Big|_{p_2=-2i} = \frac{-1-2i}{-8-4i} = \frac{1+2i}{8+4i} = \frac{4+3i}{20}$$

$$\text{для } p_3 = 2i \quad \left. \frac{P(p)}{Q(p)} \right|_{p_3=2i} = \frac{p-1}{3p^2 + 2p + 4} \Big|_{p_3=2i} = \frac{-1+2i}{-8+4i} = \frac{4-3i}{20}$$

то по 2-й теореме разложения получим:

$$f(t) = -\frac{2}{5} e^{-t} + \frac{4+3i}{20} e^{-2it} + \frac{4-3i}{20} e^{2it} = -\frac{2}{5} e^{-t} - \frac{2}{5} \cos 2t + \frac{3}{10} \sin 2t$$

*Пример 5.* Найти оригинал для функции  $F(p) = \frac{1}{p^2 + 2p + 5}$ .

*Решение. Первый способ.* Выделяя полный квадрат в знаменателе и далее, используя табличное изображение для и теорема смещения, получаем:

$$\frac{1}{p^2 + 2p + 5} = \frac{1}{(p+1)^2 + 4} = \frac{1}{2} \frac{2}{(p+1)^2 + 4} = \frac{1}{2} e^{-t} \sin 2t.$$

*Второй способ.* Раскладывая дробь в сумму простейших и используя изображение для  $e^{at}$ , получаем

$$\begin{aligned} \frac{1}{p^2 + 2p + 5} &= \frac{1}{4i} \left( \frac{1}{p - (-1+2i)} - \frac{1}{p - (-1-2i)} \right) = \frac{1}{4i} (e^{(-1+2i)t} - e^{(-1-2i)t}) = \\ &= \frac{1}{2} e^{-t} \frac{e^{2it} - e^{-2it}}{2i} = \frac{1}{2} e^{-t} \sin 2t. \end{aligned}$$

*Пример 6.* Найти оригинал для функции  $F(p) = \frac{1}{(p^2 + 1)^2}$ .

*Решение. Первый способ.* Раскладывая дробь в сумму простейших, получаем

$$\frac{1}{(p^2+1)^2} = \frac{1}{(p-i)^2} + \frac{1}{(p+i)^2} = -\frac{1}{4} \left( \frac{i}{p-i} - \frac{i}{p+i} + \frac{1}{(p-i)^2} + \frac{1}{(p+i)^2} \right) = -\frac{1}{4} (ie^{it} - ie^{-it} + te^{it} + te^{-it}) = 12(\sin t - t \cos t)$$

*Второй способ.* Заметим, что  $\frac{1}{(p^2+1)^2} = -\frac{1}{2p} \left( \frac{1}{p^2+1} \right)'$

причем согласно теореме о дифференцировании изображения

$-\left( \frac{1}{p^2+1} \right)' = t \sin t$  Применяя теперь теорему об интегрировании оригинала, находим

$$\frac{1}{(p^2+1)^2} = -\frac{1}{2p} \left( \frac{1}{p^2+1} \right)' = \frac{1}{2} \int_0^t \tau \sin \tau d\tau = \frac{1}{2} (\sin t - t \cos t)$$

*Третий способ.* Используя теорему Бореля об изображении свертки, получаем

$$\frac{1}{(p^2+1)^2} = \frac{1}{p^2+1} * \frac{1}{p^2+1} = \sin t * \sin t = \int_0^t \sin(t-\tau) \sin \tau d\tau = \sin t \int_0^t \cos \tau \sin \tau d\tau - \cos t \int_0^t \sin \tau d\tau = 12 \sin t - t \cos t.$$

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Болгов В.А., Ефимов А.В., Каракулин А.Ф., Коган С.М. Специальные разделы математического анализа. – М.: Наука. Гл. ред. физ.-мат., 1986. – С.78.
2. Бугров Я.С., Никольский С.М.: Дифференциальное и интегральное исчисление. – М.: Высшая школа, 1993. – С.64.
3. Араманович И.Г., Лунц Г.Л., Эльсгольц Л.Э. Функции комплексного переменного. Операционное исчисление. Теория устойчивости. – М., Главная редакция физико-математической литературы, 1968. – С. 416.
4. Волков И.К., Канатников А.Н. Интегральные преобразования и операционное исчисление: Учеб. для вузов. 2-е изд. – М.: Изд-во МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2002. – С.43.

### ТҮЙІНДЕМЕ

*Батырбаева Г.А., математика магистрі, аға оқытушы, Д.Айтұған, студент*  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

### ЛАПЛАС ТҮРЛЕНДІРУЛЕРІНІҢ ҚАСИЕТТЕРІ КӨМЕГІМЕН ТҮПҰСҚАНЫ БЕЙНЕ АРҚЫЛЫ ТҮРҒЫЗУ

Мақалада операциялық есептеулер курсына түпұсқаны бейне арқылы түрғызуға болатындығы туралы айтылған. Түрлі қарапайым әдістер көмегімен берілген бейне үшін түпұсқа түрғызу мысалдары келтірілген.

**Түйін сөздер:** Түпұсқа, бейне, Лаплас интегралы, бейнелер кестесі, жіктеу әдісі, класс, рационал бөлшек, бейнені дифференциалдау, ығысу теоремасы, Борель теоремасы, кешігу теоремасы.

## SUMMARY

*Batyrbaeva G.A., master of mathematic sci., senior lecturer, D.Aytugan, student  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### RECOVERY IN ORIGINAL IMAGE USING PROPERTIES OF LAPLACE TRANSFORM

The article describes that in the course of operational calculus, you can restore the original image by using the properties of the Laplace preorazovaniya. Presents different examples of the methods for the restoration of the original image.

**Keywords:** The original image, the integral Laplace, table image, the method of expansion, class, rational function, differentiation image displacement theorem, Borel's theorem, theorem delay.

ӘОЖ 378

### ОРТА МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКА КУРСЫН МЕНГЕРТУДІҢ ҚОЛДАНБАЛЫЛЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

*А.Қ. Бекболганова, п.ғ.к., аға оқытушы  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)  
А.С. Дуанова, Екіаша орта  
мектебі математика пәнінің мұғалімі  
(Алматы облысы, Сарқант ауданы)*

**Аңдатпа:** Мақалада негізгі орта мектептің математика курсына оқытудың қолданбалылығын жүзеге асырудың жолдары қарастырылған. Мұнда шынайы жағдай бейнеленетін есептің мысалы келтірілген, сонымен бірге өзара байланыстағы үш шамамен берілген есептер қарастырылған.

**Түйін сөздер:** қолданбалы математика, политехникалық бағыт, тәжірибелік қатынас, білім жүйесі, өндіріс, ішкі модель, абстрактілілік сипаттама, ғылым, техника, әдістемелік принциптер.

Математиканы ғылым ретінде, таза математика және қолданбалы математика деп шартты түрде екіге бөледі. Қолданбалы математика техниканың және өндірістің нақты салаларымен тікелей байланысты, математикалық білімді нақты объектіге қолдануды көрсетеді. Орта мектепте математиканы оқып білудің қолданбалылығын арттыру келесі дидактикалық ережелермен негізделеді, олар:

- 1) математикалық түсініктерді оқытудың қолданбалылығы абстрактілі түсініктерді және теориялық білімді нақтылаудың құралы;
- 2) халық шаруашылығының түрлі салаларына математикалық теорияның қолданылуымен байланысты математиканың қолданбалылығының мәселелері;
- 3) математиканың қолданбалылығының мәселелерімен білімгерлерді таныстыру, оларды еңбекке, өз бетімен өмір сүруге, кәсіби бағытқа дайындауға байланысты міндетті болып табылады;
- 4) политехникалық оқытуға және материалдық өндіріс саласындағы кәсіби дайындыққа байланысты қолданбалық мәселелері.

Бұл пікірлер жиынтығы оқушылардың болашақ мамандыққа дайындығы мәселесін шешуге мүмкіндік жасайтын, оқытудың политехникалық бағытын жүзеге асыруға септігі тиетін орта және жоғарғы мектепте математиканың қолданбалылығын күшейту мақсатын

кою мүмкіндігін анықтайды. Математика курсының оқытудың қолданбалылығын жүзеге асырудың жолдары мен құралдарын анықтау мақсатында біз оның кейбір бөлімдерінің диалектикалық дамуының әдіснамалық аспектілерін талдадық, олар:

1. Математиканың туындауының және дамуының қысқаша мағлұматы.

2. Математика түсінігінің абстрактілілік сипаттамасы және осы түсініктерді тәжірибеде нақты пайдалану.

3. Математиканың негізгі идеяларының материалистік түсінігі.

4. Математиканың негізгі түсініктерінің басқа ғылымдарды, техниканы және шаруашылықты дамыту үшін маңызы.

Математиканы оқытудың қолданбалылығы түсінігінің тұжырымдамасын ғалымдар әртүрлі қырынан қарастырады. В.А.Оганесян математиканы оқытудың қолданбалылығын оқытудың өмірмен байланысы және оны оқытудың әдістемелік принциптерінің бірі ретінде қарастырады. Оның талқылауында қолданбалылық оқушыларға математиканың өмірде қолданылуын түсінікті тәсілмен жеткізу, сонымен бірге оқыту үрдісінде қалыптасқан математикалық іскерлік пен дағдыны шынайы жағдайда қолдана білу іскерлігін қалыптастыру болып табылады [1].

Ю.М.Колягин мен В.В.Пикан [2] бұл түсінікті басқаша жағынан қарастырады. «Математиканы оқытудың қолданбалылығы – ол техникада және басқа ғылымдарда, кәсіби қызметте, халық шаруашылығы мен тұрмыста математиканы пайдалануды оқытудың мазмұны мен әдістерінің бағыты».

Математиканы оқыту үрдісінде қалыптасқан, іскерлік пен дағдыға қатысты бірнеше рет қолдану принципі, қолданбалы есептерде жиі пайдаланылатын, өз сипаттамасы бойынша таза математикалық болатын дағдылардың болуын талап етеді. Мектепте математиканы оқытудың қолданбалылығы белгілі бір шынайы жағдайды зерттеу мақсатында қолданбалы есептерді шығаруға көңіл бөлуді күшейту қажеттігіне әкеліп соқтырады. Математика курсына мұндай есептерді енгізу төмендегі қиыншылықтарға байланысты екенін атап өту керек:

–Математика курсының есептеріне қойылатын маңызды талаптардың бірі – есеп шарты тұжырымдамасының қарапайым болуы, ал қолданбалы есептер шартына қосымша түсініктемелердің болуын талап етеді.

–Модельдеу кезеңінде де жүргізілген жұмыстар қарапайым болмайды. Сонымен бірге модельдеу бір мәнді емес, сондықтан өте тиімдісін іздеуде түрлі модельдердің ішінен қолайлысын таңдап алу қажет.

–Ішкі модельдік шешімнің нәтижесінде шынайы жағдайға сәйкес тексеруге жататын шешімдер топтамасы алынады.

–Алынған математикалық есептерді шығарудың әдістері кейде колледжде оқылатын математика курсынан тым алшақ болуы кездеседі.

Туындаған қарама-қайшылықты шешудің жолдарының бірі қолданбалы есепті шығарудың әрбір кезеңін сипаттайтын, іскерлік пен дағдының қалыптасуына әсер ететін, мағынасы бойынша математикалық есеп болатын, қолданбалы оқу есептерін қарастыру болып табылады. Қолданбалы мазмұндағы есептерді талдауға көп оқу уақыты кетеді, сондықтан оларды оқу үрдісіне көп енгізудің қажеті жоқ. Оқытудың қолданбалылығының мақсатына жету үшін жобамен 20 оқу сағатына есептелген оқу тақырыбына осындай 1-2 есепті пайдалану жеткілікті, яғни оқу жылында 5-8 есеп болады.

Сонымен бірге бірнеше сұрақтар дәстүрлі әдістемеден шетте қалып қойған, олар есептің шығару жолын қандай да бір әдістер арқылы оңайлататын, есепке берілетін форманы таңдауға байланысты болады.

а) Есепті шығару жолының моделін таңдау есеп сұрағының қалай тұжырымдалғанына байланысты анықталады. Бір шынайы жағдай бейнеленетін есептің мысалын келтірейік, бұл жерде сұрақтың тұжырымдамасы есепті шығарудың тәсілін анықтайтын болады.

Өзен ағысының жылдамдығы әр түрлі тереңдікте  $v = -4h^2 + 0,8h + 46,5$  формуласымен өрнектеледі, бұл жерде  $h$  – тереңдіктің метрмен берілген қабаты,  $v$  – жылдамдық м/мин.

- 1) 2м. тереңдіктегі өзен ағысының жылдамдығын табу керек.
- 2) Су астындағы жылдамдық 30 м/мин. болғанда өзеннің тереңдігі қандай?
- 3) 4м. тереңдіктегі өзен ағысының жылдамдығын табу керек.
- 4) Қандай тереңдікте өзен ағысының жылдамдығы ең үлкен болады?
- 5) Қандай тереңдікте өзен ағысының жылдамдығы ең аз болады?

Жауабы:

- 1) 32,1 м/мин.
- 2) Шамамен 2,13 м.
- 3) Өзен тереңдігі 4м кем.
- 4) 0,1 м.
- 5) 30 м/мин.

Бірінші жағдайда есептің жауабы ұсынылған формулаға қатысты жағдайда ғана дұрыс болады, екіншіде – квадрат теңдеуді жуықтап есептеудің негізінде жуық мән алынады. Үшінші сұраққа формальды емес және көңіл бөліп қарағанның негізінде қойылған сұраққа бірден жауап алу мүмкіндігі беріледі. Есепте квадраттық үш мүшені зерттеудің әртүрлі тәсілдері үйлестіріліп қарастырылады: қандай да бір нүктедегі мәнді есептеу, түбірлерді табу, ең үлкен және ең кіші мәнді табу. Соңғы сұрақта 2) және 4) сұрақтардың жауабын пайдалану қажет.

Есеп шешімінің түрлі тәсілдерін пайдалануды қарастыратын сұрақ нұсқалары қазіргі кезде жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарында байқалмайды, бірақ оқытудың қолданбалылығын жүзеге асыру жоспары бойынша курсқа осындай бірнеше есептерді қосса тиімді болар еді.

б) Кейде әртүрлі сандық деректері бар бірдей тұжырымдамадағы фабулдық есептерді шығару үшін түрлі математикалық модельді пайдалануға тура келеді. Мысал келтірейік.

Жылдамдығындағы 100 км/сағ. болатын автомобиль қозғалысына жолдың кедергісі келесі формулалармен өрнектелетіні эксперимент арқылы анықталған:

а) жақсы жолда  $f_1 = \frac{1}{30}v^2 + \frac{2}{3}v + 24$ ,

б) жаман жолда  $f_2 = \frac{1}{15}v^2 + \frac{7}{12}v + 35$ ,

в) тасты жолда  $f_3 = \frac{1}{15}v^2 + \frac{2}{3}v + 29$ ,

г) жұмсақ топырақты жолда  $f_4 = \frac{1}{15}v^2 + v + 36$ .

Қандай жолда автомобиль қозғалысына жолдың кедергісі аз болатынын анықтау керек:

а) жақсы жолда 60 км/сағ жылдамдықта немесе 30 км/сағ жылдамдықта жұмсақ топырақты жолда;

б) 50 км/сағ жылдамдықта жаман жолда немесе тасты жолда;

в) Жаман жолда немесе жұмсақ топырақты жолда. Жаман жолдағы жолдың кедергісіне тәуелді график тұрғызу керек.

Сұрақ бойынша есепті шығарғанда а)  $f_1 = \left(\frac{v}{10} + 2\right)\frac{v}{3} + 24$  және  $f_4 = \left(\frac{v}{15} + 1\right)v + 36$

формулаларымен анықталған алгоритмді пайдаланып, ауызша есептеулер ұсынылады. б) және в) сұрақтарында  $f_3 - f_2$  және  $f_4 - f_2$  алдын – ала есептеу қажет б) пунктінде есептеуге, ал в) пунктінде зерттеуге пайдаланылатын графикті дәптердің бетіндей мөлшерде орнату үшін осьтер бойындағы бірлік кесіндерді сәйкесінше таңдап алу қажет. Мысалы,  $v$  осі бойынша:

1см – 10км/сағ,  $f$  осі бойынша 1см – 100 кедергі бірлігі, сызбаны  $f_2 = \left(\frac{4v}{5} + 7\right)\frac{v}{12} + 35$  формуласымен анықталған алгоритм бойынша әрбір 10км/сағ.  $f_1$  –дің мәнін таба отырып және сәйкес кестені толтыра отырып микрокалькуляторды пайдаланып, графикті салған қолайлы. Бұл жерде график 0 ден 100-ге дейінгі аралықта  $v$  – ның мәні үшін параболаның кесіндісі болып табылады.

в) Екі бірдей модельдерден олардың бірін таңдау математикалық модельдеудің өте маңызды аспектісі болып табылады (мысалы, формулалық немесе графиктік).

Екі математикалық моделі бар есеп үшін, олар алгебралық әдістермен шығарылатын болса да (теңдеулермен немесе олардың жүйесімен), кейде графиктік модельді жоғары қоюды көрсетуге болады.

Өзара байланыстағы үш шамамен берілген есептерді қарастырайық.

Тұрақты шаманы көрсету әдістеріне салыстырмалы түрде (жылдамдық, өнімділік, баға) олар үш түрге бөлінуі мүмкін.

Бірінші түрге, көрсетілген шама белгілі немесе тікелей есептелетін және қозғалыстың жұмыстың және т.б. барлық параметрлерін анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін болатын есептерді жатқызамыз. Бір шамасы белгілі, біртекті шамалардың қатынасына арналған есептерді де осы түрге жатқызамыз. Мұндай есептерге теңдеу құрылмайды.

Екінші түрге екі немесе одан да көп жылдамдықтардың, өнімділіктің, бағалардың, басқа да біртекті шамалардың арасындағы қатынасы белгілі есептерді жатқызамыз. Бұл шамалардың бірін айнымалы арқылы белгілеу теңдеуді жеңіл құруға мүмкіндік береді.

Үшінші түрге бұл шаманың тұрақтылығынан басқа жылдамдық, өнімділік және баға туралы ешқандай ақпарат берілмеген және оларды басқа екі деректер арқылы есептеу алдыңғыға қарағанда қиынырақ болатын есептерді жатқызамыз.

Көрсетілген есеп түрлерінің арақатынасы анық емес және кейде аралас түрдегі есептер де кездеседі. Үшіншісі тұрақты және екіншісі компонентінің өзгеруінен тәуелді бір үштіктің әрбір компонентін өзгерту формула бойынша да, график түрінде де оңай модельденеді. Сызба есептің тұрақты компоненттерінің арасындағы қатынасты нашар бейнелейтінін (жылдамдық, өнімділік, баға) атап өткен жөн.

Өзара байланысты үш шамасы бар есептер үшін және біртекті шамалардың қатынасына теңдеудің дәстүрлі әдісі ортақ болып табылады, себебі ол барлық есептер үшін қолайлы. Мұндай есептерді шығару әдісі жақсы жасалған және жалпы әдістемелік ұсыныстар мен есепті шығарудың мысалдары берілген біраз оқу құралдары бар. Біз пайдаланған графикалық – көрнекі модельдер жақсы ақпараттықты меңгергенмен, әмбебаптық қасиеті жоқ, себебі тұрақты шамалардың қатынасы мен мәндері оларда нашар бейнеленеді. Сондықтан олардың көптеген есептер үшін пайдасы жоқ, себебі олар арқылы қажетті қатынастарды көру және есепті шығару жолдарын табу оңай емес. Бұл модельдер тұрақтылығынан басқа өнімділік, баға, жылдамдық туралы ешқандай ақпарат берілмеген үшінші түрдегі есептер үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұндай есептер орта мектеп бағдарламасы бойынша физика курсына бірқалыпты қозғалыстың ұқсас графиктері қарастырылғаннан кейін беріледі. Геометриялық есептерді шығару үшін геометрия курсының материалдары да жеткілікті. Мұндай есептер санын кеңейткен тиімді болады деп есептейміз, себебі есеп шарттары табиғи түрде болады және оларды тәжірибеде кездестіру ықтималдығы көбірек.

Есепті шығару кезінде тәжірибелік іс-әрекет үшін пайдалы тәсілдер қолданылады – көрнекі-графикалық модельді немесе егер мүмкін болса графикті шешімді пайдалану үшін графиктерді құру. Тәжірибелік қатынаста координата осьтері де түрлі бірлік кесінділері бар графиктер маңызды екенін атап өткен жөн. Ол графиктер туралы түсінікті теорияны бермей-ақ кеңейтуге мүмкіндік жасайды. Сонымен бірге физика курсымен және басқа пәндермен тығыз байланыс жүзеге асырылуы, яғни математикалық аппаратты физикалық және басқа материалдарды да жақсы меңгеруге әсер етеді.

Сонымен математиканы оқытудың қолданбалылығын жүзеге асыруда жаттығулар жүйесі негізгі құрал болып табылады. Математикалық есептерді шығару арқылы оқушылар математикалық білім жүйесін, іскерлікті және дағдыны саналы түрде жақсы меңгеретін болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оганесян В.А. Принципы отбора основного содержания обучения математике в средней школе. – Ереван: Луйс, 1994. – 215 с.

2. Колягин Ю.М., Пикан В.В. О прикладной и практической направленности обучения математике //Математика в школе. 1995. № 6. С. 27 – 32.

## РЕЗЮМЕ

*Бекболганова А.К. к.п.н., ст.преподаватель  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)  
Дуанова А.С. учитель математики Екиашинской СШ  
(Алматинская область, район Сарканд)*

## ПУТИ И СРЕДСТВА РЕАЛИЗАЦИИ ПРИКЛАДНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ КУРСА МАТЕМАТИКИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

В статье рассмотрены некоторые типы прикладных задач, предложены приемы и способы их решения, показаны дидактические функции системы прикладных задач.

**Ключевые слова:** прикладная математика, политехнические направления, практические связи, образования, промышленности, внутренней модели, описание абстрагирования, наука, технология, методологические принципы.

## SUMMARY

*Bekbolganova A.K., cand.of ped.sci., senior lecturer  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)  
Duanova A.S. mathematic teacher of Ekashin school  
(Almaty region)*

## WAYS AND MEANS OF IMPLEMENTING AN APPLIED ORIENTATION OF TEACHING MATHEMATICS COURSE IN HIGH SCHOOL

The article describes some types of applications, proposed methods and solutions are illustrated didactic function of the system applications.

**Keywords:** applied mathematics, polytechnics direction, practical communication, education, industry, the internal model, the description of abstraction, science, technology, methodological principles.

ӘОЖ 621.311.24

## ГИДРО, КҮН ЖӘНЕ БИОЭНЕРГЕТИКА АРҚЫЛЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*А.Қ. Ершина, ф.-м.ғ.д., профессор  
М.Б. Динасилова, магистрант  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстандағы жаңарып тұратын энергия көздеріне талдау жасалынған. Қазіргі таңда жел турбинасы, күн модульдері және энергияны жинақтайтын аккумулятордан тұратын гибриді станса тиімді деп табылды. Сонымен қатар Германияда отын ретінде пайдаланылатын биогаз бен майларды мегаполистегі тұрмыс қалдықтары мен ауыл шаруашылығы қалдықтарын өңдеу арқылы алу жолдары қарастырылған. Сонымен қоса елімізде көптеген гидроэлектрстансалары жұмыс жасауда. Соның ішінде электр энергиясын

өндіретін жел турбинасы мачта, аккумуляторлық батареялар, фотоэлектрлік модельдер, инвертор және гибриді күн – жел контроллері – гибриді энергетикалық қондырғыны құрайтын электр тогына түрлендіреді.

**Түйін сөздер:** мачта, аккумуляторлық батареялар, фотоэлектрлік модульдер, инвертор, гибриді күн-жел контроллері, генератор.

Елімізде 2020 жылға дейінгі жаңарып тұратын және альтернативті энергетиканың дамуы туралы жоспар бекітілген. Қазақстанда 3 ірі: Бұқтарма, Өскемен және Шульба гидроэлектр стансалары жұмыс істейді. Олардан басқа қуаты 300 МВт Мойнақ гидроэлектрстансасы (ГЭС) тәуелсіздігіміздің тұсында іске қосылды [1,2]. Қазақстанда ірі гидроэлектрстансалардың көмегімен өндірілген электр энергияның мөлшері жалпы энергетиканың 12% құрайды.

Үкіметтік бағдарламаға сәйкес 2020 жылы елімізде жалпы қуаты 170 МВт 14 кіші ГЭС-ты іске қосу жоспарлануда. Республикамыздағы гидроресурстар біркелкі орналаспаған, негізінен барлық кіші ГЭС 4 облыстарда: Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл және Шығыс Қазақстанда шоғырланған. Сонымен кіші ГЭС қуаты 2020 жылы 5 есе артады деп күтілуде. Осы 14 жаңа стансаларды іске қосқанымен қазіргі күйден алысқа ұзай алмаймыз. Электр энергетикасының даму жоспарында кіші ГЭС гидропотенциалы 8 млрд. кВт/сағ екендігі келтірілген. Осындай қуаттардан өндірілген электр энергиясының өзіндік құны төмен болып келеді. Швецияда 1350 кіші ГЭС жұмыс істейді, олар бүкіл елде өндірілетін электр энергиясының 10% құрайды. Қытайда 83000 кіші ГЭС бар. Осылармен салыстырғанда отандық кіші гидроэнергетика саласын тәжірибелік деп қана атауға болады. 2013 жылы маусымда «Қазақмыс» пен «Русгидро» кіші энергетика саласындағы ынтымақтастық келісіміне қол қойды. 1-суретте Германиядағы кіші ГЭС бейнеленген.



Сурет 1 – Гидроэлектрстанса (Германия)

Бұдан бір жарым жыл бұрын Астанада Франция мамандарымен бірге Astana Solar атты күн батареяларын шығаратын зауыт іске қосылды (2-суретті қараңыз). Қазіргі таңда бұл өндіріс орны жылына 50 МВт дайын өнімді шығарады. Today.kz-тің мәліметі бойынша [3] зауыт сертификациядан өтіп халықаралық нарыққа шығуға дайын. «Зауыт қазіргі заманғы жоғары технологиялы өндірістік құралдармен жабдықталған. Тәуліктік жұмысты қамтамасыздандыру үшін 4 өндірістік бригада құрылған. Қызметкерлердің саны 200 адамды құрайды».



Сурет 2 – Күн электр стансасы

Жаңарып тұратын энергия көздерін пайдалануға негізделген гибриді стансаны қолдану соңғы кезде тиімді деп табылуда (3-суретті қараңыз).

Жел турбинасы, мачта, аккумуляторлық батареялар, фотоэлектрлік модульдер, инвертор және гибриді күн-жел контроллері – гибриді энергетикалық қондырғыны құрайды. Осы автоматты құрылғы жел мен күн энергияларын электр тогына түрлендіреді, сонымен қатар электр тогын өндіреді.



Сурет 3 – Гибриді станса

Гибриді электр генераторлық қондырғы күн фотоэлектрлік модульдері мен жел турбинасы өндіретін электр энергияны арнайы геле батареяларында сақтайды және қажетті орынға жеткізіп, басқарады. Жүйе аккумуляторлық батареядағы тұрақты токты кернеуі 220/380 В айнымалы таза синустық токқа түрлендіре алады. Қазіргі заманғы инвертор сұйық кристалды монитормен жабдықталған, эксплуатацияға ыңғайлы сыртқы түрі жетілдірілгендігімен ғана қоймай аккумуляторлық батареядан келетін артық зарядтардан, кернеудің төмендеуі мен артуынан, қызып кетуден, ток күшінің артуынан, аккумуляторлық батареяның полюсіне дұрыс қосылмаудан да қорғалған. Сонымен қатар, оның артық энергияны пайдаға асыратын автоматты қондырғысы бар.

Гибриді стансаның жұмыс істеу принципі:


1. Жел генераторының көмегімен электр энергиясын өндіру.
2. Күн модулінің көмегімен электр энергиясын өндіру.
3. Электр энергиясын жинақтау.
4. Өндірілген электр энергия зарядтық қондырғы арқылы аккумуляторлық стансаны зарядтайды.
5. Электр энергияны түрлендіру. Аккумуляторлық стансадан электр тогы инверторға келеді, онда тұрақты ток айнымалы токқа (220 В/50 Гц) түрлендіріліп, тұтынушыларға жіберіледі.

Гибриді стансаның артықшылықтары:

1. Электрмен қоректендіретін альтернативті көздер өзара бірін-бірі алмастырып, «қауіпсіздендіреді».
2. Жылу генераторы үнемі іске қосылмайды. Электр энергияны өндіру оны тұтынудан кем болған жағдайда ғана қысқаша уақытқа генератор қосылады.

Осы сияқты жел энергетикалық комплекс электр энергиямен ірі шаруашылықтар мен қаланың сыртындағы жекеменшік үйлерді ғана емес, электр желісі жүргізілмеген кішігірім ауылды да қамтамасыз ете алады.

Келесі жаңарып тұратын энергия көздерінің бірі – биомассаның газы. Органикалық материалдар немесе биомасса ауаның қатысуынсыз ыдыраған, бұзылып-шіріген кезде биогаз пайда болады (4-сурет). Бұл процеске оттегісіз өмір сүретін анаэробты бактериялар қатысады. Биомассаға ашып-іріген қалдық заттар, биоқалдық, қи (көң, тезек) және өсімдік қалдықтары жатады. Биогаз негізінен метан мен көміртегі тотығынан тұрады [4].



Сурет 4 – Биогаз бен биотабиғи газды өндіру және тасымалдау [4]

Табиғи биогаз – газбен қамтамасыз етілетін желіге беріліп жаңарып тұратын энергия көздерін пайдалану деңгейін арттырады. Энергияны бөліп алуда негізінен қажетті газ метан болып табылады. Неғұрлым оның үлесі жоғары болса, соғұрлым энергетикалық тұрғыдан алғанда биогаз құнды деп есептеледі. Ал көміртегі тотығы мен су буы ешқандай пайда келтірмейді. Үлкен шіріту аппараттарында микроорганизмдер биомассаны биогазға айналдырып, биогаз өнімі пайда болады. Бұл газды электр энергетикада немесе үйді жылытуда пайдаланғанда ол күкірттік қосылыстарынан тазартылып, фильтрден өткізіледі, қосымша оны газ қоспасынан тазартады. Сұйық отынның көзі өсімдіктер болып табылады. Энергия қоры үлкен және құрамында майы бар көптеген өсімдіктер, мысалы, рапс, күнбағыс энергетикалық мақсатта, яғни отын, жылу және электр тогын алуда пайдаланылуы мүмкін (5-сурет). Сондықтан қазіргі таңда дәстүрлі энергия көздеріне биомассадан алынған сұйық отындар қосылуда.



Сурет 5 – Сұйық биологиялық отынды алуға қажетті шикізаттың түрлері

Сұйық биоотынның арқасында кәдімгі сұйық отындарға деген сұраныс төмендеуде. Сұйық биоотын мұнайға деген сұранысты едәуір төмендетеді, парниктік газдардың эмиссиясын қысқартады және олардың ресурстарын сақтайды. Оның шарты ретінде шикізатты үнемі өсіруді және сол сияқты отынды өте тиімді пайдалануды қажет ететіндігін айтуға болады.

Германияның мұнай өндірісі экологиялық тұрақтылық туралы қаулыны басшылыққа алады: биокомпоненттер экологиялық және әлеуметтік стандарттарға сәйкес өндірілуі және сертификатталынуы қажет. Мұнда екі аспект маңызды: энергияны өндіруге пайдаланылатын өсімдіктер тамақ өнімдерін өндірушілермен бәсекеге түспеуі қажет. Екінші жағынан, биокомпоненттерді пайдалану нәтижесі парниктік газдардың эмиссиясын төмендетуге әкелуі тиіс. Биомассаны ағаштан да алуға болады. Ағаш жаңарып тұратын және экологиялық таза отындарға жатады, оның құны біршама тұрақты болып келеді. Үйді жылытуға Германиядағы үй шаруашылығының 20% ағашты пайдалануды таңдаған [4,5]. Тұтынушылардың 1/5 бөлігі суды және үйді ағашты жағу арқылы жылытатын орталық жылу желісіне қосылған. Қазіргі заманғы автоматтандырылған қазандықтарға қол жетімді және оны басқару да оңай. Ағашты отын ретінде пайдалану қолайлы болғандықтан, ол мұнай мен газдан кем түспейді. Германияда қазіргі заманғы үйді жылытатын қондырғыларда ағашты: гранула, жаңқа немесе кесек отын ретінде өңдейді [4,5]. Ағаш гранулалары – өңделмеген табиғи ағаштардан жасалынған цилиндрлік формалы болып келетін стандартты пресс-өнімдер. Гранулаларды дайындау үшін ағаш аралау зауытындағы жоңқалар алдымен кептіріледі, одан кейін тазартылып, формалы матрицаларда сығылып, гранула жасалынады (6-сурет).



Сурет 6 – Гранулалар (ұсақ отын)

Гранулаларды өндіру ағаш аралау зауытында жүргізіледі. 2 кг ағаш гранулалары энергетикалық құндылығы жағынан 1 л сұйық отынмен тең. Үйді жылытуға соңғы кездері жаңқалар да көптеп пайдалануда (7-суретті қараңыз). Оған ағаштың кез келген түрін пайдалануға болады, тек қана ағаш құрғақ болуы қажет. Шын мәнінде мұндай ағаштарды жаңбыр тимейтін жерде 2 жылдың көлемінде ашық ауада сақтау қажет. Білгалдылығы 15-20% ағаштардың орташа энергетикалық құндылығы 4 кВтсағ/кг.

Орман материалдарын өндіруден артылған ағаштар қажетті ұзындыққа дейін араланып, жарылады (7-сурет).

Ағаш жаңқалары әртүрлі әдіспен өндіріледі. Мысалы, ағаш аралау зауытындағы әрі қарай өндеуге келмейтін ағаштар жарылып ұсақталынады. Олар 10-50 мм дейінгі ағаштар қыздыру қазандықтарында отын ретінде пайдаланылады.



Сурет7 – Жаңқалар

Ағаштың негізінен жасалынған отындардың барлығына 2012 жылдан бері өнімді классификациялайтын Еуропа нормативі (EN 14961-2) бар. Осы нормативтің негізінде гранулалар үшін (штамп ENplus) сертификациясы дайындалған [4,5]. Жаңарып тұратын энергия көздерін пайдалануға негізделген гибриді стансаны қолдану соңғы кезде тиімді деп табылуда. Жел турбинасы, мачта, аккумуляторлық батареялар, фотоэлектрлік модульдер, инвертор және гибриді күн-жел контроллері – гибриді энергетикалық қондырғыны құрайды. Осы автоматты құрылғы жел мен күн энергияларын электр тогына түрлендіреді, сонымен қатар электр тогын өндіреді. Осыдай әртүрлі жел электрстансаларын, күн электрстансаларын, гидроэлектрстансаларын пайдалану арқылы жер бетіндегі энергия қорын үнемдеу болып табылады.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Bobylev SN, Khodzhaev A.Ş. Environmental Economics: A Handbook. allowance. – М.: TEIS, 1997. – 272 p./2/
2. Современные условия развития мирового рынка оборудования для возобновляемой энергетики // БИКИ. 2012. №24 (9868). – С. 10-13.
3. <http://www.todey.kz./4/>
4. Эффективные системы и возобновляемые источники энергии. Форум по технологиям и источникам энергии. BDH – Bundesindustrieverband Deutschland Haus-, Energie und Umwelttechnik.V. 2014. – 103 p./5/
5. Renewables – MadeinGermany.«Зеленая энергетика» - уже сегодня, но с расчетом на завтра. Dena – немецкое энергетическое агентство. [www. renewables–made–in–Germany.com/6/](http://www.renewables-made-in-Germany.com/6/)

## РЕЗЮМЕ

*А.К. Ершина, д. ф.-м.н., профессор, М.Б. Динаилова, магистрант  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### **ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ ЭНЕРГИИ: ГИДРО, СОЛНЕЧНОГО И БИОЭНЕРГЕТИКИ**

В статье приводятся анализ возобновляемых источников энергии в Казахстане. В настоящее время эффективным является гибридная станция состоящий из ветротурбин, солнечных модулей и накопителей энергии. Кроме того, в статье рассматриваются процессы переработки бытовых отходов мегаполисов и отходы сельского хозяйства для получения биогаза и масел используемых в качестве топлива в Германии. У нас в стране работают гидроэлектростанции. Ветроагрегат состоит из турбины, мачты, аккумуляторный батареи, инвертора, контроллеров и преобразует энергии ветра в электрическую энергию. Через это производится электрический ток.

**Ключевые слова:** мачта, аккумуляторные батареи, фотоэлектрические модули, инвертор, контроллер гибридный генератор солнечного ветра

## SUMMARY

*A.K. Ershina, dr. of phys.-math. sci., professor, M.B. Dinasilova, master  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### **THE USE OF ELECTRICAL ENERGY: HYDRO, SOLAR AND BIOENERGY**

The article presents the analysis of renewable energy in Kazakhstan. Currently, it is effective hybrid station consisting of wind turbines, solar panels and energy storage. In addition, the article examines the processes of recycling of household waste metropolises and agricultural waste to produce biogas and oils used as fuel in Germany. At us in country work water power stations. Considering this turbine which beret of electric power in main mast, akkymlyator battery, photo-electric model, inventor and the silence-voter controllers of the – hybrid energetic putting compound. Across this held electric current.

**Keywords:** mast, rechargeable batteries, photovoltaic modules, inverter, controller hybrid solar-wind generator.

UDC 372.8:510

### **THE ESSENCE OF THE CONCEPT «MATHEMATICAL LITERACY»**

*Yessenova M., c.p.sc., professor,  
Amalbekova L., master  
(city Almaty, Kazakh State Women's  
Teacher Training University)*

**Abstract:** the modern period of Kazakhstan' development has identified new priorities of school education, relevant global trends related to globalization and integration into the educational world space.

They must be able to operate the assimilation of knowledge, skills and abilities to be fully used, to be able to use them in practice to address the problems of various life situations. Children in the school must be prepared to live in high-tech competitive world. The article reveals the essence of the concept «mathematical literacy» included research into use relatively recently (end of

the last, the beginning of the XXI century), and based on the analysis of scientific-methodological research formulated and provided a working definition of students' mathematical literacy.

**Keywords:** are knowledge, skills, functional literacy, mathematical literacy, mathematical competence, competence of students to be able to teach, teach to learn, the ability to learn.

The modern period of Kazakhstan' development has identified new priorities of school education, relevant global trends related to globalization and integration into the educational world space.

Host of them - the quality of school education, reflected in the State Program for Education Development of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 and the National Action Plan for the development of functional literacy of students in 2012-2016, which was approved by №832 Government Decree of the Republic of Kazakhstan dated on June 25, 2012. In plain and simple language, functional literacy is a set of essential knowledge and skills that the school is obliged to form in its graduates. However, the teaching in the present days mainly aimed at greater assimilation and memorization objective of the program material, while as a modern teaching should ensure that students master the knowledge, skills demanded in the XXI century.

They must be able to operate the assimilation of knowledge, skills and abilities to be fully used, to be able to use them in practice to address the problems of various life situations. Children in the school must be prepared to live in high-tech competitive world. In studies of the Organization for Economic Cooperation and Development (OECD), "Sustainable flexibility" clearly states that "In the context of the new economic policy of the XXI century, based on information and knowledge, characterized by the rapid change of technology and product markets, the nature of activities will change, which in turn to affect change in the professional expectations of potential employees" [1, p.154].

The context of updating purpose and content of national school education is an international study PISA (Programm for International Student Assessment), a party which in 2009 and 2012 was, and Kazakhstan. PISA study conducted cyclically every three years. In each cycle focusing on one of the three types of functional literacy: literacy in reading; mathematical literacy; scientific literacy. The purpose of PISA 2009, which participated for the first time Kazakhstan was literacy in reading. The focus of international research to achieve the expected learning outcomes in mathematics and natural sciences TIMSS (Third International Mathematics and Science Study) were scientific literacy and logic.

The share of students of Kazakhstan, who know how to:

- use accordingly less or more complex academic texts and use them to navigate in real-life situations, amounted to 5% of the number of participants in the study of reading literacy, whereas the average for OECD countries was 28.6%;

- to work effectively with specific models in this situation, to develop and integrate the different tasks, it amounted to 4.2% of the number of participants in the study of mathematical literacy (the average for OECD countries was 16%);

- to work effectively with the situation, you want to make conclusions about the role of the natural sciences, select and summarize the explanations from different scientific disciplines and to use those explanations directly to aspects of life situations, amounted to 3.6% of the number of participants in the study of natural science literacy, whereas the average for the OECD countries was 20.5%).

However, in the study TIMSS Kazakh students demonstrate high results. Thus, the results of Kazakhstan's participation in the TIMSS and PISA show that teachers of secondary schools of the republic have strong subject knowledge, but do not learn to apply them in real-world, real-life situations [2].

On the one hand, when denoting the impossible was taking such a high evaluation of our educational achievements, on the other hand we cannot fail to recognize the real, far from disappointing picture in massive schools education (in general), on the above given high scores. No one knows that here and scientists and researchers, and pedagogical institutes and for schools - emergency, emergency work abound.

The PISA-2012 has become a priority for mathematical literacy. According to the participants' successful implementation test questions data indicator research results aimed at identifying the knowledge from the field of mathematics, PISA 2012 participating countries divided into three groups, which average score was not significantly different.

These Asian countries China, Singapore, Korea located on the same scale performance within 613-536 points. Fifteen years Kazakh students' results in "mathematical literacy" are in the same group such as Bulgaria, Thailand and the United Arab Emirates. The range of values represented its highest level in 613 points (Shanghai, China) to the lowest - 368 points (Peru).

International experts PISA project conducted a thorough comparative analysis of trends "Trends of annual changes in the field of mathematics". It is necessary to consider changes in the annualized students' achievements to understand better the growth trend in terms. This indicator is recalculated for years and is interpreted as the average annual change of participating countries PISA mathematical indicators. Success rates are compared to perform mathematical tasks two cycles of study in which "mathematical literacy" was given the priority (PISA-2003 and PISA-2012).

The international report presented by the OECD is the annual deterioration of the mathematical evaluation of 0.3 points. 28 countries show an increase of annual achievements in mathematics, 16 is the average of these indicators deterioration.

There is no statistically significant change in mathematics achievement during this period in the remaining 20 countries. It should be noted that Kazakhstan shows an average improvement in math achievement in compiling the results of the 2009 study. The growth rate of mathematical literacy of Kazakhstani students was 27 points (PISA-2009 – 405 points, PISA-2012 – 432 points) [3].

According to the results of the international PISA study, each member state has received a wealth of analytical material on the state of the contents of secondary education, the prospects of its development and compliance with international educational standards. Recommendations based on the results of PISA and TIMSS to be regarded as a statement of the need to install and logically thought-out education reform focused on the implementation of key recommendations to improve functional literacy in the Republic of Kazakhstan.

Focus, the above listed problems in the study of the current stage of development of the education system, we have set a goal - to explore the methodology of formation and development, one of the three types of functional literacy, mathematical literacy of students. This article deals with the essence of the concept "mathematical literacy", entered into the use relatively recently researchers (the end of the last, the beginning of the XXI century), based on the study and analysis methodological science research, formulated and given its operational definition.

Let us first consider the definition and interpretation of the term "literacy". The Big Encyclopedic Dictionary literacy is given as a certain degree of proficiency in reading, writing, in accordance with the grammatical rules of the native language. With regard to the characteristics of the population is one of the basic indicators of the socio-cultural development. The specific content of the concept of literacy is historically changeable tends to expand with increasing public demands for the development of the individual, from basic skills to read, write and count - to the possession of a certain complex of various socially necessary knowledge and skills that enable a person to knowingly participate in social processes (i.e. N. functional literacy) [4].

The Great Dictionary of the Russian language is written that literacy - "Well. 1) The ability to read and write. 2) The lack of grammatical and stylistic errors, compliance with the standards of literary language. 3) a) possess the necessary knowledge, the information in any field. b) education, education" [5].

The Pedagogical dictionary definition is given: "Literacy is a possession of human skills of speaking and writing in accordance with the forms of the literary language. One of the basic indicators of the Social-cultural development of the population and in relation to school is one of the most important conditions and quality of instruction. Literacy is more than a broad

interpretation as a certain degree of ownership of the knowledge in a particular area and the skills to use them" [6].

The dictionary definition is given pedagogical articles: "Literacy is a level of education, characterized by the ability to use basic methods cognizing activities (reading, writing, arithmetic)" [7]. Now we give the formulation studied the concept of "mathematical literacy".

In the PISA study the concept of "mathematical literacy" is specified as follows students' mathematical literacy ability is to recognize problems in the surrounding reality and that can be solved by means of mathematics; formulate these problems in the language of mathematics; solve them, using mathematical facts and methods; the methods used to analyze the decision; interpret the results taking into account of the problem; formulate and record the results of the solution [8].

Mathematical literacy is the ability of the student to formulate, apply and interpret mathematics in different contexts. It includes mathematical thinking and use of mathematical concepts, procedures, knowledge and tools, which are described, explained and predicted occurrence. It helps people to recognize the role of mathematics that plays in the world, forming a conscious point of view and to make well informed decisions necessary for the design, concerned and thinking citizens [3].

In other words, we can say that a mathematical literacy refers to a person's ability to understand and engage in mathematics, to express well-founded judgments about the role of mathematics. This ability is necessary for current and future personal, professional and social life of the individual in the family and society, as well as life-creative, interested and thinking citizen

The term «competence» has a specific content in this study. Here the literacy refers to the ability of most functional use of mathematical knowledge within the requirements of the curriculum. And this ability can be called «functional mathematical literacy». In the foregoing definition «engage in» mathematics is not meant to perform simple physical and social mathematical operations (for example, to calculate the change in the purchase in the shop), this implies a more extensive use of mathematics in connection with a variety of purposes, such as to express an informed opinion on the budget estimated by the government. Mathematical literacy also includes the ability to produce in different situations mathematical problem and solve it as well as the tendency to carry out such activities which often is associated with traits such as self-confidence and curiosity.

There are two principle the concept of «mathematical literacy»: the fundamental mathematical ideas and mathematical competence. The first principle involves a group of related general mathematical concepts related to real activity. Secondly, it is a combination of mathematical knowledge, skills, experience and abilities to ensure the successful solution of various problems and require knowledge of mathematics [9].

After analyzing the above definition, interpretations, judgments about the concepts of literacy and mathematical literacy, we felt it necessary to formulate a working definition of the term which will be taken as the basis for our research. Mathematical literacy - an essential condition for the acquisition program of school mathematics; measure the quality of its assimilation; level of education, characterized by the ability to use basic methods cognizing activities (reading, writing, arithmetic, and so on) for the updating of knowledge; it includes critical and mathematical thinking students' ability to: identify the problems arising in the surrounding reality, and that can be solved by means of mathematics; formulate these problems in the language of mathematics; solve them, using mathematical facts and methods; the methods used to analyze the decision; interpret the results taking into account of the problem; formulate and record the results of the decision; as a whole the benchmark of the social and cultural development of the constructive, concerned and thinking individual.

## REFERENCES

1. Руководство для учителя. Первый (продвинутый) уровень. Второе издание. – АОО «НИИШ» ЦПМ, 2014. – С. 85.

2. Основные результаты международного исследования 2012. – Астана. РГКП «Национальный центр образовательной статистики и оценки МОН РК», 2014. – 283 с.
3. Математическая грамотность учащихся. Учебное пособие. Филиал «Центр педагогических измерений» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». – Астана, 2014.
4. Большой энциклопедический словарь <http://www.vedu.ru/bigenedic/16168/>.
5. Большой толковый словарь русского языка <http://www.vedu.ru/expdic/51584/>.
6. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. – Москва: «Москва academa», 2003. – 171 с.
7. Лузина Л.М., Буренина С.Ю. и др. Словарь педагогического обихода / Под ред. проф. Л.М.Лузиной. Псков: ПГПИ, 2003. – 71 с.
8. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам естественнонаучного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. Ы.Алтынсарина, 2013. – 48 с.
9. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы. [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz).

## ТҮЙІНДЕМЕ

*Есенова М.И., п.ғ.к., профессор, Амалбекова Л.Е., магистрант  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

### «МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ МАҒЫНАСЫ

Қазақстанның дамуының қазіргі кезеңінде дүниежүзілік үдерістерге сәйкес, жаһандандыруға және дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енуге байланысты мектепте білім беру алдына жаңа басымдылықтар қойылды. Бүгінгі таңдағы қоғам үшін, тек пәндік не кәсіби көлеміндегі білім және біліктер жиынтығына негізделген білім беру нәтижесін қабылдау жеткіліксіз. Математиканың біліктілік нәтижесінде, тәжірибе жүзінде және мәнді күнделікті өмір мәселелерін шешу үшін математиканың еркін қолданылуын қамту керек. Ал бұл – математикалық сауаттылықтың негізгі критерийлерінің бірі болып табылады. «Математикалық сауаттылық» ұғымы зерттеушілердің қолданымына өткен ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында ғана ене бастады. Бұл мақалада «Математикалық сауаттылық» ұғымының мағынасы ашылған және ғылыми-әдістемелік зерттеулерді талдау негізінде оның жұмыстық анықтамасы тұжырымдалып, келтірілген.

**Түйін сөздер:** білім, біліктер, дағдылар, функционалдық сауаттылық, математикалық сауаттылық, математикалық құзыреттілік, оқушылардың құзіреттіліктері, оқыта алу, оқуға үйрету, оқуға үйрену білігі.

## РЕЗЮМЕ

*Есенова М.И., к.п.н., профессор, Амалбекова Л.Е., магистрант  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### СУЩНОСТЬ ПОНЯТИЯ «МАТЕМАТИЧЕСКАЯ ГРАМОТНОСТЬ»

На современном этапе развития Казахстана определены новые приоритеты школьного образования, соответствующие мировым тенденциям, связанные с глобализацией и вхождением в мировое образовательное пространство. Для сегодняшнего общества недостаточно принятия результата образования, основанного только на сумме знаний и умений, усвоенных учащимися в конкретных предметных или профессиональных областях. Образовательный результат по математике должен включать ещё и возможности свободного использования математики на практике для решения значимых повседневных жизненных задач, что является одним из основных критериев математической грамотности. В статье раскрывается сущность понятия «математическая грамотность», вошедшего в обиход

исследователей сравнительно недавно (конец прошлого, начало XXI века), и на основе анализа научно-методических исследований формулируется и приводится рабочее определение математической грамотности учащихся.

**Ключевые слова:** знания, умения, навыки, функциональная грамотность, математическая грамотность, математическая компетентность, компетенции учащихся, уметь обучать, научить учиться, умение учиться.

ӘОЖ 519.6.513.3/494

## ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР

*Ж.Ж. Қожамқұлова, ф.-м.ғ.к., қауым. проф.м.а*

*Н.Б. Дүйсенова, магистр, оқытушы*

*А. Әсіл, студент*

*А. Ахмедова, студент*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*

*қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы. Ақпараттық бірлікті қалыптастыру: мектептің материалдық - техникалық базасына; ақпараттық қоғам саясатының мақсаты мен міндеттеріне; оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жүйесіне; оқушылардың жас ерекшеліктері мен меңгеру қабілеттеріне, педагог мамандардың информатикадан білім деңгейлерінің сапасы мен шеберліктеріне, оқу-тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағытымен өзара байланысына тәуелді.

**Түйін сөздер:** АСТIVboard, IT, флипчарт, қор беру орны, PDF.

Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты Жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі –

қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық-техникалық кешен болып саналатын «Активті экран» болып табылады.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік - ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы. Ақпараттық бірлікті қалыптастыру: мектептің материалдық -техникалық базасына; ақпараттық қоғам саясатының мақсаты мен міндеттеріне; оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жүйесіне; оқушылардың жас ерекшеліктері мен меңгеру қабілеттеріне, педагог мамандардың информатикадан білім деңгейлерінің сапасы мен шеберліктеріне, оқу-тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағытымен өзара байланысына тәуелді.

Қазіргі уақытта жаратылыстану – ғылыми білім беруде сабақ барысында интерактивті құралдарды қолдануда. Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Білім берудегі интерактивті технология – мұндағы интерактивті сөзі – inter (бірлесу), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бірі толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Бүгінгі күні бірнеше ИТ түрлері бар. Олардың ішінде білім саласында қолданып жүргендеріне қысқаша шолу жасайық. ACTIVboard (Promethean компаниясы) – ACTIVstudio программасы арқылы іске қосылады. Бұл құрылғы компьютер, мультимедиялық проектор және ақпараттарды енгізуге арналған активті қаламнан тұрады. Активті қалам – бұл меңзерді басқару құрылғысы және компьютер мен тақта арасындағы байланысты іске асырушы құрылғы. Электронды ACTIVwand указкасының ұзындығы 54 см тақтаның жоғарғы бөлігінен кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жанында орналасқан батырма ташқанның сол жақ батырмасының қызметін атқарады. ACTIVboard – интерактивті тақтасында жұмыс жасаушыға проектордың сәулесі астынан шығуға мүмкіндік береді. «Оң қол» сонымен бірге «сол қолмен» жұмыс жасауға қолайлы құрал. ACTIVpanelpro (Активпанель) үлкен аудиторияларда қолдануға өте қолайлы, онда үлкен экранға проекцияға қолданады. ACTIVpanelpro арнайы қарындаштың көмегімен дисплейде жазылған жазулар компьютер арқылы тақтадан көруге мүмкіндік береді. ACTIVpanelpro (Активпанель) өте жеңіл зат, бөлмеден бөлмеге қиындықсыз – ақ алып жүре беруге болады, ал проектор болса кескінді үлкейтіп көрсетеді. ACTIVpanel-pro ДК басқарады, сурет салады, жазу жазады – бұл ақпаратты енгізетін құрылғыға жатады.

ACTIVtablet планшет қарапайым тышқанның қызметін атқара алады, презентация мен конференция материалдарын ACTIVstudio2 немесе ACTIVprimary тақтасыз (ACTIVboard көмегенсіз) компьютерде дайындауға мүмкіндік беретін құрылғы. ACTIVtablet компьютерге USB порт арқылы қосылады, бағдарламаның барлық функцияларын қолдануға болады. Арнайы батареясыз қаламмен флипчарт беттерінде жазу жаза алады.

ACTIVote тестілеу жүйесі конференцияның барлық қатысушыларына сұрақтарға, бірнеше берілген жауаптардың нұсқаларынан желісіз радио пульттің батырмасын басу әдісімен жауап беруге мүмкіндік береді. Пульттың көмегімен ақпарат ACTIVboard қабылдайды және де өңделіп конференция қатысушысының жауабын қабылдайды. ACTIVote қарапайым тест жүргізуге өте қолайлы. ACTIVote 16 немесе 32 пульттан кішкене чемоданда тест жүргізу үшін қолданылады. ACTIVote қолдана отырып: «Тест дайындау шеберінде» ACTIVstudio бағдарламасында флипчартта мәтіндік немесе графиктік түрде тест сұрақтары кітапханада сақталады да, тесттің нәтижесін кесте немесе диаграмма түрінде компьютердің жадында сақталады. Тесттің нәтижесін EXCEL немесе WORD редакторларында экспорт жасауға болады

ACTIVstudio PE программасы арнайы презентацияларды өткізуге және оны сабақ барысында қолдануға негізделген программа. Бұл программа ACTIVboard және ACTIVpen қаламымен жұмыс жасау үшін жасақталған. ACTIVstudio программасының мүмкіндіктері өте көп. Атап айтқанда, презентацияларды құруға, өткізуге, материалдарға арнайы эффектілер қосуға, негізгі кезеңдерді көрсетуге, көрсеткіштерді қосуға, қосымша ақпараттарды енгізуге және басқа да көптеген мүмкіндіктері бар. Флипчарт – бұл бірнеше қажетті беттерден тұратын негізгі жұмыс аймағы. Бұл аймақта презентацияны құруға және оны көрсетуге қажетті құралдардың барлығы көрсетіледі. Бірнеше флипчарттарды бірден ашып, бір флипчарттан келесі флипчартқа, объектілерге сілтемелер қоюға немесе объектілерді бір мезетте келесі бетке көшіруге болады. Флипчартты басу құрылғысынан шығаруға немесе әртүрлі форматтарда экспорттауға болады. «Активті экран» кешені білім үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға тағайындалған әмбебап интерактивтік жүйе болып табылады.

«Активті экран» бағдарламалық-техникалық кешенінің дидактикалық мақсатта пайдалану барысында олардың негізгі қызметі – жалпы ақпаратпен кәсіби біліктілікті жетілдіру бағытында қолданып, сонымен қатар бұл құралдың оқушылардың, ойлау және ойын қысқа және түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттырып, өз ойларын жаңа технология құралдары көмегімен жүзеге асыруын қалыптастыруды қамтамасыз ете алатыны белгілі болды. Бағдарламалық-техникалық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны оқытушыға сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде мұғалім қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web- түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т.б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі :

- Пән бойынша базалық білімді меңгеру;
- Алған білімді жүйелеу;
- Өзін - өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Оқушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио – және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50%-ға дейін арттырады.

Қазіргі кезде сабаққа дайындалу барысында мұғалім сабақ мазмұны оқушылар үшін танымдылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ал жекелеген курс бойынша мәселелік –

бағдарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы мұғалімге «мұғалім – оқушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Бірақ, мұның барлығы жүзеге асуы үшін мұғалім компьютерлік оқыту технологиясы бойынша білімдер мен іскерліктерді игеруі қажет. Бұл дайындық дифференциалды болуы тиіс. Себебі, әрбір пән мұғалімдері үшін компьютерді оқыту үрдісінде пайдалану әртүрлі сипатқа ие. Ғылым ғасырының табалдырығынан аттағалы тұрған қазіргі таңда компьютер өмірдің барлық саласына кеңінен енуде.

Білім берудің ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне жаңа ақпараттық технологияны жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды. Іс тәжірибемде интерактивті құрылғылардың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі іс-шараларды қолданудың маңызының зор екенін байқадым.

–Оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне интерактивті құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану;

–Оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық іс - әрекетін компьютерлік ойындар және т. б.) сабақта жиі қолдану;

–Проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;

–Жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедия-технология, интерактивті құрылғылар) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Сабақ материалы Power Point презентациясы немесе мәтіндік ақпарат түрінде беріледі. Сонымен қатар, материалдың құрамына кесте, диаграмма, сурет, басқарушы батырмалар, гиперсілтемелер, графиктер болады. Түсіндіру барысында мұғалім тақтаның алдында тұрып жасырулы ақпаратты және объектілерді көрсете алады және өзгертеді. Сабақтың соңында қолданылған материалды есте сақтап, қажет жағдайда қайталап қолдана алады. Интерактивтік тақтамен жұмыс істеу барысында жасалған файлдар белгілі бір форматпен сақталады, сонымен қатар PDF форматында да сақтап, оқушыға электрондық пошта арқылы жіберуге болады. Мұғалім алдын ала дайындаған сабақты оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бақылауға бағытталған тапсырмаларды орындауға береді. Сабақтың барысында тапсырманы орындау бойынша ауызша түсіндіру жүргізіледі, интерактивтік тақтаны пайдалану арқылы теориялық материал қайталанатын. Қажетті жағдайда, оқытушы тақта арқылы мысал есепті шығаруды, графиктерді құруды, құрал-саймандарды қолдануды көрсетіп түсіндіреді. Мұғалім оқушыны тақтаға шығарып, оған жеке тапсырма береді, оған қалғандардың көңіл бөлу үшін бағыт береді және бақылап отырады.

Мұғалім алдыңғы сабақта өтілген материалды ашып, өткен сабақты қайталай алады. Мұндай әдістеме сабақта екпінді түрде өткізуге мүмкіндік береді. Тақтада жұмыс істеген мұғалім мен оқушының орындаған іс-әрекеттерін есте сақтап келесі сабақта қолдануға болады. Сонымен, интерактивтік тақта сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтап, қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Алдын ала дайындалған оқу материалдары – презентациялар, мәтіндік, графикалық ақпараттық объектілер – сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді. Сонымен, «Активті экран» кешенін қолдану арқылы оқыту үрдісінде жаңа дидактикалық мүмкіншіліктерді ашуға мүмкіндік береді. Сабақта уақытты үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланған тиімді. Интерактивті тақтаның үш режимінде де жұмыс жасауға болады.

Ақ тақта режимі – ең қарапайым режим. Ақ тақта режимін қолданғанда оны ақ бет қағазбен жұмыс жасағандай және тақырыпқа қажетті жерін белгілеулермен, негізгі ұғымдарын ерекшелеу үшін түрлі түсті қаламды қолдануға болады. Ақ беттің артына фон ретінде мазмұнды суретті пайдалануға болады. Тақтаның бұл қасиеті, мысалы географиядан,

физика, биологиядан және т.б. пәндерден сабақ жүргізгенде ыңғайлы. Фон ретінде географиялық картаны, физикалық аспаптардың суреттерін алуға болады және сабақ барысында қажет болса картаға белгі салуға, жазуға мүмкіншілік бар.

а) Оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне интерактивті құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану.

б) Оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық іс-әрекетін компьютерлік ойындар және т.б.) сабақта жиі қолдану.

с) Проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру [1.356-406].

Екінші режим – Office режимі. Бұл режим сабаққа қажетті дайындық жұмыстарын, яғни материалдар даярлауға ыңғайлы. Сабаққа дайындық жұмыстары Word мәтіндік редакторының, Excel электрондық кестесінің құжаттары, Power Point – презентациясы болуы мүмкін. Мысалы, Microsoft Word құралдарымен төрт түрлі мәтіндік тапсырмаларды қамтитын құжат әзірлеуге болады. Осы құжатта тапсырмаларды қайталап, жауаптарының дұрыс нұсқаларын немесе амалдардың дұрыс тізбегін көрсету керек. Қайталанған тапсырмаларды сурет салу панелінің «төртбұрыш» объектілерімен жасырамыз. Сабақта қажет кезде бұл құжатты интерактивті тақтаның Office режимінде ашу қажет. Бұл режим Microsoft Office барлық мүмкіншілігін ұсынады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ермаков Н., Қараев Ж., Стифутина Н. Информатика 7,8,9 сынып. – Алматы, 2001. – Б. 75.
2. Амантұрлыұлы Ж., Есжанұлы А., Наурызбайқызы Ә. Информатика және есептеуіш. – Алматы, 1999. – Б. 82.
3. Камардинов О. Информатика. – Алматы, 2006. – Б. 64.

### РЕЗЮМЕ

**Ж.Ж. Кожамкулова** к.ф.-м.н.и.о.ассоц.проф., **Н.Б. Дүйсенова**, магистр, препод.

**А. Асил**, студент, **А. Ахмедова**, студент

(г.Алматы., Казахский государственный женский педагогический университет)

### СОВРЕМЕННЫЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ И ИНТЕРАКТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Основное требование для студентов к знаниям информационного общества, развитие логического мышления информационных технологий и использовать его в качестве инструмента для реализации программы развития навыков адаптации к информационному обществу. Если это так, то образ системы образования в мире, чтобы стать единиц и значение, обеспечивая для создания маршрута через развитие творческих способностей студентов, что является неотъемлемой частью мировоззрения человека является способом для формирования интеллектуального развития. Информация блоков: материально-техническая база школы; Цель политики и целей информационного общества; формирование информационной культуры студентов; возраст и обучения способностей студентов, качество преподавания специалистов в уровнях информатики образования и навыков, обучения и воспитания, в зависимости от направления информационного общества в направлении взаимного общения.

**Ключевые слова:** ACTIVboard, ИТ, флип-чарт, Power Point, PDF.

**SUMMARY**

**Zh.Zh. Kozhamkulova**, acting associate professor., **N.B. Duisenova**, master, teacher,  
**A. Asyl**, student, **A. Akhmedova**, student  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

**MODERN INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES AND  
INTERACTIVE**

The main requirement for the information society for students to information and knowledge, the development of logical thinking skills of information technology and use it as a tool for the implementation of the development of the skills to adapt to the information society. If so, the image of the education system in the world to become the units and value, providing for the establishment of a route through the development of creative abilities of students, which is an integral part of a person's worldview is a way for the formation of intellectual development. Information units: the material-technical base of the school; The purpose of the policy and objectives of the Information Society; the formation of information culture of students; age and learning abilities of the students, the quality of teaching specialists in informatics education levels and skills, training and education, depending on the direction of the information society in the direction of mutual communication.

**Keywords:** ACTIVboard, IT, flip-chart, Power Point, PDF.

УДК 539.21; 539.12.04

**СТРУКТУРНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ МЕДНО-НИКЕЛЕВЫХ СПЛАВОВ,  
ОБЛУЧЕННЫХ ЭЛЕКТРОНАМИ**

**К.М. Мукашев**, д.ф.-м.н.,

(г. Алматы, Казахский национальный  
университет им. аль-Фараби)

**Н.И. Ильясов**, к.п.н., проф.,

(г. Алматы, Казахский государственный  
женский педагогический университет)

**Г.Т. Шойынбаева**, магистрант

(г. Алматы, Казахский национальный  
педагогический университет им.Абая)

**Аннотация:** Выполнены измерения экспериментальных спектров углового распределения аннигиляционных фотонов сплавов системы Ni - Cu, содержащих 7,0; 9,0; 14,0; 21,0; 30,0 и 40,0 ат.% Cu. Сплавы имели исходное отожженное и облученное электронами с энергией 2,5МэВ состояния при флюенсе  $10^{19}$  см<sup>-2</sup>. Определены структурно-чувствительные параметры, связанные с распределением свободных и остовных электронов, взаимодействующих с термолизованными позитронами. Установлены закономерности радиационно-стимулированного изменения аннигиляционных параметров в зависимости от состава сплавов. Наблюдаемая экспериментальная зависимость носит немонотонный характер. Она, вероятно, связана с радиационно-стимулированным изменением ближнего порядка в областях образования радиационных дефектов.

**Ключевые слова:** никель, медь, сплавы, радиация, структура, позитрон, электрон, аннигиляция

**Введение.** Известно, что радиационная обработка приводит к существенному изменению физических и механических свойств металлов и сплавов [1]. При этом наибольшие разупорядочения происходят в микрообластях металлических систем, структура

и локальные электронные свойства которых оказывает влияние на кинетику изменения свойств материала в целом при последующих термических и механических воздействиях [2]. Так например, в экспериментах по воздействию гамма - квантов с  $E=1,2\text{МэВ}$  при интенсивности  $1500\text{P/сек}$  на упорядочивающийся сплав Fe-12 ат.%Al обнаружено снижение энергии активации ближнего порядка до  $\sim 10\%$  [3]. Изменение степени ближнего порядка в деформированных сплавах Fe-Al после облучения гамма-квантами и нейтронами наблюдали в работах [4, 5]. Аналогичный эффект наблюдался также и в холодно-деформированном сплаве Al-8,75 ат.%Zn под действием электронного облучения [6]. В этих условиях представляет определенный интерес исследование воздействия электронного облучения на металлические системы, которые, в соответствии с диаграммой состояния, образуют непрерывный ряд твёрдых растворов. В этих системах в определённой концентрационной области второго компонента при относительно низких температурах возможно появление кластеров ближнего порядка. К таким системам относятся бинарные сплавы Ni-Cu с ГЦК решеткой ( $\gamma$ -фаза). В интервале концентрации  $\sim 5,0\text{-}7,0\text{ат.}\%$  Cu и ниже  $448^\circ\text{C}$  наблюдается расслоение раствора на две фазы  $\gamma_1$  и  $\gamma_2$ , имеющие также ГЦК решётку. Сплавы этой системы ниже  $448^\circ\text{C}$  обнаруживают упорядоченное состояние [7]. Кроме того, исследованиями эффекта Холла в этих сплавах было установлено немонотонное изменения константы Холла  $R_H$  в зависимости от концентрации второй компоненты [8-11]. Минимум в изменениях  $R_H$  обнаружен при концентрации 32 ат.% Cu, а положение максимума соответствует содержанию 17,5 ат.% Cu (рис.2а).

Поскольку константа Холла обратно пропорциональна плотности электронов  $R_H = 1/ne$ , где  $e$  - заряд электрона, следовательно, есть основание полагать, что сплав 17,5 ат.% Cu имеет минимальную среднюю электронную плотность, а сплав с 32,4 ат.% Cu – максимальную. Немонотонное изменение электронной плотности в исследуемых сплавах системы Ni-Cu, вероятно, связано с различием в структурных состояниях, вызванных как расслоением сплавов, так и образованием кластеров в зависимости от степени ближнего порядка. Можно ожидать, что в такой системе влияние облучения электронами высокой энергии будет оказывать радиационно-стимулирующее действие, степень которого, вероятно, определяется кластерностью и расслоением структуры материала, что имеет принципиальное значение.

*Методика эксперимента.* Для решения поставленной задачи были выбраны никель чистоты 99,99 и медь чистоты 99,999, из которых методом двойной переплавки в аргоно-дуговой печи выплавлялись сплавы, содержащие 7,0; 9,0; 14,0; 21,0; 30, и 40,0 ат.% Cu. Из холодно-прокатанных сплавов методом электроискровой обработки вырезались образцы диаметром 15 мм и толщиной 1 мм. После электролитической полировки поверхности, образцы отжигались в вакууме  $10^{-7}\text{Торр}$  в течение 1 часа при  $T = 0,4T_{н.л.}$ . Изучение структуры сплавов производилось методом измерения углового распределения аннигиляционных фотонов (УРАФ) на спектрометре с линейно-щелевой геометрией с угловым разрешением 0,5 мрад. Облучение образцов осуществлялось электронами с энергией  $E=2,5\text{МэВ}$  на ускорителе при температуре не выше  $70^\circ\text{C}$  и плотности тока пучка  $1,5\text{мкА/см}^2$ .

Следует отметить, что метод электронно-позитронной аннигиляции (ЭПА) представляет собой весьма чувствительное средство к различного рода нарушениям структуры кристаллов [12]. Форма спектра УРАФ, возникающего в результате аннигиляции позитронов с электронами материала, существенно изменяется в случае локализации позитронов вблизи дефектов кристаллической решётки, а также от атомного окружения дефектных областей. Медленные позитроны реагируют также на изменение упорядоченности структуры [13]. Поэтому позитронный зонд представляет идеальный инструмент для исследования электронных состояний локальных микрообластей металлических материалов.

В качестве источника позитронов использовался изотоп  $^{22}\text{Na}$  активностью 10 мКи. Измерение спектра УРАФ даёт возможность определить относительный вклад в процесс аннигиляции позитронов с электронами проводимости и ионного остова. Для этого экспериментально измеряется интенсивность аннигиляционного гамма-излучения, как зависимость скорости счёта совпадающих во времени импульсов 2-х фотонов, зарегистрированных противоположно расположенными детекторами от угла перемещения подвижного детектора  $\theta$ . Спектры УРАФ, измеренные для различных состояний материала, нормировались к единой площади. Не трудно установить, что спектр для дефектного материала имеет более высокую интенсивность в максимуме и узкую ширину на половине высоты (рис.1).

Для интерпретации результатов исследований были использованы следующие структурно-чувствительные аннигиляционные параметры:  $F$  - перераспределение вероятности аннигиляции позитронов между электронами проводимости и связанными электронами, а также соответствующее его приращение  $\Delta F$  относительно значений для исходного состояния, извлекаемые в результате обработки спектра угловой корреляции аннигиляционного излучения [14].




Рис.1 – Экспериментальные спектры угловых распределений аннигиляционных фотонов в сплавах Cu-Ni: а - для исходного; б - облученного электронами.

*Обсуждение результатов.* По экспериментальным спектрам УРАФ для отождённых сплавов  $\text{Ni}_{1-x}\text{-Cu}_x$  получены концентрационные зависимости параметров  $F$  и  $\Delta F$  от содержания меди в сплаве, представленные на рисунке 2 в, с. Как видно, изменения аннигиляционных параметров в зависимости от состава хорошо коррелирует с изменением постоянной Холла  $R_{H1}(x)$ , полученной по данным работ [8-11].

На рисунке 3 приведены радиационно-стимулированные изменения этих же параметров  $F_i$  и  $\Delta F_i$  для облученных электронами материалов. Видно, что зависимости аннигиляционных параметров претерпевают сложные изменения в исследованном интервале концентрации второй компоненты сплавов. Если зависимость  $F_i$  имеет один максимум в области 10 ат.% Cu и минимум в районе 30 ат.% Cu, тогда как параметр  $\Delta F_i$  испытывает два максимума соответственно при 10 ат.% Cu и 30 ат. % Cu, и минимум при 21 ат. % Cu.




Рисунок 2 – Зависимость константы Холла  $R_{H_i}$  (а) и параметров спектров УРАФ  $F_i$  (б) и  $\Delta F_i$  (с) сплавов  $Ni_{1-x}Cu_x$  от содержания  $Cu$  / d / - часть диаграммы состояния сплавов  $Ni_{1-x}Cu_x$ .

Наименьшее воздействие облучение электронами оказывает на чистый Ni. Причем параметры  $F_i$  и  $\Delta F_i$  после облучения изменяются не синхронно в интервале концентрации 21 ат.% - 40 ат.%Cu.

Вероятно, данный процесс связан как с образованием радиационных дефектов, так и с радиационно-стимулированной перестройкой конфигурации границ кластеров  $\gamma_1$  и  $\gamma_2$  фаз или кластеров ближнего порядка. Очевидно, сущность проблемы заключается в следующем.

Позитроны, проникая в металлическое вещество, замедляются до тепловых скоростей (термализуются) и захватываются определенными центрами внутри кристалла с последующей аннигиляцией с электронами в окрестности центров захвата. Эффективными ловушками позитронов являются те микрообласти, которые создают локальные градиенты электрического поля, обуславливающие направленные движения позитронов к местам аннигиляции с электронами, создающими избыточный заряд. Подобные градиенты поля возникают в окрестностях вакансий, дислокаций, петель дислокаций, дефектов упаковки, границ микрокластеров ближнего порядка [2].

В случае микрокластеров ближнего порядка градиент электрического поля может создаваться избыточным количеством атомов одного из составляющих сплава. В сплавах системы Ni-Cu вероятность аннигиляции позитронов с электронами проводимости будет тем выше, чем выше избыток атомов Cu в окрестности ловушки позитронов. Таковыми могут служить границы кластеров ближнего порядка, которые могут образовываться как в результате выдержки при невысоких температурах  $< 400^\circ C$ , так и при электронном облучении сплава при температуре  $\sim 70^\circ C$ . Время жизни позитрона в чистой меди обычно составляет  $\tau = 122 - 132$  ps. Оно значительно меньше времени жизни позитрона в Ni, которое достигает 180 ps. Так как вероятность аннигиляции позитронов с электронами проводимости  $\sim \tau^{-1} \sim n$ , то средняя по объему плотность электронов  $n$  будет зависеть от избытка того, либо другого компонента в местах захвата позитронов.

Положения минимума на кривых  $F_0(xCu)$  и  $\Delta F_0(xCu)$  соответствует максимуму в изменении постоянной Холла  $R_{H_i}(xCu)$  (рис.2а). Следовательно, результаты настоящего исследования подтверждают данные работ [8-11]. Отсюда следует, что электронная структура этих сплавов претерпевает не монотонные изменения с изменением состава сплава. В этом случае есть основание полагать, что и микроструктура исследованных сплавов не идентична в различных концентрационных областях. Эти данные отражают отожденное состояние сплавов с минимумом дефектов кристаллического строения, когда

концентрация вакансий соответствует равновесной. Тогда справедливо утверждение о том, что аннигиляция позитронов в этом случае происходит на границах блоков-кластеров фаз и кластеров ближнего порядка.,




Рисунок 3 – Относительное изменение параметров  $F_i$  (а) и  $\Delta F_i$  (в), вызванное облучением сплавов  $Ni_{1-x}Cu_x$ , в зависимости от содержания  $Cu$ .

/с/ - часть диаграммы состояний сплавов  $Ni_{1-x}Cu_x$ .

Известно, что при радиационных воздействиях меняется ближний порядок, а также конфигурация сегрегации на границах зерен, блоков и кластеров [2]. Полученная экспериментальная зависимость  $F_i(xCu)$  и  $\Delta F_i(xCu)$  для облученных материалов обусловлена, вероятно, радиационно – стимулированным перераспределением атомов Ni и Cu на границах кластеров ближнего порядка и границах фаз  $\gamma_1$  и  $\gamma_2$ . Одновременно не исключается влияние образовавшихся под действием облучения электронами точечных дефектов, в основном, вакансий, так как межузельные атомы достаточно быстро уходят к стокам и, вероятно, сегрегируют на границах кластеров фаз  $\gamma_1$  и  $\gamma_2$ . Минимальное значение аннигиляционных параметров после облучения электронами наблюдается у чистого никеля. В дальнейшем параметры  $F_i$  и  $\Delta F_i$  синхронно возрастают до концентрации 17,5 ат.% Cu, после чего наблюдается их снижение. Если учесть, что концентрация радиационных вакансий (как центров захвата позитронов) во всех облученных сплавах примерно одинакова, то изменения параметров  $F_i$  и  $\Delta F_i$ , вызванные с соответствующим изменением количества центров захвата позитронов, либо их эффективности, определяются не только изменением конфигурационного состава атомов в окрестности ловушек позитронов, но и локальной концентрацией свободных электронов в окрестности этих ловушек.

Выше концентрации 21 ат.% Cu в сплаве аннигиляционные параметры  $F_i$  и  $\Delta F_i$  изменяются асинхронно, что, вероятно, связано с развитием кластеров ближнего порядка. При этом конфигурация атомов на границах кластеров ближнего порядка такова, что изменяются локальные электронные состояния. Одновременно претерпевает изменение характер взаимодействия позитронов с электронами в окрестности ловушек. Увеличение параметра  $\Delta F_0$  при одновременном уменьшении  $F_i$  связано и изменением вероятности аннигиляции позитронов с электронами ионного остова.

Таким образом, радиационно-стимулированная сегрегация атомов Ni и Cu в исследованных сплавах, а также образование и развитие кластеров ближнего порядка происходят как за счет образования избыточного количества вакансий, созданных в результате облучения электронами, так и за счет процессов радиационно-стимулированной диффузии в структуре сплавов, приводящих к уменьшению энергии активационных процессов перемещения атомов.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Diens G.I. The effects of radiation on materials. New – York. Chapman Hall. LTO. London. 1958.
2. Шалаев А.М. Радиационно – стимулированные процессы в металлах. – М: Энергоатомиздат. 1988. – 176 с.
3. Chyrko L.L., Chyrko V.J., Chyrko E.U. et al. //J.Nucl. Mater. 2000. – 279, P.162.
4. Конов Ю.И., Астраханцев С.М., Лифшиц Б.Г. //Физ.мет.и металловедение. 1966. – С. 26.
5. Даниленко Б.А., Круликовская М.П., Петренко П.В. и др. //Украинский физический журнал. 1978. – С. 23.
6. Быстров Л.Н., Платов Ю.М. //Докл. АН СССР. 1969. 185, №2. – С.30.
7. Барабаш О.М., Коваль Ю.Н. Структура и свойства металлов и сплавов. Кристаллическая структура металлов и сплавов. – Киев: Наукова думка. 1986. – 598 с.
8. Smith J. //Physica. 1955. – P. 21.
9. Allison F.E., Pugh E.M. //Phys. Rev. 1956.–P. -120.
10. Foner S. //Phys. Rev. 1956. -P. -101.
11. Dutta S.K., Subrahnnagam A.V. // Phys. Rev. 1969.–P. -117.
12. Dekhtyar I.Ja. // Pys. Let. C.1974. – P.243.
13. Аморфные металлические сплавы. Позитроны и электроны в аморфных сплавах //Немошкаленко В.В., Романова А.В., Ильинский А.Г. и др. – Киев: Наукова думка. 1987. – 248 с.
14. Мукашев К.М. Физика медленных позитронов и позитронная спектроскопия. – Алматы, 2011. – 534 с.

## ТҮЙІНДЕМЕ

*К.М. Мұқашев, ф.-м.ғ. д., профессор*

*(Алматы қ., әл-Фараби ат. ҚазҰУ)*

*Н.И. Ильясов, п.ғ.к., профессор,*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

*Г.Т. Шойынбаева, магистрант*

*(Алматы қ., Абай ат. ҚазҰПУ)*

СТРУКТУРНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ МЕДНО-НИКЕЛЕВЫХ СПЛАВОВ,  
ОБЛУЧЕННЫХ ЭЛЕКТРОНАМИ

Құрамында 7,0; 9,0; 14,0; 21,0; 30,0 и 40,0 ат.% Си қоспасы бар Ni-Cu қорытпалары аннигиляция фотондарының бұрыштық корреляция спектрін өлшеу арқылы зерттеуден өткізілді. Қорытпа үлгілері бастапқы күйдірілген күйден энергиясы 2,5 МэВ электрондармен  $10^{19}$  см<sup>-2</sup> флюенске дейін сәулелендірілген. Нәтижесінде позитрондардың еркін және байланысқан электрондармен әсерлесуі барысында туындайтын материалдардың құрылымдық параметрлері анықталды. Құрылымдық параметрлердің радиациялық әсерден кейінгі қорытпалардың құрамына байланысты өзгеру заңдылықтары зерделенді. Эксперимент нәтижесі күрделі тәуелділік арқылы суреттеледі. Бұл заңдылықтың радиациялық ақаулар кеңістігінде орын алатын жақын аралық құрылымдық өзгерістерге тәуелді екендігі дәлелденеді.

**Түйін сөздер:** никель, мыс, қорытпалар, радиация, құрылым, позитрон, электрон, аннигиляция

## SUMMARY

**K.M. Mukashev**, *dr. of phy.-math.sci., professor*  
*(city Almaty, Kazakh National University named after al-Farabi)*  
**N.I. Ilyasov**, *cand. of ped.sci., professor*,  
*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*  
**G.T. Shoyinbayeva**, *master*  
*(city Almaty, Kazakh National Pedagogical University named after Abay)*

**STRUCTURAL CHARACTERISTICS OF THE COPPER-NICKEL ALLOYS  
 IRRADIATED WITH ELECTRONS**

Measurements of experimental spectra of angular distribution annihilation photons having swum systems Ni - Си, containing are executed 7,0; 9,0; 14,0; 21,0; 30,0 and 40,0 at. % Си. Alloys had initial отожженное and irradiated of elektrons with energy 2,5МэВ conditions at fluens  $10^{19}\text{cm}^{-2}$ . The structurally-sensitive parametres connected with distribution free and the connected electronen, co-operating with positrons are defined. Are established the law radiathion-stimuliren changes annigilations parametres depending on structure of alloys. Observable experimental dependence has nonmonotonic character. It, possibly, is connected with radiatsionno-stimulirovannym change of a near order in spheres of education of radiating defects.

**Keywords:** nickel, copper, alloys, radiation, structure, positron electron annihilation.

ӘОЖ 373(072)

**МАКСВЕЛЛ МАЯТНИГІН ОНТОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН ОҚИТУ  
 ЕРЕКШЕЛІГІ**

**А. Файзуллаев**, *п.ғ.д., профессор*  
**М.Б. Динаилова**, *магистрант*  
*(Алматы қ, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Максвелл маятнігі автордың өз қолымен жасалған туынды болатын. Ол маятнікті кинетикалық энергияның потенциялық энергияға айналуы және керісінше болатын құбылыстарды қарастырмақ мақсатта жасамады. Оның мақсаты – Д'Аламбер бастамасының теориясы арқылы және Лагранж теңдеулерін пайдалана отырып Ньютонның II заңының теңдеуін кең түрде қолдануға мүмкіндік алу болды. Мұнда серпердің қозғалатын қарама-қарсы аяқтары жоғарғы тұрғыға бекітілген. Диск толық ұзындыққа дейін қозғалған серперлерде ауырлық күштерінің әсерімен қозғалып жатыр. Диск серіппенің осіне оралып, айналу бағытындағы қозғалысын жалғастыра отырып, жоғары көтерілгенде өзінің айналу бағытын баяулатады. Жоғарғы нүктеге дейін жетіп, диск тағы төмен қарай қайталанып отырады. Диск жоғары және төмен тербелістер жасайды, сондықтан тербелістің құрылымы және маятник деп атаған.

**Түйін сөздер:** маховик, таразы, диск, маятник, жіп.

Ресейдің 7-сыныбына арналған А.В.Перышкин және Н.А.Родиналардың авторлығымен жазылған оқулығында жіпке оратылып айналатын диск түрінде потенциялық энергияның кинетикалық энергияға айналуы және керісінше процестері баяндалады. Бұл маятнікті көрнекілеу оқушылардың қызығушылығын арттыруы сөзсіз. Себебі, айналып төмен түскен дискінің төменгі нүктеге жеткенде қайта көтерілуі оқушыларды таңғалдырады. Бұл тек тербелмелі процесс болып көрінетінін аңғаратын тәжірибеден басқа оқушы ешбір

механикалық заңдылықтарды өз беттерінше аңғара алмауы хақ. Шындығына келер болсақ, Максвелл бұл маятникті энергиялардың бір-біріне ауысуын көрсетуді мақсат тұтқан жоқ. Бұл Д'Аламбер принципін үлгі түрінде түсіндіру мақсатын көздеп жасалған Максвеллдің тәжірибесі болатын.

Оқытушы ұқыпты тұжырымдап, көрнекі түрде көрсете білсе, бұл тәжірибенің оқушы қызығарлық мүмкіншілігі зор. Тәжірибе физика тереңдетіліп оқытылатын мектептердің 7-сыныбынан бастап күрделенілетін оқу материалдарына сәйкестендіріліп жасауға болады. Себебі, олар үдеудің әр уақытта инерция күшінің бағытына қарсы бағытталаатынын өткен жоқ болатын. Дөңгелек серпер (маховик – диск) төмен түсе бастағаннан үдеуі  $\alpha, \vec{a}$  жылдамдықпен бағыттас болып (төмен бағытталады) ең төменгі нүктеге жетеді де инерция пәрменімен сол баяғы бағытында айнала отырып, өзі ілінген жіпке қайта орала бастап, жоғары көтерілуге мәжбүр болады. Жоғары нүктеге жақындаған сайын оның жылдамдығы  $v$  кеміп, кемімелі жылдамдық кезінде үдеу дене жылдамдығына қарсы бағытталады. Дискінің тербелісі кезінде жылдамдықтары мен үдеулерін вектор түрінде, оның төбесіне қойылатын векторлық белгілерін қажетті жаққа бағыттай отырып, суретке сызу арқылы да түсіндірген дұрыс. Оқытушы тарапынан оқушыларға ескертулері, ол: диск төмен түскенде үдеу оның жылдамдығымен бағыттас болады да, жоғары көтерілгенде сол жылдамдыққа қарсы бағытта болады. Сөйтіп диск үдеуі әр уақытта төмен бағытталған қалпында қалып отырады. Әр уақытта төмен бағытталған үдеуге қарама-қарсы (тәжірибе бойынша жоғары) бағытталған инерция күші пайда болады. Бұл күштің бағыты әрдайым жоғары бағыттала отырып, дискінің салмағын азайтады. Олай болса, әрдайым жоғары бағытталған инерция күші салдарынан диск төмен түссе де, жоғары көтерілсе де оның салмағы азайып отырады.



1 сурет. Максвелл маятнигі

Физиканы тереңдете оқуға мойын ұсынған оқушыларға Д'Аламбер қағидасын (немесе Д'Аламбер бастамасын) 1-суреттегі көрнекілікті көрсете отырып қарапайым түрде түсіндіру қажет. Бұл қағиданы Лагранж динамика негізіне енгізді. Д'Аламбер қағидасы динамиканың кез келген тұжырымдамасын статика заңдылығына айналдыруға мүмкіндік береді. Оны былайша қорытуға болады: бір денеге әсер етуші күш инерция күшімен біріктіріліп, өзара тепе-теңдік күштер жүйесін түзеді. Бұл инерция күші Ньютонның ІІ-заңымен түсіндіріледі. Ньютонның ІІ-заңы:

$$\mathbf{F} = m\vec{a},$$

Бұл теңдікті басқаша жазғанда  $\mathbf{F} - m\vec{a} = \mathbf{0}$ . Екінші жағынан [1] импульстің сақталу заңы бойынша массасы  $m$  денеге инерция тарапынан әсер ететін күш  $\Phi = \mathbf{F}t$  деп белгілей отырып,

$$\mathbf{F}t = m\mathbf{v}, \quad (1)$$

Белгілі бір күшпен әсер еткенде дене қозғалысқа ене отырып, үдеу  $\vec{a}$  алады. (1) теңдікті толық жазған:

$$\mathbf{F}t = m(\vec{v}_1 - \vec{v}_2)$$

Теңдігіндегі  $(\vec{v}_1 - \vec{v}_2)$  дискінің төмен және жоғары қозғалғандағы жылдамдықтары. Теңдіктің сол жағындағы өрнек дискінің жоғары-төмен қозғалғандағы алатын импульсын көрсетеді.

$$\Phi = \mathbf{F}t = -m(\vec{v}_1 - \vec{v}_2). \quad (2)$$

Бұл дененің алатын импульс күші  $\Phi$ . Егер (2) теңдіктің екі жағын да  $t$ -ға бөлгенде:

$$F = -m(\vec{v}_1 - \vec{v}_2)/t$$

болып шығады. Бұл теңдік Ньютонның II-заңына ұқсас, тіпті оған тең шама. Олай болса бір денеге белгілі-бір күшпен әсер еткенде дененің алар үдеуіне қарсы бағытталған, шамасы жағынан тең импульс күші пайда болады екен. Д'Аламбер қағидасының анықтамасын былай тұжырымдау қажет болады: егер масса  $m$  денеге  $F$  күші әсер еткенде ол белгілі бір үдеу  $\vec{a}$  алады. Сонда әсер еткен күштің шамасы Ньютонның II-заңы бойынша [2]

$$F = m\vec{a}.$$

болады. Екінші жағынан Д'Аламбердің қағидасы бойынша Ньютонның күшіне тең бағытта қарама-қарсы күш пайда болады. Ол күшті инерция күші  $\Phi$  деп аталу қабылданған. Оны оқушыларға былай түсіндірген жөн болар деді. Егер аялдамаға жақын келген автобус жылдамдығын тежесе жылдамдық азаяды, ал үдеу кемімелі жылдамдық бағытына қарсы бағытталады. Д'Аламбер қағидасы бойынша автобус жүрісінің бағытына кері бағытталған үдеуге қарама-қарсы бағытта автобустағы жолаушылар импульс күші салдарынан еріксіз алға ұмтылады. 1 суретте Максвелл маятнигі көрнекіленген.

Максвелл өзінің тәжірибесінде (Максвелл маятнигі) осы Д'Аламбер қағидасын тәжірибе арқылы көрсету мақсатында жасады [3]. Тербелген дискінің салмағының өзгеретінін маятниктің жібі байланған штанга серіппелі салмақ өлшеуішке бекітілген. Тыныштық қалыпта тұрған дискінің салмағын белгілеп алып, оны тербеліске түсіреміз.

Тербеліс кезінде диск салмағының азаятындығын аңғарамыз. Бұл тербелісті техникалық жоғарғы оқу орындарында еркін түсі үдеуін анықтау жұмысы ретінде де пайдаланылады. Ол күрделі математикалық есептеулер қажет етеді. Онда диск ілінген жіптің қатаңдығы, диск диаметрі, диск бекітілген сырықшалар ұзындығы мен олардың салмағы және т.с.с.

Бұл тәжірибе арқылы еркін түсу үдеуін анықтау үшін арнайы фотокедергілермен жабдықталған индикаторлық аспап қажет. Тәжірибені физикалық практикумға да қоюға болады. Максвелл маятнигін сабақта көрнекілеу үшін иін тіреуіштеріне сұйық май толтырылған «бәсеңдеткіш» құрылғымен жабдықталған таразы қолдану қажет немесе азық-түлік дүкендеріндегі электрондық таразыларды пайдалануға болады. Таразыны ток желісіне қосқаннан кейін оның өлшеуіш табақшасына 1 суреттегі «Максвелл маятнигі» атты қолдан жасалған аспапты орналастырады да таразының көрсетуін сынып тақтасының оқушылар назарына түсер жеріне жазып қояды. Максвелл дискісінің (маховигінің) штангаларының ұштарындағы жіптерді орап, иіреді [4]. Көрнекілеу процесін оқушыларға ұғындырғаннан кейін олардың назарын таразы көрсеткішінің сандарына аудара отырып, дискіні өз бетімен төмен түсуге мүмкіншілік береді. Диск гравитациялық күш салдарынан екі жағындағы жіп бойымен дөңгелей төмен түсе бастайды. Жіптің ұзындық шегіне жеткенде тежеліп тоқтамастан, бастапқы айналған бағытында инерция салдарынан айнала жіптерге қайта орала жоғары көтеріледі. Диск бастапқы ағытылған биіктігінен сәл төмендеу жерден барып, айналу бағытын өзгертіп қайта төмен айнала түседі.

Осылай процесс бірнеше рет қайталанып, диск жоғары-төмен тербелмелі қозғалыста бола отырып, тербеліс амплитудасын азайта береді. Тербеліс кезінде оқушылар назарын таразы көрсетулеріне аударып, Максвелл маятнигінің массасының тербеліс басталмай тұрғандағы массасынан аз болатындығын аңғартады. Тәжірибені бірнеше рет қайталап көрсетуге де болады. Бұл суреттегі масса өлшеуішін басқа да түрде құрастыруға болады. Мысалы, серіппелі таразының орнына иінді таразының бір жағына орнатқан қондырғымыз әлдеқайда көрнекірек болады. Одан да басқа тәсілдерін табуды оқушылардың өздеріне тапсыруға болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Файзуллаев А., Мектепте электромагниттік толқындарды оқыту әдістемесі//Ізденіс, 1999, №3, Б.119-124. Авторлық ұжым: А.Абеннова, Т.Шилибаева

2. Мякишев Г.Я., Буховцев Б.Б. Физика: Уч.для 11кл. сред. шк. – М, Просвещение, 1991. – С. 68.
3. Файзуллаев Ә. Физиканы оқыту әдістемесін тәжірибе көрнекілеумен жетілдіру / Информатика, физика, математика. 1999, №2. –Б. 35-37.
4. Файзуллаев Ә. Физиканы оқыту әдістемесін тәжірибе көрнекілеумен жетілдіру / Информатика, физика, математика, 1999, №3. –Б. 41-43.

## РЕЗЮМЕ

*А. Файзуллаев, д.п.н., профессор, М.Б. Динаилова, магистрант  
(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ОСОБЕННОСТИ ОНТОДИДАКТИЧЕСКОГО МЕТОДА ОБУЧЕНИЯ МАЯТНИКА МАКСВЕЛЛА

Маятник Максвелла была выполнена им, не для демонстрации превращения потенциальной энергии в кинетическую и обратно. Автор изобретения соорудил своими руками данный прибор для объяснения возможности применения уравнения из «Начала Д'Аламбера» и из уравнения Лагранжа во втором законе Ньютона.

Применении с уравнениями из начал Д'Аламбер и Лагранжа в совокупности с Ньютона законом облекчало принципа действия. Сюда противоположные концы нитей закреплены на верхнем кронштейне. Диск опускается под действием силы тяжести на нитях, которые разматываются до полной длины. Диск, продолжая вращательное движение в том же направлении, наматывает нити на ось, вследствие чего он поднимается вверх, замедляя при этом свое вращение. Дойдя до верхней точки, диск опять будет опускаться вниз. Диск будет совершать колебания вверх и вниз, поэтому такое устройство и называют маятником.

**Ключевые слова:** маховик, вес, диск, маятник, веревка.

## SUMMARY

*A. Fayzullayev, dr. of ped.sci., professor, M.B. Dinasilova, master  
( city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### FEATURES ONTO DIDACTIC METHODS TRAINING PENDULUM MAXWELL

Pendulum of Maxwell was executed by it not for demonstration of to run around potential energy in kinetic and back. Author of invention of copudil with own hands this device for explanation of possibility of application equalization from "Beginning of D'Alamder" and from equalization of Lagrange in Newton's second law of motion. Application with equalizations from beginning of D'Alamder and Lagrange in totality from Nuton by the law of easy principle of action. The contrary ends of threads supporting on up bracket. The disk sinks by gravity on threads, which unwind before the enough length. The disk, continuing gyral movement in that and direction, spools thread on axis, because of that he lifts up, delaying by this twirl. Reaching before the up point, the disk again will to sink down and т. Д. The disk will to commit oscillation up and down, therefore such device and name pendulum.

**Keywords:** The fly wheel, the weight, disk, pendulum, the cord.

## ҚАЗІРГІ КОМПЬЮТЕРЛІК ТОРАПТАРДАҒЫ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРДЫ ЖАСАУ

*Б.Б. Шолпанбаев, PhD*

*Н.Б. Дүйсенова, магистр, оқытушы*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*

*қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада хабарламаның нақты түрде жеткізілуіне белгіленген функциялар өңдеушілерді қосалқы бағдарламалардан және дейтаграмманы басқару амалдары мен хаттама жіберуші және алушы арасындағы мәліметтер жіберілу байланысы туралы айтылады. TCP жалғауды қондыруға бағытталған дейтаграмманы алған адресат жіберушіге алғандығы туралы хабар беруі жазылған. UDP арқылы қолданбалы процеспен жіберілетін мәліметтер бөлшектерге бөлінбей, белгіленген орынға бір бүтін болып жетеді. Егер жіберуші – процесс порт арқылы бес хабарлама берсе, онда алушы – процесс порттан бес хабарды есептеуі қажет. Әрбір жазылған хабарлар көлемі әрбір оқылғандардың көлемімен сәйкес келуі қажет.

UDP хаттамасы мәліметтерді берудің қарапайым механизмі қажет болған жағдайда ғана пайдаланылады. (TFTP – Trivial File Transfer Protocol – қолданбалы хаттамасы – файлдарды берудің қарапайым хаттамасы), (SNMP – Simple Network Management Protocol басқарушы хаттамасы немесе NFS - Network File System файлдық жүйеде пайдаланады) хаттамалары туралы қарапайым тілде түсінікті етіп жазылған.

**Түйін сөздер:** Хаттамалар, адресстер, порттар, интернет, сигнал, кабельдер.

Жалпы жіберуші мен алушы арасында виртуальды канал қондырылады, ол жерде олар хабарламамен алмасады және алғандығы туралы хабар жіберіледі. TCP (Transmission Control Protocol) – бұл транспорттық деңгейдің ең кеңінен таратылған түрі. TCP ең маңызды функциясына бұрыннан қолданылып келе жатқан IP (Internet Protocol) хаттамасымен салыстырғанда, мәліметтерді жоғалтпай жеткізуі болып саналады. Хабарламаны жеткізу үшін процесс – жіберуші мен процесс – алушының арасын алдын ала жалғайды. Бұл құрылған жалғау дейтаграмманың нақты түрде жетуін қамтамасыз етеді. TCP хаттамасының бүлінген немесе жоғалған пакеттерді қайталап жіберу мүмкіндігі бар.

Мәліметтерді алмасу процесі машина – жіберуші және машина – алушы арасында жалғауды қондыру сұранысынан басталады. Бұл сұраныста арнайы бүтін саны болады, оны біз сокет номері деп атаймыз. Ал жауабына алушы өз сокетінің номерін жібереді. Жіберуші мен алушының сокеттерінің номері жалғауды анықтайды (былай айтқанда, жалғау жіберуші мен алушының IP-адрессіз орындалмайды, бірақ та бұл тек төменгі деңгейлі хаттамаларға қатысты). TCP жалғауын қондырғаннан кейін хабарламаның сегменттері жіберіліп бастайды. Жіберушінің төменгі деңгейлі IP-адресінде сегменттер бір немесе бірнеше дейтаграммаларға бөліне бастайды. Желіні өте келе, дейтаграммалар алушыға келіп түседі, содан IP деңгейі олардан қайтадан сегмент жинақтап TCP береді. TCP барлық сегменттерді бір хабарламаға жинақтап отырады. TCP-дан процесс – алушыға хаттамалардың жиналатыны туралы хабарлама жіберіліп отырады. TCP машина – алушыда номері бойынша бүкіл сегменттерді бір хабарламаға жинақтайды. Егер қандайда бір хабарлама сегменті жоғалған немесе бүлінген болса, жіберушіге қате кеткен сегменттің номері жіберіледі. Бұндай жағдайда жіберуші сегментті қайта жіберуіне тура келеді. Егер де сегмент дұрыс қабылданған болса, онда алушы анықтаушы – квитанциясын жібереді (ACK - acknowledgement).

Таймер TCP хаттамасында ең маңызды рөлді атқарады. Егер де белгіленген уақыт ішінде анықтаушы – квитанциясы келіп түспеген болса, онда сегмент жоғалтылған болып саналады. Бұндай жағдайда сегментті қайта жіберу процесі орындалады [1.10-12].

## Порттар номерлері мен сокеттер

TCP қолданылатын қосымшасы (процесс) номер порты – санымен анықталады. Бұрыннан әйгілі желі қызметтерінің порттар номерлері 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4 – Internet желісінің кеңінен қолданылатын порттар номерлері

Порт номері	Желі қызметі	Сипаттау
0		Резервтелген
7	echo	Келген хабарламаға жауап - эхо
9	discard	Бүкіл келген хабарламалар лақтыру (жою)
11	users	Белсенді қолданушылар
13	daytime	Күннің уақытын туралы мәліметтер Отклик
19	chargen	Символдар генераторы
20	ftp data	FTP хаттамалары арқылы мәліметтерді жіберу
21	ftp	FTP хаттамасы арқылы басқарушы командаларын жіберу
23	telnet	TELNET хаттамасы арқылы портты қосу
25	smtp	SMTP почталық хабарламаларын жіберу хаттамалары
	time	Уақытты қамтитын отклик
42	name	Аттар сервері
43	whois	Бұл кім
53	domain	Домендер аттары серверлері
67	boots	Жоғалған серверді енгізу хаттамасы
68	bootc	Жоғалған клиентті енгізу хаттамасы
69	tftp	TFTP файлдарын жіберудің жеңілдетілген хаттамасы
79	finger	FINGER қолданушылары туралы мәліметтер алу хаттамасы
80	http	HTTP гипертекстің жіберу хаттамасы
109	pop2	POP2 почталық жәшігінің хаттамасы
110	pop3	POP3 почталық жәшігінің хаттамасы
111	rpc	RPC жоғалған процедуралар хаттамасы
156	sqlserv	SQL қызметі
161	snmp	SNMP басқарушы хаттамасы

TCP хаттамасының хабарландыру форматындағы порт номері астына 16 бит апарылады, сондықтан порттың максималды мүмкіндікті номері 65535 болып табылады. 0 – ден 255-ке дейінгі порттардың номерлері жүйелік қажеттіліктерге қатаң резервтеген, оларды қолданбалы бағдарламаларда пайдалануға рұқсат етілмейді. 256-дан 1023-ке дейінгі аралықта көптеген порттарда желілік қызметтермен пайдаланылады, сондықтан оларды да қолданбалы қажеттіліктерге пайдалануға рұқсат етілмейді. Ереже бойынша TCP/IP негізіндегі бөтен көптеген қолданбалы қосалқы анықтауыштар порт номерлерін 1024-тен 5000-ға дейінгі диапазонында пайдаланады. 3000-нан 5000 дейінгі номерлерді пайдалану ұсынылады, 5000-нан жоғары номерлері көбінесе қысқа мерзімдік қолданулар үшін пайдаланылады. TCP-дегі кез келген байланыс каналдары екі санмен анықталынады – бұл комбинация сокет деп аталады. Осылайша сокет ЭЕМ-де IP-адресімен және TCP-дегі бағдарламалық қамсыздандыру арқылы порт номерімен анықталады. Қосылу кезінде кез келген машина бір мағынады IP-адресімен анықталады, ал әрбір процесс – портпен анықталады, сондықтан екі процестер арасындағы қосылыстар бір мағынада сокетпен анықталынады. Желідегі үш ЭЕМ арасындағы TCP хаттамасы бойынша қосылыстардың орналасу схемасы 6-суретте бейнеленген [2.97-99].

Так, например, на занятиях как средство активизации креативного потенциала субъекта можно использовать стихотворные переводы оригинальных произведений поэтов, которые автор называет «креативные стихотворные переводы». Личностную ориентацию такой вид работы приобретает тогда, когда перед студентами ставится задача сделать стихотворный перевод, воссоздав собственные внутренние переживания, вызванные произведением.

Указанные формы и методы работы требуют от преподавателя не только эрудиции, совершенного знания своего предмета, свободного владения коммуникативными навыками, но и методической и информационной сноровки; готовности к экспромтам и непредвиденным ситуациям на занятии; умения подавать новые идеи и направлять мнение студентов в нужное русло; импровизации; умения не только поддерживать аудиторию в постоянном напряжении, но и не забывать о моментах релаксации, проявления чувства

юмора, способности педагога поддерживать интерес студентов к культуре народа, язык которого изучается.

Таким образом, обучение иностранному языку открывает широкие возможности для развития креативных способностей. Его стратегическим принципом является развитие творческих лингвистических способностей. В процессе обучения студенты не только овладевают необходимым лингвистическим минимумом и адекватными этим знаниям умениям, но и создают новые для себя ценности, важные для формирования личности как общественного субъекта и будущего высококвалифицированного специалиста. Проявлениями креативности могут быть выполнение творческих заданий или тестов разного уровня сложности и участие в составлении методических указаний и пособий. Отдельное место принадлежит научной работе с талантливыми студентами по изучению творчества писателей и поэтов стран, язык которых изучается. Результатом этой работы является участие в международных конференциях, публикация научных работ.

И наоборот, стремление обеспечить развитие личностного, креативного потенциала студентов благодаря сочетанию креативных психотерапевтических техник и креативной лингвистики способствует эффективному усвоению ими иностранного языка, дает кумулятивный эффект для развития личности магистров.

Ну а педагогам следует помнить, что одной из основных составляющих успешного профессионального становления личности является творческому потенциалу, который необходимо не только развивать, но и поощрять и поддерживать студентов в процессе обучения в вузе.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Алимов А.Т. Развитие самостоятельного и творческого мышления у учащихся в процессе обучения / А.Т.Алимов, И.Б.Савриева // Молодой ученый. 2014. №1. – С.468-470.
2. Митченкова О.В. Развитие креативности студентов в воспитательном пространстве вуза: автореф. дис. ... канд. пед. наук: спец. 13.00.01 / О.В.Митченкова. – Оренбург, 2010. – С. 22.
3. Кукуленко-Лукьянец И.В. Личностно-креативный подход в обучении иностранному языку: учеб. пособие. для студ. высш. учеб. заведений / И.В.Кукуленко-Лукьянец. - Черкассы: Издатель Ю.А.Чабаненко, 2004. – 210 с.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

*Г.Науанова, магистр оқытушы*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

#### ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Мақалада шетел тілдері факультеті студенттерінің шығармашылық қабілеттерінің даму амалдары мен тәсілдері зерттелінеді. Мұғалім-лингвистердің педагогикалық шығармашылығының дамуына арналған тренинг қағидаларына және берілген мән-мәтінде мұғалім қолдана алатын амалдарға ерекше назар аударылады.

**Түйін сөздер:** шығармашылық ерекшеліктер; шығармашылық қабілет; әдістер мен амалдар, шығармашылық ой.

#### SUMMARY

*G. Nauanova, master, teacher*

*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### DEVELOPMENT OF STUDENTS' CREATIVE ABILITIES OF THE FOREIGN LANGUAGES FACULTY

The article deals with the methods and approaches of developing creative abilities of students of the foreign languages faculty. Particular attention is paid to the training principles for

developing pedagogical creativity of teachers, linguists. Attention is also drawn to the methods that a teacher can use in this context.

**Keywords:** creative peculiarities, creative abilities, methods and approaches, creativity, creative thinking.

ӘОЖ 372.8:811.111

## ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА АУТЕНТТІК МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

*Г.Қ. Рысбаева, ф.ғ.к., проф. м.а.,  
А.Қ. Жақсыбаева, магистрант  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Бүгінгі шетел тілін оқытудың басты мақсаты – коммуникативті құзіреттілікті қалыптастыру. Қазіргі кезде шетел тілдерін оқыту технологиясы оң өзгерістерді басынан кешіруде. Шетел тілдерін оқыту теориясы мен практикасындағы оңтайлы тәжірибелерді пайдалану негізінде жаңалау жұмыстары жүргізілуде. Тілдік материалдар шетел тілін оқытудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Солардың бірі аутенттік мәтіндер. Бүгінгі мақалада осы аутенттік мәтінде туралы жалпы мағлұмат, оның шетел тілін оқытудағы маңызы орын алды.

**Түйін сөздер:** аутенттік материалдар, интеллектуалдық даму, аутенттік мәтін, ауызекі сөйлесу, диалогтік сөйлесу.

Қазіргі заманда адамның өмірінде оқу үлкен орын атқарады, себебі оқу бүгінгі күндегі ақпараттық негізгі және жетекші көзі болып табылатын кітап пен басқа да баспа өнімдеріне жол ашады. Оқу өте күрделі процесс, оның екі жағы бар:

- мазмұндық жағы;
- процессуалдық жағы.

Осы екеуінің ішінде оқудың мазмұндық жағы жетекші рөл атқарады. Оқудың мақсаты - жазбаша түрде берілген мәтіннің мазмұнын түсіну, яғни жазбаша мәтіндегі ақпаратты қабылдау. Оқу процесін іске асыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды екі топқа бөлуге болады:

- оқу техникасымен байланысты іскерліктер мен дағдылар, яғни графикалық таңбаларды қабылдап, оларды белгілі бір мағынамен ұштастыру іскерліктері мен дағдылары;
- қабылдаған мәтіннің мазмұнын түсінумен, яғни әр деңгейдегі тіл бірліктерінің арасындағы мазмұнды анықтаумен байланысты іскерліктер мен дағдылар. Нағыз оқуда қабылдау процестері мен оның мәнін түсіну процестері бір-бірімен тығыз байланысты, себебі олар бір мезгілде өтеді және бір-біріне ықпалын тигізеді.

Мәтіннің мазмұнын түсіну барысында оқырман мәтінде берілген фактілердің ішінде ең бастыларын анықтайды, жинақтап қорытады, бір-бірімен ұштастырады, оларға баға беріп, түсіндіреді, осы фактілерге байланысты белгілі бір қорытынды жасайды.

Осылайша, оқу әр түрлі ойлау операцияларын талап етеді. Олар:

- салыстыру;
- абстракциялау;
- талдау;
- нақтылау;
- жинақтау.

Берілген мәтінді оқып, мазмұнын түсіну де әр түрлі сипатта өтетіні анық. Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын толық, дәл және түсінуге тиіс [1]. Оқу іскерліктерін дамытудың

нәтижелілігі оқитын мәтіндердің сипатына байланысты. Сондықтан оқуға арналған мәтіндер төмендегідей талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- мәтіндер мазмұнының тәрбиелік тұрғыдан құнды болуы;
- мәтіндер мазмұнының оқушылардың жастарына, тілек-талаптарына, интеллектуалдық даму деңгейіне сәйкес болуы;
- оқуға арналған мәтіндерде тілін үйренетін елдің тарихы, экономикасы, саяси өмірі, әдебиеті, мәдениеті, тұрмысы, салт-дәстүрлері туралы мағлұматтар болуы;
- аутентикалық мәтіндердің басым болуы.

Соңғы жылдары ғалымдар мен әдіскерлер шетел тілі оқулықтарына аутентикалық мәтіндерде кеңінен енгізуді жақтайды. Аутентикалық мәтін дегеніміз адаптирленген, бейімделген емес, яғни жасанды мәтін. Бұл тілін оқып, үйреніп жатқан елдің реалды өмірін сипаттайтын, қазіргі болмысын көрсететін мәтін. Аутентикалық мәтіндерді оқушы оқи отырып, өз елін, тілін үйреніп жатқан тілмен салыстырып, сын елегінен өткізіп, ой-өрісін дамытып, терең жан-жақты білім алып, рухани, саяси-идеялық тұрғыдан тәрбиеленуіне мүмкіндік алады. Аутентикалық мәтіндермен жұмыс барысында оқушылар мәтіннің жекеленген бөліктерін бір-бірімен ұштастыруды, фактілер мен оқиғаларды логикалық, хронологиялық тәртіппен ұйымдастыруды, фактілерді топтастыруды, оқиғалар арасындағы байланысты анықтауды үйренеді. Оқушы сонымен бірге мәтіннен алынған ақпаратты өңдей отырып, қорытынды шығарып, мәтіннің идеясын, түпкі ойын анықтап, оларды бағалай білуді, оларды өздерінің білімдерін тәжірибелерімен ұштастырып үйренеді. [2]. Аутентикалық мәтіндермен жұмыс төмендегідей бөлімдерден тұрады:

- 1 мәтінді оқуға дейінгі кезең;
- 2 тікелей мәтінді оқу кезеңі;
- 3 мәтінді оқып болғаннан кейінгі кезең.

Мәтінді оқуға дейінгі бірінші кезеңде біз оқушылардың мәтінді оқуға деген құштарлықтары мен қызығушылықтарын оятуға тырысамыз. Ең алдымен біз оқушылардың назарын мәтін тақырыбына аударып, қажетті жағдайда, суреттер, модельдер және т.б. көрсетіп, оқушылардың болжау іскерліктерін дамытамыз. Аутентикалық мәтіндерде, әрине, қысқартылған сөздер, біздің болмысымызға тән емес эквиваленті жоқ сөздер, сөз тіркестері, қиын сөздер болуы мүмкін, сондықтанда бұл қиындықтардың алдын алу үшін, бұл сөздерді түсіндіріп кетеміз. Ең бастысы бірінші кезеңде мәтін мазмұнына байланысты еш хабар айтылмағаны жөн, әйтпесе оқушылар мәтінді оқуға тырыспайды.

Екінші кезең мәтінді тікелей оқу кезеңі. Оқушылар мәтінді оқиды, мазмұнын түсінеді, мәтін мазмұнындағы ақпаратты толық түсіну қажет болса, яғни зерттей оқу түрінде, онда мұғалім оқушыларды қатыстыра отыра кейбір сөйлемдерді талдатып, ана тілдеріне аудартып, мәтін мазмұнын 100% түсінгенін анықтайды. Ал таныса оқуда оқушылар мәтіндегі барлық негізгі, басты фактілерді міндетті түрде түсіну қажет, яғни басты ақпаратты дәл түсіну керек. Оқудың қарап шығу түрі оқушылардан өте жоғары дәрежеде дамыған оқу іскерлігін талап етеді. [3].

Мәтінді оқып болғаннан кейінгі үшінші кезеңде оқушылар мәтін мазмұнына байланысты тапсырмаларды орындайды. Мысалы:

- мәтін мазмұнына байланысты берілген сөйлемдердің дұрыстығын (не дұрыс еместігін) анықтаңдар;
- берілген сөйлемдерді аяқтандар/не толықтырыңдар;
- мәтінді оқып, оның негізгі мазмұнына қойылған сұрақтарға жауап беріңдер;
- берілген сұрақтарға бірнеше дұрыс жауаптар бар, дұрыс жауапты табыңдар;
- берілген сөйлемдерді мәтін мазмұнына қарай нөмірлендер;
- қай сөйлем мәтін мазмұныны сәйкес келетінін/не сәйкес келмейтінін анықтаңдар;
- мәтінге жоспар құрыңдар;
- берілген мақал-мәтелдердің қайсысы мәтін мазмұнына дәл келетінін анықтаңдар;
- берілген сөйлемдерге сұрақтар қойыңдар;

- мәтін мазмұнына байланысты ой-пікірлеріңді айтыңдар/жазыңдар;
- мәтінге байланысты эссе жазыңдар;
- мәтін мазмұнындағы көтерілген мәселеге байланысты пікір-талас ұйымдастырыңдар;
- мәтін мазмұнын әңгімелеп беріңдер;
- мәтін мазмұнына байланысты сурет салыңдар;
- мәтінде көтерілген мәселеге байланысты қосымша ақпарат жинаңдар және т.б.

Мәтіннен кейін берілген тапсырмалар оқушылардың сөйлеу және жазу іскерліктерін де дамытады. Біз шетел тілі сабақтарында аутентикалық мәтіндермен осындай тәсілдерді қолданып жұмыс істеп, оқушылардың оқу іскерліктерін дамытамыз [4].

Шет тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселесінің бірі болды. Осы орайда мектептерде ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан-жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады.

Ағылшын тілін оқытуда жаңа технологияларды техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Ағылшын тілі сабақтарында өзіміз қолданып жүрген компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу түрлерін атап өтер болсақ:

- лексиканы меңгерту;
- мәтіндік лексиканың кіріспесінде және онымен жұмыс істеуде, мысалы, азық-түлік, сауда, киім, т.б.

Сөйлеу жұмыстары: көптеген бағдарламаларда микрофонмен жұмыс істеді қарастырады. Сөздер мен сөз тіркестері тыңдалғаннан кейін, оқушы оны қайталайды. Бұдан соң диктордың сөзді айту, яғни дыбыстау ерекшелігін тыңдай отырып, жеткіліксіз жақтарын аңғарып, оқушы оны түзетуге мүмкіндік алады.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету оқушыларды қызықтырады. Диалогтік сөйлесу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ауызекі сөйлесу – жауаптасу арқылы жүзеге асады, ал жауаптасуға дейінгі дайындық кезеңдерін былайша сараланады:

- 1 кезең: диалогпен танысу (тыңдау арқылы);
- 2 кезең: диалогті жаттау;
- 3 кезең: диалогты қойылымға айналдыру, яғни сөйлесім іс-әрекетін қойылым іс-әрекетімен ұштастыру;

*Жазуды оқыту.* Жұмыстың бұл түрі сауатты жазу дағдыларымен, есте сақтау қабілеттерін дамытады, әрі пернетақтаны меңгеруге септігін тигізеді.

Тыңдау, сауатты жазу, әріптерді теру секілді үш іс-әрекетті бір уақытта біріктіреді. Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда тыңдап түсіну мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Тыңдап түсіну арқылы тіл қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі тиіс.

Қазіргі заманда ғылымсыз жан-жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал мектеп мұғалімдерінің бүгінгі заманға сай берілген сабақтарды осы мәселелерді шешуші күш болып отыр. Аталған мәселені өзіміздің тәжірибемізге жүгіне отырып шешкіміз келеді. Әр баланың аз болсын, көп болсын өмірлік тәжірибесі болады. Баланың тамырын басып, сол тәжірибелерін анықтап, өмірдегі білімдерін туған жерін сүйіп, сыйлауға баулыса, біздіңше әр оқушы іркіліп қалмас. Пән мұғалімдері арасында да үнемі үзілмес байланыс болуы керек дейміз. Мысалы: қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі мұғалімдері бір тақырыпты бір уақытта бастап, пәндер арасында тым құрығанда атауларын бала үш тілде біліп, байланыстыра отырып тіркес, сөйлем, қысқа әңгіме құра білсе бір оқу жылы ішінде біршама жетістікке жетер еді. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, «тілдердің үш тұғырлығының» болуы үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Үш тілді болу – қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай соған сәйкес қадам жасауымыз қажет [5].

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сейдуалиева З.Д. Аутенттік мәтіндерді қолдану//Мектептегі шет тілі, 2009, №1 Б.13-18
2. Носович Е.В., Мильруд Р.П. Параметры аутентичного учебного текста//Иностранные языки в школе.-М.:Просвещение,1999.-№1.-11-18с
3. Жұмабаева А.Қ. Ағылшын тілі сабақтары //Мектептегі шет тілі, 2010, №1 Б.22-24
4. Примбаева А.Н.Ағылшын тілі сабақтарындағы аудиоматериалдар // Мектептегі шет тілі, 2009, №1 Б.15-21
5. Корбозова Н.Н. Шетел тілін оқытуда аутенттік мәтіндермен жұмыс істеу тәсілдері // Мектептегі шет тілі, 2011, №2 Б.5-8.

### РЕЗЮМЕ

*Рысбаева Г.К., к.ф.н., Жаксыбаева А.К., магистрант*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### МЕТОДЫ РАБОТЫ С АУТЕНТИЧНЫМИ ТЕКСТАМИ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

В статье рассматриваются методы использования аутентичных текстов в обучении иностранному языку. Основная цель обучения иностранному языку – формирование коммуникативной компетенции. Формирование и развитие коммуникативной компетенции очень актуально и иностранный язык занимает немаловажное место в этой работе. А обучение иностранному языку без учебного материала невозможно. Даны понятия к аутентичным текста, аутентично-газетным материалам. Указаны методы и пути использования аутентичных текстов в обучении иностранному языку.

**Ключевые слова:** аутентичный материал, интеллектуальное развитие, аутентичный текст, устная речь, диалоговая речь.

## SUMMARY

*Rysbaeva G.K. cand.phil. sci., Zhaksybayeva A.K., master  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### METHODS OF WORKING ON AUTHENTIC TEXTS IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

The article deals with the information about methods of working on authentic texts. The main aim of teaching foreign languages – formation communicative competence. Formation and development of communicative competence very important and English language take there important role. Authentic text is very important thing in teaching. In this article considers some features using authentic newspaper materials in teaching English language. Role of authentic text and their using methods in teaching foreign languages are said.

**Keywords:** authentic materials, intellectual development, authentic text, oral speech, conversational speech.

UDK 396.111

### GENDER ISSUES IN THE ENGLISH LANGUAGE

*Z.D. Tuebekova, professor  
(city Almaty, Kazakh State Women's  
Teacher Training University)*

The broad concept of gender includes several fields such as gender linguistics, gender history, gender psychology and gender sociology. Gender history considered in details the feminine experience, which had not been acknowledged by the traditional history.

In the 1970s during the feminist movement scholars began to question both the identification of male forms as human norms, and the biological determination of women's and men's behaviour. There is no doubt that feminism addressed the problems of the natural language with the aim to prove that in it there are traces of patriarchy, to reveal discriminating structures of the language and to demonstrate its sexist character. It is therefore not surprising that language and discourse practices were subjected to feminist scrutiny, usually leading to elaborate and detailed descriptions of how sexist practices permeate language use. Proceeding from the idea of power relations reflecting in the language, the communication had been studied, especially at the initial period of the feminist linguistics, with the primary aim of revealing male dominance in the communicative interaction. The pioneering works which proved to be pivotal appeared in this connection, to which can be referred the books written by Robin Lakoff's *Language and Woman's Place* (the first part appeared in *Language and Society* in 1973), Mary Ritchie Key's *Male/Female Language*, and Barrie Thorne and Nancy Henley's edited volume *Language and sex: Difference and Dominance*. A conceptual split was posited between the biological «sex» and sociocultural constructs of «gender». Early language and gender research tended to focus on (1) documenting empirical differences between women's and men's speech, especially in cross-sex interaction; (2) describing women's speech in particular; and, for many, (3) identifying the role of language in creating and maintaining social inequality between women and men. By the beginning of the 1980s the number of researchers (mainly female researchers), carried away by the idea of changing notions of the past and trying to «insert» women into it by “taking them out of the historical darkness” started to grow

in geometrical progression. Hundreds of historical, general theoretical and interpreting books were published. The attention of historians and sociologists was concentrated, for instance, on conceptually troublesome gender situations when the identification of sex was hampered because of the absence of markers. The attention of psychologists was centred on gender self-conscience that is when we begin to feel our gender belonging and what rights and obligations come to follow it.

Problems arise when the referent is a person of unknown or unspecified sex. Traditionally the male forms *he* etc. have been used in such situations, but in contemporary English (partly because of the movement towards gender-neutral language) this is often avoided. Possible alternatives include:

- use of *he* or *she*, *he/she*, *s/he*, etc;
- alternation or random mixture of use of *she* and *he*;
- use of singular *they* (common especially in informal language);
- use of *it* (normally only considered when the antecedent is a word like *child*, *baby*, *infant*).

The early focus on women's speech, sex discrimination through language and asymmetrical power relations was maintained in two influential edited volumes: McConnell-Ginet et al.'s (1980) *Women and Language in Literature and Society* (1980) and Thorne et al.'s (1983) *Language, Gender and Society*, where the complexity of the relationship among gender, society, and language was emphasized. Throughout the next decade, scholars refined and advanced our understanding of the relationship between gender and discourse. Research focused on talk among women (e.g. Johnson and Aries 1983; Coates 1989); narrative (Johnstone 1990); language socialization (e.g. selections in Philips et al. 1987, and Schieffelin and Ochs 1986); language among children and adolescents (Eckert 1990; Goodwin 1990; Goodwin and Goodwin 1987; Sheldon 1990); and language and gender in particular contexts such as doctor-patient interaction (Ainsworth-Vaughn 1992; West 1990). Numerous journal articles were supplemented by edited collections (Todd and Fisher 1988; Cameron 1990; Coates and Cameron 1989; Philips et al. 1987); monographs (Cameron 1985; Preisler 1986); and introductory textbooks (Frank & Anshen 1983; Coates 1986; Graddol & Swann 1989). Here we can also mention the article of Susana A. Eisenclas (2012) «Gendered Discursive Practices On-Line», in which she justly maintains that sex is the only identifiable variable and the sex of the recipient may have a potential effect on the linguistic structure of the message. In the result of examining how men and women are given advice – not just on how they produce advice – in terms of directness, politeness considerations and affect display, she came to the conclusion that the emerged picture is complex and points to potential changing discursive practices and gender role expectations.

It is therefore not surprising that language and discourse practices were subjected to feminist scrutiny, usually leading to elaborate and detailed descriptions of how sexist practices permeate language use. Many linguists state that the direction of gender appeared in the riverbed of feminism but differs from it by its subject, tactics and aims. The first researches in this direction were guided by the idea of finding great women from archive sources.

Some reform initiatives primarily aim at exposing the sexist nature of «patriarchal» language by causing linguistic disruptions. The strategies employed to achieve linguistic disruption frequently involve experimentation and creativity with all parts of speech. For example, a different version of the history was named as a neologism *herstory* in contrast to *history*, which was read *as his story* (D. Ringelheim, 2000). The word *herstory* is an example of linguistic disruption, i.e., a morphological boundary has been reconstituted on semantic grounds.

N.N.Kukarenko(4, 11-12) says that future belongs only to the emancipated society. Gender theory postulates studying the roles of both women and men and having the emancipated society as its target. According to G.N. Karelova (3, 14), the gender problem involves women's vital activities, social status and legal rights. From the end of the 1960s in social life of England, Canada and especially the USA witnessed in society for human rights. As a result, a considerable role began to be played by the social-political stream of the movement for political correctness, which supported equal rights in all spheres of social and cultural life, and particularly, against the discrimination by sexual signs and the inferior state of women. The feminist wing of the political

correctness movement struggles for the establishment of sex equality and against “sexism” of the English language. Feminism appeared as a movement to defend women’s civil and political rights. The “first wave” (1848-1920) was the period when the main task was to achieve a formal, legal equality. From the 1960s they began to speak about the «second wave» of feminism and the struggle is now aimed at achieving real equality. Notions, such as «sexist words» appeared, for example, the words used in relation to a woman and considered to be insulting (*baby, bird, chick*). A person could also be labelled as «sexist» meaning someone who is characterized by discrimination of women or approves such discrimination (also «male chauvinist» or «chauvinist male» – a man who considers men to be exceeding women and conducts himself accordingly). As a result of this an interest in relation to women in a written speech in English became more acute, especially in textbooks, periodicals and government documents. In this connection the first issue of the American Heritage School Dictionary prescribing the choice of correct lexical units appeared in 1973. It is necessary to note that the feminists’ claims concerning the «pollution» of the language by sexist words rely upon the scientific thought and find support among many scientists – linguists and philosophers. For example, the German philosopher Gummer expressed his opinion: «All of us are formed by language structures. It may seem to us that language is our tool, but in reality the tool is us, and the language is our master» (cited by Arinstain, 1,151). Feminists also expressed a desire to change the patriarchal and sexist «nature» of language and therefore engaged in various types of linguistic reform or language planning. Although many feminists shared the belief that changing linguistic and discourse practices is an important element in women’s liberation, this did not result in a uniform approach to linguistic reform (see Pauwels 1998a). The social, cultural, political and philosophical diversity which characterizes members of the feminist movement aims for feminist language reform or language planning. Despite the diversity in reform initiatives and objectives for feminist language planning, it is the *linguistic equality* approach which has become synonymous with feminist language planning. In part, this is due to the prominence of liberal feminist approaches in the public arena which focus on achieving gender equality. Linguistic discrimination is seen as a form of gender discrimination which can be addressed in ways similar to other forms of gender discrimination (e.g. in employment).

Depending upon how gender is assigned within a given language, two types of gender systems are distinguished: *semantic*(or *natural*) and *formal*(or *grammatical*). In *semantic* gender systems, the gender of a noun can be derived from its meaning, with English being a case in point. Semantic gender refers to the linguistic marking of natural gender. English employs a ‘natural gender’ system in which semantic gender is denoted by pronouns or other grammatical constructs. Natural gender is a basic dimension that is used to categorize people and animals into male and female categories, for example: *widow/widower, actor/actress, cow/bull*, etc. It is one of the few organizing principles present in all human societies, as it provides a salient basis for organizing information (5, 262). *Formal* systems, on the other hand, extend gender categories beyond nouns for sexuated referents, and they do so according to morphological or phonological rules. In these cases gender depends on the form of the noun. Languages with a formal (or grammatical) gender system, like Russian, employ a formal, ‘grammatical gender’ system, in which all nouns, including those with inanimate referents, are assigned a gender and every noun must be categorized into a gender class such as masculine, feminine, or neuter.

Benjamin Whorf described grammatical gender in English as a covert grammatical category (2, 1–11). He noted that gender as a property inherent in nouns (rather than in their referents) is not entirely absent from modern English: different pronouns may be appropriate for the same referent depending on what noun has been used. For example, one might say *this child is eating its dinner*, but *my daughter is eating her (not its) dinner*, even though *child* and *daughter* in the respective sentences might refer to the same person. According to the natural gender of their antecedent or referent the third-person singular personal pronouns are chosen. As a general rule:

–*he* (and its related forms *him, himself, his*) is used when the referent is a male person, and sometimes when it is a male animal (or something else to which male characteristics are attributed);

–*she*(and *her, herself, hers*) is used when the referent is a female person, sometimes when it is a female animal, and sometimes when female characteristics are attributed to something inanimate;

–*it* (and *itself, its*) is used when the referent is something inanimate, often when it is an animal, and sometimes for a child when the sex is unspecified.

Pronoun agreement is often with the natural gender of the referent, for example, one might say either *the doctor and his patients* or *the doctor and her patients*, depending on one's knowledge or assumptions about the sex of the doctor in question, as the phrase *the doctor* (the antecedent) does not itself have any specific natural gender. Also, pronouns are sometimes used without any explicit antecedent. However, as noted above (the example with *child* and *daughter*), the choice of pronoun may also be affected by the particular noun used in the antecedent.

Thus, there is no denying the fact that feminism is one of the main social movements. Its impact is felt in many aspects of life. The feminist movement strives, amongst other things, for the elimination of gender discrimination and for the greater recognition of women's contributions to society as well as aims to change many cultural and social practices which perpetuate patriarchal value systems. Its impact is felt in many societies around the world and in many spheres of life. Language was and is seen by many feminists as a powerful instrument of patriarchy.

### REFERENCES

1. Arinshtain, V.M. (1998). The «politically correct» language neologisms semantics. In the collection: *The Actual Problems of Semantics, Linguistic Typology and Linguo-Didactics*. MNSU, Moscow.
2. Benjamin Lee Whorf. (1945). 'Grammatical Categories'.Language.
3. Karelova, G.N. (1999). Gender adaptation: structural and procedural conspectus of the research analysis: *Dissertation of the Doctor of Philosophy*. Moscow.
4. Kukarenko, N.N. (1999). Socio-philosophical analysis of gender perspectives equality problems. *Abstract of the Candidate of Philological Sciences dissertation*. Arkhangelsk.
5. Sera, M. D., Berge, C., &del Castillo Pintado, J. (1994). Grammatical and conceptual forces in the attribution of gender by English and Spanish speakers. *Cognitive Development*, 9.
6. Curzan A. Gender Shifts in the History of English / A. Curzan. – Cambridge :Cambridge University Press, 2003
7. Brinton L. The Linguistic Structure of Modern English / L. Brinton, D. Brinton. – Philadelphia :John Benjamins Publishing Company, 2010.
8. Eisenclas, S. Gendered discursive practices on-line: *Journal of Pragmatics*, 44/4.2012.

### РЕЗЮМЕ

*З.Д. Туебекова, профессор*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ГЕНДЕРНЫЕ ВОПРОСЫ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Данная статья посвящена рассмотрению гендерных проблем в английском языке, взаимосвязи языка и пола и его влиянии на изменения, которые произошли в распределении мужских и женских ролей в обществе. Половая дифференциация является одним из универсальных явлений, которые, так или иначе, рассматривают и изучают все науки о человеке. Она пронизывает все сферы человеческого знания и культуры. До недавнего времени считалось, что половая дифференциация не имеет прямого отношения к языку. В период феминистского движения 1970-х годов учёные стали задаваться вопросом о биологической детерминации мужского и женского поведения и его влиянии на язык. В частности, феминистское движение стремится устранить гендерную дискриминацию в языке, добиться большего признания вклада женщин в развитие общества, а также имеет целью изменить культурные и социальные нормы жизни, сохраняемые патриархальными системами ценностей и язык, по их мнению, является мощным инструментом патриархата.

**Ключевые слова:** гендерная лингвистика, феминистское движение, асимметричные отношения, гендерная система, гендерная детерминация, системы патриархальных ценностей

## ТҮЙІНДЕМЕ

*З.Д. Туебекова, профессор*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

### АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл мақалада ағылшын тілінде гендерлік мәселелер қарастырылған, тіл мен жыныстың өзара қатынасы олардың өзгерістерінің әсер қоғамдағы ерлер мен әйелдер рөлдерді бөлу орын алған. Барлық ғылым салалары адамзат тақырыбындағы мәселелерді қарастыратындықтан, жыныстық саралау әмбебап құбылыс болып табылады. Ол адамзаттың мәдениеті мен білім саласын қамтиды. Осы уақытқа дейінгі аралықта, жыныстық саралаудың тілге қарым-қатынасы жоқ, - деп саналып келген. 1970 феминистік қозғалыс кезеңде, ғалымдар биологиялық анықтау арқылы әйелдер мен ерлердің мінез-құлқының тілге тікелей әсерін айқындау туралы ойлана бастады. Атап айтқанда, феминистік қозғалыс, тілдегі гендерлік кемсітуді жоюға қол жеткізу, үлкен қоғамға әйелдердің қосқан үлесін тану, сондай-ақ мәдени және әлеуметтік нормаларды өзгерту патриархаттық жүйе мен тіл құндылықтарын сақтай отырып, патриархаттың қуатын күшейту болып табылады.

**Түйін сөздер:** гендерлік лингвистика, феминисттік қозғалыс, асимметриялық қарым-қатынас, гендерлік жүйе, гендерлік детерминация, патриархальды құндылықтар жүйесі

## ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ – ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW

ӘОЖ 347.4

### ФАКТОРИНГ ЖӘНЕ ФАКТОРИНГ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ МӘНІ

*А.З. Аманғалиева, з.ғ.магистрі, оқытушы  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада факторинг қызметінің түсінігі, факторинг қатынастарының құқықтық табиғаты және экономикалық тиімділігі қарастырылады. Кәсіпкерлік қызмет субъектілері үшін ақшалай талапты беріп қаржыландыруды қолдану өте тиімді болып табылады, сондықтан оны құқықтық реттеу өте маңызды. Факторинг төлемдерді ұйымдастыру кезінде қаржылық тәуекелді азайту мен ликвидтілікті жақсартудың салыстырмалы түрде жаңа тиімді жүйесі болып табылады. Коммерциялық банктер осы операцияларды жетілдіре келе, оларды клиенттерге бухгалтерлік, ақпараттық, жарнамалық, сақтандыру және т.б қызмет көрсетудің элементтерімен толықтырады. Бұл банк клиенттерінің аясын кеңейтуге, олармен байланысты күшейтуге, операциялар санын кеңейту есебінен банк табысын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** факторинг, факторингтік компания, факторингтік қаржыландыру, тауар беруші, сатып алушы, факторинг шарты.

Факторинг – ол сауда қызметін төлемді кейінге қалдыру шартымен жүргізетін тауар берушілер мен өндірушілер үшін көрсетілетін кешенді қызмет. Қазақстан Республикасында

факторинг қызметін құқықтық реттеу ҚР Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің 37-тарауы нормаларымен қамтамасыз етіледі.

Факторинг – тауар беруші-клиенттің жеткізген тауары мен көрсеткен қызметтері үшін төленбеген төлем талабын (шот-фактурасын) банкке сатумен байланысты комиссияндық-делдалдық операция. Факторингтің мақсаты – кез келген несиелік операциялардың ажырамас бөлігі болып табылатын тәуекелді қалпына келтіру. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде төлем мерзімдерінің сақталуына басты көңіл аударылады. Ендеше факторингтік компаниялар мен банктердің фактор бөлімдерінің қызметі тауар берушілер мен сатып алушылар арасындағы қатынастардағы тәуекелдер мен төлемдер мерзімдеріне байланысты мәселелерді шешуге бағытталады [1, 354 б].

Факторинг операциясына үш тұлға қатысады:

- 1) фактор (факторингтік компания немесе банк) – талапты сатып алушы;
- 2) тауар беруші (несие беруші) – тауар мен қызметтерді көрсететін және осыған байланысты өзінің борышқорларына ақшалай талаптары бар фактордың клиенті;
- 3) борышқор (дебитор) – тауарды сатып алушы, ол тауар берушінің ақшалай талабын төлеуге міндетті.

Факторингтік компанияның негізгі қызметі қысқа мерзімді, әдетте 180 күннен аспайтын дебиторлық берешекті сатып алу жолымен тауар берушілерді несиелеу болып табылады [2, 149 б.].

Факторинг механизмі аса күрделі емес және келесідей қысқа қадамдардан құралады:

- 1) тауар беруші мен сатып алушы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу-сату шартын жасасады;
- 2) факторингтік компания мен тауар беруші арасында факторинг шарты жасалады;
- 3) тауар беруші сатып алушыны факторинг шартын жасасқаны туралы хабарлайды. Тиісті құжаттарға қол қойылады, онда тауар беруші мен сатып алушы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу-сату шарты – негізгі шарт бойынша - төлемді сатып алушының факторингтік компания есебіне төлейтініне өз келісімдерін береді.
- 4) тауар беруші сатып алушыға тауар жеткізілімін (жұмыстар орындау, қызмет көрсетуді) жүзеге асырады және оны шот-фактурамен ресімдейді.
- 5) тауар беруші факторингтік компанияға шот-фактураның түпнұсқасын, яғни сатып алушының дебиторлық берешегін дәлелдейтін құжаттарды береді;
- 6) факторингтік компания тауар берушіні, тауар беруші берген сатып алушы дебиторлық берешегінің 90%-ға дейінгі көлемінде алғашқы (аванстық) қаржыландыруды жүзеге асырады;
- 7) сатып алушы тауар берушімен жасасқан негізгі шартта белгіленген мерзімде факторингтік компанияға оған жеткізілген тауарлар (жұмыс орындау, қызмет көрсету) құнының толық ақысын төлейді;
- 8) факторингтік компания тауар берушіге өзінің комиссиялық сыйақысын шегеріп, қалған соманы тауар берушіге төлейді [3].

Қазақстандық ғалым С.Б.Мақыштың пікірінше, факторинг қызметінің құны мынадай екі элементтен тұрады. Біріншіден, басқару үшін төлем, яғни өзінің жеке факторингтік қызмет көрсетуі үшін комиссия – есеп жүргізу, күмәнді қарыздардың пайда болуынан сақтандыру және т.б. Бұл төлемнің көлемі шот-фактура сомасынан пайыз ретінде есептеледі және оның шамасы жеткізушінің өндірістік қызметінің масштабы мен құрылымына, компанияның жұмыс көлемін бағалауына, несиелік тәуекелінің дәрежесіне, сатып алушылардың несиеге қабілеттілігіне, сондай-ақ қандай да бір елдің қаржылық қызмет көрсету рыногының спецификасы мен конъюктурасына қарай түрленіп отырады. Көпшілік елдерде ол 0,5-3,0 % көлемінде болады. Регресс болған жағдайда жеңілдік 0,2-0,5%-ға жасалады. Шот-фактураларды есепке алу (дисконттау) үшін төлем тауар берушінің жылдық айналымының 0,1-1,0% құрайды. Екіншіден, берілетін борыштық талаптарды алдын-ала қаржыландыру үшін алынатын пайыз. Ол – факторинг компаниясы тауар берушіге талаптарды мерзімінен бұрын алу мен инкассациялау күні аралығындағы кезеңде мерзімінен

бұрын ұсынылатын (пайдасына берілген қарыздық талаптардың алдын ала төлемі түрінде) қаражат сомасынан ұстап қалатын есеп операциялары үшін төлем. Оның пайыз мөлшерлемесі әдетте, қысқа мерзімді несиелеу кезінде қолданылатын банк ставкасынан 2-4% артық болады, бұл факторинг компаниясының қосымша шығындары мен тәуекелдерінің орнын толтырумен байланысты [4, 211 б.].

Факторингтік операциялар сатушылардың сатып алушыларға сатылған тауарлары үшін төлемді кейінге қалдыру түріндегі коммерциялық несиесі негізінде пайда болған. Айналым құралдарын жеделдету мақсатында есеп айырысудағы талаптардың өзгеруі тауар жеткізушілерді дебиторлық берешек мәселесін шешу жолдарын іздеуге итермеледі. Факторинг төлемдерді ұйымдастыру кезінде қаржылық тәуекелді азайту мен ликвидтілікті жақсартудың салыстырмалы түрде жаңа тиімді жүйесі болып табылады. Коммерциялық банктер осы операцияларды жетілдіре келе, оларды клиенттерге бухгалтерлік, ақпараттық, жарнамалық, сақтандыру және т.б. қызмет көрсетудің элементтерімен толықтырады. Бұл банк клиенттерінің аясын кеңейтуге, олармен байланысты күшейтуге, операциялар санын кеңейту есебінен банк табысын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Факторинг қызметі дебиторлардың борыштарды уақытында төлемеуі және қолжетімді несиелеу көздерінің шектеулі болуы нәтижесінде қаржы қиындықтарына ұрынатын орта және кіші кәсіпорындар үшін өте тиімді. Факторинг тауар берушіге келесідей мүмкіндіктер береді:

- айналымдағы қаржы құралдарын толтыруға (жеткізіп қойған өнімі есебінен);
- өнімді өткізу көлемін арттыруға;
- қаржылық-шаруашылық қызметті тиімді жоспарлауға;
- активтері мен өз қаржы құралдарының айналымын жеделдетуге;
- дебиторлық берешекті басқаруға кететін шығындарды азайтуға [5].

XX ғасырдың орта кезінен әлемдік тәжірибеде халықаралық факторинг қаржылық өнім ретінде кеңінен тараған еді. 1960 жылы ең алғашқы факторингтік ассоциация – International Factors Group (IFG) пайда болды, ол 2016 жылға дейін әлемнің 41 мемлекетінен 60 астам компанияларын біріктірді. Осы IFG факторингтік ассоциациясымен факторингтік компаниялар арасында ақпарат жеткізудің электронды жүйесі әзірленген, ол бүкіл әлем бойынша дебиторлардың төлем қабілеттілігін өте тез бағалау, несиелік лимиттерді белгілеу және сатып алушылардың төлем төлеу тәртібі мен тауар жеткізілімі жағдайының мониторингі үшін пайдаланылды [6].

Дүниежүзіндегі ең ірі, әлемнің 50 астам мемлекетінен 190 мүшесі бар Factors Chain International (FCI) факторингтік ассоциациясы 1968 жылы ұйымдастырылған. 2015 жылы оның үлесіне ішкі факторинг нарығының 57,51% және халықаралық факторинг нарығының 78,67% тиген. IFG ассоциациясы сияқты, ол да өзінің мәліметтер беру жүйесін әзірледі [7]. Соңғы мәліметтер бойынша, IFG факторингтік ассоциациясы және Factors Chain International (FCI) факторингтік ассоциациясы 2015 жылдың 13 қарашасында өзара бірігу және ортақ ұйым құру жөнінде келісімге қол қойды. Осы келісім 2016 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді және оған сәйкес жаңадан құрылатын ұйымның құрамында әлемнің 90-нан астам мемлекетінен 400 мүшесі болады.

Факторинг нарығы көлемі кеңейі ұлттық және халықаралық деңгейде заңнамалық негіздің дамуымен бірге жүріп отырды. Халықаралық факторинг ұғымына түсінік беретін негізгі құжат «Халықаралық факторинг туралы» УНИДРУА Конвенциясы (UNIDROIT Convention on International Factoring) болып табылады. Оны қабылдағаннан кейін факторинг бірқатар мемлекеттердің азаматтық құқық жүйесіне енгізіледі. 2002 жылдың 31 қаңтарында БҰҰ Бас Ассамблеясы № 56/81 халықаралық саудада дебиторлық берешекті беруді реттеу туралы резолюциясын қабылдады. Халықаралық факторинг жөніндегі қызмет сондай-ақ FCI және IFG мүшелерімен қабылданған «Халықаралық факторингтік қызмет ережелерімен» (GRIF - General Rules for International Factoring) реттеледі [8].

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) қызметі шетел мемлекеттеріне (АҚШ, Ұлыбритания, т.б.) бір ғасыр бұрын белгілі болған.

Ал Қазақстанда факторинг бизнеске арналған қаржы құралы ретінде енді ғана қаржылық қызмет көрсету нарығында өз еншісін иеленіп дамуда. Факторингтің азаматтық айналым қатысушысының мүліктік және қаржылық мүдделерін қорғау құралы ретінде аса ерекше құндылығы шетел мемлекеттерінде, мысалы, АҚШ-та жүз жылдан аса уақыт бұрын түсінілген. Соған сәйкес, Қазақстан бұл мәселеде Батыстың құқықтық тәжірибесін қолға алды деп толық сеніммен айтуға болады. Отандық сарапшылар факторинг елімізде өз дамуының бастапқы кезеңінде деп есептейді. Қазақстанда ішкі факторинг нарығы шамамен алғанда, 1,8 млрд. доллар көлемінде бағаланады және екі ірі факторингтік компаниялармен – «First Factoring Company» ЖШС және «KazcommerceFactor» ЖШС, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктермен танылған. Екінші деңгейдегі банктер көбіне факторингтік қызметтерді тек корпоративті клиенттеріне ғана ұсынады. Факторингтік компаниялардың қызметі лицензияланбайды, сондықтан компаниялардың ресми қаржылық есебі жарияланбайды. Қазақстанда «Бірінші факторингтік компания» ЖШС және «KazcommerceFactor» ЖШС International Factors Group халықаралық ұйымының мүшелері болып табылады және бұл оларға халықаралық факторинг бойынша мәмілелерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, «KazcommerceFactor» ЖШС Ресей және Қытаймен факторингтік операцияларды жүзеге асырады [9]. Сонымен бірге, отандық қаржы нарығында факторинг қызметін ұсынатын келесідей факторингтік компанияларды атап өтуге болады:

- 1) «Central Asia Factor» (CAF) ЖШС, ресми сайты - <http://www.factoring.kz/> ;
- 2) «Stars Co-Factor» ЖШС, ресми сайты - <http://www.co-factor.kz> ;
- 3) «Казахстанская Факторинговая Группа» ЖШС, ресми сайты - <http://www.kfg.kz> ;
- 4) «Кредитное товарищество «Национальная Факторинговая Компания» ЖШС.
- 5) «CommerceFactor» ЖШС, ресми сайты - <http://www.kcf.kz/>.

Аталған факторинг компанияларының көбісі 2009 жылдан бастап факторинг қызметін жүзеге асырып келеді. Мысалы, «First Factoring Company» ЖШС 2009 жылдың қаңтарында құрылған және Қазақстандағы алғашқы арнаулы факторинг компаниясы болып табылады [10]. Факторингтік қызметтің қазақстандық қаржы нарығында баяу дамуының себебі – кәсіпкерлердің факторингті білмеуі, не оған сенімсіздік білдіруі, көп жағдайда дәстүрлі банкілік несиелеуге артықшылық беруі болып табылады. Сондықтан, факторингтің түсінігін, факторингтік операциялардың кәсіпкерлерге тиімділігін дәлелдеу үшін оның функцияларын қарастырып өтейік:

*1. Қаржыландыру.* Факторингтің негізгі функциясы – тауар берушіні тауарды жеткізгеннен кейін бірден немесе факторинг шартында көзделген күні қаржыландыру болып табылады. Осылайша, тауар беруші өнімін өзінің сатып алушыларына, тауар үшін төлемді кейінге қалдыру шартымен жеткізе алады және оған қоса, өзінің сатып алушысынан төлемді күтпей-ақ, тауар жеткізілімі сомасының қомақты көлемін тауарды жеткізгеннен кейін бірден не өзіне қолайлы график бойынша ала береді. Егер компания сатылым көлемін ұлғайтуды мақсат етсе, онда ол факторингтен түскен ақша құралдарын ұдайы айналымға жібере алады және де төлем төлеуді кейінге қалдыруды ұсына отырып, басқа тауар берушілермен клиенттер үшін бәсекелесе алады. Сонымен қатар, факторинг шартын жасасып, тауар беруші қай күнде оның шотына ақша сомасы түсетінін біледі. Әдетте, өзінің сатып алушыларына төлемді кейінге қалдыруға келісім бергеннен кейін, тауар беруші олардың қашан төлейтінін және олар төлейді ме білмейді. Одан басқа, факторинг кезінде қаржыландырудың келесідей мүлтіксіз артықшылықтары бар:

–тауар беруші оған төленген ақша сомаларын қайтаруға міндетті емес, себебі фактордың шығындары сатып алушылардың төлемдерінен өтеледі.

–тауар беруші өз өнімін қанша ұзақ сататын болса, қаржыландыру да соншалықты ұзаққа созыла береді;

–сатылым көлемі өсуіне байланысты қаржыландыру да автоматты түрде арта береді.

Осылайша, факторинг шеңберіндегі қаржыландыру тауар берушіні біржола айналым құралдарының жеткіліксіздігінен арылтады және бұл оның кредиторлық берешегінің өсуінсіз болады. Факторинг – бұл кепілдік қаржыландырудың бір нысаны, себебі қаржыландыру

көлемі факторингтік компанияға берілетін ақшалай талаптардың құнына, яғни тауар берушінің сатып алушыларының борышы көлеміне тікелей байланысты. Кепілдік несиелеудің өзге нысандарынан айырмашылығы, берілген жағдайда ақшалай талаптар фактормен сатып алынады, кепіл ретінде пайдаланылмайды (бірақ, тауар жеткізушінің өз сатып алушыларына талап ету құқығы – несие алу кезінде кепіл ретінде болуы да мүмкін). Осылайша факторинг кезінде меншік иесінің ауысуы орын алады, тауар беруші ақшалай талаптарын факторингтік компанияға сатады. Факторингтің бұл ерекшелігі экономикасы өтпелі кезеңді басынан кешіріп отырған, заңнамасы толық жетілмеген (кәсіпорындардың банкроттығы туралы заң дұрыс орындалмайды, сауда мәмілелерін құқықтық қамтамасыз ету дамымаған, сауда заңдары іске аспайды) мемлекеттерде маңызы зор. Тауар берушінің банкроттығы жағдайында факторингтік компания өз ақшасын жоғалтуға тәуекел етпейді, себебі тауар берушінің дебиторларына талап ету құқығы оған көшкен және банкроттық процедурасы кезінде алынуға жатпайды. Факторингтік қаржыландыру кәдімгі несиелеуден айырмашылығы – жоғары тәуекелді, іскерлік беделі аз, жаңа кәсіпорындарға қолжетімді, себебі борышты қайтару тәуекелі оларға емес, олардың сатып алушыларына жүктеледі және тауар берушінің қаржылық жағдайы оның сатып алушыларының қаржылық қабілеттілігіне қарағанда маңызды емес болып келеді. Сондықтан, клиенттің сатып алушылары ірі және сенімді, оның ішінде шетелдік компаниялар болғанда, факторинг қолданылуы мүмкін [11].

2. *Дебиторлық берешекті әкімшілік басқару.* Факторинг сондай-ақ, клиентке дебиторлық берешектің жағдайын қадағалаумен, дебиторларға төлемді кешіктіру жөнінде ескерту жасаумен байланысты жағымсыз жұмыстан арылуға мүмкіндік береді. Әдетте, факторингтік компания тауар берушінің алғашқы талабы бойынша оның барлық тауар жеткізілімі мен сатып алушыларының төлемдері туралы ақпаратты қамтитын, дебиторлық берешектің жағдайы жөнінде есепті табыс етеді. Сондай-ақ, регрессіз факторинг кезінде фактор өзіне дебиторлардан борыштарды өндіріп алуды өз мойнына алады, бұл инкассация үшін өз ресурстары жоқ орташа компаниялар үшін ерекше маңызды. Бұл оларға еңбек және қаржы ресурстарын үнемдеуге мүмкіндік береді [11].

3. *Тауар берушінің сатып алушыларының төлем қабілеттілігін бағалау.* Несиелік бюролар және рейтингтік агенттіктер жақсы дамыған мемлекеттерде факторингтік компаниялардың бұл функциясы аса қажетті емес болып келеді. Ал, экономикасы өтпелі кезеңді өткеріп отырған мемлекеттерде факторингтік компаниялар компаниялардың төлем төлеу тәртібі туралы ақпаратты жинақтай отырып, несиелік бюро мен рейтингтік агенттіктердің рөлін атқаруы мүмкін. Одан басқа, факторингтік компаниялар тауар берушінің потенциалды сатып алушыларының төлем қабілеттілігін бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалана алады. Ресейде кейбір факторингтік компаниялар ғана клиенттеріне оның дебиторлары туралы тәуелсіз ақпаратты ұсынады. «Еурокоммерц» факторингтік компаниясының бас директоры Г.Карповскийдің пікірі бойынша, дәл осы қызмет түрін көрсеткені үшін клиентке несиеге қарағанда көбірек ақша төлеуіне болады: «Клиент дебиторларының қаржылық жағдайы туралы тәуелсіз ақпаратты табыс ету факторингтік компанияның маңызды функциясы болып табылады және осы оны банктің несие бөлімшесінен ерекшелейді» [11].

4. Төлемді кейінге қалдыру шартымен тауар жеткізілімі кезінде тәуекелдерден, оның ішінде мерзімінде сатып алушыдан төлемді алмай қалу тәуекелінен сақтандыру, оның нәтижесінде сатушыда өзінің тауар берушілеріне төлеу үшін ақша құралдарының жетіспеуі мүмкін. Ресейлік сарапшылардың пікірі бойынша, ресейлік сатып алушылардың төлем жасау тәртібі факторинг үшін оптимальді: ол тым жақсы да емес, тым жаман да емес. «Біздің бағалауымыз бойынша, 98% жағдайда төлемді кешіктіру 7 күннен аспайды. Бұл төлемқабілетсіздіктің көрінісі емес, нарық дамуының факторы: нарық есейіп дамыған сайын, төлемдер жиі кешіктіріледі. Тауар берушілердің арасында бәсекелестік күшті болса, сатып алушылар өздеріне жақсы шарттар ала алады және олардың тәртібі тым астамшыл бола береді», – дейді «Уралсиб-НИКойл» Ұлттық факторингтік компанияның басқарма төрағасы М.Трейвиш [11].

Факторингтік қызмет көрсету өзіне жоғарыда аталған барлық немесе кейбір функцияларды қамтуы мүмкін. Факторингтің жекелеген функцияларын банкілік несиелеу және сақтандыру сияқты қаржы құралдары орындайды және сол арқылы факторингпен бәсекелестікке түседі. Ал, факторинг ең алдымен, осы факторинг өніміндегі бірнеше қызмет түрлерінің бірлігі мен үйлесімділігіне қызығушылық танытатын компанияларға қызықты. Сондықтан, факторингті құқықтық реттеу жан-жақты әрі терең анализ жасау жолымен жаңа құқықтық нормаларды енгізуді, сондай-ақ факторингті несиелеуден, ақшалай талапты беріп қаржыландырудың басқа түрлерінен анық ажыратуды және кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің факторинг қызметін кеңінен қолдануы үшін факторинг қатынастарының түрлерін заңнамада ерекше қарастыруды қажет етеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мақыш С.Б. Банк ісі: Оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2009. – 552 б.
2. Банковское дело: учебник/под ред. Г.Н. Белоглазовой, Л.П. Криволецкой. -5-е изд., перераб. и доп. – М.: Финансы и статистика, 2008. – 592 с.
3. Договор факторинга. Официальный сайт ЗАО «Русская факторинговая компания» // <http://www.1factor.ru/factoring-about/factoring-contract/>
4. Мақыш С.Б. Коммерциялық банктер операциялары: учеб. пособие. – Алматы: ИздатМаркет, 2004. – С. 455.
5. Факторинг. Википедия – свободная энциклопедия // <http://ru.wikipedia.org/wiki/Факторинг>
6. История развития и современная мировая практика факторинга. Официальный сайт рейтингового агентства «ЭКСПЕРТ РА» // <http://www.raexpert.ru/researches/factoring/factoring/part2/>
7. «Factors Chain International» халықаралық факторингтік ассоциациясының ресми сайты // <https://fci.nl/en/home>
8. Веселова О. О факторинге в Казахстане. 19.04.2010. // [http://prodengi.kz/publikacii/o\\_faktoringe\\_v\\_kazahstane](http://prodengi.kz/publikacii/o_faktoringe_v_kazahstane)
9. Бушукова. Б. Обзор рынка факторинга в мире и в Казахстане // Рынок ценных бумаг Казахстана. 2010. №9 (197). – С. 19-21.
10. О компании. Официальный сайт ТОО «First Factoring Company» // <http://1factoring.kz/o-kompanii/?lang=ru>
11. Понятие, основные виды и функции факторинга. Официальный сайт рейтингового агентства «ЭКСПЕРТ РА». // <http://www.raexpert.ru/researches/factoring/factoring/part1/>

### РЕЗЮМЕ

*Амангалиева А.З., магистр юридических наук, преподаватель  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### СУЩНОСТЬ ФАКТОРИНГА И ФАКТОРИНГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ

В данной статье рассматриваются сущность факторинговых отношений, их правовая природа и экономическая выгодность. Также отмечается необходимость совершенствования правового регулирования факторинговых отношений отечественным законодательством. Факторинг является сравнительно новой эффективной системой уменьшения финансового риска и улучшения ликвидности при организации оплаты. Коммерческие банки совершенствуя эти операции, оказывают клиентам дополнительные бухгалтерские, информационные, рекламные, страховые и др. услуги. Это дает возможность банкам расширить клиентскую базу, усилить взаимоотношения, увеличить банковские доходы за счет расширения количества операций.

**Ключевые слова:** факторинг, факторинговая компания, факторинговое финансирование, поставщик, покупатель, договор факторинга.

## SUMMARY

*A.Z. Amangaliyeva, master of legal sciences, lecturer  
(city Almaty, Kazakh state women's teacher training university)*

### THE ESSENCE OF FACTORING AND FACTORING RELATIONSHIPS

This article discusses the essence of the factoring relationships, their legal nature and economic efficiency. It is also noted the necessity of improving the legal regulation of factoring relationships by domestic legislation. Factoring is a relatively new and efficient system to reduce financial risk and improve liquidity in the organization of payment. Commercial banks are improving the operations, providing customers with additional accounting, information, advertising, insurance, etc. Services. This allows banks to expand its customer base, strengthen relationships, increase banking income by expanding the number of transactions.

**Key words:** factoring, factoring company, factoring financing, suppliers, buyers, factoring contract.

ӘОЖ 364-646.2(574)

### ҚР ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУГЕ ЫҚПАЛЫ

*К.Ж. Жайшибекова, соц.ғ.к.,  
А.Ш. Жарболова, магистрант  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада зейнетақы жүйесі қай ғасырда пайда болғаны, кімдер ойлап тапқаны, Қазақстанға қай уақытта келгені және де халықты зейнетақымен қамтамасыз етудің толық бейнесі көрініс табады. «Қазақстан Республикасын зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңның қабылдануына байланысты жинақтаушы зейнетақы қоры саласында мемлекет тарапынан құжаттық және бақылаушылық қызметті жүзеге асыруда нормативті база құрылды. Қалай, кімнің есебінен, кімнің көзқарасында, қандай мерзімде, кімнің бақылауында және оны жүзеге асыру кімнің жауапкершілігінде деген маңызды сұрақтарға жаңа заң толығымен жауап берді. Қазақстандағы зейнетақы туралы заң ТМД елдеріндегі алғашқы заң. Сонымен қатар, мақалада мемлекеттің қазіргі күнгі жетістіктерінің тарихи алғышарттары, осы орайда «ҚР зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» заңның қабылданғаны және жүйенің құрылуында кездескен қиындықтар туралы айтылады.

**Түйін сөздер:** зейнеткерлер, зейнетақы, зейнетақымен қамсыздандыру, зейнетақы қоры.

Елбасының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы бүгінгі күн талаптарын ескере отырып жасаған бұған дейінгі Жолдаулардың жалғасы. «Нұрлы жол» бүгінгі күннің сынақтарына арнайы жасалған жауап болды. «Нұрлы жол» еліміздің Жаңа Экономикалық саясаты. Онда әлеуметтік тұрақсыздық кезеңін лайықты деңгейде еңсеруге мүмкіндік беретін нақты 7 бағытты ұсынды.

Президент қашанда әлеуметтік салаға қолдау көрсетіп келеді. Мәселен, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің зейнетақы мен жәрдемақылардың мөлшерін арттыру туралы қаулысын» және «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңдарының жобасына сәйкес 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

- Айлық есептік көрсеткіштің мөлшері – 1 982 теңге;
- Ең төменгі зейнетақы – 23 692 теңге;
- Күнкөріс шегі – 21 364 теңге;

- Базалық зейнетақы төлемі – 11 182 теңге болып белгіленді.

2015 жылдан бастап, зейнетақы есептеу кезінде алынатын табыстың ең жоғары мөлшері 41 айлық есептік көрсеткіштен аспау керек, яғни  $(1982 \cdot 41) = 81262$  теңге зейнетақы есептеу кезінде алынатын ең жоғарғы табысы болып есептеледі. Ең жоғарғы зейнетақы көлемі 60947 теңге  $(81262 \cdot 75 \%)$  болып бекітілді.

Халықты зейнетақымен қамтамасыз етілуі әлеуметтік қорғау құрамасының бірі болып табылады. Ол халықтың барлық қабаттарының мүддесін қамтиды, еңбек пен капитал нарығына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар жұмыс істейтін халық ұрпақтарының арасында да бөлініске салады. Осылайша, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі ең күрделі және көп функционалды экономикалық жүйелердің бірі болып табылады [1].

Зейнетақы (латынның *pensio* – төлем) – белгіленген жасқа жеткенде, мүгедектікке, асыраушысынан айырылғанда және де басқа да заңмен қарастырылған жағдайларға байланысты азаматтарға ақшалай, жүйелі түрде төленетін төлемдер. Зейнетақы төлемдері бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар мен сақтандыру (жекеменшік зейнетақы) қорлары ретінде құрылған зейнетақы және сақтандыру қорларының есебінен жүзеге асырылады.

Б.э. II ғасырында-ақ отставкаға шыққан легионерлер 3000 динар алған. Легионерлерді зейнетақымен қамтамасыз етудің қайнар көзі мұраға салынған салық болған. Зейнетақы жүйесі XV ғасырдың екінші жартысында XI Людовиктің патшалығында да болған. Ал алғаш рет барлық жұмыскерге ортақ мемлекеттік зейнетақыны ресми түрде Германия канцлері Отто фон Бисмарк енгізді. Реформа біртіндеп (1883 және 1884 ж.ж.), алғашында ауру адамдарға және мүгедектерге қаржылық көмек көрсету арқылы жүргізілді, кейін 1889 жылы жалпы зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі енгізілді. Кейіннен, 20 жылдан соң зейнетақы жүйесінен хабардар болған көбі өз мемлекеттеріне енгізіп жатты. Олар: Ұлыбритания, Австралия, Америка Құрама Штаттары. Олар Германияға қарағанда бұл жүйені мемлекеттеріне кеш енгізді. Яғни бұл елдер XX ғасырдың 30 жылдарында зейнетақы жүйесін толық кіргізді. Ал Қазақстанға зейнетақы жүйесі Кеңес Одағы арқылы жетті. Бұрындары зейнетақы елге жасаған ерлігі үшін әскери шені бар адамдарға берілсе, кейіннен бұл заңға өзгертулер енгізіліп, 1918 жылдан бастап зейнетақы мүгедек жандарға берілетін болған. 1923 жылдан бастап кәрі большевиктерге, 1928 жылдан бастап, тау-кен ісі мен тоқымалық өнеркәсіпте еңбек ететіндерге беріле бастады. Ал 1937 жылдан бастап барлық қаладағы жұмыскерлер мен қызметкерлердің де қолына тиді.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында классикалық капитализм кезеңінде жұмысшылар жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға алынбады, оларға ауырған, қартайған, еңбек қабілеттілігінен айырылған жағдайда материалдық көмек көрсету жөнінде ешқандай мәнді шаралар қолданылмады. Мұндай экономикалық ауыртпалықтар жалдамалы еңбеккерлердің өздеріне түсті. Сондықтан да осы кезеңде Еуропада қазіргі кәсіби зейнетақылық жүйеге ұқсас зейнетақылық қассалар кеңінен таралды.

Зейнетақылық қассалардың ақша қаражаттары қызметкерлердің жарналарынан жиналды. Ауруына байланысты, еңбек еткен жылдары үшін зейнетақы еңбек өтілінің ұзақтығына қарай пропорционалды түрде өсіп отырады. Бірақ жұмыстан шыққан жағдайда қызметкер зейнетақы алу құқығынан айырылды, сондықтан да сол кездің өзінде-ақ қызметкерлердің де, жұмыс берушілердің де есебінен зейнетақылық қасса құру туралы ұсыныстар жасалынды, бірақ бұл ұсыныс қолдау таппады.

Бұрынғы ғасыр зерттеушілері қарт адамдардың өмірін қамтамасыз ету проблемасын әртүрлі шешті. Мысалы, либералдық нарықтық экономиканы жақтаушылары әрбір адам өз қаражатын жинай отырып өз өмірін өзі қамтамасыз етуі тиіс деді. Керісінше, қарсыластары өз кезегінде, сонымен қатар жеке жинақтардан басқа ересек адамдарға мемлекет тарапынан да зейнетақы және басқа әлеуметтік төлемдер түрінде қолдау көрсету қажет деп ұсынды. Зейнетақыны жұмысқа қабілеттілігін жоғалтып алған қоғам мүшесінің өмірлік қажеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады. Және де зейнетақы жұмысқа қабілетсіздердің қоғамдық өндіріске жұмсаған еңбегі мөлшерінің көрсеткіші болып табылады [2].

Зейнетақы әлеуметтік мінез-құлқы бар ақшалай төлемдерге жатады, сонымен қатар, оны экономикалық категорияға жатқызатын бірқатар ерекшеліктері бар.

Біріншіден, зейнетақы ел халқының белгіленген категориясына – жұмысқа жарамсыздарға арналған. Яғни, ұзақ уақыт аралығындағы жұмысқа қабілетсіздер (ауруына байланысты уақытша жұмысқа қабілетсіздерге қарағанда) – бұл жасына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты жұмысқа жарамсыздар. Берілген жағдайда зейнетақы жұмысқа қабілетсіз болып қалған жағдайдан бастап тұрақты мінез-құлыққа ие және де өмірлік іс-әрекетті қамтамасыз ету үшін материалды қайнар көз болып табылады және де берілген материалды игілікті тұтыну жекелей түрде болып келеді (спорт, дене шынықтыру, білім беру сияқты қоғамдық әлеуметтік төлемдерге қарағанда). Зейнетақының ең басты ерекшелігі жұмысқа қабілетті уақыт аралығында жұмсалған еңбектің көрінісі.

Қазақстанда 1993 жылдан бастап мемлекеттік емес зейнетақы қорлары жайлы заңды қабылдауға бірнеше әрекет жасалды. Халықты мемлекеттік емес зейнетақымен қамтамасыз етуге бағытталған заңдардың бірі 1996 жылы 3 маусымындағы «Мемлекеттік емес ерікті зейнетақы қоры» жайындағы заң. Бұл заң 1 жыл әрекет етіп, өз күшін жойды. Себебі, заң толық жетілмеген, екіншіден, халық ерікті зейнетақы жарналарын төлеуге дайын емес болатын және бүгінгі проблемалары жетіп-артылатын адамдарға болашағыңды ойла деп айту қиынсыз еді. Басты назар аударатын жағдай, зейнетақымен қамтамасыз етуді сапалы өзгертуге бағытталған тәжірибелік іс-әрекет 1997 жылы 20 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң болатын. Бұл заңның мақсаты – зейнетақымен қамтамасыз етудің солидарлы (бірлескен) жүйесінен жинақтаушы жүйеге көшу. Зерттеу көрсеткендей, 1990-1997 жылдар аралығында зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы экономикалық қарым-қатынастар жүйесіне негізделді. Ал жаңа заң жинақтаушы жүйе негізінде жұмыс жасай бастады.

Жалпы алғанда, Қазақстанда зейнетақы реформасын жүргізу, яғни жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізуге экономикалық және демографиялық факторлар негіз болды. Бұрын Кеңестік дәуірде бір зейнеткерге 10-11 қызметкерден келсе, кейін жұмыс жасайтын халыққа сәйкес келетін зейнеткерлер көлемі жылдан-жылға өсті. Өйткені, адамның тууы азайып, өлімі көбейді, сондықтан жұмыс жасауға қабілетті адамдардың саны азайып, оның үстіне өндіріс орындарының жаппай жабылуы жұмыссыздықты көбейтті. Бұл қоғамның демографиялық құрылымының тереңдегенін көрсетеді.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңның қабылдануына байланысты жинақтаушы зейнетақы қоры саласында мемлекет тарапынан құжаттық және бақылаушылық қызметті жүзеге асыруда нормативті база құрылды. Ақырында қоғамға, халыққа емес, нақты адамға бағытталған зейнетақылық қамтамасыз етудің қатарлы жүйесі қалыптасты.

Қалай, кімнің есебінен, кімнің көзқарасында, қандай мерзімде, кімнің бақылауында және оны жүзеге асыру кімнің жауапкершілігінде деген маңызды сұрақтарға жаңа заң толығымен жауап берді. Қазақстанның зейнетақы жүйесінің тұжырымдамасына маңызды сұрақтар енгізіліп, осы сұрақтарда қаржыландыру көздері көрсетілген.

Шындығында, зейнетақы туралы заңда стратегия мен тактикалық жоспарлаудың болмауы, заңға түзетулер мен толықтырулар енгізуге мәжбүр етеді. Қазақстандағы зейнетақы туралы заң ТМД елдеріндегі алғашқы заң. Сондықтан да, оның нәтижелі болуын, тек ТМД елдері ғана емес, шетел мемлекеттері де қадағалауда. Олардың көбісі заңның тұрақсыздығы туралы ойларын ашық айтуда [3].

Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз етуге бағытталған заң ретінде 1998 жылы 1 қаңтарда зейнетақы реформасы концепциясы жүзеге асты. Зейнетақымен қамтамасыз ету жайлы реформаның нәтижесінде, бұрын болған зейнетақы қоры, қазіргі уақытта «Зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталық» және «Жинақтаушы зейнетақы қоры» болып өзгерді. Жеке зейнетақылық қордың 2 түрі қалыптасты. Олар:

- Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (МЖЗҚ);
- Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры (МЕЖЗҚ).

МЖЗҚ – салымшылардың тек міндетті зейнетақы жарналарын жинауды жүргізетін және Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тәртіпте алушыларға зейнетақылық төлемдерді жүзеге асыратын немесе зейнетақылық активтерді қалыптастыратын және оларды мемлекеттік бағалы қағаздарға, банк депозиттеріне, халықаралық қаржылық ұйымдардың бағалы қағаздарына инвестициялауды жүзеге асыратын заңды тұлға.

МЖЗҚ құрушы Қазақстан Республикасы Үкіметі болып табылады, ал зейнетақылық активтерді басқару өкілдігі Қаржы министрлігіне жүктелген. Қазақстан Республикасында «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында «зейнетақы» түсінігі туралы айтылған. Бұл жинақтаушы зейнетақы қорлар мен Орталықтан төленетін зейнетақының жиынтығы. Аталған Заңмен келесі зейнетақы төлемдері қарастырылады:

- Орталықтан – 1998 ж. 1 қаңтарына қарай ҚР заңымен белгіленген еңбек өтіліне пропорционалды алты айдан кем емес еңбек өтілі бар жеке тұлғаларға төленетін ақшалай төлемдер:

- Жинақтаушы зейнетақы қорларынан – ҚР заңымен белгіленген тәртіпте іске асырылатын алушыларға төленетін зейнетақы жинақтаулары.

Біздің елімізде Қазақстан Республикасының азаматтарын зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіне тоқталсақ, бұл жүйеде көптеген реформалар жүріп жатыр. «Ынтымақтық» зейнетақылық жүйе Қазақстанда 1998 жылға дейін орын алды. Бұл жүйе кәсіпорындардың өз жұмысшыларына бөлетін зейнетақы төлемдері арқылы жүзеге асырылды. Экономикалық дағдарыс басталған кезеңде жаңа жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшу жүзеге асырылды. Мұның тағы да бір себебі Қазақстанда жұмыс істеушілердің санының азаюы және туу деңгейінің төмендеуі. Жинақтаушы зейнетақылық жүйе 1998 жылдан бастап енгізілді. Мұндай жүйеде әрбір адам зейнетақысын жеке жинап, өзінің табысынан өтем төлеп отырады. Осылайша, зейнетақылық жинақ оның меншігі болып табылады. Жинақтаушы жүйеде төлемдерге пайыз (инвестициялық кіріс) қосылады. Осылайша, жинақтың тез өсуіне және оны инфляциядан қорғауға мүмкіндік береді. 2013 жылға дейін зейнетақы қызметі рыногында 11 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істеді.

2013 жылдың бас шенінде барлық зейнетақы жүйесін бір қалыпқа келтіру, яғни біріктендіру жұмыстары бастау алды. Оның іске асуына 6 ай уақыт берілді. Жаңа зейнетақы жүйесіндегі ерекшеліктер: «Жаңа жүйедегі бірінші компонент – зейнеткерлік жасқа жеткен барлық азаматтарға олардың еңбек өтілі мен жалақысына қарамастан, бірдей мөлшерде республикалық бюджет қаражатынан мемлекет төлейтін базалық зейнетақы болмақ. Жаңа тәсіл базалық зейнетақыны алушының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты бірқатар тағайындауларды ұсынады. Біріншіден, азаматтарда жүйеге қатысу өтілі болмаған жағдайда, оларға ең төмен күнкөріс көлемінің 50 пайызына тең келетін мөлшерде әлеуметтік зейнетақы беріледі. Екіншіден, жүйеге қатысу өтілі 20 жыл болса, оның базалық зейнетақысының мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 70% құрайтын болады. Кейін коэффициент жүйеге қатысқан әрбір жыл үшін арттырылып отырады. Үшіншіден, қатысу өтілі 35 жыл болса, базалық зейнетақы ең төмен күнкөріс деңгейіне тең болады. Мұндай тәсіл зейнетақы жүйесіне қатысушы үш буынның проблемасын оңтайлы шешуге мүмкіндік береді» [4].

Орталықтан Зейнетақы төлемдерін алу құқығын иеленудің келесі шарты еңбек өтілі, еркектерге 25 жыл, әйелдерге 20 жыл көлемінде белгіленген. Жеңілдікпен Зейнетақы төлемдерін алуға:

- 5 және одан көп бала туып, оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдер 50 жасқа толғанда жасына байланысты Орталықтан зейнетақы төлемдерін алуға құқылы, аталған Зейнетақы жасы 1998 жылғы 1 шілдеден бастап жыл сайын 6 айға өсіп отырады, бірақ тұтас алғанда 3 жылдан аспауға тиіс;

- Төтенше және барынша радиациялық қатерлі өңірлерде 1949 жылғы 29 тамыздан 1963 жылғы 5 шілдеге дейін кемінде 10 жыл тұрған азаматтар «Семей ядролық сынақ

полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтардың әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес:

- Еркектер – жалпы жұмыс стажы 25 жылдан кем болмаған жағдайда 50 жасқа жеткенде, әйелдер 45 жасқа жеткенде, жалпы еңбек стажы 20 жылдан кем болмаған жағдайда Зейнетақы төлемдерін алуға құқылы.

Міндетті зейнетақы жарнасы – жинақтаушы зейнетақы қорларына заңдарда белгіленген тәртіппен аударылатын ақша (Заңның 1-бабының 17-тармағы). Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы – міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан және жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға (Заңның 1-бабының 6-тармағы).

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығы тиесілі:

1. Зейнеткерлік жасқа жеткен тұлғаларға тиесілі болады. Зейнеткерлік жас Заңның 9-бабының 1-3-тармақтарымен анықталған: ерлер үшін 63 жас, әйелдер үшін – 58 жас; төтенше және барынша радиациялық қатерлі өңірлерде 29.08.1949 жылдан 5.07.1963 жылға дейін кемінде 10 жыл тұрған азаматтар: еркектер – жалпы жұмыс өтілі 25 жылдан кем болмаған жағдайда 50 жасқа жеткенде; әйелдер – жалпы өтілі 20 жылдан 20 жылдан кем емес 45 жасқа жеткенде зейнетақы тағайындалуына құқылы; 5 және одан да көп бала туып, оларды 8 жасқа дейін тәрбиеленген әйелдер 50 жасқа толғанда.

2. 55 жасқа толғанда және жинақталған зейнетақы қаражаты ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз ету үшін жеткілікті болғанда;

3. Егер мүгедектігі мерзімсіз белгіленсе, I-ші және II-ші топтағы мүгедектердің;

4. Арнайы атақтар беріліп, Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын әскери қызметте, Ішкі істер органдарындағы және ҚР Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі комитетіндегі, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметте кемінде 25 жыл еңбек сіңірген азаматтар;

5. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кететін немесе кеткен, кету ниетін немесе кету фактісін растайтын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құжаттарды табыс еткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар [5].

Зейнетақы неден құралады?

Математика тілімен айтар болсақ, зейнетақы мөлшері үш қосылғыштан тұрады: 1) мемлекеттік базалық жәрдемақы; 2) жұмыс өтілінен есептелетін зейнетақы (1998 жылға дейін жұмыс істеген азаматтар үшін); 3) Сізге жұмыс беруші немесе өзіңіз ерікті түрде аударған зейнетақы аударымдарының сомаларынан есептелетін зейнетақы аударымдарының сомасынан есептелетін зейнетақы.

Кесте1– Зейнетақымен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау

	2010	2011	2012	2013	2014
Зейнеткерлер саны, адам	1695301	1732412	1759321	1863615	1918516
Тағайындалған зейнетақының орташа айлық мөлшері, теңге	21238	27388	29644	31918	36068
Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны, адам	767239	778504	768747	791631	774149
Тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа айлық мөлшері, теңге	14037	15520	16384	17738	19918
Зейнетақының ең төменгі мөлшері, теңге	12344	16047	17941	19066	21736

Әр қосылатын зейнетақыны жеке талдайық. Бірінші қосылатын зейнетақы – мемлекеттік базалық зейнетақы 2014 жылы 9 983 теңгені құрайтын мемлекеттік базалық зейнетақы зейнеткерлікке шыққан барлық азаматтарға еңбек өтіліміне және бұрын жүргізілген аударымдарына қарамастан ұсынылады. Басқаша айтқанда, бұндай зейнетақыны «Президенттік зейнетақы» деп атайды. Яғни егер сіз осы жылы зейнеткерлікке шықсаңыз,

Сіздің зейнетақыңыздың бірінші қосылғышы 9 983 теңгеге теңеледі (жыл сайын сома өзгереді). Екінші қосылғыш – еңбек өтілі бойынша зейнетақы (тек 1998 жылға дейін жұмыс істеген азаматтар үшін ғана).

Ынтымақтастық зейнетақы төлемдері жұмыс өтілі және зейнетақы аударымдары негізінде есептеледі. Себебі 1998 жылға дейін жұмыс берушілер қызметкердің пайдасына зейнетақы аударымдарын жүргізбегендіктен, 1998 жылға дейін жұмыс істеген азаматтардың зейнетақысын есептеу үшін тек еңбек өтілі ғана есептеледі. Заңнамаға сәйкес 1998 жылға дейін еңбек өтілі:

- ерлерге – 25 жасты;
- әйелдерге – 20 жасты құрауы тиіс.

Зейнетақыны есептеуде толық жұмыс өтілінің толық жылдары ескеріледі. Аз жұмыс өтілінде ерлер үшін де, әйелдер үшін де есептеу тек бар жұмыс өтіліне пропорционал жүргізіледі. Өзінің еңбек қызметін 1979 жылы бастаған азаматша А.Смағұлованың зейнетақысын есептеу мысалын қарастырайық. 1998 жылы оның өтілі 19 жасты құрайды. Мысалы: 19 жыл 11 ай 2 күн жұмыс өтілі бар әйелдің есеп үшін толық жұмыс жылы алынады – бұл жағдайда 19 жыл немесе 228 ай. Заңнамаға сәйкес әйелдің жұмыс өтілі 20 жыл немесе 240 айды құрайды. 1998 жылға дейін зейнетақы аударымдары жоқ адамдар үшін ең төменгі зейнетақы төленеді, ол 2014 жылғы жағдай бойынша 20 782 теңгеге тең. Нәтижесінде мынадай формуланы аламыз:

$$\frac{\text{Зейнетақының ең төменгі мөлшері (20 782 теңге)} \times \text{саны} - \text{айлардағы атқарылған жұмыс өтілі (228)}}{\text{талап етілетін жұмыс өтілінің саны (240)}} = 19 743 \text{ теңге өтілі бойынша зейнетақы}$$

Зейнетақымен қамтамасыз ету экономикалық категория ретінде қоғамның жұмысқа қабілетсіз мүшелерінің қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыру үшін қаржылық ресурстарды тұтыну, бөлу мен құру мәселелері бойынша қатынастар жиынтығын білдіреді. Жұмысқа қабілетсіздерді қамтамасыз ету зейнетақы деп аталатын ақшалай төлемдер түрінде іске асады. Зейнетақымен қамтамасыз ету ұлттық зейнетақы жүйелерін құруда көрінеді, мемлекеттің зейнетақы жүйесі – бұл жұмысқа қабілетсіз халықты материалдық қамтамасыз етуі үшін құрылған және өзара құрылымдық байланысы бар ұйымдар жиынтығы.

Зейнетақымен қамтамасыз етудің теоретикалық негізін зерттеу кезінде дамудың әрбір тарихи кезеңіне сәйкес зейнетақымен қамтамасыз етудің негізгі институттарының дамуы мен пайда болуының жүйелілігі анықталған. Даму эволюциясы келесідей болып көрінеді:

- зейнетақымен қамтамасыз етудің формалды емес институттары: жанұялық-туысқандық көмек пен игі қайырымдылық, соның ішінде шіркеулік көмек;
- зейнетақымен қамтамасыз етудің формалды институттары:
  - мемлекеттің әлеуметтік көмегі;
  - таңдалған халық топтарының мемлекеттік зейнетақысымен қамтамасыз етілуі;
  - әлеуметтік сақтандыру: міндетті және ерікті;
  - жеке зейнетақылық сақтандыру: міндетті және ерікті.

Аталған институттардың ерекшелігі болып олардың осы уақытқа дейін әрекет етулері табылады. Зерттеулер кезінде анықталған зейнетақымен қамтамасыз етудің алтыншы формалды институты – міндетті жеке зейнетақылық сақтандыру, келесі мінездемелерге ие:

- Зейнетақылық жасқа жеткен кездегі зейнетақылық құқықтардың пайда болуы үшін негіз болып ҚР-ның заңы табылады.

- Жеке зейнетақылық сақтандыру институтын ұйымдастырудың принциптері болып мыналар табылады: азаматтардың өзіндік жауапкершіліктері, жеке жинақтаулар, салымдар мен төлемдер эквиваленттігінің принциптері, мемлекеттік кепілдіктер, қатысушылар теңдігі мен қатысу шарттарының универсалдылығы.

- Зейнетақы төлемдерін іске асыру мен әрекет етуінің механизмі болып зейнетақы жасына дейін зейнеткерлердің өмір сүруі, еңбекке қабілеттілігін жоғалту мен аурулардың жеке тәуекелділігін бағалау табылады.

- Зейнетақымен қамтамасыз етудің негізгі қаржылық қайнар көзі болып жұмысшылардың міндетті зейнетақы салымдары табылады. Ерікті салымдар зейнетақымен қамтамасыз етудің қосымша қайнар көзі болып табылады.

- Зейнетақы мөлшерін есептеудің тәртібі қолданылатын зейнетақы схемаларына байланысты, олардың мәні универсалды – зейнетақылық өтемдердің мөлшері жиналған қаражаттар көлемі мен өтеу мерзімінің ұзақтығына байланысты.

- Зейнетақымен қамтамасыз етудің әрекет етілуінің қажетті шарттары болып: сәйкес салымдар жасауға мүмкіндік беретін жалақының жоғары деңгейі, халықты толық қамту, зейнетақы активтерін инвестициялау үшін жоғары табысты қаржылық құралдардың болуы, дамыған сақтандыру нарығының болуы. Міндетті шарттар болып болашақ саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерден салымшылардың құқықтары қорғалатын құқықтық мемлекеттің болуы табылады.

- Басқару субъектілеріне өкілетті органдар арқылы әрекеттері мемлекетпен реттелетін зейнетақы қорлары, зейнетақы активтерін басқару бойынша компаниялар мен сақтандыру компаниялары.

- Күшті жақтарына келесілер жатады: мемлекет экономикасына инвестицияланатын жеке жинақтаулар мүмкіндігі, жалақы көлемі мен сақтандырушылық өтілінің ұзақтығының есебімен зейнетақы деңгейін анықтау кезіндегі дифференциалды жақындаулар.

- Әлсіз жақтары болып: болашақта әлеуметтік көмектің үлкен көлемдерінің пайда болу мүмкіндіктері мен халықты толық қамтымау фактілері, жалақы деңгейінің төмендігі мен төмен зейнетақы салымдары, соған сәйкес зейнетақының төмен деңгейі.

Зерттеліп отырған материал негізінде әртүрлі белгілер бойынша зейнетақы қаражаттарын басқару жүйесінің классификациясы жасалған:

1. Жүйелердің ұйымдасу мінезі бойынша формалды және формалды емес болып бөлінеді;

2. Жүйелердің меншік формалары бойынша мемлекеттік және жекеменшік болып бөлінеді;

3. Жүйелердің ұйымдасу принциптері бойынша ынтымақтылық, жинақтаушы және аралас болып бөлінеді;

4. Жүйеде субъектілердің қатысу тәсілдері бойынша міндетті және ерікті болып бөлінеді;

5. Қаржыландыру тәсілдері бойынша бюджетке аударылатын салықтар, әлеуметтік сақтандырудағы міндетті ынтымақтылық жарналар, әлеуметтік сақтандырудағы ерікті ынтымақтылық салымдары мен ерікті жеке сақтандыру жарналары;

6. Зейнетақы мөлшерін анықтау тәсілі бойынша белгіленген төлемдері бар схемалар мен белгіленген салымдары бар схемаларды қолданатын жүйелер бола алады. [6]

Қорытындылай келе, зейнеткер қарттарымызды қорғау біздің парызымыз. Ал біздегі зейнеткерлердің материалдық табысы жұмыс істейтіндерге қарағанда әлдеқайда аз, ал ол олардың отбасы мен қоғамдағы жағдайын өзгешелеп, тұрмыстық жағдайларда әлжуаз етеді. Сондықтан да зейнеткерлерге мемлекет, сондай-ақ кәсіпорындар мен мекемелер, түрлі қорлар тарапынан дер кезінде қолдау көрсетудің маңызы зор.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1.«ҚР Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» ҚР 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңы.

2. Сахариев Е. Жаңа зейнетақы жүйесіндегі ерекшеліктер//Қазақстан Zaman, 2014, №19(992)

3. Әбдіхалықова Г. Зейнетақы жүйесін жетілдіру маңызды міндет // Егемен Қазақстан. – 2013. - 3 ақпан.

4. Әбдіқалықова Г.Н. Әрбір зейнеткер мемлекет назарынан тыс қалмайды // Айқын, 30.08.13.
5. Сәкен Орынбасарұлы. Зейнеткер мәселесі зерделеуді қажет етеді// Заң газеті.- 21.01.2014.- №8(2402)
6. Әбдіқалықова Г. Қарттарға қамқорлық-ортақ парызымыз //Егемен Қазақстан.2012. №29 (687). – Б. 2.

## РЕЗЮМЕ

*Жайшибекова К.Ж., к.с.н., Жарболова А.Ш., магистрант,  
(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### СОЗДАНИЕ ПЕНСИОННЫХ НАКОПИТЕЛЬНЫХ ФОНДОВ РК И ПРОВЕДЕНИЕ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ

В статье дана обширная информация о создании и становлении пенсионного фонда в Республике Казахстан с обретением его независимости и влиянии данной структуры на повышение эффективности социальной работы среди населения страны. Материал дан в эволюционном ракурсе, начиная с древнейших времен до наших дней в таких странах как США, Англия, Австралия, Германия и др. С введением в действие Закона РК «О пенсионном обеспечении» в системе пенсионного фонда была создана нормативная и регулятивная база фонда. Новый закон дал исчерпывающие ответы на вопросы как, когда, из каких источников, под чью ответственность и контроль будут исполняться положения закона. В статье отмечено, что закон о пенсионном обеспечении населения был принят первым на постсоветском пространстве и, несомненно, явился для многих государств образцом для подражания. Автор подробно описывает изменения, которые вносились в нормативные акты, условия выхода на пенсию мужчин и женщин, льготников, приводит таблицу последних пяти лет и суммарное выражение расчета пенсии согласно Постановлению правительства РК «Об увеличении пенсий и пособий».

**Ключевые слова:** пенсионеры, пенсия, пенсионное обеспечение, пенсионный фонд.

## SUMMARY

*K.Zh. Zhaishibekova, candidate of social sciences, A. Zharbolova, master,  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### THE IMPACT OF THE PENSION FUNDS AND THE ESTABLISHMENT OF SOCIAL WORK

The article gives a wealth of information on the establishment and development of the pension fund in the Republic of Kazakhstan since gaining its independence and the impact of this structure on the effectiveness of social work among the population. The material is given an evolutionary perspective, from ancient times to the present day in countries such as the United States, England, Australia, Germany and others. With the introduction of the Law «On pension security» in the pension fund was set up legal and regulatory framework of the fund. The new law gave exhaustive answers to the questions how, when, from what sources, under whose ownership and control provisions of the law will be enforced. The paper noted that pension law population was adopted first in the former Soviet Union and, of course, was for many countries a role model. The author describes in detail the changes made to the regulations, the conditions of retirement for men and women beneficiaries, resulting in a table the last five years and the total expression of the calculation of pensions according to the Government Resolution «On the increase of pensions and benefits».

**Key words:** pensioners, pension, pension benefits, pension fund.

ӘОЖ 314:373

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ҰТҚЫРЛЫ ӘРЕКЕТТЕРІ

*М.Б. Ибыжанова, магистрант  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада әлеуметтік қызметкердің мектепке дейінгі жастағы балалармен ұтқырлы әрекеттері қарастырылады. Бала тәрбиесі отбасынан басталып, балабақшадан жалғасын табады. Сондықтан бала бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік тәрізді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз ісіне сенімділікте тәрбиелеуде отбасы мен балабақша шешуші рөл атқарады. Тәрбиенің қарапайым дағдыларын бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспалдағы – балабақша. Балабақша – бүлдіршіндерді болашақта ата-ана дәстүрін сақтайтын инабатты да ибалы, үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәлімгер орталығы.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі, әсіресе, балалар фольклорын дамытушы негізгі бір сала – балалар ойыны маңызды. Балаларды мектепалды даярлықтан өткізу барысында оқыту мен тәрбиелеудің төрт міндетін атауға болады.

**Түйін сөздер:** отбасы, тәрбие, ойын, оқыту, әлеуметтік институт, шығармашылық, әлеуметтік орта.

«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы негізгі бағыттардың бірі – «жастарды отбасы құндылығы рухында тәрбиелеу керек. Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек», –деп отбасы тәрбиесінің құндылығын атай отырып, күрделі мәселелерді атап өтті [1]. Қазіргі таңда еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы болып отыр. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Баланың шын мәнісіндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін, ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс. Ұлы Абай: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды дағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», – десе, француз педагогы Жан Жак Руссо: «Бала туғанда ақ қағаздай болып туады, оның үстінде шимайды қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді», — деген [2]. Айтылған талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмыстың үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі ұйымдарда, баланың білімге деген құштарлығын арттырудан, ұлтымызға тән қасиеттерін бойына сіңірген бала тәрбиелеуден бастағанның маңызы зор.

Бала үшін дүниеде ең жетілген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата-анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй оның туылған үйі. Қазақ отбасында тәлім-тәрбиеге көп мән берілген. Әрбір отбасы педагог болған. Ата-ана өз отбасында қолайсыз жағдайларды баланың көзінше тудырмауға тырысқан. Отбасында ұрыс-керіс баланың жүйкесін тоздырады. Кейбір ата-аналар өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер баланың бойына кері қасиет пайда болуына тікелей жағдай тууына себеп болады. Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің алуан түрлі, қыры мен сырын дүние жұмбақтарын танытып, тағылым талғамға, әдептілікке баулуға тиіс. Себебі, ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып, баласын сабырлыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін басты тұлға. Сондықтан да кез келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан

алады. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-ана баласымен пікірлесуде бейауыз сөздерді қолданбай, дәрекілікпен жеке басын қорламай, мейірімді, табиғи, жылы, ақылды сөздер айтып, өнеге бола білсе, тәрбиеде табысқа жетеді, өйткені, жақсы сөз жан қуаты болады. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы ата-аналармен бірлесіп, баланы өсіріп тәрбиелеудегі басты мақсат қоғамдық өмірге «түзу кірпіш қалау» екенін ескере отырып, ал осы мақсатты жүзеге асыру үшін, алдындағы қандай болмасын қиындықтарын жеңу, оған сәби кезінен төмендегі мынадай көзқарастарды негізгі ұстаным ретінде қабылдауға болады. Балаға сәби ол әлі ештеңе білмейді, ұқпайды деп жай көзбен қарамау керек, өйткені ол да өсіп келе жатқан өзіндік тұлға. Баланы әр уақытта шындыққа үйрету керек. Еш уақытта алдамай, шындықты ашып айтып, сол жағдайға дұрыс көзқараспен қарауға жағдай туғызу қажет. Баланың өз ісін уақытымен күнде қадағалау, бақылауда басты ұстанымға айналуы жақсы нәтиже береді. Баланың әрбір ісін қадағалап, оған деген көзқарастан нәтиже шығаруға көмектесу. Дені сау, рухы таза, ана тілін толық меңгерген ұрпақ өсіру қазіргі кездегі негізгі мәселе. Баланың ана тілін толық меңгеруі, ұлттық сана сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзету, бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін білу жөніндегі дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі мекемелерге берілген. Жанұяның бірегейлігі – ең басты қызметін орындау үшін, яғни баланың өмірге келуі мен тәрбиесіне қажетті бар мүмкіндіктерімен байланысты болуы тиіс. Жанұяда ғана баланың жеке тұлғасы қалыптасады. Оған әсер ететін басқа қоғам, әлеуметтік институттарды жанұялық тәрбие үйлестіреді. Жанұяда ғана алғаш рет бала алдында таңғажайып әлемнің есігі ашылады. Осы әлемді баланың жағымды, жағымсыз, қызықты, қатігез т.б. қабылдауы да жанұяға тікелей қатысты. Жанұяда үлкен тәрбиелік потенциал орнаған. Оны толық қолдана білу баланың толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуы, дамуы мен гармониялық өсуіне жағдайлар жасау болып табылады. Бала тәрбиесі отбасынан басталып, балабақшадан жалғасын табады. Сондықтан бала бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз ісіне сенімділікте тәрбиелеуде отбасы мен балабақша шешуші рөл атқарады. Тәрбиенің сан алуан мәселесін шешетін, қарапайым дағдыларды бала санасына орнықтыратын алғашқы білім баспалдағы – балабақша. Балабақша – бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын, инабатты да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығы. Балабақша мен отбасындағы тәрбиеде бірінші орында баланың жан-жақты дамуы, денсаулығы, тәрбиесі, жетістігі тұрады. Тәрбиеші баланы балабақшаға қабылдағанда әрдайым жылылық бере білуі керек. Баланың қандай көңіл күймен келгені білу, оны алып қайтуға келген ата-анасына жетістігін айтып, қуанышты сәттерін баяндап отыру қажет. Отбасында және балабақшада кішкене сәби айнала қоршаған дүние жөніндегі бастапқы ұғымдарды меңгереді, өнегелі тәрбие алады. Ата-анамен бірлесе жұмыс жасау тәрбиеші жұмысын жеңілдетіп, баламен қарым-қатынасы жақсарып, оң нәтижелер береді. Отбасы тәрбиесі бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналар борышы. Қоғамдық өмірдің негізін екі бағыттан қарауға болады. Ол қоғамдық өмірдің алғашқы тәжірибесі ата-ана, туыскандар арқылы қалыптасады. Ал, екінші бағыт басқа отбасыларды бағдарлау арқылы қарым-қатынас барысында қалыптасады. Балабақша және отбасы ажырамас тәжірибелік орта болғандықтан, тәрбиелік қызметі зор. Өмірге келген жас ұрпақты тәрбиелеу ата-аналар мен балабақша тәрбиешілерінің қасиетті борышы. Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әртүрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық тәрізді адамгершілік сапалары қалыптастырылады. Қазақ ауыз әдебиетіндегі, әсіресе, балалар фольклорын дамытушы негізгі бір сала – балалар ойыны. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғышарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады.

Ойын барысында қарапайым ережелерді сақтап, қимылдарды дұрыс орындауға үйрету: тәрбиешінің белгісімен бірдей бастап, бірдей аяқтау, рет-ретімен жауап беру. Мысалы: «Мынау не, ол қай жерде тұрады?» ойынында, 1-ші дыбысына қарай мысық екенін ажыратып, оның үйін көрсету.

«Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді», – деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен [3]. Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Бала тәрбиесіне тек ата-анасы ғана емес, қоғамдағы көп адамдардың қарым-қатынастары ықпал етеді. Балаларды өмірден алшақ ұстап, тәрбиелеуге болмайды. Бала кеңістікті, бостандықты қалайды. Сонда ғана тәрбие нәтиже беруі тиіс. Бүгінгі күні ата-аналар үшін психологиялық-педагогикалық ақпарат ұсынатын әртүрлі арналар: интернет, баспалар, аудио-видео және телевидение, ғылыми-танымал әдебиеттер бар. Бірақ олар әрбір ата-ананың бала тәрбиесі туралы сұрағына жеке жауап бере алмайды. Бұл жағдайда мектепке дейінгі ұйым мамандарының рөлі зор. Олар ата-анамен тікелей байланыса алады, бала дамуын бақылап отырады. Дегенмен қазіргі таңда мектепке дейінгі білімнің түрлері қарқынды дамуда, олар: балабақшада жарты күн болатын топтар, ойын-сауық орталығы, баласын үйде тәрбиелейтін жанұя үшін медициналық-психологиялық-педагогикалық орталықтарын атауға болады [4]. Олар ата-аналарға бала дамуына байланысты мамандардан дер кезінде кеңес алуына көмектеседі. Сондай-ақ, балаларды мектепалды даярлықтан өткізу барысында оқыту мен тәрбиелеудің төрт міндеттерін атауға негіз бар.

Бірінші міндет: әлеуметтік дамуда баланың үлкендермен қарым-қатынасы және өз құрбы-құрдастарымен баланың ой-өрісінің қалыптасу мүмкіндіктері көзделеді, өз Отанына, отбасына халқының салт-дәстүріне көңіл бөлу жолдары қарастырылады.

Екінші міндеті: танымдық даму барысында мына міндеттер ерекшеленеді: айнала қоршаған өмірмен таныстыру мәселелерін түйіндеу, оның тәсілдері мен қасиетін сезіну.

Үшінші міндеті: әсемдік даму «эстетикалық» барысында өмірге деген құштарлық пен көркемдік танымды қалыптастырады.

Төртінші міндеті: дене тәрбиесі дамуында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене мәдениетінің жан-жақты күтімі мен дұрыс дамуы, өзін қоршаған ортамен байланысы, өз денсаулығына, ауру-сырқау т.б. қауіп-қатерден сақтану қарастырылады.

Яғни, аталған әдіснамалық пікірлерімді реттеу арқылы ұсынысымның түйінін ол тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жас ұрпақтарын патриотизм рухында тәрбиелеу болып табылады. Жаңа патриотизмді қалыптастыру Жолдаудың басты бір саласы болып саналады. Демек, отансүйгіштік тек қана біздіңше, мектепке дейінгі және мектеп қабырғаларында толық жетіледі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР-ның 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Егемен Қазақстан-Алматы, 26.12.03 ж.
2. Бәтібаева С.Ф. Балбөбек бағдарламасы. – Алматы. 2006. – 170 б.
3. Жиенбаева С. Балабақшаның еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибиесін қалыптастыруда даралығын ескеру. Қазақстан орта мектебі, 2008, №5.
4. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы: Мектеп. 1976. – 234 б.

## РЕЗЮМЕ

*Ибыжанова М., магистрант,  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### МОБИЛЬНЫЕ ДЕЙСТВИЯ СОЦИАЛЬНЫХ РАБОТНИКОВ С ДЕТЬМИ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

В данной статье рассматриваются мобильные действия социального работника с детьми дошкольного возраста. Воспитание детей начинается с семьи и будет продолжаться в детском саду. Поэтому, семья и детский сад играют ключевую роль в воспитании детей, и формировании в них таких ценных качеств как доброта, милосердие, отзывчивость, человечность и уверенность в себе. Изначальной ступенью, укрепляющей в детском сознании обыкновенные навыки воспитания является детский сад. Детский сад – это центр, который, обучает детей порядочности, скромности и быть вежливым со старшими и младшими. Очень важная и основная отрасль в казахской устной литературе, особенно в детском фольклоре – детские игры. В дошкольном обучении и воспитании детей можно отметить четыре основные задачи.

**Ключевые слова:** семья, воспитание, игра, обучение, социальный институт, творчество, социальная среда.

## SUMMARY

*M. Ibyzhanova, master,  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### SOCIAL WORKERS PRESCHOOLERS MOBILITY

In this article discusses the mobile activities of the social worker with children of preschool age. Parenting begins with the family and will continue in kindergarten. Therefore, the family and the kindergarten play a main role in educating children and shaping them such valuable qualities as kindness, goodness, compassion, charity and self-confidence. The original stage, which reinforces the child's consciousness ordinary skills education is kindergarten. Kindergarten - a center which teaches children honesty, modesty, and be polite to the seniors and juniors. It is very important and the main industry in the Kazakh oral literature, especially in the children's folklore - children's games. In pre-school education and upbringing of children can be noted four main tasks.

**Key words:** family, upbringing, game, learning, social institution, creativity, social environment.

УДК 339.924:005

### СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РЕГУЛИРОВАНИЯ ВНЕШНЕЙ ТОРГОВЛИ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ И ИНТЕГРАЦИИ

*Р.А. Камшибаев, д.э.н., профессор  
(г.Алматы, Казахский государственный  
женский педагогический университет)*

**Аннотация:** Раскрывается порядок применения единых таможенных тарифов на единой территории ЕАЭС и анализируются особенности применения отдельных тарифных пошлин и льгот для экспортно-импортных операций Казахстана, а также некоторые пути их совершенствования, активизация международных экономических отношений (МЭО),

способствующих устойчивости национальной экономики, основные механизмы регулирования внешней торговли, необходимость формирования общего научно-технического пространства и активизировать интеграцию в малом и среднем бизнесе, сведения к минимуму рисков при дальнейшей интеграции в мировое хозяйство для повышения эффективности деятельности ЕАЭС и выгоды членства в ВТО.

**Ключевые слова:** глобализация, интеграция, внешнеэкономическая деятельность, внешняя торговля, эффективность, экспорт, импорт, таможенный тариф, пошлина, льготы.

Глобальная система мирового хозяйства функционирует по своим правилам и отлаженным механизмом. Это открытость и конкурентоспособность национальной экономики, развитость ее экспортного потенциала на мировых рынках. Это возможно только при условии создания инновационно-индустриальной экономики и активного и результативного ведения внешнеэкономической деятельности (ВЭД), основной формой которой остается международная торговля.

Активизация международных экономических отношений (МЭО), способствующих устойчивости национальной экономики, существенно повышается в период мирового кризиса.

Мировой финансовый кризис 2007-2009 г.г. и продолжающийся по сей день нанес сильный удар международной торговле не только развивающимся, но и развитым странам. Снижение торговых потоков коснулось и региональных интеграционных объединений. Так, по данным комитета статистики Миннацэкономики РК, объем взаимной торговли республики со странами Евразийского экономического союза (ЕАЭС) за январь-август 2015 г. сократился на 23,1%, чем за соответствующие периоды 2014г., в том числе по экспорту и импорту - на 26,9 и 21,2% соответственно.

Мировой опыт говорит о том, что экономическая политика государств, доминирующих сегодня на мировом рынке, основное внимание уделяли модернизации производства, реорганизации отраслей, испытывающих трудности, стимулированию развития науки и техники. Рост масштабов и усложнение структуры международной торговли в последние десятилетия сопровождается усилением тенденций ее либерализации, проводимой под эгидой Всемирной торговой организацией (ВТО). Либерализация торговли ныне достигается не только снижением (или отменой) таможенных барьеров, но и изменением национальных правил, введением норм международного права. Для этого страны приступили к координации действий в экономической области как в глобальном масштабе, так и в рамках отдельных регионов, региональных блоков.

Необходимым условием успешной политики экономического развития, на наш взгляд, является избирательное регулирование внешней торговли, создающее условия для наращивания сравнительных преимуществ в высокотехнологических отраслях экономики. Чем решительнее та или иная страна проводит самостоятельную прагматичную политику поддержки и защиты национальной экономики, тем она оказывается эффективной. Национальные интересы каждой страны определяются в первую очередь принципами сохранения своей независимости, обеспечения благосостояния и высокого качества жизни своего народа, сохранения его национальной культуры и возможностей реализации присущих ему духовных ценностей. Эти интересы диктуют соответствующие приоритеты международного сотрудничества. Правильное определение приоритетных направлений концентраций национальных ресурсов на своевременном освоении ведущих технологий, достигается эффективность и конкурентоспособность экономики страны.

Казахстан, став полноправным субъектом МЭО, наладил экономические связи со многими государствами мира, расширил спектр стран-партнеров ряда региональных интеграционных объединений, международных организации и институтов. Однако недостаточная эффективность и результативность ВЭД республики актуализирует проблему совершенствования ВЭД и методов его регулирования, в первую очередь методов регулирования международной торговли.

На практике выделяют два ведущих механизма регулирования последнего: тарифные (таможенные пошлины) и нетарифные (в виде квотирования, лицензирования, «добровольного ограничения», «мер серой зоны», эмбарго; государственных закупок, требований о содержании местных компонентов, технических барьеров, налогов и сборов; субсидии, кредитования, демпинга) [1].

В условиях глобализации и унификации внешнеторгового регулирования нетарифные меры снижаются, уступая место тарифным механизмам, как более универсальным и широкомасштабным, отвечающим требованиям ВТО.

Страны ЕАЭС, основываясь на принципах единых таможенных территории и экономических пространств, а также наличия однотипного механизма регулирования экономики, базирующегося на рыночных принципах хозяйствования и гармонизованном законодательстве, начали с 1 января 2010 г. применять Единый таможенный тариф (ЕТТ)[2]. В целом ЕТТ – это свод ставок таможенных пошлин, применяемых к товарам, ввозимым на единую таможенную территорию из третьих стран, систематизированный в соответствии с единой товарной номенклатурой (ЕТН) ВЭД ЕАЭС.

Ставки ввозимых (импортных) таможенных пошлин ЕТТ являются едиными для всех лиц и видов сделок. Для сельскохозяйственных товаров применяются сезонные таможенные пошлины вместо ввозимых таможенных пошлин. Экспортные пошлины установлены в основном органиченному кругу сырьевых товаров (это газ, лом черных и цветных металлов, необработанные шкуры крупного рогатого скота и др.). Основными целями ЕТТ являются:

- рационализация товарной структуры импорта товара на территории ЕАЭС;
- поддержание рационального соотношения экспорта и импорта товаров на единой территории Союза;
- создание условий для прогрессивных изменений в структуре производства и потребления товаров в ЕАЭС;
- защита экономики государств-членов ЕАЭС от неблагоприятного воздействия иностранной конкуренции;
- обеспечение условий для эффективной интеграции ЕАЭС в мировую экономику.

Решением Межгосударственного совета ЕАЭС на уровне глав государств от 27 ноября 2009г. №18 (п.2) был утвержден Перечень товаров и ставок, в отношении которых в течение переходного пятилетнего периода одной из сторон применяются ставки ввозимых таможенных пошлин, отличные от ставок ЕТТ. Такое право было предоставлено Казахстану по перечню товаров из 409 товарных подсубпозиций, в отношении которых в начале переходного периода применялись нулевые ставки ввозных таможенных пошлин, а по завершению указанного периода должны применяться ставки, установленные в ЕТТ.

Данная льгота было установлена необходимостью удовлетворения социально значимых потребностей населения и развития соответствующих отраслей экономики Казахстана, которая зависит в значительной степени от традиционного импорта из третьих стран и не может быть удовлетворена за счет производства аналогичного товара в России и Белорусии. При этом Казахстан не должен допустить реэкспорта товаров, поставляемых для нужд республики. В этот перечень входят такие товары, как яблоки, груши, айва, фармацевтическая продукция, различные виды пластмасс и изделий из них, древесная масса, целлюлоза, бумага и картон, некоторое виды изделий из алюминия, промышленного и медицинского оборудования и приборов и др. Кроме того, установлена еще одна льгота для нашей республики, по которой в период 2010-2019 гг. допускается ввоз сахара-сырца тростникового для промышленной переработки на территории Казахстана с освобождением от взимания ввозимых таможенных пошлин. Данная льгота не является основанием для применения Казахстаном ограничительных мер к ввозу сахара из Белорусии и России. Кроме указанных выше тарифных льгот, установленных для Казахстана в рамках ЕАЭС применяются другие льготы независимо от страны происхождения. В частности, допускается предоставление тарифных льгот в отношении товаров:

- ввозимых по таможенным контролем, установленным Таможенным кодексом ЕАЭС;

–ввозимых в качестве вклада иностранного учредителя в уставной капитал в пределах сроков, предусмотренных учредительными документами для формирования этого капитала;

–ввозимых в рамках международного сотрудничества государств ЕАЭС в области исследования и использования космических аппаратов, а также соглашений об услугах по запуску космических аппаратов.

ЕТТ ЕАЭС при ввозе из третьих стран товаров применяется освобождение об уплаты ввозной таможенной пошлины:

1) транспортные средства, осуществляющие перевозку грузов, багажа и пассажиров, а также предметов материально-технического снабжения и снаряжения, топлива, продовольствия и другого имущества для их эксплуатации в пути или приобретенное за границей в связи с ликвидацией аварии (поломки) этих транспортных средств;

2) продукция морского промысла судов, арендованных (зафрахтованных) юридическими и физическими лицами государств партнеров ЕАЭС;

3) товары, ввозимые для официального или личного пользования представителями третьих стран, физическими лицами предметов беспошлинно на основании международных договоров государств ЕАЭС;

4) валюта государств Союза, валюта третьих стран, а также ценные бумаги в соответствии с законодательством государств-участников ЕАЭС;

5) товары, ввозимые в качестве гуманитарной помощи в целях ликвидации аварий, катастроф, стихийных бедствий;

6) товары, кроме подакцизных, ввозимых в качестве безвозмездной помощи, а также в благотворительных целях по линии третьих стран, международных организации и правительств;

7) товары, ввозимые физическими лицами, за исключением запрещенных к ввозу, не предназначенные для производственной или иной предпринимательской деятельности, в соответствии с правовыми актами в области таможенного регулирования.

В дополнение к тарифным льготам, применяемым в рамках ЕАЭС, еще установлены следующие виды тарифных льгот, на основании чего от таможенной пошлины освобождаются:

–моторные транспортные средства, произведенными субъектами государств-членов ЕАЭС с применением понятия «промышленная сборка»;

–предметы материально-технического снабжения и снаряжения, топливо, продовольствие и другое имущество, вывозимое за пределы единой территории ЕАЭС для осуществления рыболовства;

–оборудование, включая машины, механизмы, материалы и комплектующие изделия, ввозимые в счет кредитов иностранных государств и международных финансовых институтов в соответствии с международными договорами государств-членов ЕАЭС.

–оборудование (комплектующие и запчасти к нему) для производства детского питания как за счет бюджета государств Союза, так и иностранных кредитов в целях реализации социально значимых программ ЕАЭС;

– плавучие суда, регистрируемые в международных реестрах судов, установленных

–законодательством государств ЕАЭС;

–золото в слитках с содержанием химически чистого металла (проба) не менее 99,95%, ввозимое центральными (национальными) банками государств-членов ЕАЭС.

В качестве механизмов регулирования международной торговли выступает тарифная квота, предусматривающая применение в течение определенного периода более низкой ставки ввозимой таможенной пошлины при ввозе определенного количества товара и более высокой ставки ввозимой таможенной пошлины при ввозе товара свыше этого количества.

Тарифные квоты, как правило, применяются в отношении сельскохозяйственных товаров в целях удовлетворения потребностей рынка, стимулирования сельскохозяйственного производства, а также содействия развитию международной торговли.

Объем тарифной квоты не может превышать разницу между объемом потребления такого товаров и объемом производства аналогичного товара на единой таможенной территории ЕАЭС. Этот объем между государствами Союза распределяется пропорционально разнице между объемами производства и потребления в каждой из государств Сторон, а также при необходимости распределяет тарифную квоту между третьими странами. Необходимым условием является наличие лицензии на ввоз сельхозтоваров. Тарифные квоты, например, установлены на мясо крупного рогатого скота, свежее или охлажденное, замороженное; свинину свежую, охлажденную или замороженную, свиной тримминг и мясо и пищевые субпродукты домашней птицы свежие, охлажденные или замороженные.

В целях содействия экономическому развитию развивающихся и наименее развитых стран применяется Единая система тарифных преференций ЕАЭС.

Перечень развивающихся стран – пользователей системы тарифных преференций ЕАЭС включает страны, не классифицируемые Всемирным банком как страны с высоким уровнем дохода, а в перечень наименее развитых стран включаются страны, входящие в список наименее развитых стран ООН. В отношении товаров, происходящих из развивающихся стран, применяются 75% от ставок ввозимых таможенных пошлин ЕТТ. В отношении товаров, происходящих из наименее развитых стран, применяются нулевые ставки ввозимых таможенных пошлин. В данном случае обязательным условием, подтверждающего происхождение товаров из развивающихся и (или) наименее развитой страны, является предъявление сертификата происхождения.

Таким образом, основным механизмом регулирования внешней торговли являются таможенные пошлины, которые выполняют следующие функции: *протекционистическую* (защитную); *стимулирующую*, когда импортные пошлины устанавливаются на нулевом уровне, что усиливает иностранную конкуренцию и заставляет отечественные предприятия бороться за рынки сбыта; *стабилизирующую* (балансировочную), которая выравнивает внутренние и мировые цены.

Для повышения конкурентоспособности казахстанских товаров на мировом рынке особую значимость приобретает повышение ставок тарифа на товары по мере роста степени их обработки, т.е. установление наиболее низкой ставки пошлин на товары и наиболее высокой на готовые изделия и продукцию высокой степени переработки. Между тем установление высоких ставок на готовые изделия, которые не производятся в республике или выпускаются в недостаточном объеме, но применяются в производстве, может привести к снижению конкурентоспособности отечественных товаров. Для этого, при введении пошлин на элементы затрат, следует учитывать размеры пошлин на конечную продукцию. В данном случае размер добавленной стоимости станет меньше и, как следствие, уровень эффективной защиты отрасли будет отрицательным. Это означает, что тарифная система начинает благоприятствовать в большей степени развитию импорта, чем внутреннему производству. Следует отметить, что существует прямая зависимость структуры таможенного тарифа от экспортно-импортного потенциала той или страны, а также приоритетных направлений развития экономики. Поэтому для Казахстана особую значимость приобретает проведение политики импортозамещения в области как потребительских, так и инновационных товаров на основе модернизации, дифференциации и увеличение продуктивности отраслей экономики, а также подготовка условий для перехода в долгосрочном плане к сервисно-технологической экономике.

Если проанализировать уровень тарифных барьеров по отдельным группам ТН ВЭД, применяемых к Казахстану и другим странам вне зоны ВТО, то видно, что ввоз продукции химической продукции на территорию Казахстана облагается по ставке 4,9%, когда ввоз аналогичной казахстанской продукции на территорию стран ЕС облагается по ставке 17,5%, а на территорию США – 33,3%, превышая казахстанский импортный тариф в 3,5 и 6,8 раз соответственно.

Схожая ситуация и относительно продукции черной металлургии. Ставки стран ЕС и США превышают казахстанский импортный тариф в 3,1 и 7,3 раз соответственно.

Надо обратить внимание на возрастающий объем демпингового или субсидируемого импорта аналогичных товаров на единую таможенную территорию Союза, составляющий серьезную угрозу экономической безопасности стран ЕАЭС. Пока еще слабо здесь используются практикуемые во всем мире многие способы защиты. Так, практически не используется такой важный механизм селективной защиты рынка, как специальные защитные, антидемпинговые и компенсационные пошлины при импорте товаров. Вместе с тем, мировая практика их применения показывает, что это очень эффективный механизм поддержки отечественного товаропроизводителя, который гораздо выгоднее простого повышения ставок ввозимых таможенных пошлин.

Странами, членами ВТО, особенно жестко защищаются внутренние рынки сельскохозяйственной и продовольственной продукции. Средние тарифные барьеры в странах ЕС и США, относящихся к сельскохозяйственной продукции, не просто многократно выше казахстанских, но и установлены на запретительном по сути уровне. В странах ЕС ввоз сельскохозяйственной и продовольственной продукции облагается по ставке 112%, а в США – 51,7%.

Приведенные данные показывают с какими жесткими тарифными ограничениями сталкивается казахстанский экспорт в странах ЕС и США. Думается, что Казахстан уже является членом ВТО и он должен получить благоприятный, выгодный доступ своей продукции на мировые рынки. Безусловно, открытость его экономики и рост международной конкуренции, как стандарт ВТО, вынудит отечественные отрасли активно заниматься реструктуризацией и модернизацией производства. Развитая кооперация между компаниями и предприятиями стран ЕАЭС, будет укреплять международную интеграцию.

Ныне экономика государств ЕАЭС испытывает потребность в вертикальной интеграции, формировании целостных технологических цепочек от добычи сырья до выпуска конечной продукции. Отсутствие в структуре промышленности Казахстана сырьевых переделов и производство средств производства, где сырье, не поступая на внутреннюю переработку, вывозится за рубеж. Как следствие производство алюминия, никеля, меди, стали по-прежнему движутся в отрыве от отечественного машиностроения, электронной промышленности; организовать выпуск наукоемкой продукции не удастся. Этого мы не добьемся без реального соединения добывающей и обрабатывающей индустрии. Данный процесс также важен для экономики партнеров. В результате в каждой стране ЕАЭС будет сформулирован единый вертикально-интеграционный, государственно-корпоративный капитал, аналогичного ведущим западным странам. Это позволит снизить совокупность издержек на выпуск конечной продукции, значительно увеличить общую валовую прибыль и пополнить бюджет каждой страны ЕАЭС.

Для создания стабильно функционирующего рынка зерна и плодоовощной продукции ЕАЭС особую актуальность приобретает взаимодействие в области агропромышленной отрасли. Разработанная ими концепция агропромышленной политики партнеров предусматривает расширение возможности в обеспечении потребностей в продовольствии и сырье, увеличении объемов поставки сельхозпродукции друг другу, а также для выхода на мировой аграрный рынок.

Взаимодействие в энергетическом секторе нацелено на энергетическую безопасность и создание Единого энергетического рынка. Поскольку Казахстан, Центральноазиатские страны и Китай территориально расположены в бассейнах трансграничных рек, эффективное использование которых требует также скоординированных совместных усилий.

Углубление экономической интеграции невозможен без развития транспортной инфраструктуры. Транспортный потенциал ЕАЭС сегодня составляет порядка 230млн.т, а фактическое его использование приближается к 50%. По расчетам экспертов ЕАЭС к 2020г. данный потенциал достигнет показателя в 430 млн. т. Для перевозки таких объемов грузов не только необходима модернизация существующей транспортной инфраструктуры, но и

создания Единого транспортного пространства ЕЭАС. Данное направление нашло свое отражение в республиканской программе «Новый шелковый путь».

Следует заметить, что выгодное географическое расположение свободной экономической зоны (СЭС) «Хоргос – Восточные ворота» на пересечении важных маршрутов из Китая и Юго-Восточной Азии в страны СНГ, а также Европу, Персидский залив и другие регионы, наличие условий для развития мультимодальной логистики, организации крупных промышленных производств и торговли позволяют ей стать перспективным дистрибуционным центром мирового уровня. Находясь в самом центре Евразии, Казахстан уделяет особое внимание развитию транзитного потенциала. Сегодня в целях наращивания транспортно-транзитного потенциала сухопутных коридоров Казахстана и Китая создана железнодорожная и логистическая инфраструктура на границе, которая позволяет обеспечить перевозки грузов в объеме свыше 40 млн. тонн. В технологической увязке с железнодорожными линиями Жетыген – Коргас и Жезказган – Бейнеу, автомобильным коридором Западная Европа – Западный Китай и портом Актау СЭС «Хоргос – Восточные ворота» является важным центром консолидации и дистрибуции грузопотоков на Новом Шелковом пути и обеспечивает дальнейшую интеграцию Казахстана в мировую транспортную и торговую систему.

Интеграционные взаимодействия стран ЕАЭС распространяются и на социальную сферу. Осуществляются меры в области трудовых отношений, социального обеспечения, миграционных процессов, науки и образования. Это не означает, что полностью используется весь потенциал интеграции. Есть еще немало нерешенных проблем. Для повышения эффективности деятельности ЕАЭС и выгоды членства в ВТО необходимо формирование также общего научно-технического пространства и активизировать интеграцию в малом и среднем бизнесе, сведения к минимуму рисков при дальнейшей интеграции в мировое хозяйство.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Камшибаев Р.А. Инструменты регулирования международной торговли Казахстана в условиях ее либерализации и глобализации мирового хозяйства /Матер.межд.научно – практ. конференции: Вторые Рыскуловские чтения «Казахстан: конкурентоспособность и модернизация». – Алматы: Экономика, ч.1. – 2007. – с.681-686

2. Регулирование внешней торговли Таможенного союза в рамках ЕврАзЭС: учебное пособие/ под общ.ред. С.Ю.Глазьева и Т.А.Мансурова. – М.: Митель Пресс, 2011. – 416 с.

### ТҮЙІНДЕМЕ

*Қамшыбаев Р.А., э.ғ.д., профессор*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

### ЖАҒАНДАНДЫРУ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САУДА ТЕТІГІН РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ

Мақалада ЕАЭО кеңістігінде бірыңғай кедендік тарифтердің қолдану тәртібі және Қазақстанның экспорттық-импорттық операциялары үшін кейбір кедендік алымдар мен жеңілдіктер пайдалануы талқыланып және олардың бірнеше жетілдіру жолдары қарастырылған. Сонымен қатар сыртқы сауданы реттеу тетіктері, ұсақ және орта кәсіпшіліктің ынтымақтастығын белсендіру, ортақ ғылыми-техникалық кеңістікті қалыптастыру мәселелерімен қатар әлемдік экономиканың ынтымақтастығында қауіп-қатерді ЕАЭО қызметінің тиімділігі мен ӘСҰ мүшелігі үшін азайту шаралары баяндалған.

**Түйін сөздер:** жағандандыру, бірлесу, сыртқы экономикалық қызмет, сыртқы сауда, тиімділік, экспорт, импорт, кедендік тариф, алым, жеңілдік.

## SUMMARY

*R.A. Kamshibaev, doctor of economic sciences, professor,  
(city Almaty, Kazakh State Women`s Teacher Training University)*

### **IMPROVEMENT OF MECHANISMS OF REGULATION OF FOREIGN TRADE OF KAZAKHSTAN IN CONDITIONS OF GLOBALIZATION AND INTEGRATION**

Reveals the order of application of the Common Customs Tariff on the same territory EAEC and analyzes the features of the application of certain tariff duties and benefits for export-import operations in Kazakhstan, as well as some ways to improve them, the basic mechanisms of regulation of foreign trade, the need to create a common scientific and technological space and to strengthen the integration of small and medium business, to minimize risks of further integration into the world economy to improve the efficiency of the EAEC and the benefits of WTO membership.

**Keywords:** globalization, integration, foreign economic activity, foreign trade, efficiency, exports, imports, tariffs, duties, privileges.

**ӘОЖ 340.135  
M12**

### **ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДЕП-ҒҰРЫП НОРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ**

*Ж.Б. Мукалдиева, з.ғ.магистрі, аға оқытушы  
(Алматы қ.,Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада қазақ елінде құқықтық әдеп-ғұрып нормаларының ғасырлар бойы жинақталып келген тарихи даму барысы баяндалады. Қазақ қоғамындағы құқықтық әдет-ғұрып нормалары билікке, оның ішінде мемлекеттік билікке деген дүниетанымдық көзқарасы өзінің мөлдірлігі мен пәктігімен ерекшелініп отырған. Бұл құқықтық әдет-ғұрып нормалары елді басқаруда, халықтың құқықтық санасына мықтап енген, дәстүрлі менталитеттің мазмұнын құрған бірқатар нормалар қысқа да, нақыл сөздерден көрініс тапқан қағидалар қалыптасты. Ата-бабамыз жазып кеткен Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңы бойынша ант алып, ант беру көпшілік жағдайларда: ер құны, жесір дауы, ұрлық, жер дауы сияқты күрделі дау-жанжалдарда қолданылатын дәстүрлі заң болды. Осының негізінде мұнда ескі құқықтық әдет-ғұрып, заң нормалары жинақталынып, Жеті Жарғы түзелді. Мемлекет және құқық теориясы тарихымен тікелей қатысы бар.

**Түйін сөздер:** қоғам, нысан, этнос, норма, тарих, құқық, этика, фактор, құбылыс, халық, менталитет, қағида, ереже.

Қоғам тарихында құқықтық әдет-ғұрып нормалары мемлекеттің қалыптасу кезеңінде, өмірге келген құқық нысаны болып табылады. Әдет-ғұрып нормалары адамдардың ғасырлар бойы жинақталған қарым-қатынастарының жан-жақты қалыптасқан тәжірибелерінің нәтижесі. Қазақ елінде құқықтық әдет-ғұрып нормаларының қалыптасуы, мемлекетінің қалыптасу кезеңімен тұспа-тұс келуі. Қазақ қоғамында, құқықтық әдет-ғұрып нормалары әрбір этностың тарихи дамуы барысында, олардың шаруашылық ұйымдастыру, географиялық факторларына, этникалық ерекшеліктеріне байланысты қалыптасып, күнделікті өмірде сан алуан рет қайталануына байланысты дағдыға айналған нормалардың жиынтығы болды. Ол «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген, дүниетанымдық мәні бар ұлағатты сөз халқымыздың құқықтық өмір саласының басты

принципінің айнымас асыл өзегі болып табылады. Кез келген әдет-ғұрып құқығы құбылыс пен оқиғаға, талас-тартыс пен дау-дамайды шешу де, мақсат-мұраттарды айқындауда басты шешуші рөл ойнайды. Қазақ қоғамындағы құқықтық әдет-ғұрып нормалары билікке, оның ішінде мемлекеттік билікке деген дүниетанымдық көзқарасы өзінің мөлдірлігі мен пәктігімен ерекшеленіп отырған. Бұл құқықтық әдет-ғұрып нормалары елді басқаруда, халықтың құқықтық санасына мықтап енген, дәстүрлі менталитеттің мазмұнын құрған бірқатар нормалар қысқа да, нақыл сөздерден көрініс тапқан қағидалар қалыптасты. Ол «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген нақыл сөздер әділдік пен ақиқатқа жетеледі. Бұл Қазақ елінің құқықтық әдеп-ғұрып нормаларына негізделінген билердің сот ісін жүргізуде, соттық шешімдерін қиыннан қиыстырып тапқан құқықтық норма ретінде пайдаланылған күші бар негізгі шешім болды. Қазақ билері көшпелі және жартылай қоғамдағы соттық-құқықтық басқару саласындағы аталар даналығы мен білімін меңгерген топ ретінде қалыптасты. Сол кездері әдет құқығының нормативтік байлығын меңгеру және оны өмірде қолдана білу, шешендік пен әділдікті қатар ұстай білуі – билердің басты шарты болды. Алайда, Қазақ елінде құқықтық әдет-ғұрып нормалары Қазақстандағы экономикалық қатынастардың дамуына байланысты өзгерістерге ұшырап отырғанды. Бұл құқықтық әдет-ғұрып нормаларының өзгеріске ұшырауының басты себептерінің бірі Қазақстанның Ресейге қосылуы болды. VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақтардың мұсылман діні әсіресе кең тараған көрші халықтармен экономикалық байланыстарының дамуына орай, қазақ қоғамындағы құқықтық әдет-ғұрып нормаларына шариаттың әсері күшейе түсті. Алайда, дәстүрлі қазақ қоғамында әдет-ғұрып құқығының ортақ негізгі ережелерінің сақталып қалыптасуына зор ықпал етті. Бұл құқықтық әдет-ғұрып нормаларындағы өзгерістер, билер съездерінде қабылданған ережелерден және бидің елді басқарудағы биліктерінен көрініс тапты. Сол, өз заманына сай дәстүрлі қазақ елінің құқықтық әдет-ғұрып нормалары құқық жүйесінде бидің мәні мен мәртебесін анықтайтын бірқатар норма қағидаларының қалыптасуы халық санасынан берік орын алды. Атап айтсақ, қазақ даласын басқаруда әділдігімен ерекшелінген көптеген билердің бірі – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің атымен байланыстыратын болсақ, ірі тұлғалар қазақ әдет-ғұрып құқығына зор үлесін қосып, құқықтық дәстүрлерді дамыта білген, өзінің болмыс-бітім әділ тәртіп ережелерімен байланыстырған. Мәселен, Әйтеке би өз өмірі туралы «Өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі» десе, Төле, Қазыбек билер «Туғаныңа бұрғаны – биді құдай ұрғаны», «Таста тамыр жоқ, би де бауыр жоқ» т. с. сияқты аталы сөздерді атап өтуге болады [1].

Қоғамдағы құқықтық мәдениет, оның қомақты бөлігі әдет-ғұрып нормалары құқықтың ерекше бір құбылысы болып саналады. Қазақтардың құқық әлемі мен құқықтық дүниетанымының қалыптасуы тереңде жатыр. Дәстүрлі Қазақ қоғамында құқықтық әдет-ғұрып нормалары жазылмаған құқық болды, бірақ та, ол сол кездегі құқықтық дәстүрлер жиынтығы болып табылады. Сондықтан да, құқықтық әдет-ғұрып нормаларын дұрыс ұғынып, түсіну үшін олардың ішкі мәніне сай көзқарас, зерттеу әдістері керекті. Құқықтық әдет-ғұрып нормалары адамдардың қарым-қатынасында ғасырлар бойы қолданылған, өмірде жан-жақты тәжірибе арқылы қалыптасты. Мысалы, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» т.б. айтуға болады. Бүгінде, Есім хан заңдарының мәні мен негізгі бағыттары біздерге мәлім. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын заң жинағының түпнұсқасы бізге жетпегенмен, алайда көне заманның бізге жеткені ауыздан-ауызға көшіп, мәтел-қағидаға айналып кеткен азын-аулақ ереже болды. Бірақ та, бұл ережелер ғасырлар бойы да қазақ көшпелі қоғамында қалыптасқан көшпенділер өмірінің қатаң жағдайларына бейімделген дәстүрлі әдет-ғұрып пен құқықтық тәртіпті жандандырып, нығайтудағы күшті «әділ тәртіп» идеясы болды. Ал, «Қасым ханның қасқа жолы» Қазақ хандығының саяси, әскери істер, мәдени, заңның қатал жақтарын, заң сипатының жолдарын сипаттап қалыптастыруда басты ереже құжат болды. Бұл да, «Қасым ханның қасқа жолы» қазақ әдет-ғұрып ережелерінің түпнұсқасы толық күйінде бізге жетпеген. Дегенмен де, көптеген зерттеуші-ғалымдардың пікірінше ол бес бөлімнен құралған. Оларды атап өтер болсақ: 1-ден, мүлік заңы (мал-мүлік, жер-су дауларына байланысты бөлім); 2-ден, қылмыс

заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал тонау, ұрлық қылмыстарына жаза); 3-ден, әскери заң (қосын құру, ердің құны, тұлпар ат); 4-ден елшілік заң (ел басқаруда майталмандық, шешендік); 5-ден жұртшылық заңы (ас, той мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, тұтқаулардың міндеті т.б.). Осы бес түзілімнен тұрған Қасымханның жарғысы сол замандағы елдегі жағдайларға байланысты туындаған дау-дамайларды білімі мол қарияларды қатыстыра отырып арыз-шағым істерді әділ шешіп отыру үшін қажет болды. Мұнда мемлекеттің тұтастығын үстемдік орнын нығайту арқылы қорғау, білімдарларды құрметтеу ұлттың санасын, мәдениет әдет-ғұрып өрісін жоғарылатудың аса маңызды шараларын орнатудағы құқықтық әдеп-ғұрып нормалары қалыптасты. Мұнда, жыраулардың, шешендердің, алуан түрлі тақырыптағы тарихи әңгімелерінің деректерін жинақтап, мәселелерді шешуде қазақтың мақал-мәтел, нақыл сөздерін қолдана отырып шешіліп отырғанды.

Ата-бабамыз жазып кеткен Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңы бойынша ант алып, ант беру көпшілік жағдайларда: ер құны, жесір дауы, ұрлық, жер дауы сияқты күрделі дау-жанжалдарда қолданылатын дәстүрлі заң болды. Мұнда ескі құқықтық әдет-ғұрып, заң нормалары жинақталынып, Жеті Жарғы түзелді. Бұл «Жеті Жарғы» құқықтық әдет-ғұрыптық нормалар жүйесінің ресми өмір сүру нысандарының ең жетілген түрі болды. «Жеті Жарғы» мемлекеттік құрылымға, ел басқару жүйесінде де елеулі жаңалықтар енгізді. Тәуке ханның Жеті Жарғысының әрбір бабы сол заманның талаптарына сай келді. Сол замандағы ұлттық сананың, мемлекеттік сананың көрінісі ретінде қоғамдық топтар мен жеке адамдар арасындағы қатынасты, мінез-құлық ережелерін негіздеген бірден-бір нұсқа болды. Әрине, мұны құқықтық әдет-ғұрып нормаларының статистикалық тұрғыда мызғымас, үнемі қолданылатын құқықтық нормалар жүйесі ретінде қарастыруға болмайды. Себебі, құқықтық қатынастар әрқашан қоғам өмірінің материалдық жағдайларына негізделінеді. Мысалы: «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» т.б. Әдет-ғұрып нормалары арқылы қазіргі кезеңде де біраз қарым-қатынастарда реттеліп, басқарылып, қолданылып жатады. Құқықтық әдет-ғұрып нормаларын қолдану жөнінде басым түрде бір пікір жоқ. Бірақ та, кейбір әлем елдерінің көпшілігі бұл нормаларды пайдаланып келеді. Бұл әдет-ғұрып нормаларын қолдануға мемлекеттік органның нұсқауы немесе рұқсаты болса, ол нормалар құқықтық әдет-ғұрыпқа айналады. Заңи әдебиеттер айқындаған әдет-ғұрып құқықтық қатынас нормаларының бірнеше түрлері бар. Ол әдет, әдептілік, адамгершілік т.б. Әдет жағымды, жағымсыз болып екіге бөлінеді. Ешбір адам өмірге жақсы немес жаман әдетпен келмейді, әдет өмір жемісі, тәрбие нәтижесі. Осыдан әдеттілік дегеніміз, моральдық нормаларды жақсы орындау деген сөз. Яғни, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, әділетті болу сияқты жалпы халықтық нормаларды дұрыс атқара білуді керек етеді. Құқықтық әдет-ғұрып нормалары ресми заңдармен қатар қолданылады. Бұл нормаларды бұзғандар жауапқа тартылып отырды.

Қазақ елінде құқықтық әдет-ғұрып нормаларының ережесі ретінде кіші кодексі Ереже құрастырудан басталды. Бұл Ереже Шар Күшік Ережесі болды. 1896 жылдары Омбы қаласында «Дала уалаяты» газетінің бетіне қазақтардың әдет-ғұрып дәстүрлері жайлы танымдық мақалалар, қызықты материалдар мен 10 баптан тұратын Ережеде, негізінен, отбасы-неке қатынастары мәселелері көрсетілген. Айтар болсақ, бірінші бапта «біреуден-біреу қыз айттырып, құда болып, қалың мал алып, болашақта қалыңдық қызды басқа біреуге беріп жіберсе, ол беріп жіберген кісі қазақ ғұрпы бойынша қалың малын қайтарып, бір атшапаннан үш тоғызға шейін жазалы болсын» деп көрсетілген. Қазақ қоғамының сот тәжірибесінде билер тоғызды айыптың түрі ретінде қолданып, оны өз тараптары құрамына белгілеп, әртүрлі малды осының негізінде енгізіп отырған. Бүгінгі таңда бұл Ереженің маңыздылығы Қазақ әдет-ғұрып заңдарын танып білуде құнды құжат болып табылады.

Дәстүрлі қазақ елінде қазақтардың отбасылық қарым-қатынастарында мұрагерлік құқы да ерекше орын алды. Әдет-ғұрып құқығы бойынша мұрагерлерге қайтыс болған адамның балалары, әйелі, ағалары жақын туыстары мұраға мал, мүлік, ақша, үй, жайылым, жесірді жатқызған. Баласы болмаған ата-ананың дүние мүлкі, мұрагерлік құқық бойынша, өлген әкенің жақын туыстарына бөлініп берілетін болған. Қара шаңырақты қадірлеу ата-баба

аруағын ардақтаумен бірдей, бәрі үшін қасиетті саналған. Қаншама уақыт өтсе де, бұл дәстүрді бүгінгі күнде әлі қолданудамыз. Мәселе, қара шаңырақты сол қалпында кие тұту мақсатында, үйдің кенже баласы қара шаңыраққа ие болып отырған. Одан енші алып кеткен барлық отау, ұзатылған қыздар, құда-жекжаттарға әртүрлі сыйлық беру мен соғым сойғанда сыбаға әкеліп тұру дәстүрі әлі бар. Міне, көріп отырғанымыздай, бұл дәстүр, отбасы-неке қатынастарының мәселелерін о бастан, қазақ халқы отбасының тыныштығына үзбей көңіл бөліп отырғандығын көрсетеді. Әрине, әдет-ғұрып норма-ларының белгілі бір бөлігі мемлекет тарапынан қолдау тапты. Мемлекет оларға баса көңіл бөліп, өз мақсат-мүддесі тұрғысынан әсер етуге, өз қызметіне жаратуға әрекет жасады. Бірақ әдет-ғұрып нормалары оның ішінде ереже жарғылары да, одан мемлекет заңына айналған жоқ, өзіндік өмір сүру мәнерін жоғалтқан да жоқ. Ал, бұл мәнер Қазақ қоғамының ішкі табиғатының, ондағы әлеуметтік қатынастардың ерекшелігіне, қоғам мүшелерінің тәртібін реттеу, басқару ісінің өзгешелігіне туындап жататын, солар арқылы түсіндірілетін.

Қазақ даласында халықтың құқықтық санасының дамығаны және дәстүрдің күштілігі соншалық билер сотының демократиялық жолмен жүргені туралы деректер бар. Ол Қазақ ғылымына зор үлес қосқан этнограф-ғалым Шоқан Уәлихановтың мақалалары мен очерктерінде кездеседі. Ол Ш.Уәлихановтың «Сот реформасы жайында жазба» еңбегінде қазақ жерінде қалыптасқан құқықтық әдет-ғұрып нормалары, құқықтық жүйемен жаңа реформаларды салыстыру арқылы жүргізген. Онда құқықтық дәстүрді реттеуші ретіндегі рөлінің жоғары болғандығы сондай, сот билігінің орындалуы қоғамның өз ішінде-ақ, мемлекеттің араласуынсыз-ақ өтіп отырғандығын атап көрсетеді. Бұдан біздер өз еліміздің дәстүрлі Қазақ қоғамындағы құқықтық әдет-ғұрып нормаларының мазмұнының моральдық құндылықтары еркін аймақта қалыптасып дамығандығын көреміз. Ондағы қазақ елінің өркениетті бейбіт, жақсы қағидалары шоғырланған заңдар ерекшеліктерін салыстыра зерттеп білу мен одан ғылыми-практикалық түйін жасау бүгінгі күннің басты міндеті болды. Себебі, сол замандағы өмірлік жағдайлар мен дау- дамайлардың құқықтық көрінісі, әлеуметтік және әдет-ғұрып құқықтық нормалары қызметінен көрінді.

Қорыта айтатын болсақ, дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқықтық әдет-ғұрып нормаларының қалыптасу тарихы – ол қазақ халқының өркениеті мәдени байлығымен өлшенеді. Ол мыңжылдық тарихы мен ерекшелігі адам өмірінің еркіндігін жақтаған сипаттармен ерекшеленеді. Қазақтың құқықтық әдет-ғұрып нормаларының мазмұны қазақтың кең даласында жаңа дәуірге дейін сақталды. Ол халықтың тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, адам баласының бітім-болмысының талабына сай қалыптасты. Көне дәуірдің мұрасы ретінде ұрпақтар үшін қазақтар мәңгі құндылықты сақтап қалды. Қазақ халқының тарихы алға жылжып, өзгеріп отырғандықтан, халықтың түсінігі мен көзқарастары да, дәстүрлері мен құқықтық әдет-ғұрып нормалары да өзгеріп отырды. Қалай дегенмен де, ел басқарудағы мемлекеттік жүйенің қалыптасуының кезеңдік сатыларына сай болды. Дәстүрлі Қазақ қоғамындағы құқықтық әдет-ғұрып нормаларының қай-қайсысы болсын кезінде уақыт талабы дәрежесіне қарай қалыптасты. Таптық қоғамдағы экономикалық, саяси және өзге де тәртіпті бекітуде мемлекет бекітетін жүріс- тұрыс ережелерінің (нормалары) жиынтығы ретінде адамдардың іс-қимылын реттеудің өзіндік нысаны болып өзіндік мазмұнымен ерекшеленіп отырды. Қазақ елінің құқықтық әдет-ғұрып нормалары қоғамның қарыштап ілгері дамып, түбегейлі жаңаруында маңызды орын алады. Себебі, ол өмірдің шындығы және оған деген сенім адамдардың іс-әрекеттерімен ғана нығайтылады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адамбаев Б.Р. Шешендік өнер. – Алматы: Ғылым, 1995. – Б. 84.
2. Мыңжан Н. Қазақ хандығының заңдары //Қазақтың ата-заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер /Бағд. Жетекшісі – С.З.Зиманов. 4-том. – Алматы, 2004. – 342 б.
3. Әбділбаев М. Шар Күшік ережесі //Қазақтың ата-заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер /Бағд. Жетекшісі – С.З.Зиманов. 5-том. – Алматы, 2004. – Б. 95-99.

4. Өсерұлы Н. Тәуке хан және оның билік құрған кезеңі. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – Б. 5-7.
5. Уәлиханов Ш. Сот реформасы туралы жазба // Ежелгі халықтың үлгідегі билер соты. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – Б. 53-85.

## РЕЗЮМЕ

*Мукалдиева Ж.Б., ст. преподаватель  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРАВОВЫХ ТРАДИЦИОННЫХ НОРМ КАЗАХСКОГО НАРОДА

В этом тексте рассматривается применение норм казахского обычного права, а так же роль в обществе. Рассказывается и рассматривается нормы обычного права в казахском народе, которые формируются в историческом развитии, в организации хозяйства в связи с географическим фактором, этническими особенностями и совокупные нормы которые вошли в привычку в связи с повторением в повседневной жизни. Нормы обычного права применялись в регулировании отношений между людьми веками, и сформировались на основе жизненного опыта. Например, можно отметить «Праведный путь Касым хана», «Древний путь Есим хана» и «Жети Жаргы Тауке хана».

**Ключевые слова:** закон, история, народ, норма, общества, реформа, земля, этнос, фактор, принцип, положение.

## SUMMARY

*Zh.B. Mukaldieva, senior lecturer  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### THE HISTORY OF THE FORMATION OF CUSTOMARY LAW IN TRADITIONAL KAZAKH PEOPLE

This text outlines the coincidence of the customary law with the stage of the formation of the state. Describes and discusses the rules of customary law in the Kazakh people formed in the historical development, organization, economy, geographical location and the ethnic peculiarities of each ethnic group and the aggregate of norms which were in the habit due to repetition in daily life. Orms of ordinary right were used in adjusting of relations between people by centuries, and formed on the basis of vital experience. For example, it is possible to mark the «Just way Касым of khan», the «Ancient way Esim of khan» and «Zhety zhargy of Тауке khan».

**Key words:** society, place, ethnicity, norm, history, law, ethics, factor, phenomenon, the people, the mentality, the principle, rules.

УДК 316.334.2:35.87.43

### ЕЛІМІЗДЕІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ЕНУІ

*Ә.А. Сембинова, магистрант  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Бұл мақаланың өзектілігі зейнетақы жүйесі елді әлеуметтік қамсыздандырудың маңызды құраушысы болып табылады. Зейнетақы жүйесінің дамуын

және болашақ перспективаларын, сондай-ақ зейнетақы жарналарын қалыптастыру және инвестициялау тәртібін қарастыру көзделген. Зейнетақымен қамсыздандыру кез келген ел үкіметінің басты назарындағы әлеуметтік мәселелер қатарына жатады. Қазақстан Республикасында да азаматтардың қартайғанда әлеуметтік қамсыздандыруға құқықтары Конституцияда бекітілген. Әлеуметтік кепілдік берудің патерналистік схемасын адам дамуының қажеттіліктеріне, саяси реформалар мен экономиканы ұйымдастырудың жаңа нарықтық қағидаттарына қарай қайта өзгерту қажеттігі туындады.

**Түйін сөздер:** Бюджет, банк депозиттері, код, зейнетақы шарттары, база, реформа, еңбек өтілі, демография, инвестиция.

Елімізде әлеуметтік-экономикалық жүйелердің барынша қарқынды дамыған бөлімдерінің бірі – зейнетақы жүйесі. Зейнетақы (латынның *pensio* – төлем) – белгіленген жасқа жеткенде, мүгедектікке, асыраушысынан айырылғанда және де басқа да заңмен қарастырылған жағдайларға байланысты азаматтарға ақшалай, жүйелі түрде төленетін төлемдер. Зейнетақы төлемдері бюджеттен тыс мемлекеттік қорлар мен сақтандыру (жекеменшік зейнетақы) қорлары ретінде құрылған зейнетақы және сақтандыру қорларының есебінен жүзеге асырылады. Зейнетақының екі түрлі мінездемесі бар. Оны жұмысқа қабілеттілігін жоғалтып алған қоғам мүшесінің өмірлік қажеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігі ретінде қарастыруға болса, енді бірі зейнетақы жұмысқа қабілетсіздердің қоғамдық өндіріске жұмсаған еңбегі мөлшерінің көрсеткіші болып табылады. 1997 жылдың 20 маусымында Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңы қабылданды. Осы заңды орындау негізінде Мемлекеттік зейнетақы жинақтаушы қоры (МЗЖҚ) құрылды. МЗЖҚ-ның құрылу мақсаты – негізгі қызмет түрлері – салымшылардың міндетті зейнетақы жарналарын жинау және зейнеткерлерге зейнетақы төлеу; зейнетақы активін қалыптастыру, сондай-ақ оларды мемлекеттік құнды қағаздар, мемлекеттік банк депозиттері, халықаралық қаржы ұйымдарының құнды қағаздарына айналдыру. Нарықтық экономика жағдайында МЗЖҚ-мен қатар мемлекеттік емес қорлардың құрылуы да жаппай сипат алуда. Жартылай мемлекеттік қамтамасыз ету жағдайында жаңа жинақтау жүйесіне көшу зейнетақы төлеудің мемлекеттік орталығын (ЗТМО) құру қажеттігін көрсетті, ол бірыңғай нөмірлеу үшін *әлеуметтік жеке код* (ӨЖК-СИК) үлестірумен айналысады [1]. Зейнетақымен қамтамасыз етуді реформалаудың басты мақсаты – мемлекеттік зейнетақы жүйесін тұрақты қаржыландыруға қол жеткізу. «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру мақсатында әзірленді. Негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін жаңғырту болып табылады, ол зейнеткерлік жаста лайықты өмір сүру деңгейі үшін зейнетақы төлемдерінің бара-барлығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Заң жобасы:

1. Қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесін жұмыс берушілердің жарналары есебінен қызметкерлердің табысынан 5% мөлшерінде қалыптасатын жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауышымен толықтыруды көздейді. Зейнетақымен қамсыздандырудың бара-барлығын сақтап қалу үшін 2018 жылдан бастап зейнетақы жүйесінің жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауышын енгізу ұсынылады. Жаңа жүйе зейнетақымен қамсыздандырудың жинақтаушы, сол сияқты таратушы қағидаттарын қолдайды. «БЖЗҚ» АҚ ашылған шартты зейнетақы шоттарына жұмыс берушілер пайдасына олардың табыстарынан міндетті 5% зейнетақы жарналарын аударатын қызметкерлер зейнетақы жүйесінің қатысушылары болып табылады. Қызметкер зейнеткерлік жасқа жеткен және қатысу өтілі бес жылдан кем болмаған жағдайда шартты-жинақтаушы құрамдаушыдан берілетін зейнетақы мөлшері шартты зейнетақы шотында қалыптасқан зейнетақы міндеттемелеріне және күтілетін өмір сүру ұзақтығына байланысты айқындалатын болады.

2. Зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты базалық зейнетақы тағайындау тәртібін өзгерту. 2017 жылғы 1 шілдеден бастап базалық зейнетақы тағайындау тәртібі өзгертін болады. Базалық зейнетақы азаматтар зейнеткерлік жасқа жеткен кезде ғана және зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты (зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі – 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі және міндетті зейнетақы жарналарын төлеудегі нақты өтілі) тағайындалатын болады. 2017 жылғы 1 шілдеге дейін зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлер үшін зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты базалық зейнетақыға біржолғы қайта есептеу жүргізілетін болады. Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл болған жағдайда, базалық зейнетақының мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50% құрайтын болады, 10 жылдан артық әрбір жыл үшін оның мөлшері 2% арттырылып отырады, қатысу өтілі 35 және одан көп болған жағдайда ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100% тең болады. Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жылдан кем зейнеткерлер үшін төлемнің мөлшері базалық зейнетақының қазіргі мөлшерінен төмен болмайды.

3. Әлеуетті құрылымдардың қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыруды реформалау. Әлеуетті құрылымдардың барлық қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылатын болады.

Олардың зейнетақыларының мөлшері еңбек сіңірген жылдарына және қызметтен босатылған сәттегі ақшалай қамтылымына байланысты есептелетін болады. Бұл ретте, 2016 жылдан бастап әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің ақшалай қамтылымынан 20% міндетті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша мемлекеттік бюджеттің міндеттемелері жойылатын болады. Бұдан басқа, олардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомаларының елу пайызын бюджет кірісіне қайтару ұсынылады. Сондай-ақ қызмет өткерудің тең шарттарында әртүрлі уақыт кезеңдерінде запасқа шығарылған әлеуетті құрылым зейнеткерлерінің зейнетақы төлемдерінің мөлшеріндегі сәйкессіздікті жою үшін 2016 жылы бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшеріне, зейнетақы ісінің материалдары бойынша қызметтен босатылған күнге еңбек сіңірген жылы, еңбек өтілі, ақшалай қамтылымы есепке қабылданып, оларды толық мөлшерге дейін жеткізу ескеріле отырып, толық емес көлемде біржолғы қайта есептеу жүзеге асырылатын болады. Жалпы, жоғарыда көрсетілген шараларды іске асыру жиынтық зейнетақының орташа мөлшерінің орташа айлық жалақыға арақатынасын 2030 жылға дейін жоғалған табыстың кемінде 40% деңгейінде сақтап қалуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде зейнетақы қандай да бір себептермен еңбекке қабілетін жоғалтқан, белгіленген жасқа толуына, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына және тағы басқа себептерге орай еңбек міндеттерін орындауды тоқтатқан немесе оны тоқтату құқығына ие тұлғалар үшін тағайындалады. Зейнетақыны мемлекеттің сыйы ретінде, қайырымдылық әрекеті ретінде қарастыруға болмайды, себебі зейнетақы – бұл әрбір азаматтың еңбегімен табылған жеке меншігі, оның зейнетақыға қатысты құқығы заңдармен қорғалады [2]. Қазақстан Республикасында зейнетақылардың келесі түрлері төленеді:

1. Еңбек зейнетақылары; 2. Әлеуметтік зейнетақылар.

*Еңбек зейнетақысы* – бұл азаматтарға жалақысын немесе өзге де табысын өтеу мақсаттарында төленетін ай сайынғы ақшалай төлем. Еңбек зейнетақысына қатысты құқық зейнетақы заңдарының шарттарымен және нормаларымен анықталады.

Еңбек зейнетақылары өз кезегінде келесі түрлерге бөлінеді:

- жасына байланысты зейнетақылар;
- мүгедектігі бойынша зейнетақылар;
- еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақылар;
- асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақылар.

*Әлеуметтік зейнетақылар* қандай да бір себептермен зейнетақының өзге түрлерін алу құқығын иеленбеген азаматтар үшін тағайындалады. Әдетте, әлеуметтік зейнетақылар зейнетақылық жасқа жеткен, бірақ қажетті еңбек өтілі жоқ тұлғаларға тағайындалады. Мұндай жағдайда зейнетақы жалақыдан есептеле алмайтындықтан, ол тиісті зейнетақы ең

төменгі мөлшерінде белгіленеді. Зейнетақылық қамсыздандыруды халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар жүзеге асырады [3].

Қазақстан Республикасында зейнетақы жүйесі реформаларының алғышарттары:

–1991 жылғы 15 маусымда тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның зейнетақы туралы алғашқы заңы «Қазақ КСР-де азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң қабылданды. Бұл заңның басты мақсаты – зейнетақылардың мөлшерін жұмыс өтіліне және орташа айлық жалақыға тәуелдірек ету, сонымен қатар зейнетақылық жүйені арнайы құрылатын зейнетақы қорларының есебінен қаржыландыруды ұйымдастыру болып табылады.

– ҚР-ның зейнетақылық жүйесінің дамуындағы келесі кезең болып 1994 жылы «1994 жылға нақтыланған республикалық бюджет туралы» заңды қабылдау нәтижесінде жүйеде біршама өзгерістер енгізілді: жасына байланысты зейнетақылар жұмыс берушілер мен қызметкерлердің өзімен қаржыландырылатын болды. Адамның еңбекке қабілеттігінің жоғалтуымен байланысты жәрдемақылар мемлекеттік бюджеттен тиісті жәрдемақы түрінде төленетін болып қалды.

–Республикада 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңы» өз күшіне енді. Зейнетақы көлемі еңбекақының 50% есебінен белгіленді және соңғы жұмыс істеген он жылының 5 жылғы жұмыс өтіліне және еңбекақысына байланысты болды. Зейнетақыға әйелдер 55, ерлер 60 жаста шығатын [4].

*Зейнетақымен қамтамасыздандыру екі жүйеден тұрады:*

–Ортақ жүйеден (зейнетақыны төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталықтан зейнетақымен қамтамасыздандыру); Ортақ жүйе республикалық бюджетке түскен әлеуметтік салық пен басқа да төлемдерге негізделген.

–Жинақтаушы зейнетақы жүйесі (жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақымен қамтамасыздандыру);

1. Ортақ жүйе элементтері: базалық зейнетақы (яғни, еңбек өтіліне қарамастан барлығына бірдей төленеді); еңбек өтілі (еңбек өтілі 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша зейнетке шығу уақытында алты айдан кем болмаған адамдарға төленеді).

2. Жинақтаушы жүйе элементтері: міндетті жарналар (ай сайынғы табыстан зейнетақы аударымдарының белгіленген 10 пайыздық мөлшері бар міндетті аударымдар) және ерікті жарналар (ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарына негізделген жинақталған қаражат).

ҚР Зейнетақы жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктерін келесідей қарастыруға болады. *Ортақ жүйенің артықшылықтары*, зейнетақыны мемлекет төлейді; кірісі аз адамдардың тұрақтылығы. *Ортақ жүйенің кемшіліктері*: зейнетақының ең жоғары мөлшері бойынша шектеу; демографиялық тәуекелдер (жұмыс істейтін халық пен зейнеткерлер арасында баланстың бұзылуы әлеуметтік салықтардың көбеюіне алып келеді); зейнетақыны ресімдеудің күрделі жүйесі.

Егер 2010 жылы ең төменгі зейнетақы қоры 18325 мың теңгені құраса, 2013 жылы бұл сома 28396 мың теңгені құрап, 10071 мың теңгеге өскені байқалып тұр. 14 жыл ішінде (1998-2012 жылдар) ең төменгі зейнетақы мөлшері 11 есеге (2 440 теңгеден 26 211 теңгеге дейін) артты, орташа зейнетақы – 10 есеге (3 964 теңгеден 38 765 теңгеге дейін), ең жоғары зейнетақы – 7 есеге (7256-дан 56047 теңгеге дейін) артты [5].

*Хороший кейс не выходит за пределы последних пяти лет.* Возможно, студенты воспримут кейс как новость скорее, чем как историческое событие. Если соображение правильно, и в той степени в какой оно правильно, предпочтительней современные случаи. *Хорошо подобранный кейс может вызвать чувство сопереживания с его главными действующими лицами.* Важно, чтобы в кейсе была описана личная ситуация центральных персонажей; во многих случаях это важный элемент в процессе принятия решения. Кейсы должны вызывать сопереживание в разнообразных ситуациях реальной жизни. *Хороший кейс включает цитаты из источников в самой компании.* Цитаты из материалов компании (произнесенные или написанные, официальные или неофициальные), добавляют реализма и позволяют студенту толковать такие цитаты в свете того, что он знает о людях, от которых эти высказывания исходят.

*Хороший кейс содержит проблемы, понятные студенту.* Это вырабатывает склонность к эмпатии (участию, сочувствию, сопереживанию). *Хороший кейс требует высокой оценки уже принятых решений.* Поскольку в реальной жизни принимают решения, руководствуясь прецедентами, прежними действиями и т.п., то целесообразно, чтобы кейс представлял рациональные моменты прежних решений, по которым можно строить новые решения. *Хороший кейс требует решения проблем менеджмента.* Ответы на этот и на предыдущий пункт отражали предпочтение кейсов, требующих принятия решений, а не тех кейсов, где нужна оценка решений, уже принимавшихся другими.

*Хороший кейс прививает навыки менеджмента.* Некоторые кейсы документируют процесс управления бизнесом, представляя тем самым модель, которую студент может взять за образец реальной жизни. Так совершенно отдельно от последующего познания через разрешение кейса, сам кейс учит искусству менеджмента – как смоделировать проблему в структуре дерева решений. Кейс, который исчерпывающим образом иллюстрирует задачу менеджмента, это добротный инструмент для выработки навыков менеджмента [6].

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Изменения в образовательных учреждениях: опыт исследования методом кейс – стадии / под ред Г.Н. Прозументовой. – Томск, 2003. – Б. 54.
2. Переход к Открытому образовательному пространству. Часть 1. Феноменология образовательных инноваций. Коллективная монография./ под ред Г.Н. Прозументовой. – Томск, Изд-во Том. Ун-та, 2005.
3. Смолянинова О.Г. Информационные технологии и методика CaseStudy в профессиональном обучении студентов педагогического вуза: Труды II Всероссийской научно-методической конференции «Образование XXI века: инновационные технологии диагностика и управление в целях информатизации и гуманизации», Красноярск, май 2000 г. / О.Г.Смолянинова. – Красноярск, 2000. – Б.74.
4. Смолянинова О.Г. Инновационные технологии обучения студентов на основе метода CaseStudy // Инновации в российском образовании: сб. – М.: ВПО, 2000. – Б. 68.
5. <http://www.casemethod.ru/>
6. <http://writing.colostate.edu/references/research/casestudy/index.cfm>

## ТҮЙІНДЕМЕ

*Г.М. Касымова, п.э. к., доцент*

*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

## СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ КЕЙС ӘДІСІ ТУРАЛЫ

Мақалада педагогикалық жоғары оқу орындарында кәсіптік оқытудағы кейс-әдісін пайдалану мәселесі сөз болады. Интерактивті оқыту әдісін қолдана отырып оқытуда,

студенттермен жақсы қарым-қатынаста болып, оларды бастамашылдық мүмкіндігін танытып, дербестігін сезінуге, теориялық ережелерді игеру мен меңгеруге бағыттап, практикалық дағдыларын қалыптастырады. Сондай-ақ бұл жағдайларды талдау студенттерді кәсібилендіруге ықпал етеді, олардың есеюге деген қызығушылығы мен оң мотивациясын қалыптастырады.

**Түйін сөздер:** кейс-стадия, білім, белгілі жағдайды талдау, кейс көздері, кәсіби оқыту және т. б.

#### SUMMARY

*G.M. Kasymova, cand.of psy.sci., assistant professor  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

#### ABOUT THE CASE METHOD IN THE VOCATIONAL EDUCATION OF STUDENTS

Annotation: in the article the problem of the use of кейс-метода актуализируется in the vocational training of students of pedagogical institution of higher learning. Being the interactive method of educating, he conquers a positive relation from the side of students, that see possibility to display initiative, feel independence in mastering of theoretical positions and capture by practical skills in him. It is important and that the analysis of situations adequately enough affects профессионализацию of students, assists their maturing, forms interest and positive motivation in studies.

**Keywords:** кейс-стади, education, analysis of certain situations, sources of кейсов, vocational training of and other.

ӘОЖ 795:659 (574)

#### ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ ЖАРНАМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗІ

*Е.Б. Ниязақинов, дене шынықтыру  
және спорт магистрі  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Аталған мақалада дене шынықтыру және спорт жарнамасының шығу тарихы, мақсаты, міндеті көрсетілген. Дене шынықтыру және спорт жарнамасы арқылы халықты салауатты өмір салтына үгіттеу жолдарына және осы саладағы жарнама түрлеріне сараптама жасалған.

**Түйін сөздер:** Бұқаралық ақпарат құралдары, спорт, жарнама, газет, радио, пошта, теледидар, афишалар, дене шынықтыру.

Билеушілердің аты мен оларды мадақтайтын жазбалар ойылып, ірі құрылыстар нысандарын безендіру үшін қолданылған. Бұл жарнаманың ең алғашқы белгілері болып табылады. Қыш құмыраларға салған шебердің сол кездегі спорттық іс-шараларының белгісі бүгінгі тауар белгісімен сай. Жарнамалық түрлеріне, сол кездегі үкім, бұйрық, спорттық жарыстардың мәліметтері және жекелеген хабарлар жатқан, олар тасқа қашалып, ағаш пен сүйектерге салынған, сондай-ақ шығыс елдеріндегі таңертең ерте «Тыңданыңдар!...» деген ұранын жарнаманың алғашқы белгісіне жатқызуға болады. Жарнаманың алғашқы қадамы сонау ертеден басталады. Мысалы мына суреттен көруге болады:



Ағартушылық, мәдениет, ғылыми білімнің ілгерілеуіне ықпал еткен 1448 жылы Иогон Гутенбергтің ойлап тапқан баспа станогы жаңа қадамдар жасағаны белгілі. Бұл жаңалық баспа жарнамасының пайда болып, ілгерілеуіне оң ықпалын тигізді. Ең алғаш баспа жарнамалары Англияда Гутенберг жаңалығынан кейін 30 жыл өткен соң пайда болды. Радиоарнама 1920 жылы Питтсбургте радиотаратудың іске қосылуымен эфирде берілді. Телеарнамалар АҚШ-та 1941 жылы экранға шықты. Осылайша қоғамның дамуымен бірге жарнаманың берілу стилі, ауқымы кеңейе түсті. XX ғасырдың басында бейнелік жарнама түрлері: пошталық, ашық хаттар, әдемі безендірілген мәзірлер мен ораушы материалдары пайда болды. Ал кино мен теледидардың пайда болуы жарнамаға жаңа мүмкіндіктер алып келді.

«Жарнама» терминінің шығу төркіні Қазақстанның оңтүстік өңірінде ислам өркениетінің гүлденген дәуірі – IX-XII ғасырларға барып тіреледі. «Жар» сөзінің мағынасы – «қабырға» дегенді білдіреді. Ал «нама» парсыша «жазу» деген мағынада. Сөйтіп «жарнама» дегеніміздің ежелгі мәні – «қабырғадағы жазу, жазба» болса керек.

Спортта және спорт индустриясында жарнама үнемі қолданылады. Коммерциялық іс-әрекетті нәтижелі жүргізу және табыс алуды қамтамасыз ету үшін жарнама маңызды және қажетті. Қойылған мақсаттарға жету үшін жарнаманың көптеген түрлері қолданылады. Көбінесе классикалық жарнама (радио, теледидар, газеттер мен журналдарда) қолданылады.

Газет – тереңнен баяндау, ақпараттың уақытпен шығуы, көптеген алуан түрлі тұтынушылар [1];

Радио – жиі қайталануы бар төмен баға, кеңінен таралуы, ақпараттың уақытымен шығуы, түрткі болатын хабарламалар ең нәтижелі [5];

Теледидар – кеңінен қамтылған тұтынушылар, бірақ жоғары бағалар; жоғары деңгейлі сенімділік, баяндалудың қысқалығы мен суреттелуін талап етеді [5];

Афишалар – жарнамалық іс-әрекеттің қымбат емес тәсілі. Жарнаманың бұл түрінің нәтижелілігі орналасқан жерге байланысты. Көзге түсу керек [5];

Компьютерлік коммуникациялар – ақпаратты арнайы ақпараттық компьютерлік жүйелердің деректер базасына орнату [5];

Пошта – ақпараттық-жарнама хаттарды тікелей пошта арқылы тарату, жарнамалық баспа материалдарды мақсаттық тарату [5];

Сувенирлік өнім – фирмалық рәміздері бар сувенирлер, орау материалдардағы жапсырмалар (сөмкелер, пакеттер және т.б.), спорт киімдері [5];

Жеке байланыстар – жеке қарым-қатынас, ақпаратпен алмасу, жарнама, сату және т.б. [5];

Спортты жарнамалау мен насихаттауда дене тәрбиесі, спортшылар мен жаттықтырушылар, жаттығу жүйелері туралы кітаптар үлкен роль ойнайды.

Біздің елімізде және шетелде спорт саласы бойынша монографиялар мен құралдар, оқулықтардың үлкен сұранысы бар. Арнайы спорт баспалары балалар, жасөспірімдер,

студенттер, үлкен жастағы адамдар жұмыстарындағы өз орнын тапқан спорт идеяларын насихаттауға үлкен назар аударады [2]. Жарнама құндылығының бірі – ол өзіне көптеген дарынды адамдарды тартады – суретшілер, жазушылар, режиссерлер, актерлер, әншілер, спортшылар және т.б. Дәл солар жарнаманы өнерге айналдырады. Ал жарнама оларға үнемі тренинг және мұқтажсыз күн көруді қамтамасыз етеді. Спорт және дене шынықтыру-сауықтыру іс-әрекеттің жарнамасы сирек кездеседі. Баспасөзбен теледидардағы жарнамамен салыстырғанда радиодан берілетін жарнама әрқашан өзінің тұтынушысын табады.

Деректер бойынша, еңбекке қабілетті халықтың 90% күнінде кем дегенде 20 минут радио тыңдайды. Көптеген Қазақстан қалаларында жарнама көлемі мен жарнамаға жұмсалатын шығындар құрылымы туралы деректер көрсеткендей, жарнаманың 60% – баспасөзде, 30% –теледидарда және тек 10% ғана радиода орналастырылады.

Спорт киімдерінде, көптеген жағдайларда жарнаманың үш түрі болады: спорт клубының жарнамасы; тапсырыс беруші компанияның жарнамасы; спорт киімі, аяқкиім, жабдықтар және өзге де аксессуарлар өндірушісінің жарнамасы.

Жарнама іс-әрекетінің нәтижесі үшін келесі әдістемелік қағидалар қолданылады:

- клиенттің мүдделілігі мен қажеттіліктері, оның ішінде оның жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы, мәдени деңгейі, қоғамдық жағдайын ескеру;

- түпнұсқалық, есте сақтап қал. Бұл қағида түпнұсқалы, стандарттық емес шешімдерді, жарқын бейнелерді, қысқа, дыбысты анықтамаларды таңдауын болжамдайды. Мысалы, «инфарктан қаш», «Спорт – бұл денсаулық!»;

- жарнамаланғанға қол жеткізу (сатып алушылық қабілет, физикалық және уақытша және басқа да факторлар);

- әрекет етудің үздіксіздігі. Тұтынушы жарнаманы есте сақтап қалу үшін жарнаманы үнемі қайталап жетілдіру қажет;

- шындық пен анықтық; Жарнаманың тауарлар мен қызмет көрсетудің сапаларына сәйкестендіріледі.

Жарнама келесі жағдайларда қажет:

- спортты жарнамалау – салауатты өмір салтын насихаттауға;

- жаңа, бірақ ешкімге қажетсіз, белгісіз фирма пайда болғанда;

- сатып алушыға әлі белгісіз тауар ұсынылғанда;

- нарық бірдей тауарлармен толып тұрғанда және сатушы дәл осы өнімге назар аударту керек;

- сату көлемі түскен кезде;

- сатушы сатылым көлемін кенеттен кеңейту, жаңа нарық аумағын «жаулап алуы», жаңа клиенттерді тартуын жоспарлағанда.

Жарнама келесі жағдайларда бос шығын болып есептеледі:

- сатылым нарығында тауар-монополист басым болғанда;

- тапшылық немесе ажиотаж сұраныс жағдайларында тауар жылдам сатылғанда;

- сатылымның өсуін басқа, жарнамалық емес, ең бастысы арзан әдістермен ынталандырғанда;

- сатушы белгілі бір себептермен сатылымның көлемін ұлғайтуын қаламағанда;

- жарнаманы табысы төмен адамдар қажет етпеген жағдайда.

Спорт тақырыбы өте алуан түрлі және біздің уақытымызда түрлі бағыттармен мазмұнданған. Заманауи адам өмірдің ырғағымен өмір сүру үшін үнемі спортпен айналысуы қажет. Әрине, оған спорт әлеміндегі қызықты оқиғалар мен жаңалықтар білу туралы қызықты. Бұны түрлі спорт журналдары мен газеті арқылы білуге болады. Спорт басылымдары спорт оқиғаларымен үнемі қызығатын адамдар үшін есептелген, мұнда оқырманды спорт саласындағы жаңалықтар, спорт әлеміндегі ең қызықты оқиғалар, спорттық және белсенді демалу, фитнес орталықтар, спорт дүкендері, спорт әлеміндегі белгілі тұлғалармен сұхбаттасу және т.б. туралы уақытымен хабардар ету идеясы салынған [5]. Еліміздегі БАҚ саны 1-кестеде берілген.

Баспа басылымдары адамдарға ақпарат ұсыну саласында жетекші орын алады, газеттер мен журналдар оқырманға материалдарды оқу кезектілігін таңдауға мүмкіндік береді. Баспа бұқаралық ақпарат құралдарын әр жерде және кез келген уақытта пайдалана алады, олар кез келген жастағы адамдарға қолжетерлік болып табылады [4].

Спорт басылымдарының мақсаттары мен міндеттері:

- спорт әлеміндегі жаңалықтар мен жарқын оқиғаларды жариялау;
- нәтижелі бағдарламаларды тепе-тегжейлі суреттеу;
- әйгілі спортшылармен сұхбаттасу;
- спорт дүкендері мен тауарлар жарнамасы;
- облыстық спорт клубтарының базасын құру, әр клубты егжей-тегжейлі суреттеу;
- әртүрлі спорт түрлерінің ережелерін шолу;
- облыстың аймағында өтетін спорт жарыстары, көрмелер, іс-шаралар және т.б.

Қазақтілді аудиторияға негізделген қазақша басылымда осы жарнамаларды дәл сондай түрлі түсті сипатында қазақ тілінде жарияласа, оқырманның түсінері айдан анық.

Сонымен, жарнама дене мәдениеті және спортта кеңінен қолданылады, ол қоғамдық сана-сезімге әрекет ету құралы болып табылады. Ол спортшылар, спорт ұйымдары және фирмалар өздерінің кәсіптік іс-әрекеттерін нәтижелі жүргізу және табыс шығару үшін қажет, ал ең бастысы – оның негізгі қызметі: спорт тауарлары мен қызмет көрсетулері туралы, ақпаратты тарату ұлт денсаулығын, салауатты өмір сүруді насихаттау, өйткені дені сау ұрпақ мемлекет үшін өте маңызды. Қазіргі кезде, ең тиімді болып сыртқы жарнама болып саналады. Сондықтан сырттағы қалқандардағы, көліктердегі жарнамаларды одан әрі жетілдіру керек.

### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Котлер Ф. Основы маркетинга. – М.:1992. – Б. 87.
2. Бекболатұлы Ж. Жарнама негіздері, оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2009. – Б.84.
3. Галкин В.В. Экономика и управление физической культурой: и спортом: Учебное пособие для вузов/ В.В.Галкин. – Ростов н/Д: Феникс, 2006. – Б.56.
4. Галкин В.В., Сысоев В.И. Экономика физической культуры и спорта: Учебное пособие для высших и средних профессиональных учебных заведений физической культуры. – Воронеж, 2003. – Б. 42.
5. Степанова О.Н. Маркетинг в сфере физической культуры и спорта. – М.: Советский спорт, 2003. – Б. 26.
- 6 Есімжанова С.Р. Маркетинг, оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2003. – Б. 56.

### РЕЗЮМЕ

*Е.Б. Ниязакынов, магистр физической культуры и спорта  
(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И РЕКЛАМЫ СПОРТА В КАЗАХСТАНЕ

В данной статье рассматривается цель, содержание и история зарождения рекламы спорта и физической культуры. Приведены результаты экспертизы описывающие рекламы физической культуры и спорта и другие рекламы подобного рода агитирующих народ к здоровому образу жизни.

**Ключевые слова:** Средство массовой информации, спорт, реклама, газет, почта, телевизор, афишы, физическая культура.

## SUMMARY

*Y.B. Niyazakynov, master of Physical Culture and Sports  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### FOUNDATIONS FOR CREATING PHYSICAL CULTURE AND SPORTS ADVERTISEMENT IN KAZAKHSTAN

The article describes the purpose, content and history of creation of sports and culture advertisement. It demonstrates expertise results describing advertisements of physical and sports, as well as other types of similar advertisement stimulating people's strive for healthy lifestyle.

**Key words:** Media means, sport, advertisements, newspapers, mail, TV broadcasting, posters, physical culture.

ӘОЖ 87.19

### БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*А.А. Саипов, п.ғ.д., профессор  
(Астана қ., Л.Гумилев атындағы ЕҰУ)  
Г.А. Мұратбаева, п.ғ.д., проф.м.а.  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Болашақ педагог мамандарын кәсіби даярлау жүйесіндегі күрделі мәселелердің бірі, ол кәсіби маңызды білім мен біліктіліктерді меңгеруге бағытталған маманның кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін жетілдіру. Ғылыми еңбектерге жасаған талдау негізінде мақала авторлары құзыреттілікті үш топқа бөліп қарастырады: бірінші топқа, адамның жеке тұлғалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретіндегі құзыреттіліктер; екінші топқа адамның өзара іс-әрекеті мен әлеуметтік саласына қатысты құзыреттіліктер; үшінші топқа адамның іс-әрекетіне қатысты құзыреттіліктерді. Сондықтан да жоғары білім беру жүйесінде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін тұлғалық дамыту технологияларын қолданудың тиімділігін жан-жақты қарастыруды қажетсінетінін дәлелдей түседі. Ұсынылған кәсіби-тұлғалық технологияларының әдістері болашақ педагог мамандарының тұлғалық және кәсіби даму траекториясын белгілеуге, бәсекеге қабілетті маман даярлау ісін жетілдіруге бағыт-бағдар беріп, практика жүзінде өз нәтижесін беретінін айқындайды.

**Түйін сөздер:** кәсіби білім беру жүйесі, кәсіби-тұлғалық құзыреттілік, тәжірибелік іскерлігі, тұлғалық даму технологиясы, тұлғалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында әлемдегі алдыңғы 30 елдің қатарына кіреміз деген мақсат қойылды. Жолдаудың үшінші бағытындағы «Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары» деген бөлімінде «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс», – деді [1]. Мақсатқа

жетудің басты жолы – қазақ елі бәсекеге қабілетті болашақ маман даярлануы қажет. Бәсекеге қабілетті ұлт болудың бір қадамы ол – ғылым-білімнің әлемдік бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Осы тұста Қазақстанның әлемдік білім-ғылым қауымдастығына енуі маңыздылығы педагогика ғылымындағы озық тәжірибелерді тарату арқылы кәсіби білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік жасалады. Олай болса, республика жоғары оқу орындарының алдында жан-жақты дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген маман даярлау міндеті тұр.

Елімізде жоғары білім жүйесін дамыту талаптарына сай болашақ педагог мамандарға терең білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты мәселесі. Білім беру үдерісіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Осыған орай, жоғары оқу орындарындағы білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай болуы болашақ педагог маманның болашақта кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына әкеледі. Жоғары білім беру жүйесіндегі болашақ педагог мамандар даярлығын қалыптастыру мәселесі кәсіби даярлаудың құрамды бөлігі ретінде көптеген ғалымдардың зерттеулеріне негіз болды. Болашақ педагог мамандары құзыреттілігі педагогика ғылымында осы күнге дейін зерттеліп келеді. Қазіргі таңда мықты маман даярлау міндетінің алдында жоғары кәсіби білім беру жүйесінде болашақ педагог мамандарының кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін жетілдіру мәселелері кеңінен қарастырылғаны байқалады.

Қазақстанда құзырлы білім беру туралы алғаш рет 2004 жылы 11 қазанда қабылданған білім берудің 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында айтылды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «базалық құзырет» ұғымы қолданылып келеді. Бұл құзыреттіліктер – өмірдегі мәселелер мен жағдайларды шешуде іс-әрекеттің сапалы, табысты өтуін қамтамасыз ететін жеке тәжірибеге енген білім, білік, дағды, қабілеттің жинағы немесе әмбебап жүйесі. Сондықтан осы тұрғыда жоғары кәсіби білім беру базалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Отандық педагогикада «құзыреттілік» ұғымы көбіне кәсіби дайындық, кәсіби шеберлік пен мамандықты меңгеру деңгейі ретінде қарастырылып, кәсіби-тұлғалық құзыреттілік түсініктері мен кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген алыс және жақын шетел ғалымдарымен қатар отандық педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда. Оған мына отандық ғалымдарымыздың, атап айтатын болсақ, А.Е.Әбілқасымованың, Б.Б.Баймұхановтың, М.Ә.Құдайқұловтың, Ж.А.Қараевтың, Б.Т.Кенжебековтың, С.Е.Шәкілікованың, А.Нұғысованың, С.Р.Рахметованың, Б.А.Тұрғынбаеваның, Ш.Х.Құрманалинаның, Ә.М.Мұқанбетжанованың, Т.Қ.Оспановтың, Ж.Т.Қайыңбаевтың, Б.М.Қосановтың, Қ.А.Аймағанбетованың, К.С.Құдайбергенованың, Г.Ж.Меңлібекованың және т.б. пайымдаулары мен тұжырымдамалары негіз бола алады.

Б.А.Тұрғынбаева шығармашыл оқытушыға тән құзырлылықты былайша сипаттайды: «педагогикалық ақиқаттағы проблеманы көре білу; оны тиімді шешу үшін қажетті ақпаратты тез арада таба білу, ондағы негізгіні анықтай алу; нәтижені болжай білу; жаңалықты тәжірибеге енгізе алу; әрекетін зерттеп талдай алу; нәтижеге шығармашылықпен сыни баға бере алу» [2]. Бұдан келе біз бұл автордың құзыреттілікті кез келген істің тәжірибеде көрініс табуы дегенін байқаймыз.

Б.Т.Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады», – деп анықтама берген [3]. Өз еңбектерінде К.С.Құдайбергенова «құзырлылық – адамның өздік даму жолындағы ізгілік идеялар мен ұстанымдарға негізделген кіріктірілген сипаттамасы, ол құзыр – адамның тұлға болып қалыптасуындағы қызмет барысында байқалатын мінез-құлқы» деп тұжырым жасайды [4].

Г.Ниязова зерттеу жұмысында «құзыреттілік» ұғымына «Білім беру құзырлары – бұл білім алушылардың мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы» – деп анықтама береді [5].

Г.Меңлібекова болашақ педагогтің әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуына үлкен мән береді. Оның пікірінше, әлеуметтік құзыреттілік – адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері [6].

Тағы бірқатар Қазақстан ғалымдары М.Жадрина, С.Мұқанова, Н.Н.Нұрахметов, Р.А.Сүлейменова және басқалар білім берудегі құзыреттілікті зерделеу негізінде төмендегідей анықтама береді: «Базалық құзыреттілік дегеніміз – мектеп қабырғасындағы оқушылардың ересек өмір сүруге, азаматтың рөлін ойнауға және білім алуды өмір бойы жалғастыруға дайындығы. Түйіндік құзыреттілік – барлық әлеуметтік мүмкіндіктерді проблемалық жағдаяттарды шешуге жұмылдыру; алған білім, білік және дағдыны, өмірлік тәжірибені белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге шоғырландыруға қабілеттілік».

Сонымен, кәсіби білім берудегі құзыреттіліктер түйіні нәтижелерге жетуді көздейді. Мұны жоғары білім беру жүйесіндегі болашақ педагог мамандарын даярлауда ескеру қажет деп есептейміз.

Жоғарыда аталған еңбектерге талдау жасау арқылы құзыреттілікті үш топқа бөліп қарастырылатыны айқындалды: бірінші топ, адамның жеке тұлғалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретіндегі құзыреттіліктер. Екінші топ: адамның өзара іс-әрекеті мен әлеуметтік саласына қатысты құзыреттіліктер. Үшінші топ: адамның іс-әрекетіне қатысты құзыреттіліктер. Қорытындылай келе, біз ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, «құзыреттілік» ұғымына – болашақ педагог мамандардың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген түсінік береміз.

Жоғары білім беру жүйесінде білім алушыларға тұлғалық құзыреттілік тұрғысынан ықпал ету болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы олардың тұлғалық дамуының бірнеше кезеңнен өтуімен сипатталады. Болашақ педагог мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға тұлғалық-бағдарлы тұрғысынан ықпал етуді іске асыру әр білім алушының тұлғалық мағынасы мен маңыздылығын болжайды.

Болашақ педагог мамандардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастырудың ең алдымен тұлғалық даму технологиясының көптүрлілігі негізінде төмендегідей тұлғалық қызметтерді атқарады. Олар: мотивация (іс-әрекетті қабылдау мен негіздеу); рефлексия («Мен» белгілі образын құру мен ұстап тұру); мағыналы шығармашылық (маңызды өмір мағыналарының жүйесін айқындау); бейімделу (әлемнің тұлғалық бейнесін құру – жеке көзқарасын); өзін-өзі жетілдіру (өзінің «Мен» образын мойындатуға талпыну); рухани өмірлік іс-әрекетін қамтамасыз ету.

Аталған тұлғалық қызметтер болашақ педагог мамандарының өзара кәсіби іс-әрекеттеріндегі қарым-қатынасы мен білім беру үдерісінің қызметін толыққанды орындауға септігін тигізеді.

Бұл жағдайда болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру технологиясының жетілдірудің ерекшеліктерін ескеру қажет. Атап айтатын болсақ, олар тұлғалық дамыту бағытында және нақты көзделген мақсатты іске асыру, сол мақсаттың екі деңгейлігін, яғни субъектінің тәжірибе жолын дамыту арқылы нақты білім беру мазмұнынан тұлғалыққа көшу қажеттілігін анықтайды.

Жоғары білім беру жүйесінде болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін тұлғалық дамыту технологияларын қолданудың нәтижелі құралдары ретінде мына әдістерді қолданудың тиімділігі арта түсті:

- когнитивті нұсқаулықтар, бағытталған тесттер, міндеттер мен жобалар әдістерінің көмегімен өзіндік оқыту;

- интегративті жобалар мен кешенді тапсырмаларды орындау, тренингтер жүргізулерді ашудағы иммитациялы ойын түріндегі оқытудың кооперативті технологиялары;
- тұлғаның рефлексивті және критикалық, ой тудырушы функцияларын іске асырудың факторы ретіндегі оқытудың диалогтылығы.

*Интегративті жобалар әдісін* тұлғалық дамыту технологияларының ең нәтижелісі құрал ретінде қолданып, оның кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға, яғни тәжірибелік іс-әрекетті жетілдіруге бағытталғанымен құнды. Білім алушылар тарапынан жеке және топтық жобаларды орындаудың нәтижесі олардың тұлғалық және әлеуметтік құзыреттіліктерін дамытуға: іс-әрекетті, уақыт пен ресурстарды өз бетінше жоспарлай алуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына, белгілі бір топтық жұмысқа бекітілген кездегі өзінің белсенділік деңгейін басқара алуына, түрлі әріптестерімен өзара әрекеттесіп, ортақ компромис таба алуына көмектеседі.

*Мониторинг жасау әдісі* ерекшеліктеріне тұлғаның кәсіби дамуы мен білім алу үрдісін коррекциялау (түзету), болжау, диагностикалау жұмыстары жатады. Бұнда кәсіби тұлға болып қалыптасу үдерісіндегі тұлғаның мінездемесіне ерекше мән беріледі, себебі, ол нәтижелер туралы өзге де мәліметтермен салыстырғанда ақпаратты болып келеді. Тұлғалық даму технологиясының нәтижелілігін мониторингтен өткізудің әрекеттік әдістерінің бірі жазбаша, графикалық материалдар, техникалық өнімдер, білім алушылардың шығармашылық жұмыстары зерттелетін кәсіби оқыту әрекетіндегі нәтижелерді талдау болып келеді.

*Бақылау әдісі.* Білім беру үдерісі мен болып жатқан көріністердің мәнін іздеу арқылы тұлғаның кәсіби тұрғыда дамуындағы өзгерістерді бақылау.

Педагогикалық бақылау әдісінің нәтижелі болуы педагогтың кәсіби құзыреттілігіне, оның тәжірибесіне, білім алушыларға деген қарым-қатынасына, кәсіби көзқарасына тікелей байланысты.

*Экспликация әдісі* білім алушының дамуында болып жатқан өзгерістерді диагностикалап қана қоймай, сонымен қатар оның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу үдерісіне тікелей түзетулер енгізе алатын кәсіби оқыту әрекетінің мазмұны.

*Сұрақ-жауап әдістері* арнайы таңдалынып, жіктеліп алынған стандартты сұрақтарға ауызша немесе жазбаша жауап алу негізінде білім беру үдерісіндегі субъектінің дамуы туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сұрақ-жауап әдісі кәсіби оқыту әрекетінің негізгі компоненттерінің қалыптасуы туралы және білім алушы мен педагогтар бағыттарының ерекшеліктерін, жеке оқыту танымдық қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

*Тестілеу әдісі* – ол педагогикалық үдерістердің дамуы мен білім берудегі субъектінің психикалық даму деңгейінің айқындылығын анықтап, мәліметтер жинайтын объективті әдіс болып келеді. Ең басты мәселе, қалыпты жағдайға сүйене отырып, бағаларды салыстыруға мүмкіндік береді. Мониторинг үшін интеллектуалды және тұлғалық, тәжірибелік, процессуалды тест тапсырмалары қолданылады. Сонымен, біз ұсынған кәсіби-тұлғалық технологияларының әдістері болашақ педагог мамандарының тұлғалық және кәсіби даму траекториясын белгілеуге, бәсекеге қабілетті маман даярлау ісін жетілдіруге бағыт-бағдар беріп, практика жүзінде өз нәтижесін береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // «Қазақстан-2030» Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты. Астана, Ақорда 14.12.2014 ж.

2. Тұрғынбаева Б. А. // Білім берудегі менеджмент. - 2012. -№ 1. - Б. 21-24

3.Кенжебеков Б.Т. Сущность и структура профессиональной компетентности специалиста // Высшая школа Казахстана.–2002.–С.81-84

4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері // Алматы, 2012 ж.-Б.101-114

5. Слостенин В.А. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. - М.: Педагогика, 1976. - 236 с.

6. Кенжебеков Б.Т. Болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. – Алматы: ТОО «Стандарт», 2006–260 б.

## РЕЗЮМЕ

*Саипов А.А., д.п.н.*

*(г. Астана, Евразийский Национальный университет имени Л.Гумилева)*

*Муратбаева Г.А., д.п.н.*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

## ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТЕХНОЛОГИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЛИЧНОСТНОГО РАЗВИТИЯ В СИСТЕМЕ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Статья рассматривает проблемы подготовки специалистов, обладающих профессионально-личностными компетенциями, способствующие овладению ими профессионально важными знаниями. Авторы придерживаются мнения, что компетенции в решении поставленной проблемы должны рассматриваться в трех аспектах: к первой группе относятся компетенции, способствующие развитию личностной деятельности и выступающие в роли взаимодействия субъектных отношений; вторую группу составляют компетенции, раскрывающие личностную и социальную сферу деятельности; третья группа отражает компетенции деятельности личности. Поэтому возникает необходимость рассмотрения использования технологий личностного развития, способствующие совершенствованию профессиональных компетенций будущих педагогов и определяющие основные направления в подготовке конкурентоспособного педагога, сопровождаемые описанием средств достижения результатов и эффективности применяемых технологий в образовательном процессе.

**Ключевые слова:** система профессионального образования, профессионально-личностные компетенции, практическая деятельность, технологии личностного развития, личностная деятельность и субъектные взаимоотношения

## SUMMARY

*Saipov A.A., doctor of pedagogical sciences*

*(city Astana, Eurasian national university named after L.Gumilyov)*

*Muratbaeva G.A., doctor of pedagogical sciences*

*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

## FEATURES USE TECHNOLOGY PROFESSIONAL PERSONAL DEVELOPMENT IN THE PREPARATION OF FUTURE TEACHERS

The article deals with the problems of training specialists who have professional and personal competencies, professional spossbstuyuschie mastery of essential knowledge. The authors are of the opinion that competence in solving the problem should be considered in three aspects: the first group consists of competence, contribute to the development of personal activities and acting as the interaction of subject relations; The second group consists komepetentsii revealing personal and social activity; The third group of activities reflects the competence of the individual. Therefore there is a need to consider the use of technology of personal development, contributing to the improvement of professional competence of future teachers and defines the main directions vpodgotovke highly competent teachers, which describes the means to achieve the results and effectiveness of the technologies used in the educational process.

**Keywords:** vocational education, professional and personal competencies, practical activities, technology personal development, personal activities and relationships of subjective.

УДК 371.302

## БАЛА ТӘРБИЕСІ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ

*Сәндібаева С.Н. оқытушы, тәрбиеші  
(Алматы обл. Есік экономикалық  
гуманитарлық колледжі)*

*Сәндібаева Н.А. п.ғ.к., қау. профессор м.а.  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Қай мемлекетте болмасын бала тәрбиесі ең бірінші орында тұрады. Балалар тәрбиесіне, келер ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде болса да, қай елде, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген. Өйткені балалар – біздің болашағымыз, еліміздің ертеңі. «Тәрбие басы – тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің!» деген қазақтың сөзі талай сұраққа жауап береді. Ата бабамыз ежелден ақ балаларының тәрбиесіне қатты көңіл бөліп келді. «Ұлың өссе ұлы жақсымен, қызың өссе қызы жақсымен көрші бол» - деп бекерге айтқан жоқ. Бірқатар мәселелер бойынша құнды өмір философиясын ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып, тәрбие берудегі бізге дайын әдістемесін қалдырып кетті. Балаларға дем беріп, қолдап, өзара бірлесіп, аяғынан нық тұруға көмектесу керек. Баланың қатесі болса, түзетуге тырысып, оны жөнді жолға салу қажет. Ешбір баланы жақсы-нашар деуге болмайды. Жеміс ағашын баптап, күнде күтіп суарсаң ғана мол жеміс алып, қуанасың. Ал өсіп келе жатқан баланы қадағалап, қатесін түзету, кемшілігіне кешіріммен қарау – қоғамның, тікелей ата-ананың және білім ошағы - мектептің міндеті.

**Кілт сөздер:** тәрбие, бала, қоғам, ата-ана, мектеп

Бүгінгі өмір шындығына жүгінер болсақ, бала тәрбиесі ананың ақ сүтінен нәр алып, уызына жарып өсуіне, өскен ортасына тікелей байланысты.

Қазіргі заманда ғылым мен технология қарыштап дамып, шарықтау шегіне жетті десек болады. Сәйкесінше өрістеп биіктеген сайын, адамның да санасы, дүниетанымы жоғарылайды, ол қоғамды өзгеріске ұшыратады.

Ғаламтор пайда болған кезде оның жас пайдаланушыларының жасы 20 жастан асқан, ақылы тола бастаған ересек адамдар болатын. Ал бүгін басын көтеріп, қолы икемге келген баланың бәрі ғаламторды шарлап шығады, - десек артық айтқандық емес. Ғаламтор кеңістігінің берері көп болу керек, дегенмен, баланың санасын улап, кері әсерін тигізер, келеңсіздікке жол берер жайттары көп.

Сол үшін де ақпараттық технологияның тым кеңінен қолданылып, өркендеуінде болып отыр. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең – бесігіңді түзе» деген сөзінде терең ойлы астар жатыр. Мұнда ұрпақтың жаһандану заманында жұтылып кетпей, өз ұлтының құндылығын сақтай отырып, дүние танымы мен рухани байлығын арттыруы үлкен жауапкершіліктің жүгі екені айқын.

Еңселі ел болып, егемендік алуды көксеген, тәуелсіз өмірді аңсаған ата-бабаларымыздың арманы орындалып, қазір тәуелсіз ел болып елтаңбамызды белгілеп, төл теңгемізді шығарып, әнұранымызды шырқап, көк туымызды желбіретіп отырмыз.

Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен ата-бабаларымыз туымызды жаудың төріне тіксе, бүгінгі күннің батырлары болған спортшыларымыз дүбірлі додаларда туымызды желбіретіп жүр. Тәуелсіздігіміздің жиырма бес жылдығы қарсаңында халқымыз үлкен жетістіктерге жетуді көздеп отыр.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі, болашағы, мемлекетіміздің тірегі болып есептелетін жастарымыздың өмірден өз орындарын тауып, мемлекетімізді дамытуға үлес қосуы, қазағымның мәртебесін көтеруі, ұрпағын көбейтіп, елдікті сақтауы, ұлттық құндылықтарымызды аялауы – осы міне халықтың арманы, жеткен жетістігі - деп білемін. Дегенмен, бүгінгі таңда кездесіп жатқан адасқан жастарымыздың шалыс басқан, қазіргі аяқ алысы көңіл қуантарлық емес. Әрине көпке топырақ шашып, бәрін бірдей дей алмаймыз. Мемлекетіміздің болашағын ойлап, өзіне сенімді, оқыған, иманды халқының адал перзенттері жетерлік. Бірақ, жастардың көпшілігі ішкілік пен нашакорлыққа салынып, көпшілігі үлкенге құрмет көрсетпей, қартайған ата-анасын қарттар үйіне өткізіп, ниеті бұзық жат ағым секталардың жетегіне ілесіп, Отанына қарсы шығып, ұлттық санадан алыстап бара жатыр.

Әр баланы тәрбиелеуде бір ғана отбасының алатын орны ерекше, ал мектептің ата-аналармен жүргізілетін жұмыстары да айрықшаланып, екі жақты байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрініс табады. Кейбір заманауи ата-ана: «Баламды киіммен, тамақпен, жататын үймен қамтамасыз етсем, білім, тәрбие беру – мектептің ісі» деп бөле қарап, солақай түсінетін ата-аналар да кездеседі. Сол үшін баланы тәрбиелеуде әрбір ата-ананы жауапты етіп, білім беру мекемелері, қоғамдық ұйымдар бірлесе отырып, тығыз жұмыс жасап, балаларды дұрыс бағыттаса, ол ең алдымен ұстаздар үшін де, ата-аналар үшін де тиімді болып, болашағымызды нықтай түсер еді.

Абай атамыз «Жаман тәрбие – болашақтағы қайғыңыз» дегендей, ұл мен қыздың абыройы мен ары – бүкіл елдің абыройы мен ары. Ер тұлғалы, қайратты, жүрегі елім деп соғар, болашағына сенімді, білімі жоғары айбынды ұлдарымыздың, Жібектей мінезімен уыздай тәтті қылығымен, іскерлігімен, ұқыптылығымен, ізеттілігімен, иманды, инабаттылығымен сыйлы қыздарымыздың болғаны біз үшін зор мақтаныш, ертеңімізге сенім, ұлтымыздың ұлылығының дәлелі іспеттес.

Ата-ананы пір тұтқан, тегімізді атадан, тілімізді анадан санаған дана халқымыз бала тәрбиесіндегі ананың орнын өте жоғары бағалап, Ананы – бүкіл өмір бастауы деп қараған. Өйткені ол өмірге адамды әкеліп, тәрбиелеп, оны ана тілінде сөйлетеді. Ұлт тарихына өшпес із қалдырған Домалақ ана, Айша бибі, Құртқа, Баян, Ұлжан, Зере, Әлия, Мәншүк, Хиуаздардың бүгінгі ұрпағының ақылына көркі, пайымына парасаты сай. Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді көтерген кезімізде қолға алар ісіміздің өзі ұрпақ тәрбиесі. Сондықтан да осы аналарымыздың жолын қуып, мақсатын ұстанып, шаңырақтың шаттығына бөлейтін бүгінгі жас қаздарымыз. Қазіргі заманда әр аймақтан көрініп жатқан, көкек аналардың арсыз әрекеттері мен қыздарымыздың ойсыздығы көптеген бейкүнә сәбилерді құрбандыққа шалды. Демек бұл, ең басты мәселе – бала тәрбиесінің әлі де кемшін тұстарының көп екенін дәлелдейді. Бұл тұста әлеуметтік ахуалдың да сын көтермейтінін айта аламыз. Біз біреуді кінәлап, қоя салмай, осы жайттардың түп-тамыры қайда екенін, неге орын алған себебін анықтағанымыз жөн.

Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің қожасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз».

Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан оң ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген сый-құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл – күйі, барынша бірге тамақтану тікелей ықпал етеді.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді әл – Фараби бабамыз. Бұл сөздер бүгін де өзекті. Жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз

жаркын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке баулып, имандылық тәрбиесін беру, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу барша қауымға бірдей ортақ міндет.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика.-Алматы, 1998, 2000.
2. Е.Сағындықұлы. Педагогика. - Алматы, 1999.
3. С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаева. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001.
4. Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы. – А, 1995.
5. <http://uzdikter.biz/pedagog-psiholog>

### РЕЗЮМЕ

*Сандибаева С.Н. преподаватель, воспитатель*

*(Алматинская обл., Есикский гуманитарно-экономический колледж)*

*Сандибаева Н.А. к.п.н. и.о. ассоц. профессора*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ, ОБЩЕСТВО И БУДУЩЕЕ

Сегодня современные родители, прежде всего, ставят перед собой цель обеспечить ребенка, а не воспитать. Задачу воспитания они почему-то оставляют на плечи воспитателей и учителей. Но ребенку в первую очередь нужно именно родительское воспитание, которое в состоянии дать далеко не каждый современный родитель.

Современное общество диктует свои законы. Сейчас многие родители не могут уделить должного внимания ребенку и его проблемам. Поэтому дети уже с младшего возраста ищут себе развлечения в интернете, а там, как мы все знаем, очень много ненужного для развития ребенка. Многие дети очень подвержены влиянию общества.

**Ключевые слова:** воспитание, ребенок, общество, родители, школа

### SUMMARY

*Sandibaeva S.N. teacher, tutor*

*(Almaty the regional., Esiksky humanitarian and economic college)*

*Sandibaeva N.A. k.p.s. associate professor*

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### EDUCATION OF CHILDREN, SOCIETY AND FUTURE

Today modern parents, first of all, set before themselves the purpose to provide the child, but not to bring up. They for some reason leave a problem of education on shoulders of tutors and teachers. But the child first of all needs parental education which not each modern parent is able to give.

Modern society dictates the laws. Now many parents can't pay due attention to the child and his problems. Therefore children already from younger age look for entertainments on the Internet, and there as all of us know, it is a lot of child, unnecessary for development. Many children are very subject to influence of society.

**Keywords:** education, child, society, parents, school

**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*А.М. Текесбаева, п.ғ.к., доцент*  
*Ш.Ш.Бадилбекова, студент*  
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар*  
*педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Мақалада бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың ерекшеліктері туралы сөз етіледі. Математика – бұл әрі күрделі, әрі қызықты пән болып табылады. Оның табысты және нәтижелі болуы мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен әдістемелік дайындығына байланысты болмақ.

**Түйін сөздер:** математика, сабақ, мақсат, міндет, нумерация, әдістеме, әдіс, оқытудың ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасы өз бағыт-бағдарын ұстанған, өзге өркениетті елдер мойындаған жеке мемлекетке айналған кезде білім беру мен тәрбие үдерісін жаңаша құру, өзгеше ойлау қажеттілігін қойып отыр. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [1]: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», – деп айтылған. Білім беру мәселесі Қазақстан Республикасының Конституциясында [2], «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында [3] және де басқа да мемлекеттік құжаттарда көтерілген.

Білім беру жүйесінің приоритетті міндеттерінің бірі – өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімін, ой-өрісін дамыту. Оның себебі егемендікке қол жеткізген уақытта заман сұранысына сай ұлттық рухани ерекшеліктерді ескере отырып ұлттық салт-дәстүрдің озық үлгілерін өсіп келе жатқан жас ұрпақ бойында қалыптастыру – бүгінгі таңның кезек күттірмес мәселелерінің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында [4]: «Жан-жақты мәдениетті тұлға, ең алдымен тұтастай дүниетанымға ие болуы қажет...», – деп тұлғаның ғылыми көзқарасын қалыптастыруға ерекше мән берсе, Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында [5] білім берудің бүкіл үздіксіз білім жүйесінің негізгі мақсаты болып табылатын үш іргелі мақсаттарын белгілеп, солардың ішінде ең біріншісі білім екенін айтады.

Бүгінгі таңда егеменді еліміздің білім беру саласындағы ең басты міндеті – өскелең ұрпақтың ұлттық дүниетанымын шыңдауға қызмет ететін білім беру жүйесін қалыптастыру. Өйткені, білім болашаққа қызмет етеді, білім жүйесі жоғары дәрежеде қоғамның әлеуметтік-экономикалық прогресіне ықпал етеді. Сондықтан білім беру жүйесі әрбір халықтың төл ұлттық болмысымен санасу арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Қоғамның ертеңгі болашағы – бүгінгі кішкентай бүлдіршіндерді ұлттық менталитеті бар, жаңа көзқарастағы жеке тұлға етіп тәрбиелеу қажеттігі туып отыр. Бұл міндетті іске асыруда оқушыларға оқу-тәрбие үрдісінде бүгінгі таңда әлемде қалыптасып отырған саяси, экономикалық өзгерістерді ескере отырып, өз халқының ұлттық-мәдени тарихын, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік жағдайын саналы түсінуге, олардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға ерекше назар аударылуы тиіс.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына берік білімді қалыптастырудың маңызы зор. Әсіресе, мұнда бастауыш мектептің алар орны ерекше. Оның себебі, білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы – бастауыш мектеп. Баланың жеке бас қасиеттерінің, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен осы бастауыш сыныптарда жүзеге аспақ. Оқушылардың шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі. Құнарлы жерде өскен мәуелі ағаш тамыры секілді бұл жастағы балалар иілгіш келеді. Осы жаста берілген ұлттық тәрбиенің сөлі мен нәрін бойына

сіңіріп, қуат алып өскен баланың өмірге деген бейімділігі де анағұрлым жоғары тұрмақ. Сондықтан, бастауыш мектеп – оқушы дамуының іргетасы, білім негіздері қаланатын кезең.

Мұнда бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшелігін ескерудің де маңызы зор. Олардың абстракты ойлау қабілетінен гөрі, нақты заттарды көріп сезіну арқылы қабылдайды. Бастауыш сынып оқушыларына білім беруде математика пәнінің алатын орны орасан зор. Өйткені математика оқушылардың білімін, шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін, таным мүмкіндіктерін, дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастырып дамытады. Сол себептен түрлі математикалық жаттығулар, тапсырмалар арқылы оқушылардың математикаға қызығушылықтарын арттырып, сапалы білімді терең меңгерудің маңызы зор. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың теориясы мен технологиясы математика курсының аса маңызды мәселелерін оқыту әдістемесінің жаңа тәсілдерімен таныстыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ, кәсіби білім, білік және дағдыларды өздіктерінен меңгеруге және жетілдіруге себепші болады.

Математика бұл қызықты әрі күрделі пәндердің бірі болып табылады. Ол үлкен қырағылықты, жауапкершілікті, іздемпаздылық пен шыдамдылықты талап етеді. Оқушылардың математикалық білімдерін қалыптастыруда теріс емес бүтін сандарды оқытудың маңызы ерекше.

Бастауыш мектепте математиканы оқытудың әдістемесін өздерінің зерттеу нысандарына айналдырған ғалымдар баршылық. Олар: қазақстандық ғалымдар Т.Қ.Оспанов, О.В.Кочеткова, Ж.Қ.Астамбаев, ресейлік ғалымдар П.М.Эрдниев, Б.П.Эрдниев, А.А.Столыра, В.Л.Дрозда т.с.с.

Математикадан оқу барысын жоспарлау – оқу жоспары, оқу бағдарламасы, күнтізбелік жоспар және оқулықтарда көрсетілген математикадан бағдарламалық материалдардың мазмұнымен анықталады.

Оқу жоспары негізінде күнтізбелік-тақырыптық жоспар жасалады, соған сәйкес белгілі бір тақырып бойынша математиканың әр сабағының жоспары дайындалады.

ОӘТ құрамына енетін әртүрлі оқу құралдары оқытудың қорытынды нәтижелеріне жетуге бағытталған нақты сабақтың мазмұнын анықтауда қолданылады. Осының негізінде мұғалімнің сабаққа дайындалуы төмендегідей болуы мүмкін.

1. Сабақтың тақырыбы мен типіне, сондай-ақ сол сынып оқушыларының жас ерекшелігіне қарай сабақтың мақсаты анықталады.

*Білімділік мақсаттары:* жаңа білімді меңгеру, білік және дағды қалыптастыру, бастауыш математика курсының материалдарын игеруге арналған өткенді қайталау, жүйелеу, жетілдіру, тереңдету, кеңейту және тиянақтау.

*Дамытушылық мақсаттары:* балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін, есін, логикалық ойын; өзіндік, шығармашылық белсенділігін дамыту; бақылау, салыстыру, ұқсастық пен айырмашылықты бөліп көрсете алу, талдау, жинақтау, жалпылау, абстрактілеу сияқты ой операцияларын орындай алу біліктерін дамыту; ауызша санау дағдыларын дамыту; дұрыс, нақты, логикалық математикалық тілді дамыту.

*Тәрбиелік мақсаттары:* оқытудың өмірмен, ғылымның практикамен байланысын нығайтуға мүмкіндік туғызатын ғылыми диалектикалық көзқарасты тәрбиелеу; математиканы оқып үйренуге қызығушылықты арттыру, пәнге сүйіспеншілікке тәрбиелеу; Отанына — Қазақстан Республикасына, туған жеріне, туған өлкеге сүйіспеншілікке; біздің республикамызда тұратын халықтарды құрметтеуге және сүйюге тәрбиелеу; халқымыздың салтын, дәстүрін және мәдениетін құрметтеу; дәптермен жұмыс, практикалық жұмысты орындау кезінде ұқыптылыққа тәрбиелеу; әдемілікті (әдемі көрнекілік, мұғалімнің сырт көрінісі) көре және сезіне білу, жолдастық өзара көмек, жәрдемдесу, қиындыққа ортақтасу сезімі, шыдамдылыққа тәрбиелеу, істі аяғына дейін жеткізе білуге үйрету және т.б.

*Практикалық мақсаттары:* алынған теориялық білімді практикада, математика тақырыптары бойынша білімді келесі сыныптарда және басқа пәндерді оқуда қолдана алу; оқулықты, оқу құралдарын, кестелерді, өлшеу және сызба құралдары мен аспаптарын

қолдана алуға үйрету; оқу және қосымша әдебиеттерден өз бетінше білім алу біліктеріне дағдыландыру.

2. Сабақтың құрылымын анықтау: әр кезеңге бөлінетін уақыт пен сабақтың барлық кезеңдері.

3. Алдыңғы және кейінгі сабақтар арасындағы байланысты ескере отырып, әр кезеңдегі жұмыс мазмұнын іріктеу.

4. Сабақта оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруды, яғни оқушылармен жұмыс формасын ойластыру. Ұйымдастырудың негізгі формаларына: сынып жұмысы, сыныптан тыс жұмыс, үй жұмыс жатады. Ұйымдастырудың қосымша формаларына: ұжымдық жұмыс, жаппай жұмыс, топтық жұмыс, пармен жұмыс, жеке-дар жұмыс, өзіндік жұмыс, практикалық жұмыс, бақылау жұмысы жатады.

Сонымен бірге, жұмыс дербес, өзіндік, практикалық та болуы мүмкін.

Қандай жұмыс формаларын біріктіруге болады, сабақтың тығыздығын (мысалы, бір уақытта карточка бойынша дербес жұмысты, тақтада өзіндік жұмысты және барлық сыныппен жаппай жұмысты өткізуге болады) көтеру үшін бір уақытта қандай жұмыс атқаруға болатындығы жан-жақты ойластырылуы қажет.

Әсіресе өзіндік жұмысты өткізу және оны тексеру (өзара тексеру, өзін-өзі тексеру, шапшаң тексеру және т.б.) жұмысына ерекше назар аударылады.

5. Сабақтың әрбір кезеңдеріндегі жұмыстың әдістемесін анықтау. Алдымен оқушының білім, білік, дағдыны өз бетімен алуына, өзін көрсете білуіне, сондай-ақ оқыту мазмұнына сай субъективті қатынастарды жүзеге асыруға себепші болатын қазіргі заман оқыту әдістерін қолдануды; кіші жастағы оқушылардың зейіні 5-7 минут қана тұрақтанатындығын ескеріп, олардың жалығып кетпеуі үшін іс-әрекет түрлерін ауыстырып отыруды жоспарлау; жаңа материалды қарастыру әдістемесін ойластыру: оны түсіндіру, оқулықпен, дәптермен, оқушылардың дара ерекшеліктеріне сай дидактикалық материалдармен жұмыс, сондай-ақ жаңа материалды алғашқы бекіту мақсатында практикалық жұмыс жүргізу; қандай жаттығулар ауызша, ал қандай жаттығулар жазбаша орындалуы қажеттілігін шешу қажет.

6. Сабақтың көрнекілігін дайындау:

–алдын ала дайындау, қажет материалдар өз уақытында көрсетіліп, артық зат баланың назарын аудармас үшін уақытында алынуын қадағалап, оларды тиімді орналастыруды ойластыру;

–тақтаға жазуды ойластыру: қандай жазулар алдын ала жазылып, жабылады; қандай жазулар сабақ барысында жазылады және оларға арнайы орын қалдыру, тақтадағы артық жазуды өшіру;

–дидактикалық материалдарды қолдану әдістемесін дайындау және олардың сапасына назар аудару: әдемілігі, ұқыптылығы, көркемдігі, қолжетерлігі, әсерлілігі.

1. Жұмысты қорытындылау: сабақтың әр кезеңінің соңында қандай қорытынды жасауға болатынын ойластыру; сабақтың соңында қорытынды жасау және жалпылау, мұғалімнің жетекші сұрақтарына жауап бере отырып, оқушылардың қорытынды жасауы: Жаңа не үйрендік? Есептеудің қандай тәсілімен таныстық? Нені үйрендік? Нені қайталадық? Не ұнады? Нені естерінде сақтап қалдыңдар?

2. Сабақтың нәтижесін хабарлау: қандай оқушылардың жұмыстары бағалануы керектігі алдын ала ескеріледі; мадақтау түрлерін: (мақтау, жүлде беру т.б.) анықтау.

3. Үй тапсырмасын ойластыру: сабақ тақырыбымен қалай байланысты (өтілетін материалды күрделілігі мен оны игеру деңгейіне байланысты) тапсырма қандай мақсатпен беріледі? Балаларға қандай нұсқаулар беру қажет: Нені қайталау керек? Кейде оны орындау үлгісін де беруге болады.

Мұғалімнің тәжірибесіне байланысты сабақта жұмыстың жазбаша жоспары жасалады:

а) сабақ жоспары — мұғалімнің сұрақтары және тапсырмалармен, оқушылардың шамамен беретін жауаптарымен жазылған толық жоспар;

ә) ашық жоспар — оқушылардың жауаптарынсыз, әлдеқайда қысқа жоспар;

б) қысқаша жоспар, мұнда мұғалімнің сұрақтары мен оқушылардың жауаптары жоспарланбайды.

Жоғарыда келтірілген білім беру мазмұны мен оны оқытуды ұйымдастыруға жасалған шолу математиканың бастауыш курсының барлық негізгі тараулары мен тақырыптары бойынша жұмысты мүмкіндігінше егжей-тегжейлі қарастырудың алғышарты болып табылады. Берілетін материалдың тұтастығы үшін әр тақырыптың басында оқытудың тек дидактикалық міндеттері ұсынылады, ал дамытушылық, тәрбиелік және практикалық мақсаттарын өз сыныбы оқушыларының дара ерекшеліктерін, әр сабақтың тақырыбы мен мазмұнын, сабақта қолданылатын әдістер мен оқытуды ұйымдастыру формаларын ескере отырып, мұғалімдер өздері анықтаулары мүмкін.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы //Егемен Қазақстан, 2007.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы //Егемен Қазақстан, 1995.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан 2050». – Алматы, 2013.
4. Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасы /Егеменді Қазақстан, 2004.
5. Қазақстан Республикасы орта білімді дамыту тұжырымдамасы.
6. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2010, 7 желтоқсан.
7. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. – Алматы, 2006.
8. Математикадан жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары (I-IV сыныптар). – Алматы, 2003.
9. Оспанов Т.Қ., Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы, 2010. – Б. 45.
10. Методика начального обучения математике / под редакцией А.А.Столыра, В.Л.Дрозда. – Минск, 2012.
11. Методика начального обучения математике / Под редакцией Л.Н. Скаткина. – Москва, 2014. – Б. 55.

### РЕЗЮМЕ

*Текесбаева А. М., к.п.н., доцент, Бадилбекова Ш. Ш., студент  
(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

В статье говорится об особенностях обучения математики в начальной школе. Математика – это сложный и в то же время интересный предмет. Методически правильно организованный урок делает педагогический процесс более успешным и результативным.

**Ключевые слова:** математика, урок, цели и задачи, нумерация, методика, метод, особенности обучения.

### SUMMARY

*Tekesbayeva A.M., candidate of pedagogical sciences, associate professor,  
Badilbekova S.S., student  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### ESPECIALLY TEACHING OF MATHEMATICS IN PRIMARY SCHOOL

The article says about the features of teaching math in elementary school. Mathematics - a complex and at the same time interesting subject. Methodically properly organized pedagogical process will make the lesson more successful and productive.

**Key words:** mathematician lesson goals and objectives, numbering, methodologies, techniques, especially education.

## ӨНЕР ЖӘН МӘДЕНИЕТ - ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА – ART AND CULTURE

ӘОЖ 378.147.39

### БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ЖАҢҒЫРТУ ҮШІН СТУДЕНТТЕРГЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕНҒЕРТУ

*Ұ.Н. Алашабаева, магистр, аға оқытушы,  
ҚР Еуразиялық Дизайнерлер Одағының мүшесі  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада бүгінгі әлемдік білім кеңістігінде тәрбиелеу мен білім берудің жаңаша жетілдірілген әдіс-тәсілдерін іздестіру және кәсіби маманды қалыптастыру бағыттары жайлы жазылған. Жаңаша оқыту, сондайлық студенттердің инновациялық технологияларды меңгеруге, мамандарды кәсіби даярлауға ынталандыру деген сөз. Білім саласындағы жаңа көзқарас тұлғаның дамуы мен нәтижеге бағытталған білім беруді көздейді. Сондықтан білім жүйесін құру, студенттерге қазіргі заман талабына сай білім беру – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі. Бүгінгі мемлекеттің білім беру саласындағы саясаттың тұжырымдамасындағы міндеттердің бірі – білім беру жүйесі мен оқытудың сапасын арттыру, сабақтың әдістерін және мазмұнын жетілдіру, әдістемелік жағынан дамыту болып табылады. Қазіргі білім беру саласын жаңғырту үшін оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да адам келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

**Түйін сөздер:** жаһандану, инновациялық технология, экономика, жаңғырту, педагогика, әдіс, меңгерту.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда мүлде өзгерген жаңа заман талабына сай білім беру, сол қоғам талабына сай жаңа ұрпақ қалыптастыру негізгі міндеттердің бірі болып табылады [1].

«Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз. Қазіргі таңда инновациялық технологиялар біздің елімізде де жоғарғы қарқынмен дамып келеді. Білім беруде жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа ақпараттық технологияларды да қолданудың мүмкіндігі жасалып отыр» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында айтып өтті. Бұл жас буынды жаңашылдыққа жетелеу деген сөз. Ал жаңашылдық – бұл білім жүйесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, студентті заман талабына сай етіп дайындап шығару [2].

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық іс-әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде. И.П.Павлов «... жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді», – деген болатын. Міне, сондықтан жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің рөлін бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде адам ақыл-ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті деп санау қажеттігін айту керек.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы – ұстаз, инноватор болуы тиіс.

Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды. Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу, жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек.

Инновация дегеніміз – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да практикада негізделген. Жаңалық енгізу – мекемеге, ұйымға жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген үлгіге бағытталған. Инновация сөзі латын тілінен аударғанда жаңалықты ендіру деген мағынаны білдіреді [3].

Технология деген сөз грек тілінен алғанда техне – өнер, кәсіп, ғылым, логос – ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді. Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

–оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс-әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;

–оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;

–оқу процесінде қарым-қатынастың еркін болуы;

–оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту [4]. Интерактивті әдіс-тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті.

Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс-әрекетін оқу-ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Оқудың интерактивті әдістерінің үлгісі:

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс.

Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Ми шабуылы» хабарландыруды анықтау керек болғанда және қатысушыларының белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Өткізу алгоритмі:


1. Қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру.

2. Осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау.

3. Айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек). Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).

4. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек, қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек.

5. Қатысушылардан, олардың пікірі бойынша алынған нәтижеден қандай қорытынды жасауға болатынын және тренингтің тақырыбымен байланысты оның қалай болатынын сұрай отырып жұмысты аяқтау керек.



«Ми шабуылы» аяқталғаннан кейін (көп уақытты алмай, орташа 4-5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және келесілерін таңдау қажет. «Ми шабуылы» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

- даулы мәселелерді талқылау;
- талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
- қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау;
- оқушының дайындығын анықтау.

Оқытудың интерактивтік моделінің негізгі шарттары:

1. Емін-еркін пікірталасқа түсу мүмкіндігі;
2. Белгілі бір материалды емін-еркін баяндау;
3. Семинар сабақтарының көп болуы, оқушылардың инициативасының жетекшілігі;
4. Топтық тапсырмалардың қолданылуы және сол арқылы ұжымдық іс-әрекеттерді дамыту;
5. Жазбаша жұмыстарды орындау.

Еліміздің кепілі, болашақ тірегі оқу орындардың білім деңгейін жағырту және онда инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, ұстаздардың, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз. Білім алушы іс-әрекетінің мазмұны ақпаратты қабылдау, оны ұғыну, білімділік дағдыларын жетілдіру. Оқытушының міндеті білім алушының іс-әрекетін ұйымдастыру, ақпаратты жүйелеу, оны қабылдауға жағдай жасай отырып, білім алушыға бағыт, бағдар беру.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. –Астана: Ақорда, 2012.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 14 желтоқсан 2012 ж.
3. Сластенин В.А. Педагогика. Инновационная деятельность. – М., 1997. – Б. 45.
4. Керимбаева М.С. Инновационные процессы в школе: проблемы, перспективы, поиск. – Алматы, 1995. – Б. 58.

## РЕЗЮМЕ

*Алашабаева У. Н., магистр, старший преподаватель,  
член Евразийского Союза Дизайнеров РК,  
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ОСВОЕНИЕ СТУДЕНТАМИ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ МОДЕРНИЗАЦИИ СФЕРЫ ОБРАЗОВАНИЯ

В данной статье рассматривается поиск приема методов воспитания в нынешнем всемирном пространстве образования и пути формирования мышление специалиста.

Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, целью которой является «содействие каждому обучающемуся, воспитаннику средствами образования достижения личной успешности». Перед образованием поставлены конкретные задачи: доступность, качество образования, индивидуализация.

Мы считаем, что качество образования – совокупная характеристика системы образования, показывающая соотношение ресурсного обеспечения, образовательного процесса и образовательных результатов с одной стороны и нормативных требований, социальных и личностных ожиданий с другой стороны. Для подготовки креативно мыслящих, нравственных специалистов необходима существенная модернизация содержания и структуры образовательной деятельности в соответствии с требованиями.

**Ключевые слова:** глобализация, инновационные технологии, экономика, обновление, педагогика, методика, модернизация.

## SUMMARY

*Alashabaeva U.N., master, senior lecturer, member of the Eurasian Union of Designers of  
the Republic of Kazakhstan  
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### DEVELOPMENT OF NEW TECHNOLOGIES FOR MODERNIZATION OF EDUCATION TO STUDENTS

In this article is made a search of the methods of education in present world and the way thinking and formalizing his sense. State Program for Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, the purpose of which is «to promote each of pupils, students through education to achieve personal success». Prior to the formation of specific targets: accessibility, quality of education, individualization.

We believe that the quality of education, a set of characteristics of the education system, showing the relation of resource provision, the educational process and educational results on the one hand and regulatory requirements, social and personal expectations from the other side. For the preparation of creative thinking, ethical professionals need substantial upgrading of the content and structure of educational activities in accordance with requirements.

**Key words:** globalization, innovative technologies, integration, economy, update, pedagogy, methods, modernization.

## ҰЛТТЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*М.А. Оразалиева, п.ғ. к., доцент  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік  
қыздар педагогикалық университеті)*

**Түйіндеме:** Қазақ ұлт мектебінің теориялық-әдіснамалық негізін, ғылыми-тұжырымдамалық ұстанымдары мен модельдік үлгілерін, даму үрдісін анықтап, қоғамымыздың басты бағытына қарай бұру – бүгінгі білім жүйесінің осы күндік және болашақтағы ісі.

**Түйін сөздер:** музыка сабағы, білім стандарты, ұлттық мектептер, теориялық негіздеме, музыкалық білім беру.

Қазіргі қазақ мектебі болашақтағы «қазақ ұлт мектебіне» ұласуы үшін оның қызметіне теориялық-әдіснамалық тұрғыдан белгілі шарттар қойылады. Қазақ ұлт мектебі тәуелсіз Қазақстанда ғана өз атына лайық мәртебе ала алады, өйткені ол Қазақстанның ұлттық білім саясатын жүзеге асыратын еліміздегі ең негізгі тірек-тұғырлық оқу мен тәрбие мекемесі болуға тиіс. Бұл шарт – қазақ ұлт мектебі қызметіне қойылатын ең негізгі шарттардың бірі.

Ұлттық мектептер қызметінің әлемдік тәжірибесіне сүйенсек, қазақ ұлт мектебі балабақшадан бастап, университетке дейінгі аралықта үздіксіз білім берудің барлық басқыш-сатыларын қамтитын, әрі қазақ ұлтының тілін, ділін, мәдениетін, рухани болмыс-бітімін, өнерін осы басқыштардың әрқайсысында да әлемдік өркениеттің жетістіктерімен шебер ұштастыра білетін біртұтас үзіліссіз жүйе болып қалыптасуы тиіс.

Біздің мектебіміз тәуелсіз еліміз бен әлемде жүріп жатқан өзгерістерге, даму болашақтарына сай жаңару үдерісі /прогресс/ менүрдісіне /процесс/ мейлінше бейімделген мектеп болуға ұмтылады. Қазіргі Қазақстан мектебі өзінің мемлекеттік әлеуетін сақтай отырып, болашақта ұлттық қауіпсіздігіміз бен экономикалық-әлеуметтік стратегиямызды қамтамасыз ететін ұрпақ дайындайтын даму бағыттарын таңдау табалдырығында тұр. Ал мұның өзі қазақстандық білімнің әлемдік білім кеңістігімен үйлестікке бағыт алуына негіз боларлық тенденция. Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыда айтылған өзекті мәселелер төңірегінде ұлттық өнердің ұлы мұраты да осыған итермелейді. Өнердің тәрбиелік ұстанымдарын былай қойғанда, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мақсатын атамай кете алмаймыз. Әр халықтың білім жүйесінің даму үрдісі тәлім-тәрбиенің қазықтай тұғыры. ҚР Білім стандарты тұжырымдамасы негізінде құрастырылған жаңа буын оқулықтары егеменді еліміздің төл оқу құралдары болып табылады. Кеңес дәуірінің білім жүйесінен алшақ тамыр жайған ұлт мектебінің ерекшелігін ескере отырып шығарылған оқу-әдістемелік кешендер бүгінгі күні республика мектептерінің білім-тәрбие үрдісіне енді.

Қазақстан мектептерінің даму моделінде қазақстандық патриотизм идеялары қамтылу керектігі даусыз іс. Ол – білім берудегі мемлекеттік принцип. Көпұлтты мемлекетімізде халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуда мектептегі елжандылық тәрбиесінің қызметі де аса маңызды. Оның өзі ұлт мектебінің басты белгісі де. Мектептегі білім беру ұлт пен ұлыс өкілдерінің этностық мәдениетін қамтып, олардың ортақ Отанының болашақ дамуына үлес қосатын азамат етіп тәрбиелеу қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөліктерін анықтап, олардың жүзеге асырылу жолдарын зерттеу, сөйтіп, онымен ұлттық мектепті ғылыми-әдістемелік жағынан қаруландыру – ең таяудағы кезек күттірмейтін іс. Бұл бағытта қоғамдық саяси пәндердің, өлкетанудың, музыка өнерінің, халық педагогикасының, әдебиеттің, мәдениеттің, мәдени-тарихи, рухани-адамгершілік дамуының үлгілері жинақталған. Осының өзі мектептің алдағы даму бағытын анықтауға негіз болмақ.

Қазақстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігінің 1989 жылғы 28 тамыздағы №617 бұйрығына сәйкес құрылған Уақытша ғылыми-зерттеу ұжымы жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің тұжырымдамасын жасаған болатын. Ол тұжырымдама мектепті жаңартудың көкейтесті бағдарламаларын (оны ұлттық және дүниежүзілік өркениеттің диалектикалық бірлігін сақтай отырып дамытуға, ізгілендіруге), сондай-ақ мектептің ұлттық мәдени жасампаздық қызметін қалпына келтіруге негізделген. Бұл құжат министрліктің 1991 жылдың 14 қарашасында болып өткен алқасында қаралып бекітілді. Алайда Қазақстан Республикасының дербес мемлекет мәртебесіне ие болуы, Тілдер туралы, Білім беру туралы Заңдардың қабылдануы тұжырымдаманы бүгінгі күн талабына сай қайта қарауды қажет етті.

Сондықтан алғашқы дайындалған қазақ мектебінің тұжырымдамасы негізінде Қазақстан Республикасындағы барлық білім беретін ұлттық мектептерге арналған ортақ тұжырымдама Уақытша ғылыми-зерттеу ұжымы өкілдері, педагог-ғалымдар, тәжірибелі ұстаздар қауымы қатысқан министрлік мәжілісінде талқыланып, мақұлданды.

Уақыт озған сайын тәрбие беру, білім беру реформалары қоғамның дамуына қарай үнемі жаңғырып отырады. 1995 жылдың 1 қыркүйек айында талқыланған «Мемлекеттік білім беру саласындағы саясатының тұжырымдамасында» басты мақсат ретінде білім беру саласында қордаланып қалған проблемаларды талдап саралау, ықтимал жолдарын қарастыру, болашақтағы даму бағыттарын айқындау мәселелері алға қойылды. Білім беру саласындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адам санасындағы күрделі жаңғырумен астаса жүріп жатыр.

ҚР ұлттық мектебінің қалыптасу кезеңінде бүгінгі бала білімі мен тәрбиесіне жіті қараушылық орын алып отырғаны белгілі. Тәуелсіздік алғалы жыл сайын жүргізіліп отырған білім реформалары біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп қарағанымыз жөн болар. Себебі, қай елдің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни болашақта бәсекеге қабілетті ел қатарына ену міндетін бәсекеге қабілетті маман мойнына жүктелетін абыройлы да жауапты міндет болып отыр.

ҚР Білім жүйесіндегі жаңа бетбұрыстар белесі ретінде білім беру реформасындағы жаңа көзқарастар болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат. Республикамыздың алға қойған басты бағыт-бағдарының ірі саласы ретінде білім беру жүйесінің орындайтын мақсат-міндеттері уақыт талабынан туындауда. Олай дейтініміз, білім алушы жас өрен болашақта алатын білімі мен тәрбиесінің жоғары дәрежеде болуы, яғни басқа мемлекеттермен терезесі тең болып қоймай, сонымен қатар экономикасының дамуы жоғары 50 мемлекет қатарындағы маман болуға ұмтылыс жасалуы керек. Дүниежүзілік білім жүйесі сапасына жақындау, сондай-ақ жаһандану заманында қазақстандық жастардың әлем мемлекеттері арасында білімі мен тәрбиесі жағынан артта қалмау жоспарына жылжу міндетінің маңыздылығы кімді де болса толғандырмай қоймайды. Білім мен тәрбие егіз жүретіні белгілі. Тәрбие беру ісі отбасынан бастап, балабақша, мектеп қабырғасы, мектептен тыс мекемелерде жүргізіледі. Біздің қарастырып отырған білім сатысы мектеп буыны болғандықтан, жалпыға міндетті орта білім беретін мектеп оқу-әдістемелік кешенінің бүгінгі жағдайы болмақ. Жоғарыда атап өткендей, білім жүйесі бала жасының кезеңдерін толық қамтып шығады деуге болады. Себебі, мектепалды даярлық топтары жасындағы бала жасынан бастап, бастауыш буын, орта буын, жоғары буын, сонымен қатар кәсіби бағдарлайтын буынды қамтитын тұтас білім жүйесі болып табылады. Біз соның ішіндегі «Музыка» пәніне қатысты оқу-әдістемелік кешендерге тоқталып өтеміз.

ҚР білім жүйесінің бағдарламалары жасалып, байқау оқу-әдістемелік кешендері орындалып, олардың республикалық тәжірибелі-эксперименттік мектептерде байқаудан өткізіліп жатқанына бірнеше уақыт өтті. Оқу-әдістемелік кешендер: оқулық, әдістемелік нұсқаулар, хрестоматия жарық көрді. Музыка пәнінен осыған дейін жарық көрген 11 жылдық білім жүйесі бойынша ҚР білім стандарты жасалған болатын.

Соның негізінде оқу-әдістемелік кешендер де жасалып, республика мектептеріне таратылып, 8-9 жылдан бері сол бойынша жұмыс атқарылып келгені де белгілі. Ендігі білім жүйесіндегі ерекшелік – ұстаз тек жоғарыдағы жалпыға міндетті стандартты орындаушы мұғалім ғана болып қоймай, ең алдымен ол шығармашыл ұстаз ретінде қызмет көрсете алатын мүмкіндігіне ие бола алады. Ол дегеніміз – ұстаз алдында бірнеше оқулық нұсқасы болады, яғни оның алдында таңдау мүмкіндігі бар деген сөз. Ұстаз оқу-әдістемелік кешенді меңгере отырып, өзінің және алдындағы оқушыларының қабылдауы мен меңгеруіне ыңғайлы деген оқулықпен жұмыс жасауға бағыттала алады. Бұл мұғалім тарапынан үлкен жауапкершілік пен шығармашылықты талап етеді. Болашақта біздерді, яғни келешек ұрпақпен жұмыс жасайтын маманды көп қызықты да қиын белестер күтіп тұр деп ойлаймыз.

Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарындағы музыка сабақтары – білім мен тәрбие беру ісіндегі маңызды саланың бірі. Мектепте жүргізілетін музыка пәні қоғамның әлеуметтік сұранысына жауап бере отырып, оқушыларды халықтық (ұлттық) музыкаға баулиды. Музыкалық көркем бейне оқушыларды қоршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстардың шын бейнесін танып-білудегі ой-өрісін байытып, дүниетанымын кеңейтеді.

Кез келген сабақтың мазмұнды өтуі, оның негізгі тірегі оқу бағдарламасы екені белгілі. Қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер, халқымыздың ұлттық сана-сезімінің өсіп-өркендеуі кезеңінде жаңа оқулықтар жасау қажеттілігі туындады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламаның негізінде болашақ ұрпақтарға білім беретін жаңа тұрпатты оқулықтар даярлана бастады.

Музыка пәнінің оқулығы бастауыш сынып оқушыларының музыка жөнінде түсінігін кеңейтіп, бағдарлама көлеміндегі білімін толық меңгерту міндетін орындайды. Білім жүйесі негізінде даярланған оқулық көп жылғы ғылыми ізденістердің, бақылаудың, практикалық тәжірибенің нәтижесінде дүниеге келген. Оқу-әдістемелік кешенді даярлау барысында педагогикалық принциптер – ғылымилық, бірізділік, жүйелілік, түсініктілік пен балалардың жас шамасына лайықтылығы, қарапайымнан күрделіге біртіндеп барушылық принциптері басшылыққа алынған. Оқу-әдістемелік кешенге енген күйлердің балалардың ой-өрісін дамытушылық сипаты да ескерілген. Бағдарламада берілген музыкалық материал толығымен оқулыққа енгізілді. Оқу-әдістемелік кешен осы жастағы баланың психо-физиологиялық ерекшелігіне орай неғұрлым түсінікті де қарапайым, бала ұғымына жақын тілмен жазылған.

Оқулық – ең алдымен баланың музыка әлемімен танысуының алғашқы сатысы және негізгі құралы болып табылады. Сондықтан бала зерігіп, шаршап кетпес үшін, ең бастысы, оның қызығушылығын ояту мақсатында оқулықта түрлі түсті бояулы суреттер, ойын түрлері, ребустар, әннің мәтіні және күйдің мазмұнына сәйкес салынған суреттер т.б. өте әсем, көрнекі етіп берілген. Сонымен қатар балалардың оқу материалын сабақта меңгертуге ыңғайлы болуы үшін, әсіресе бірінші сынып оқушысының әріпті әзірше жөнді танымауына байланысты оған түсінікті болатын шартты белгілер ойластырылған: ән орындау – әнші бала; музыка тыңдау – таспа жазбасы суреті; үй тапсырмалары – қазақы киіз үй; Сұрақтар – көңілді бала суреті орналастырылған сұрақ белгісі; жұмбақтар, жаңылтпаштар – сыр сандық және т.б.

Музыка пәнін жүргізу ісі оңай емес екені белгілі. Музыка маманы тек педагогикалық шеберлікті, іс-тәжірибені меңгерген білікті ұстаз болып қоймай, сонымен қатар бірнеше музыкалық аспапты жоғары дәрежеде меңгеретін, әдістемелік жағынан қаруланған, ізденімпаз да шығармашыл мамандық иегері болып табылады. Міне, бүгінгі талабы жоғары заман баласын тәрбиелеу ісінде мұғалім, оның ішінде музыка маманы болу міндеті бізге осыны жүктейді. Жан-жақты да көлемді істі бала тәрбиесі мен біліміне арнау жұмысына аса жауапкершілікпен қарау бүгінгі студенттер қауымының басты бағыты болуы тиіс. Себебі, күні ертең мектеп жұмысына, яғни педагогикалық қызметке араласу барысында алдында кездесетін қыруар жұмыстарда өзінің педагогикалық шеберлігін, іскерлігі мен қабілетін көрсете білуге әрқашан даяр болуы керек.

Соңғы әлемдік педагогикалық зерттеулерді саралау, оларды қазақ мектебінің үрдісіне ұтымды қолдану, ұлттық жүйенің ерекшелігін ескере отыра жаңа педагогикалық

технологиялар мен инновациялық бағыттарды жұмыс формаларында орынды пайдалану тәрізді мазмұнды жұмыстар түзілуде. Дүниежүзінде жүріп жатқан ғаламдану саясаты, еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі бірнеше жылдар ішіндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны мемлекеттің маңызды бағыттарының бірі – білім беру саласын жетілдіруге бағытталды. Осы жолда іргелі зерттеулер, ізденістер жүргізілуде. Тарихи тәжірибелерге сүйене отырып, өзінің қалыптасқан мәдени-білімдік дәстүрлері мен ұстанымдары бар елдің даму қадамы мектептен басталуы керектігін заманымыз зерделеп берді. Осы тұжырымдама негіздемесі ендігі күні келешек өскелең ұрпақтың ұлы мұратына айналады деген сенім мол.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Білім стандартының тұжырымдамалары. ҚР Білім және ғылым министрлігі. – Астана, 2010.
2. 12 жылдық білім беру тұжырымдамалары. №4.(мерзімді басылым), 2009.
3. Жалпыға міндетті білім беру стандарты. Ы.Алтынсарин атындағы Білім Академиясы. – Алматы, 1998.
4. Музыка. Оқу бағдарламасы (орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында). Бастауыш білім беру (1-4 сыныптар). – Астана, 2015.

### РЕЗЮМЕ

*Оразалиева М.А., к.п.н., доцент*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ МУЗЫКИ В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Всестороннее обновление в образовании и повсеместное использование инновационных педагогических технологий в казахстанскую систему образования дает импульс развития новых направлений казахстанских школ.

**Ключевые слова:** урок музыки, стандарт образования в национальных школах, теоретические основы музыкального образования

### SUMMARY

*Orazaliyeva M.A., cand.of ped.sci., assistant professor*

*(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

### FEATURES OF TEACHING MUSIC IN THE CONDITIONS OF MODERNIZATION OF THE NATIONAL EDUCATION SYSTEM

All Staron updatings in education and the widespread use of innovative teaching technologies in Kazakhstan's education system gives impetus to the development of new areas of Kazakhstan schools.

**Keywords:** music lesson, the standard of education at national schools, theoretical bases of music education

## ДИЗАЙНЕР МАМАНДАРЫНА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМДІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Н.Б. Рахметова, п.ғ.к., профессор м.а  
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар  
педагогикалық университеті)*

**Түйіндеме:** Бұл мақалада кәсіптік білім беруде көркемдік-конструкторлық іскерлік пен жаңа шығармашылық маманын даярлау жүйесі жайлы мағлұмат берілген. Дизайнерлік еңбектің сипаттық негізі оның өмірдегі тұтынысқа, яғни шығармашылық мұраға айналуымен байланысты. Өзінің кәсібіне берілген, шығармашылық жұмысынан рухани күш-қуат алатын адам «техника мен өнер» байланысынан өнімді техникалық және эстетикалық тұрғыда жетілдіруге талпынады.

**Түйін сөздер:** көркемдік-конструкторлық, шығармашылық, дизайнер, студенттер, кәсіби білім, техника, өнер, білім беру.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі заманғы білім беру мен білікті кадрлар жүйесін дамытуды» және «Әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық жаңару қажеттілігіне сәйкес келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» екенін атап көрсетті. Дүниежүзілік білім беру кеңістігінде елеулі білім беруге, барлық оқу процесіне жаңа талаптар енгізілді. Осы талаптарды жүзеге асыру барысында жаңа оқу процесін толық меңгерген, нарықтық экономикаға, мәдени-әлеуметтік жағдайларға бейімделуге қабілетті мамандардың қажеттігі белгілі.

Осыған орай қоғамның экономикалық дамуының қазіргі жағдайындағы шығармашылық процесті біз көркемдік таным деңгейіндегі, нақты эстетикалық дизайнерлік қарым-қатынас ретінде қарастырамыз. Дизайнерлік еңбектің сипаттық негізі оның өмірдегі тұтынысқа, яғни шығармашылық мұраға айналуымен байланысты. Өзінің кәсібіне берілген, шығармашылық жұмысынан рухани күш-қуат алатын адам «техника мен өнер» байланысынан өнімді техникалық және эстетикалық тұрғыда жетілдіруге талпынады [1].

Осындай еңбек процесінде қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда қабылдау мен бағалауда қажетті шарттар туындайды. Ал, бұл болса заттарды анағұрлым тиімді қабылдауға ықпал етеді. Осыдан барып дизайнерлік тәрбие мен оқытудың әдіс-тәсілдерін қалыптастыру қажеттігі пайда болады.

Моральдық-эстетикалық жауапкершілікті қалыптастыратын педагогикалық процесс маманға техникалық және эстетикалық тұрғыда жетілдірілмеген немесе нашар рәсімделген өнімді шығаруға мүмкіндік бермейді.

Біз көркемдік-конструкторлық білім, іскерліктермен қаруланған, жаңа шығармашылық маманын даярлау жүйесінің моделін пайдаланамыз. Педагогикалық теория мен практикада «дизайнерлік білім» ұғымы кейіннен пайда болды, өйткені дизайнерлерді даярлаумен арнайы орта және жоғары көркемөнер-өндірістік және архитектуралық оқу орындары айналысты. Көркемдеп құрастыру шығармашылық әрекетті оқыту әдісі ретінде көркемсурет-графика факультеттерінен басқа педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу жоспарлары мен бағдарламаларына енгізілмеді. Тіпті техникалық жоғары оқу орындарында тек қана техникалық құрастырумен шектелді, бұл нәтижесінде жобалау мәдениетінің ғана емес, жалпы мәдениеттің де құлдырауына әкеп соқты. Кезінде Ю.Н.Галкин дизайн кезеңі дамыған нарықтық қатынаспен бірге келеді, дизайнерлік туындылармен бірге дизайн-болжамға да сұраныс өседі деп өте көрегендікпен айтқан. Қазір отандық дизайнерлер даярлауға, дизайнерлік білім беруге барлық мүмкіндіктер жасалып отыр.

Дизайнның даму тарихында көркемдеп құрастыру техникалық эстетиканың бір бағыты ретінде көркемдік-техникалық шығармашылықтың ең жас саласы болып табылады. Оған деген қоғамдық сұраныс өткен ғасырда Батыс елдерінде (Германия, АҚШ, Англия және т.б.)

өндіріс бұйымдарын шығарудың қарқынды машинаға негізделуіне байланысты пайда болды. Сол кезден бастап инженер-құрастырушы, технолог, суретші-конструктор (дизайнер) сияқты жаңа мамандықтар пайда бола бастады. Суретші-конструктор көркемөнер және ғылыми-техникалық білімдер мен іскерліктерден тұратын үлкен кешенді саланы меңгеруі қажет [2].

Көркемдеп құрастыру және жобалау – бұл тек қана бұйымдарды жасау емес. Бұйымдарды, үш-есепті кеңістік ортаны жасап және олардың атқаратын міндеттері мен эстетикалық қасиеттерін анықтай отырып, дизайнер осы заттарды пайдаланатын адамды «жобалайды», оның бойында осы бұйымдарға және солар арқылы адамдарға, қоғамға, еңбекке деген белгілі бір көзқарасты тәрбиелейді. Осының бәрі көркемдеп құрастырудың шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуде маңызы зор екендігін, қоғам өмірінде әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік іс-тәрбиелік рөлінің жоғары екендігін дәлелдейді.

Философиялық түсініктерде, шығармашылық іскерлік сияқты, дизайнерлік іскерлікті қалыптастыру процесі таным теориясына негізделеді, ал таным болса, болмыстың сәулесі, ол психикаға негізделуімен және озыңқылығымен сипатталады. Нақты озыңқылық көрінісі негізінде адам субъект ретінде өз алдына керекті мақсаттар қояды және саналы түрде оларды өз іс-әрекетіне бағдарлайды.

Субъектінің таным теориясындағы әлеуметтік әрекеті – адамның ойындағысын нақты іске асыруының көрінісі. Ойдың бірнеше түрі бар: сөздік-қисындық, бейнелік-көрнекілік, көрнекілік-әрекеттік және шығармашылық. Ойлау әрекеті оның нәтижелілігіне әсер ететін факторлары болып табылатын себеп-салдарлармен ашылады.

*Шығармашыл ойлау* әрекетіне талдау, жинақтау, индукция және дедукция, салыстыру және абстракция сияқты процестер тән. Дизайнерлер өз іс-тәжірибесінде абстрактілік ойлауға аса мән береді. Жаңа нәрсені жасау ерекше типті абстракцияға тәуелді болып келеді. Оның көмегімен тұтас процессуалдық жүйенің кейбір шарттылығы зерттеледі. Абстрақтылық және нақтылық – заттың өзінің есте көрініс беруінің бөлшектену сәті, бұл осыған орай процессуалдық технологиялық таным элементі ретінде ойлау әрекетінің өнімді процесі болып табылады.

Адамның жалпы даму құрылымында шығармашыл тұлға ретінде, ойлау процесінің әлемдік субъективтік суреттемесі ретінде «бейне» ерекше орын алады. Ойлау әрекетінде бейнелі-көрнекілік дәрежесін бөліп қарастырады. Алдыңғы және кейінгі дәрежеден айырмашылығы, ойлау міндеттерін шешу құралы ретінде оның трансформациясы көз алдына келтіру тірегінен тұрады.

Бірқатар зерттеулерде ойлау процесінің қисынын (логикасын) екіге бөліп қарастыру ұсынылады: вербальды және бейнелі. Олардың әрқайсысы өзінің заңына бағынады. *Вербальды қисын* ой қорытындысының алма-кезек ауысуымен сипатталады. *Бейнелердегі міндеттерді шешу*, ереже бойынша, көрнекі материалға сүйене отырып жүзеге асырылады.

Дизайнерлік іс-әрекетте ойлаудың осы екі түрі де көрініс алады. Дизайнерлік міндетті шешу көрнекі материалды талдау мен жинақтау процесінде, яғни объектіні жобалауда жүзеге асырылады. Шешім стратегиясын іздестіру мен әзірлеу бір мезгілде әртүрлі бағыттарда жүргізіледі. Көрнекі бейнелер дизайнердің белгі-таңбалық, көркемсурет-графикалық құралдармен ықпал етуі арқылы жасалады (жалпақ және көлемді бейнелер түрінде).

*Дизайнерлік білім*, білімді меңгеру процесінде студенттердің бейнелі ойлауын дамытудың негізгі бағыттарын былайша көрсетеді:

–Нақты заттық бейнеден абстрактіге және керісінше нақтылыққа аудару.

–Кеңістік, құрылымдық, қызметтік теориялық байланыстар негізінде талдауды жинақтау мен фиксацияның мүмкіндігін анықтау.

–Іс-әрекетінің қозғалмалылығы мен көпбейнелілігінде, графикасы мен макетінде көрініс алған бейненің даму динамикасын зерделеу.

–Бейнені жасаудың әртүрлі тәсілдерін меңгеру болып, - іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттеріне және орындалуының нақты шарттарына байланысты әрекеттің түрлері саналады. Бейнелі ойды дамытудағы біздің көрсетіп отырған негізгі бағыттарымыз болашақ

технология пәні мұғалімінің көркемдік-конструкторлық іс-әрекетін қалыптастырудың құрылымы мен негізі болып табылады.

Егер субъектінің мәдениетін қалыптастырудағы оқытудың әрекеті туралы айтатын болсақ, бұл жерде В.Ф.Сидоренконың: «білім мәдениеттің бейнесі ретінде көрінеді және белгілі нәрседегі мақсатты көздейді деген пікіріне жүгінеміз. Оның пайымдауынша, оқыту әрекеті – құрал-жабдықтар туралы білімдерді меңгерудің немесе мансапқа жетудің құралы ретінде қарастырылады, ал өзіндік мақсат болса, субъектінің танып-білуінің құралы болып табылады. Міне, автордың дәлелдеуінше, осыған байланысты жазықтықта білімді гуманизациялау, экологиялық танымды кеңейту, қоғамның тарихи қалпына келтіру мәселелері туындайды.

Білімді қайта құру бағдарламасы қызықты да прогрессивті. Англия мемлекетінде 70-ші жылдардың соңында Ұлыбританияның Корольдік өнер колледжі осы елдің жетекші көркемөнер және дизайнерлік оқу орны ретінде «Жалпы білім жүйесіндегі дизайн» зерттеу бағдарламасын жасады. Бұл жердегі маңызды үш кезең: *біріншіден*, бір-бірінен ерекшеленетін гуманитарлық-көркемдік және ғылыми-техникалық – «екі мәдениет» бар деп дәлелденеді.

*Екіншіден*, ғылыми ізденістің нәтижесінде «үшінші мәдениет» – жобалаудың бар екендігі анықталады.

*Үшіншіден*, дизайнды жалпы білім жүйесінің қажетті құрамдас бөлігі ретінде қарастыру туралы ұсыныс беріледі, өйткені онда барлық іс-әрекетке қажетті танымның іргелі әдістері көрініс алады. Мұндай қорытынды білім тұжырымдамасын қайта қарастырумен бірге дизайн туралы түсінік ауқымын кеңейтіп, тереңдетті.

Біз өз зерттеуімізде жалпы білім беру жүйесіндегі ағылшындардың дизайнерлік білімдері идеясын негізге аламыз және жоғары педагогикалық, техникалық оқу орындарындағы дизайнерлік білім тұжырымдамасын дұрыс деп есептейміз. Біз сонымен бірге В.Ф.Сидоренконың білім мен мәдениеттің үздіксіздігі – қоғам дамуындағы ең маңызды кезеңі деген ой-пікірімен толығымен келісеміз.

Еуропаның дамыған елдерінде дизайнерлік білім жаңа технологиялар мен өндірістік кәсіпорын өнімдерін жасауда алдыңға қатарға шықты, «сапасыз өнім» деген түсінік ұмытылды, олар тіпті нашар өнім шығару деген сөздің не екенін білмейді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы елдегі экономикалық және мәдени тоқырау дизайнның дамуына әсерін тигізбей қалған жоқ. Мамандарды даярлау мен пайдалануда дизайнерлік білімнің өзіндік кемшіліктерімен бірге шешілмеген проблемалары да біраз жинақталып шоғырлана түсті.

Мұндай мәселелер жоғары және орта арнайы білім беру саласында да көрініс тапты. Жоғары мектептегі оқыту мен тәрбиелеудің, ғылыми-зерттеу әрекетінің деңгейі елдің әлеуметтік-экономикалық талаптарынан кенжелеп қалды. Дизайн саласында мамандар даярлап жүрген оқу орындарының басым бөлігі студенттерге заман талабына қарай даярлық бере алмады, оқу процесі материалдық-техникалық тұрғыда шешілмеді.

Бірқатар мектептерде дизайнға педагогикалық ғылымды енгізу саласынан жинақталған тәжірибе бар екендігін көрсетті. Дизайнның идеясы үздіксіз ғылыми жүйе бойынша қарапайымнан күрделіге қарай, ұдайы жаңарып отыруы керек, үздіксіздіктің жолы дизайнның идеясын бүкіл білім беру жүйесінде дәріптеуді болжайды. Бұл жобалау мәдениет мамандарына маңызды мәселелерді шешуде аса қажет.

Дизайнды дамытудағы тиімді нәтижелер дизайн бағдарламаларында қарастырылады. Зерттеуші мамандар, сарапшылар және менеджерлер дизайнерлік білімді жоғары оқу орны факультеттерінің дизайн даярлайтын кафедраларында жүзеге асыруды көздейді. Оқытуды ұйымдастырудағы мұндай көзқарас батыс мектептеріне еліктеу емес, бұл нарық пен бәсекелестіктен туындап отырған қажеттілік.

Өнеркәсіп өндірісінің қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінде орын алатын осындай құбылыстарды жою, біздің пайымдауымызша, болашақ технология мұғалімдерінің көркемдік-конструкторлық педагогикасының теориялық және практикалық негіздерін

жасаумен байланысты. Атап айтқанда, жаңа қоғамның эстетикалық сұранысын қанағаттандыруда педагогикалық жоғары оқу орны ғана болашақ мамандардың алдына тәрбие міндеттерін қоя да, шеше де алады.

Студенттер мен мұғалімдердің күнделікті өмірінде кездесетін осындай құбылыстарды талдау барысында, олардың назарын эстетикалық құндылығы жоқ, өнерге жат заттардан аулақ болуға аударған жөн. Бұйымның бейнелі мәнерлілігі оның функционалдық және көркемдік мағынасымен бірге, мазмұнымен де толық сәйкес келуі керек. Жоғарыда әдебиеттерге берілген талдау, бұл зерттеудің аса көкейкесті проблема екендігін, педагогикалық оқу орындары студенттерін көркемдік-конструкторлық іс-әрекетке даярлау бүгінгі күннің ең маңызды, шешімін толық таппай отырған мәселесі екендігін дәлелдейді. Бұл проблеманың шешімі студенттердің бойында талғамсыздық, идеясыздық сияқты қасиеттің болмауын ескертеді, талғамы жоқ мәдениеттен сақтандырады [3].

Студенттерге көркемдік-конструкторлық іс-әрекетті меңгерту үшін, олардың көркемдік ой-өрісі мен бейнелеу қабілеттерін дамыту қажет. Өйткені жаттанды әдістер мен дағдының көмегімен құрылымның жаңа формаларын жасау мүмкін емес. Бейнелеу өнерінің дизайнердің кәсіби даярлығының негізі болып табылатындығын ескермеуге болмайды. Көркем-бейнелеу әрекетінің адамның заттық әрекетімен байланысы мәдени байланыс пен әлемді меңгерудің бірегей тамырынан өрістейді, диалектика заңы бойынша бірінсіз-бірі болуы мүмкін емес.

Студенттерге, ең алдымен, әлем ұғымы қандай түсінік береді дегенді үйретуден гөрі, әлемді қалай қайта құру керек, жаңа заттың әлемдік ортасын қалай жобалау керек дегенді меңгерту қажет.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде көрсетілгендей, адамның қабілеттілігі ең алдымен стандартты емес көркемдік-конструкторлық іс-әрекетті нәтижелі орындаудың қажетті шарты болып табылатын оның дербес ерекшеліктері арқылы байқалады. Өнеркәсіптік өнердің бұл түрі жеке және ұжымдық шығармашылық үшін көлемді мүмкіндіктерді ұсынады.

Көркемдік-конструкторлық іс-әрекетте қателіктерді, кемшіліктер мен тосыннан кездесетін қиындықтарды болдырмау үшін әКім дизайныә мамандығы студенттерінің көркемдік-конструкторлық іскерлігін тиімді қалыптастырудың шарттарын жасау қажет.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алиев Ю.М. Повышение эффективности художественно-творческой деятельности студентов в учебном процессе по композиций. – М., 2000. – Б. 54.
2. Лазарев Е.Н. Эстетический аспект в дизайне. /Творчество в художественном конструировании, автореферат. – Л., – 358 с.
3. Дорогов А.А. Специфика дизайна и проблемы художественно- конструкторского образования // Худож.- констр. Образов. 2002.

## РЕЗЮМЕ

*Рахметова Н.Б. к.п.н., и.о. профессора*

*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

### **ПРОБЛЕМА ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ДИЗАЙНЕРОВ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ХУДОЖЕСТВЕННО-КОНСТРУКТОРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ПРОЦЕССЕ ОБРАЗОВАНИЯ**

В данной статье рассматривается сведение о новой творческой формирований художественно-конструкторской деятельности в процессе образование. Основой жизни дизайнерского труда, связано с творческим наследием.

Промыслом духовной энергий человека совершенствуется с творческой работой технической и эстетическим подходом.

**Ключевая слова:** художественно-конструкторской, творческой, дизайнерской, студенты, профессиональное обучение, техника, искусство, образование.

## SUMMARY

*Rakhmetova N.B, acting professor*

*(c.Almaty, Kazakh state women's teacher training university)*

### **THE TRAINING OF FUTURE SPECIALISTS IN PROFESSIONAL DESIGNERS OF ART IN EDUCATION**

This article discusses information about new creative forces of art and in the process of education. The Foundation of the design work, due to the creativ legacy.

The spiritual energies of human fishing is improving with the creative work of the technical and aesthetic approach.

**Keywords:** Art and design, creative, design, students, vocational training, technique, art, obrozovanie.